



Отарбаев Қайрат Дәулетқұлұлы – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданының Ерназар ауылында 1961 жылы сәуірдің 10-да дүниеге келген. 1978 жылы Ерназар ауылындағы «Қызыл-Октябрь» орта мектебін тәмамдаған. 1994 жылы Жамбыл педагогикалық институтын, 2004 жылы «Қайнар» университетін бітірген. 1988 жылдан бастап ұстаздық жолында қызмет атқарып келеді.

Мақалалары мен әңгімелері жергілікті және республикалық мерзімді баспасөздерде жарияланып жүр. Бірнеше драманың авторы.

Шәкірттері облыстық, Республикалық, Халықаралық байқаулардың жүлделі орын иегерлері.

2014 жылы аудан әкімінің, 2014 жылы облыс әкімінің, 2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ӨМІРДІҢ СОҚПАҒЫМЕН ӨРЛЕП КЕЛЕМ...

Қайрат Отарбаев

ӨМІРДІҢ СОҚПАҒЫМЕН
ӨРЛЕП КЕЛЕМ...

Қайрат Отарбаев

Өмірдің соқпағымен өрлеп келем...

Тараз - 2022

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84 (5Қаз)

О 81

Қайрат Отарбаев

**О 81 Өмірдің соқпағымен өрлеп келем... / Қайрат
Отарбаев, - Тараз: ТОО «Формат- Принт», 2022 - 248 бет**

ISBN 978-601-259-069-2

Кітап авторы Отарбаев Қайрат ғұмырының 35 жылын білім саласына арнаған азамат. Негізгі мамандығы педогог бола тұра айтар ойын, көргендері мен көңілге түйгендерін қағазға түсіруде кәнігі қаламгерлерден бір мысқал кем түспейді. Балалық шағынан бастап күні бүгінге дейін өмірде орын алған, белес-белес асулардан тұратын өмір баспалдақтары ешқандай боямасыз баяндалған. Сыршыл да ойлы,терең,түрлі жанрда жазылған туындылары оқырманын бей-жай қалдырмасы анық.

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-259-069-2

© Қайрат Отарбаев, 2022

Жазар көбейсін, бауырым!

Бір қарағанда көзбен көріп тұрған нәрсең айдан анық болса да, оны қағазға түсіру үшін сол көргендеріңді ойға, сөзге айналдыру оңай емес. Кейде жазып отырған дүниенді дөңгелендіріп жіберетін ой шумақтары үркердей қалам ұшына топтаса қалса, кейде жел үрлеген қаңбақтай қаша жөнелгенде қауырсынмен ауа сызып қалғандай боласың....

Самсыған жұлдыздар арасында қол созсаң жетпейтін, аяқ басып жүре алмайтын жауһардан тоқылған тозаңдай болып көрінетін құс жолымен жүргізіп өтер сиқыр бар. Ол сиқыр шығармашылық өнер иелерінің табиғатына тән. Мәселен, жауынның тырсылдаған тамшыларының дыбысын сазгер аспапқа қондырып, әуенге айналдырса, жазушы оны табиғат-ананың мөлдір сыры тұнған моншақтар кейпінде көз алдыңызға әкеле қоятын өнері барын мойындаймыз.

Жазушының үлкен-кішісі болмайды. Себебі, хан болсын, қара болсын, таңдаған өмір жолы адамның еңбегі мен өлшеулі уақытын талап ететіні хақ.

Жазушы демекші, білген адамға әңгіме жазу деген қыруар еңбек, қаламгердің табиғатының кеңдігі мен талантын қажет ететін қадірлі өнер.

Шағын бір ауылдан сегіз бірдей социалистік Еңбек ерінің шығуы бір ғана аймақ емес, бүкіл республикада өте сирек кездеседі. Бұл көркем көрініске осы Ерназар ауылынан Қазақстан жазушылар Одағының мүшелері Мейірхан Қуанышбаев, Ғазизбек Тәшімбаев, Бақтияр Әбілдаев, Қадірбек Уалиев және бес журналистер одағының мүшелері шыққанын қосыңыз. Осыдан-ақ бұл шағын ауылды «Киелі мекен» деп ауыз толтырып айтуға болар.

Жамағаттан мен бүгін сүйінші сұрағалы отырмын. Ауылдан шыққан жазушылардың қатарына тағы бір қаламгер ініміз

қосылып отыр, ол - Отарбаев Қайрат Дәулетқұлұлы.

Қайраттың шығармашылығына бұрыннан қанықпын. Әсіресе, оның алғашқы туындысы «Алтынбектің сырнайы» атты әңгімесі болатын. Оқырмандар жылы қабылдады. Ондағы кейіпкерлер шынайы бейнеленіп, өнердің сырлы суретін қырағы жанарымен шолып, қарымды қаламымен қозғапты. Көркемдігі де көңілге қонарлық, түйсікке түрте боларлық.

Мен осы кітапқа жүк болған Қайраттың туындыларын бар көңілімді төсеп жүрегіммен оқып шықтым. Ойымнан шықса, оқырмандардың қолдарынан түспей, бұл кітап жақсы бір дүние болғалы тұр. Оқи отырып, Қайраттың әдебиетке адалдығын аңғардым. Ол тек проза жанрына ғана емес, драматургия саласына да қалам тербетіпті. Мен соған қатты қуандым.

Айтпақшы, Қайраттың шығармаларымен танысқан елімізге танымал ақын Рафаэль Ниязбеков оған деген ақжарма тілегін «Аласарма» атты мына төмендегі жыр жолдарымен білдіріпті.

Дүйсенбек Орманов

Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Жамбыл ауданының құрметті ардагері

АЛАСАРМА
(Қайрат Отарбаевқа арнау)



Ғұмыр кешіп жүрген соң жыр елінде,
Қауырсының қатайып, түле күнде.
Қасиеттің не екенін білмес едің,
Бір қасиет болмаса жүрегінде.

Арсыз озған заманда Ұят қалып,
Жаңа туған ақ жұлдыз сияктанып,-
Қара сөзбен жырлауға сен көшіпсің,
Көңіліңнің көмбесін жиі ақтарып,

Ақиқатқа жұрт түгел жүгінгенде,
Шымылдығы шындықтың түрілді елде,
Жаның сенің тазарып, өнер қудың
Тамырыңда нұрлы қан жүгіргенде.

Жұпар атып тұрғанда белең күнде,
Азап жолын таңдадың неге елінде?
Биігіне өнердің шыға алмайсың.
Толқын тулап жатпаса тереңінде.

Асқар тауың алыстан көрінгенде,
Бағың неге жанбасын көңілді елде?
Күнің сенің жарқырап туады әлі,
Қара бұлттың көбесі сөгілгенде.

Билік құрып тұрғанда сөз сарасы,
Кімге дәрі тобырдың көзқарасы.
Пушкин туса орыстың орманында.
Сені туған қазақтың боз даласы.

Әр нені ойлап, жүрекке жара салма,
Тұлпар барда тұғырдың бағы аса ма?
Бір Алатау кеудеңде тұрса асқақтап,
Ей, бауырым, ешқашан аласарма.

Рафаэль Ниязбеков
(14.06.2010)

Өмірдің соқпағымен өрлеп келем...

Мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жылдың күзі болатын. Оныншы класта оқимын. Бір күні әдебиеттен дәріс беретін мұғалім, әрі класс жетекшіміз Рүстембеков Төлеген ағайымыз кезекті сабақ басталысымен:

- Биыл балалар, Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының орнағанына алпыс жыл толды. Бұл - біз үшін айтулы мереке, тарихи оқиға. Осыған байланысты шығарма жазыңдар, - деп тапсырма берді.

Мақсат түсінікті, бұған дейін мазмұндаманың, шығарманың неше түрін жазып машықтанып қалғанбыз.

Айналама қарасам, біреулер дәптерлерін ашып кірісіп кеткен, шұқшиып бірдеңелерді жазып жатыр. Кейбіреуі жалтақтап жан-жаққа қарап отыр. Мен «қалай жазсам екен?» деп ойланып отырмын. Сөйттім де, қолыма қағаз алып бастағаным сол еді, қаламым өзінен-өзі сырғи жөнелгені. Анда-санда тоқтап, жазғандарымды ішімнен қайталап оқып қоямын. Сонымен не керек, бір сабақта аяқтап біттім-ау!... Бұрындары жазған кезде мұншалықты шабыттанбайтынмын. Бұл жолы барымды салдым. Біткеннен кейін оқып шықсам, әжептеуір дүние сияқты болып көрінді көзіме. Өзіме-өзім риза болып, дәптерімді жапқаным да сол еді, шырылдаған қоңыраудың даусы естілді. Бәріміз үндеместен дәптерлерімізді өткіздік те, кластан шығып кеттік.

Екі-үш күннен кейін қайтадан әдебиет сабағына келдік. Ағайымыз шығарма жазған дәптерлерді үстелінің бір шетіне жинап қойыпты. Көтеріңкі көңіл күймен ең үстіне қойылғанынан бастап алды да, бағаларын дауыстап айта бастады. Бірінші тұрған дәптердің ішін ашып: «Жүсібәлиев! Екі!» - деді. Дүйсебайды бәріміз білеміз, үлгерімі төмен оқушылардың бірі. Бірақ, қыздарға қырындап хат жазған кезде

алдына жан салмайтын. Қайдан табатынын білмеймін, басқа жақта тұратын қыздардың мекен-жайын, аты-жөндерін тауып алып, бірденнен: «күйдім,сүйдім!» - деген махабат сезіміне толы хаттарын пошта арқылы жіберіп жататын. Онысын маған кейде көрсететін. Оқып шығып шек - сілем қата күлуші едім. Ол әдетін кейінірек әскер қатарында жүрген кезде де қоймаған. Сонау Қиыр Шығыстан қолы бос кезде бұрынғыша қыздарға жалынды сәлемі мен махабат сезіміне толы хаттарын жолдап отырған.

Енді міне, «тәжірибесі» көп болғанын қайтейін, «екі» деген баға алыпты. Осыдан кейін мұғаліміміз дәптерді ашып, ішіндегі жазған шығармасын оқи бастады, біз қызық көріп, тыңдап отырмыз. «Таңертең далаға шықсам, айналаның бәрі қып-қызыл. Көзімді жұмдым, қайта ашсам, әлі де қып-қызыл...», - деп бастапты. Сөйтсем , бүгін жетінші ноябрь мерекесі екен», - деген бас-аяғы екі-үш сөйлеммен аяқтапты. Бүкіл балалар ду күлді. Айтайын деген ойын мен түсініп отырмын. Бұл күні, яғни, жетінші ноябрь күні жылдағы әдет бойынша осы мерекеге байланысты ауылдың барлық жерлеріне, әсіресе, орталыққа қып-қызыл жалаулар мен ұрандар жазылған плакаттар ілініп тасталады.Оған қоса, таң атпай орталықтағы радиодан мерекеге байланысты әндер мен неше түрлі музыкалар ойналады. Ал шамамен сағат тоғыздарда колхоз клубының алдында осыған байланысты салтанатты жиын өтеді. Жыл бойы үздік көрсеткіш көрсеткен колхозшылар марапатталып, бағалы сыйлықтар алып жатады. Бұл іс-шараға мектеп оқушылары да белсене атсалысады. Мектеп формасын киіп, мойнымызға қып-қызыл пионер галстугын тағып, қолымызға қызылды-жасылды шарларды, қып-қызыл матадан тігілген ағаш сабы бар жалаулар мен неше түрлі Кеңес Одағының саясатын насихаттайтын ұрандар жазылған транспоранттар ұстап, көпшілікпен бірге класс-класс болып

сап түзеп, біз де тұрамыз. Соңы үлкен мерекелік концертке ұласатын. Соны шығарма арқылы сипаттаған түрі ғой. Бұл жолы сірә «шабыты» болмай қалған-ау.

Келесі дәптерді алды да: «Әсетбаев! Екі!» - деді де дәптерді шетке қойды. Ол да үлгерімі төмендердің бірі. Бірақ, оның жазғанын неге екенін білмедік, оқымады. Бәріміз үнсіз отырмыз. Осылайша алдыменен екі алғандарды, одан кейін үш алғандарды, сосын төрт алғандардың фамилияларын айтып өтті. Олардың кейбірінің жазған жұмыстарының мазмұнына қысқаша сипаттама беріп, әрқайсысының алған бағаларының себептерін де жариялап өтті. Бәрі біткен соң, оқушыларға дәптерлерін түгел таратып берді. Олар болса дәптерлерін ашып, шығармаларындағы бағаларына қарап, қателерін көріп, өзара күбірлесе бастады. Мен болсам аң-таңмын. Менің дәптерімді берген де, атымды атаған да жоқ. Тыпыршып отырмын. «Жинаған кезде жоғалтып алды ма? Әлде берілмей қалды ма?» - деген неше түрлі ойға кеттім. Сөйткенше болған жоқ:

- Бес алған оқушы біреу, ол – Отарбаев!- дегені болар ма ағайдың.

Мен селк ете қалдым. Елдің бәрі аң-таң, маған таңырқай қарайды. Жүздерінде «ойпырмай, шынымен бе?» деген ой. Осы сәтте ағай қолына менің дәптерімді алып, шығармамды дауыстап, нақышына келтіріп оқи бастады. Жазғандарым бәріне ұнады-ау деймін, зейін қойып тыңдап отыр. Арасында бір-екеуі біресе маған, біресе ағайға қарайды. Мен қысылғанымнан төмен қараймын. Шекем шып-шып етіп терлеп кетті оқып біткенше. Өйткені бар өнерімді салып кемелденген социализмде бақытты өмір сүріп жатқанымызды, алдағы мақсатымыз коммунизм орнату екендігін, оқушы болсам да оған өз үлесімді сабақты жақсы оқу, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысу, үйде ата-анама қолғабыс ету арқылы қосып келе жатқанымды жақсылап тұрып баяндағанмын. Онымен

қоса сол күнгі ауылдың орталығында болған салтанатты жиналысты жақсылап тұрып сипаттап жазғанмын. Сол күнгі талдардан жерге түсіп жатқан күзгі сары алтындай жапырақтар «осы мерекеге шашылған шашу іспетті» деп, табиғат құбылыстарына дейін сипаттап жібергенмін.

Шығарма оқылып бітті. Мұғалімім шеткері қатардағы парталардың соңына таман отырған маған жақындап келді де, ерекше ілтипатпен жазғандарымды өзіме ұсынды. Ағайым жымиған күйі риза болып тұр, ал кластастарым болса бірі қызығушылықпен қараса, екінші біреулері қызғанышын да жасыра алмағандарын байқап отырмын. Тіптен үздік оқитын, барлық пәндерден алдарына жан салмайтын Әбді мен Гүлнар екеуі де бұл жолы төрт алған. Ал мен болсам екпінділер қатарындамын. Екеуі де таңдана, әрі қызыға қарап қалыпты маған. Осылайша гуілдеп отырғанымызда қоңырау шырылдады да, бәріміз сыртқа бет алдық. Кластан қақтығыса-соқтығыса шыға салысымен достарым қолымды алып, арқамнан қағып құттықтап жатыр.

– Жарайсың Қайрат! Әй, сен қалай жаздың бұл шығарманы? Қайдан үйреніп жүрсің бұлайша керемет етіп жазуды? – деген сұрақтарды жаудыртып жатыр. Менің қобалжығаным соншалық, жауап беруге мұршам жоқ.

Мақтағанды кім жек көрсін, айтқандары құлағыма майдай жағып барады. Сол күні мектептен үйге қуанышым қойныма сыймай қайттым. Келе салысымен жазған шығармамды қайта-қайта оқып шығамын. Тексерген кезде бір-екі жерінде тыныс белгіден ғана қате жіберіппін, басқа ешқандай ескерту жоқ. Қып-қызыл сиямен қойылған «бес» деген бағаға қарап, қайта-қайта дәптерімнің бетін сипай беремін.

Мұндай жақсы шығарма жазуымның өзіндік сыры да бар. Атам өте сауатты кісі болатын. Жастайынан білім қуып, ауыл молдасынан араб, кейінірек жаппай жаңа әліпбиге көшкен

кезде латын, бертін келе, қырқыншы жылдары, қайта грамматиканы өзгерткен кезде кириллицаны да өз бетінше үйреніп, жетік меңгерген. Осы сауаттылығының арқасында талай қызметтер атқарған.

Сексенінші жылдары әскер қатарында жүргенімде, атам маған хат жазып тұратын. Жазғандарын жанымдағы жолдастарыма көрсеткенімде, олар:

- Мәссаған, мынаны шынымен сенің атаң жазған ба?-деп бәрі таң қалатын. Жасы жетпістен асса да, сауатты, көркем жазатын. Жазғандарынан бір қате таппайтынмын, қолтаңбасы да ерекше болатын.

Атам әбден қартайғанға дейін сол кездегі қызыл империяның қаһарынан қорықпай, ауылдың имамы болды. Әруақтарға құран бағыштау, бақилық болғандардың жаназасын шығару, жаңа туған нәрестеге азан шақырып ат қою, үйленген жастардың некесін қию сияқты мұсылманшылыққа тән рәсімдердің бәрін өзі атқаратын. Сонымен бірге кейде ауруханада айлар бойы ем қонбай бәрінен күдер үзіп, дертке дауа іздеп алдына келген бірлі-жарым ауруларды дұға оқып емдейтіні де бар еді. Бұл ем бірнеше күнге созылатын. Қасиетті құранды қолына алып, ауруды қайтаруға көмектесетін дұғаларды сағаттап оқитын. Одан қала берсе іші ауырған, көз тиген, тамақтан ұшынған сияқты ауырғандарға да қағазға жазып, шіріткі жасап, сумен қосып ішкізетін. Кейде біз науқастанып қалған кезде де тап осылай істейтін. Шынымен-ақ ем қонып, ертесіне аттай шауып кететінбіз.

Бір чемодан арабша жазылған кітаптары болатын. Оны ешкімге ұстатпайтын, тек өзі ғана оқитын. Қолы бос уақыттарда жеке бөлмеге барып өзімен-өзі кітаптарын ақтарып оқып отыратын. Кітаптарының бәрі қолдан-қолға өткен, көне болғанымен ұқыпты ұстайтын. Әрбір кітаптың мұқабасының жоғары жағына ширатылған жіп байлап қоятын. Оқып біткен

кезде жіпті қайырып әкеліп сол бетке қыстырып, кітапты жауып қоятын. Келесі ашқан кезде керек бетті жаңылыспай, жіп бойынша тауып алатын. Онымен қоса қайдан алатыны белгісіз, арабша жазылған газеттерді де алдыртып шұқшиып оқып отыратын. Атам жоқ кезде қызықтап: « Түсініксіз әріптермен жазылған осындай да газет болады екен-ау?!» деп, қарап шығатынмын.

Мен ес біле бастаған өткен ғасырдың алпысыншы жылдардың орта тұсы мен соңына қарай әрбір үйде сыммен жалғанған бес сомдық радио болатын. Таң атқаннан кешке дейін даусы бір сембей жаңалықтар мен концерттер беріліп жататын. Теледидар тек жағдайы барлардың болмаса, екінің бірінен табыла бермейтін. Оның үстіне бағасы да тым қымбат, көпшілікке қолжетімді емес .

Үйге қонақтар келген кезде немесе басқа да бір себептермен жинала қалған күндері ауылдастардың өтініштері бойынша атам қисса оқитын. Айнала отыра қалатын, кейбіреулері жастыққа шынтақтап жатады. Ол бөлмеге сыймағандары келесі бөлмеге жайғасып екі ортаның есігін ашып қойып тыңдайтын. Олардың жыр тыңдауға неліктен қызығатындарын мен кейінірек түсіндім. Сөйтсем, қариялардың басым бөлігі хат танымайды екен. Өйткені бір мың сегіз жүзінші жылдардың соңында, бір мың тоғызыншы жылдардың басында туылғандарға қайдағы оқу? Ақ патшаның құлап, қызыл мен ақтың соғысы, ашаршылық пен жоқшылық жайлаған, аумалы-төкпелі заманда айтыстарына қарағанда оқу түгіл бастарымен қайғы болып кеткен. Тіптен әжем Анаркүлдің өзі бір мың тоғыз жүз отызыншы жылдары туылса да хат танымайтын. Бізбен қосылып әліппедегі әріптерді үйреніп отыратын. Біз болсақ : «Қалайша осы жасқа келгенше оқи білмейсіз?» - деп бұл әрекетіне күле қарайтынбыз.

Ес біле бастаған төрт-бес жасар кезімнен бастап мен де

қызықтап, атамның тізесін баса отыра қалып, олармен бірге қисса тыңдайтынмын. Ойын баласы емеспін бе, шаршай-тыным соншалық, кейде орта тұсына келгенде, кейде басын бастағаннан-ақ ұйықтап кететінмін.

Есімде қалғаны, бүкіл шығыс жұртына, түркі дүниесіне танымал шығыс әдебиетіндегі «Мұңлық-Зарлық», «Рүстем-Дастан», «Көроғлы», «Қырық қыз» және басқа да дастандарды таңнан-таңға жалықпай отырып оқитын. Оқығанда да ерекше бір құлаққа жағымды әуенге салып, әндете отырып оқиды. Тыңдап отырған кезде бөлмеде шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық орнаушы еді. Ал мен болсам, бірін түсінсем, бірін түсінбеймін. Маған дастаннан гөрі тыңдармандардың жыр тыңдап отырған кездегі көңіл күйлері қызық көрінетін. Шығармадағы кейіпкер күйінсе, олар да күйінетін, қуанса, қоса қуанатын, қайғырса олар да қосыла қайғыратын. Отырғандардың оқиғаға беріліп кеткендері соншалықты, қайғылы жеріне келіп, оқиға шиеленісіп кеткен кезде түрлері бұзылып, түнеріп, кейіпкерлермен бірге жүргендей күй кешетін. Ал оқиға қайта қалпына келген кезде бәрінің көңіл күйлері жадырап шыға келуші еді. Әсіресе, есімнен шықпайтыны бірнеше күн қатарынан жырланатын көлемді жыр «Рүстем-Дастанда» жастайынан жат елде өскен Рүстемнің баласы кейіннен сол елдің батыры болып, Тұран елімен соғысады. Ол жақтың батыры Рүстем соғыстың алдында саптан алға шығып, атой салып қарсыластарын соғыс ережесі бойынша жекпе-жекке шақырады. Сонда ана жақтан жас батыр ат - тұрманын, сауыт-сайманын, бес қаруын сайлап сайысқа шығады. Екеуі әбден шайқасады, бірақ бірін-бірі ала алмайды. Жырда осы жері былайша әсерлі етіп сипатталады.

Сілтесіп семсер,қылыш көріп еді,

Өтпеді олар дағы таяқ құрлы.

Қылышын қынға тығып қойып белде,

Көрдi ұрып бiрiн-бiрi шоқпармен де.
Ойдағы iсi онымен бiтпеген соң,
Атынан екеуi де түстi жерге.
Ұстасып омыраулай құрды күрес,
Жыққаны жығылғаннан алуға үлес.

Қанша батыр, қайратты болғанмен, Рүстем батыр жас, әрi күшi басым қарсыласынан жеңiле бастайды. Әбден шаршағанын, әлiнiң кете бастағанын, жеңiлетiнiн сезген ол алысып жатқан кезде ебiн тауып, оның сауытының шетiн сөгiп жiберiп, қанжар салып өлтiредi. Рүстемнiң жеңiсiне шаттанған әскерi айқай салып ұрандатады. Сол кезде соғыс алаңына жанұшыра Рүстемнiң әйелi келедi де, баласын құшақтап зар еңiреп отырып, Рүстемге оның өз ұлын өлтiргенiн жеткiзедi. Рүстем мұны естiген кезде күңiренiп кетедi. Жырда осының бәрi керемет баяндалады. Және де атам оқыған кезде көңiлдi жерлерiн жағымды әуенге келтiрiп, ал оқиға шиеленiскен жерiн басқа әуенмен, қайғылы жерлерiн зарлы дауыспен оқитын. Тыңдаған адамға ерекше әсер беретiн. Рүстемнiң күңiренiп, сай-сүйегiндi сырқырататын сөздерiнен кейiн тыңдармандардың кейбiрiнiң көзiнен жас шығып кететiн. Тiптен кейбiрi:

- Ойбай-ай, өлдi-ау, сорлады-ау, байғұс! - деп қоса қайғыратын. Атам болса әрi қарай жалғастыратын.

Ұрысқа тұрды қолы екi жақта,
Бiрi от сияқтанып, бiрi мақта
Қызыл қан қырғын болып судай ағып,
Болып жүр шапқандай ат батпақ, қақта
Күн шыға басталып ед осы ұрыс,
Түс қайтып, бесiн уақыты болды дұрыс.
Қалмады қирамаған садақ, найза,,
Қиналып қалды өтпей қанжар, қылыш
Ауыр күн Ирандарға тағы туды,
Қоймасқа Тұран жағы белдi буды.

Мыңдаған Иран жақтан сарбаз өліп,
Ішкендей өртенді іші ащы уды, - деп шайқасқа сипаттама беретін.

Мен де осы дастанды тыңдай отырып, көз алдыма ұрыс алаңында шайқасып жатқан сарбаздарды, қан сасыған майданды, жан аямай сермеп жатқан қылыштарды, түйреп жатқан найзаларды, атылып жатқан жебелерді елестетіп, қиял әлеміне беріліп кетемін.

Ал енді басқалар сияқты «Мұңлық –Зарлық» дастаны да мені мән-мағынасымен ерекше баурап алатын. Кейде аяғына дейін шыдамай ұйықтап кеткен кездерімнің ертесіне атамнан: «Сол жердің жалғасын қайта оқып беріңізші» - деп отырып алатынымын. Ол болса, менің қатты қызығып кеткенімді біледі де, оңаша барып, ерінбей отырып, қайта оқып шығушы еді. Бұл дастанда алпыс әйелі болса да бір перзентке зар болған Шаншар хан жөнінде жырланады.Күндердің күнінде хан Қаншайымдай аруға үйленеді.Тоғыз ай, он күн өткенде Қаншайым бір ұл, бір қыз табады. Алайда, күндестері Мыстан кемпірдің көмегімен есі кіресілі-шығасылы болып жатқан келіншектің екі перзентін алып, орнына білдірмей, екі күшік салып қояды. Ол: «Мен өмір бойы өз үйімнен іңгалаған баланың үнін естімеген едім. Сондықтан баланың даусын естісем, жүрегім жарылып кетуі мүмкін», - деп, нөкерлерімен тауға кетіп қалған хан мұның бірде-бірінен хабарсыз қалған. Мол ақшаны алған Мыстан кемпір қанша жерден көзі қимаса да, екі баланы суға тастап жібереді.Бұл жері былайша жырланады:

Есік алды гүлхана,
Саған болдым мен ана.
Екі асыл сұлтаным,
Қаныңды жүктеп барамын
Алпыс табақ тіллә үшін
Бұл бес күндік дүниеде.

Тастайын десем бұл суға,
Сендерді көзім қимайды,
Тастамайын десем де,
Бойыма тіллә сыймайды.
Тастамайын десем де,
Алпыс «анаң» болмайды.
Барғын, балам, Аллаға,
Разы болғын қазаға.

Ымыртта басталған жыр түннің жарымына дейін созылатын. Тыңдармандар да жалықпайтын. Атам әбден шаршаған кезде:

- Бүгінге осымен доғарайық! – деп, әбден талып, қызарып кеткен екі жанарын уқалап, кітапты жаба қоятын.

Отырғандар болса, біразға дейін үйлеріне тарқамай, өзара күбірлесіп, алған әсерлерінен оқиғаға кішігірім талдау жасап тастайтын. Кетерде өзара атаммен келесі жолы жалғасын қай уақытта, кімнің үйінде тыңдайтындарын келісіп жататын. Ал мен болсам, кей кездері ұйқыға жатар алдында жырдағы оқиғаларды бір ой елегінен өткізіп, кейіпкерлерді көз алдыма елестететінмін.

Сол кездегі тыңдармандардың кейбірінің есте сақтау қабілетіне мен ерекше таң қалатынымын, алдында оқылған жырды жаттап алып, ертесіне қайталап айтып отыратын.

Бектияр деген ағамыз болды, өзі үш-төрт класс оқу оқыса да, жырды жатқа айтуға келгенде алдына жан салмайтын. Есте сақтау қабілеті мықты еді. Менің әкем екеуі бірге колхоздың малын бағатын. Бірде табындағы колхоздың малдары жоғалды. Әкемнің қолы тимегендіктен екеуміз соны іздеп шықтық. Жоғалғанына біраз уақыт болған. Алдында жақын жердің бәріне сұрау салып, шарлап шыққанбыз. Көрдім-білдім деген ешкім жоқ. Енді алыс жатқан малды ауылдарды аралайтын болып, жол қамын жасадық. Астымызға жарау ат,

қоржынымызға ас-суымызбен қоса, ауа-райы қолайсыз болып қалғанда керек болып қалар немесе далада түнеуіміз мүмкін деген оймен қосымша киімдерімізді де алдық. Бір ауыл мен екінші ауылдың арасы алшақ орналасқан. Оның үстіне тура жүрмейміз, қай жақтан қарайған малдың сұлбасы немесе аттылы жолаушыларды көре қалсақ міндетті түрде бұрылып барып қараймыз. Кездескендерден малдардың түрі-түсіне, ерекше белгілеріне, санына дейін түсіндіре отырып, көрген-көрмегендерін сұраймыз. Кейде жолай кездескен малшылардың үйінен түстенеміз, кеш болып бара жатса қона кетеміз. Сол үйдің қожайыны біздің мінгі аттарымызға жем-суын беріп, аяқтарын тұсап, шөпке оттатып жібереді. Тамағымызды беріп, жататын жайымызға дейін дайындап қояды. Жолсоқты болып келген біз жастыққа басымыз тиген күйі ұйқыға кетеміз. Таңертең тұрғанда аттарымызды суғарып үйдің жанына байлап қояды. Сол үйден сәресіні ішіп, қожайынға рахметімізді айтып, қайтадан жолға шығамыз.

Қазақта мақал бар: «Жоқты не езбе табады, не кезбе табады», - деген. Сол айтқандай, шалғай жерлерге дейін сай-саланы аралап қоймай, кезіп те жүрміз, жол-жөнекей кездескендерге: «Түрі-түсі мынандай, ішіндегі еркегі мынанша, ұрғашысы мынанша, жасы мынандай малдар көздеріңе түсті ме?» - деп езіп те келеміз.

«Жол азабын жүрген біледі», - дегендей күні бойы ат үстінде мызғымай отыру, дамыл таппай шапқылау мен қолайсыз ауа-райы адамды қажытып жібереді. Мен болсам мына бір сүреңсіз көріністен ,таң атқаннан кешке дейінгі секеңдеп ат үстінде отырудан ішім пысады. Бектияр көкем болса, әбден зеріккеннен он екі - он үш жасар менен әңгіме сұрайды. Сол жаста мен не көрдім мектептен басқа? Жарытып ештеңе айта алмаймын.

Сондай кезде Бектияр көкем бір шабыты келеді білем, қолындағы қамшысын екі бүктеп ұстап, екі иығын қомдап

бір арқаланып алады да, тура бір сахнада тұрғандай
«Қыз Жібек» жырынан шумақтарды жібереді.

Кешегі өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Кіші жүздің ішінде,
Жағалбайлы елі бар.
Жағалбайлы елінде
Базарбай атты байы бар.
Байлығын оның сұрасаң,
Өлшем қылып айтуға,

Қисап жетпес жайы бар, –деп бір мүдірмей, жаңылыспай
жатқа айтқанда мен таң қаламын. Біз болсақ, мектепте «үйде
жаттап кел» деген бес-алты шумақ өленді екі-үш күнде зорға
дегенде жаттап жүрсек, бұл көкем болса біраз уақыт тоқтамай
соғады. Одан кейін сәл кідіріп , бір демалып алады да, әрі
қарай қара сөзбен жалғастырады: «Содан Базарбайдың баласы
Төлеген ер жетіп, өзіне тең келетін «ай десе аузы бар, күн десе
көзі бар» сұлу қыз іздеп, алты алашқа жар салады». Бір күні
алыстан жақсы хабар келеді.

Жайықта қызы сұлу артық ел бар,
Ерінбей қыз іздесең сен соған бар.
Шетінен-ақ аларсың бір сұлуды,

Болмағын мұнда тұрып қаперің тар,- деп одан әрі жыр-
ды жалғастырады. Мен болсам, одан сайын қызыға түсемін.
Арасында әбден екіленіп алған көкемді: «Жырды керемет
айтады екенсіз!», - деп мақтап қоямын. Ол болса, онан сай-
ын шабыттана түседі де, енді жалғасын тағы да қара сөзбен
түсіндіріп өтеді:

- Ақыры Төлеген өзі армандаған қас сұлу Жібекті тауып,
арманына жетеді. Бірақ, еліне келе жатқанда жол торыған
Бекежан қарақшы оны өлтіреді.

Айналайын, жан ата,

Көтергін бермен басыңды.

Төлегенді сағынып,

Қайғыменен қан жұтып,

Іше алмадым асымды.- деп інісі Сансызбай Төлегенді іздеп,
Шекті еліне барады да, оның қаза тапқанын естіп, жеңгесі
Жібекті алып қайтады. Еліне келген соң әмеңгерлік жолмен
жеңгесіне үйленеді.

Кәпір жаудан құтылып,

Бірнеше күн жол жүріп,

Еліне аман келеді.

Ата-анасын қуантып,

Қырық күн ұдай той қылып,

Сансызбай Жібекті алады.

Сипатын көріп Жібектің,

Ел - жұрты қайран қалады. - деген жеріне келгенде, мен
шыдамай:

- Көке дұрыс емес,- деймін онымен таласа.

- Неге?- дейді ол маған аңтарыла қарап.

- Төлеген өлген соң, күйікке шыдамаған Жібек суға батып
өледі, - деп жөн-жобасын айтамын білгішсініп.

Маған тағы да таңырқай қарап:

- Сен бұны қайдан білесің?- дейді оның да қызығушылығы
оянып.

- Көке, «Қыз Жібек» фильмінде сіз айтқаннан тіптен
басқаша баяндалады ,- деп мен бой бермеймін.

- Ол кино қашан шығып еді?- дейді онан сайын қызығып.

- Сіз не әлі көрген жоқсыз ба? Барлық кинотеатрларда
көрсетіліп жатқанына бір-екі жыл болды ғой,- деймін осы
уақытқа дейін көрмегеніне таң қалып.

Бұл фильм алғаш рет прокатқа шыққан кезде ауылдың
клубына елдің көпшілігі кіре алмай қалған. Өйткені барлығы
бірдей ішіне сыймайды. Сондықтан бірнеше рет қайталап

көрсеткен болатын. Соншалықты тартымды болғандықтан басқалар сияқты кейінірек мен де екі-үш рет қайталап көргенмін.

Ал малдың соңында жүрген бұл көкеміз оны қайдан көрсін? Оның үстіне үнемі жәрдемшісіз жалғыз өзі бағады, орнына тастап кететін адам да жоқ. Ауылға баратын уақыт та таба алмайды, шынына келгенде.

- Ал, енді білгішім, кинонда қандай етіп шығарған? Маған жақсылап айтып бер,- деп қолқа салады.

Мен болсам, киноны бастан аяқ әдемілеп тұрып баяндап беремін.

Ол болса:

- Әй, Қайрат, олай емес, Жібек өлмейді. Ол соңында әмеңгерлік жолмен Сансызбай қайнысына тиеді,- деп енді менімен таласа кетеді. Мен де дес бермеймін. Осылайша айтысып-тартысып жол қысқартып, уақыт өткізуші едік. Қызығушылық танытып:

- Осы жырдың бәрін қайдан үйреніп жүрсіз?- дедім бірде оған таң қалып.

- Сенің атаңнан,- деп қысқаша ғана жауап қатты.

Сөйтсем, шала сауатты болғанмен нағыз құйма құлақтың өзі екен. Кезінде таңды -таңға атырып, қызыға тындайтындардың бірі болыпты . Естігенін ертеңіне қайтып айтып беретін, басқаларда жоқ ерекше қабілеті бар екен.

Мен ойлаймын, егер ел қатарлы он жылдық мектепті бітіргенінде, мына менің көкем бір жерді тесіп шығатын еді –ау деп.

Кейіннен жағдай өзгеше бағыт алды, заман өзгерді, техниканың дәуірі келе бастады. Қызығушылық енді теледидарға ауды, жағдайы барлар телевизор сатып алды. Ол үйге кинотеатрдағыдай халық көп жиналатын. Қай үйде болмасын бөлменің ішінде кейде отыруға бос орын табыл-

майтын. Баяғы сол Советтік фильмдер, ішінара қазақ киноларын беріп тұратын. Осылайша атам да, оның қиссалары да біртіндеп ұмытыла бастады. Кілең кітап салынған чемоданның қақпағы сирек ашылатын болды. Онда да атам өз қажеттілігіне байланысты ашатын.

Сөйтіп жүріп, мен де ер жеттім, қалаға оқуға кеттім. Ауылға сирек келетінмін. Кейінірек жігіт болған кезімде бір келгенімде әңгіме арасында сол кітаптардың қайда тұрғанын сұрасам, Алматыдан бір ғалым келіп, қоярда-қоймай мұндай өте құнды кітаптар бізге ауадай қажет, «зерттеймін» деп алып кетіпті. Атам ол кезде әбден қартайған, ауруы дендей бастаған кезі болатын. Апам сауатсыз, «үкіметке керек болып жатыр» деген соң «бере салдым» деп отыр. Айдаладағы Алматыдағылар қайдан біледі біздің үйдегі кітаптарды? Бәрін жақсы білетін біреулер айтты да. Естіген кезде ішім удай ашығаны...

Бір жақсы жері сырты әдемі етіп қапталған атадан балаға мирас болып келе жатқан қасиетті Құран Кәрімді бермей алып қалыпты. Оған да шүкір дедім...

Әңгімеміз әдебиет жайлы емес пе еді?! Ендеше, одан әрі қарай жалғастырайын. Бірінші сыныпта нашарлау оқығанмен екінші сыныптан бастап оқуым жақсара бастады. Оның бәрі бірге араласып жүрген ортаға байланысты ғой, достарымның бәрі сабақты жақсы оқитын. Солардың да ықпалы болды. Оның үстіне, құрдастарым - Бауыржан, Нышанбек, Әсембек - бәріміз мектептен қайтып бара жатқанда отыра қалып, сөмкедегі кітаптың бетін ашып жіберіп, жылдам оқудан жарысатынбыз. Судыратып оқитын Бауыржан алдына жан салмаушы еді. Мен де солардан қалмайын деп жүріп, жылдам, мәнерлеп оқуға бейімделе бастадым.

Содан, бәріміз бір-бірімізден қалмай мектептегі кітапханадан неше түрлі балалар әдебиетін алып оқитын болдық. Небір мазмұны жақсы, баспадан жаңадан шыққан

кітаптар дүкендерде сатылатын. Оны сатып алуға ақша қайда?

Кітап құмарлығым соншалық, қай жерге барсам да кітап дүкеніне бір соқпай кетпейтінмін. Ол үшін үйдегілер мектепте «қарның ашып қалмасын» немесе «өзіңе қажетті керек-жарақты сатып аларсың» деп берген азын-аулақ тиын-тебенді жаратпай жинап жүретінмін. Жетінші класс оқып жүрген кезімде аудан орталығы Асаға жолым түсті. Шаруаларымды бітіріп бола салысымен, әдеттегідей, орталықтағы универмагтың ішінде орналасқан кітап бөліміне соқтым. Қатар-қатар қойылған сөрелерде кітап дегенің сыңсып тұр. Келмегеніме біраз болған, сөрелердегі жаңа шыққан кітаптарды ақтарып келемін. Судай жаңа, баспадан енді шыққан кітаптар көп екен. Бәрін шетінен бастап ақтарып шықтым. Маған салса, бәрін сатып алар едім. Кенет, мен таппай, қолым жетпей жүрген жаңадан шыққан бір кітап көзіме оттай басылғаны. Ішін ашып біраз ақтардым, қатты қызықтым. Қолымды қалтама салып жіберіп ақшамды санасам жол ақысына жететін ғана тиын-тебен қалыпты. Есіл дертім кітапқа ауып кеткендігі соншалықты, ойым бұзылды. Ұрлап кетейін деп, жан-жағыма қарап едім, байқап тұрған ешкім жоқ сияқты болып көрінді көзіме. Кітапты алдым да ышқырыма қыстырып жіберіп, үстімдегі киген жемпірімнің етегімен жаба қойдым. Шығайын деп тұрып ойландым, «ұстап алса не болам?», «ата-анам, мектептегілер естісе не болады?» дегенді біраз ой елегінен өткіздім де, кітапты сөредегі орнына қайта қойып шығатын есікке беттедім. Сатушының жанынан өте бергенімде маған қарап:

- Ұятың бар, жақсы бала екенсің, - дегені болар ма?

Оған қоса тағы бірдеңелерді айтып жатыр. Оны тыңдап тұруға мұрша бар ма? Алды-артыма қарамай зыта жөнелдім. Біреу артымнан қуып келе жатқандай жүгіріп келемін. Ұялғаным соншалық, екі бетім қызарып, дуылдап кеткен. Кейін бір барғанымда, байқасам, сөрелердің арасынан бәрі

көрініп тұрады екен. Мен оны қайдан білейін? Содан кейін ұзақ уақытқа дейін ол дүкенге жоламай жүрдім.

Кейінірек үлкендерге арналған шығармаларды оқитын болдық. Бір жағынан кітап десе ішкен астарын жерге қоятын әкем мен шешемнің де ықпалы тиді. Қолдары сәл босағанда немесе жұмыстан кейін отыра қалып кітап оқушы еді. Кейде өзара оқығандарын талдап отыратын. Әкем әдеби журнал «Жұлдызды» жаздырып алып оқыса, шешем «Жалынды» алатын. Олардан босай салысымен немесе олар жұмысқа кеткен кезде мен де бас салып оқимын. Жазушылардың жаңадан жазған шығармалары, ең алдымен, осы журналдарда жарияланатын. Бұл кітап сатып ала алмайтын мына біздер және басқа да қалың оқырмандар үшін таптырмайтын дүние еді.

Тоғызыншы, оныншы кластарда оқып жүргенімде Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылышын», «Қахарын», одан кейін «Жанталасты» оқыдық. Шерхан Мұртазаевтың, Қабдеш Жұмаділовтің, басқа да жазушылардың шығармаларын қызыға оқитынмын. Әлі есімде, Нышанбек екеуміздің пікіріміз Шерхан Мұртазаевтың «Қара маржанын» оқығаннан кейін екі жарылды. Өйткені, онда басты кейіпкер, инженер Нариман, фосфор рудасын мол өндіру үшін кен орнын жарылғыш қолдану арқылы өндірудің жаңа әдісін қолданады. Оған досы Жарас қастық жасайды да, бұрыннан қолданып жүрген жарылғыш зат аммониттің орнына одан күштісін бергізіп жібереді. Нәтижесінде қатты жарылыс болып, өндіріс орнына айтарлықтай залал келеді. Осы жерде мен «олай болуы мүмкін емес, ондай қауіпті жарылғышты ауыстырып жіберу қылмыспен бірдей» деп бой бермеймін. Ол болса: «Жазушы бәрін біледі, көзімен көргеннен кейін жазып отыр», - деп дес бермейді. Олай деп айтысатын себебім, алыстан күрең тартып созылып жатқан қарт Қаратаудың қойнауы тола

фосфор екенін, оны өндіріп жатқан зауыттар туралы, аздап болса да өңдеу технологиясынан да хабардармын. Кейінірек білдік қой, жазушылардың оқиғаны қызықты болуы үшін осылайша шиеленістіріп, ойдан құрастыратынын.

Жаңадан шыққан кітапты бірден журналға сыйғыза алмайтын болғандықтан, әр нөмірге бөлек-бөлек күйінде жариялайтын. Басын оқығаннан кейін келесі айда жалғасы келгенше күн санап асыға күтетінбіз. Келе сала журнал қолдан-қолға өтіп, ақыр аяғында тоз-тозы шығып кетуші еді.

Оқып болған соң, достарымызбен шығарма туралы өзара ой бөлісіп, талдау жасайтынбыз. Кейде қызды-қыздымен өзара бір пікірге келе алмай қызыл кеңірдек болып айтысатын кездеріміз де болатын. Әсіресе Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері» бізді қатты қызықтырды. Сол кездердегі тоғызыншы кластағы оқушы дәптерінен сәл ғана қалындау «Қазақстан тарихы» оқулығындағы азғана мәліметпен шектеліп қалған біздің төл тарихымыз туралы білетініміз тіптен аз екен. Сонау өткен тарих қойнауынан сыр шертетін осы трилогияны оқығаннан кейін көзқарасымыз мүлдем басқаша бағыт алды. Өйткені біздерді төл тарихымыздан мәңгірт ету үшін мектеп бағдарламасына Қазақстан тарихы пәнін енгізбейтін. Тек жоғарыдағы айтылған оқулықтағы мардымсыз мәліметтермен ғана шектеп қоятын. Оны сол кездегілер мектепте оқығандар жақсы біледі.

Оның есесіне бесінші кластан бастап КСРО, жаңа тарих, дүние жүзі, қазіргі заман тарихы пәндері санамызды Кеңестік идеологиямен улау үшін тереңдетіліп оқытылатын. Біз сол кезде қазақтың қас батырлары Қаракерей Қабанбай, шапырашты Наурызбай мен Қойкелді батырларды емес, орыстың Александр Невскийі, Емельян Пугачевы мен қарақшы Ермакты жақсы білетінбіз. Қалмақтарды қынадай қырған Аңырақай шайқасы емес, шведтерді су астына тоғытқан Чуд көліндегі мұз қырғынынан жақсы хабардармыз. Осы трило-

гиядан кейін біздің төл тарихымызға деген көзқарасымыз жаңаша бағыт алды. Ұлттық болмысымыз қайта оянып, патриоттық сезіміміз басқаша қалыптаса бастады. Бұл кітап оқушы, біздерге, осындай үлкен ойға салса, жоғарыдағылар үшін төбеден түскен жайдай болды. Дайын кітап көпке дейін цензурадан өтпей, түрлі кедергілерге тап болып, әрең дегенде баспаға жіберілген. Өйткені төл тарихымыз шынайы тұрғыдан сипатталып, бұлтартпайтын айғақтармен дәлелденген. Тіптен сол кездегі танымал жазушыларымыздың өздері де әдебиеттегі мұндай тарихи бетбұрысқа алғашқыда оң көзқараспен қарамаған. Трилогияны оқып біткеннен кейін кітапқұмар досым Нышанбек екеуміз көпке дейін алған әсерімізді сөзбен жеткізе алмай жүрдік.

Кітап оқығанда менің бір әдетім, бір бөлімін оқып біткеннен кейін оқиғаны ой елегінен өткізіп аламын. Түгел оқып бітіргеннен кейін де бас-аяғын қорытындылап, талдап шығамын. Көпке дейін шытырман оқиғаларға байланысты алған әсерімді ұмыта алмай жүремін. Шығармаларды өзара салыстырамын. Кейбір жерлерін бөлек дәптеріме түртіп аламын. Әдебиет сабағында да мұғаліміміздің жазушылардың шығармалары туралы оқыған дәрістеріне қызыға құлақ түруші едім.

Сөйтіп жүріп жігіт болдық. Енді, кітап емес аңдығанымыз: ауыл клубындағы кино мен дискотека. Күніге кешкісін ауыл клубында неше түрлі фильмдер көрсетілетін. Көбінесе, барлығымызды баурап алатын Индияның кинолары. Басынан бастап адамды еріксіз елітіп әкететін әнмен, музыкамен басталып, аяғы да солай аяқталатын.

Содан, мектеп бітірген соң, Қаратау қаласына оқуға түстім. Техникалық мамандық болғандықтан пәндердің бәрі орысша жүреді. Мектепте орыс тілін қанша оқытқанмен, сөйлесетін орта болмағаннан кейін тіл сындыру мүмкіндігі шектеулі

болатын. Ауылда жалғыз ғана орыс отбасы тұратын. Кейде бір реті келгенде тілдесіп қалатынбыз, олардың өзі де кейінірек көшіп кетті.

Группадағы студенттердің басым көпшілігі орыс тілділер мен мектепті орысша бітірген өзіміздің қаракөздер. Олар жазба жұмыстарында еш қиналмайды, сабақ айтқанда сайрайды. Ал ауылдан барған біз болсақ сабақта жауап бермек түгіл мұғалімнің айтқандарының бірін түсінсек, бірін түсінбейміз. Сабақ барысында тақырыпты сұрай қалса, жауап беруге қиналамыз. Жазбаша тапсырмаларды жанымыздағылардан көшіреміз. Лекция жазған кезде шимайлатып жатып мұғалімнің айтқандарына зорға ілесеміз. Орысы бар, қазағы бар, ұстаздарымыз керемет кісілер еді, түсініктері де мол болатын. Алғашқыда орысша шұбарланып айтылған біздің сөздерімізге басқалар күліп жатса, оларды тыйып тастайтын. Қайта :

- Көресіндер әлі, түбінде бұлар сендерден басып озатын болады, - деп, бізге қолдау көрсетіп отыратын. Өйткені, сызба сызу, есеп шығару, тәжірибелік жұмыстар барысында олардан әсте қалыспаймыз.

Иванов деген мұғаліміміз саяси экономикадан беретін. Екі ауыз сөздің басын орысша енді құрап айтып жүрген бізге бұл ғылымды түсіну, жазып алу, ұғып алып қайта мұғалімге жеткізу тіптен қиын болды. Түнімен жаттаймыз да ертесіне сабақта айтып келе жатып жаңылысып кетіп, ары қарай не істерімізді білмей, сасқалақтап тұратынбыз. Оған отырғандардың бәрі күле қарайтын, ал біз болсақ намыстан жарылып кете жаздаймыз. Түк түсінбейтін, сабақ айта алмайтындарға «шпаргалка» жазыңдар деп тапсырма беретін. Келесі сабақта өз қолымен жазылса ғана «үш» деген бағасын қоюшы еді. Ақылдысын көрмейсің бе мұғаліміміздің, шпаргалка жазамын деп отырып, бірнеше қайтара оқиды, әйтеуір жадында бірдеңе қалады деген ойы ғой. Оның үстіне, майдалап жазған

шпаргалканың ұзындығы Иванов жоғарыға қолын созған кезде жерге тиюі керек. Ал, оның бойы екі метрге жуық болатын.

«Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» дегендей, намысқа тырысып, орысша тіл үйренуге тырыстық. Жұрттың бәрі «болашақ орыс тілінде», «үйреніңдер» дейтін. Енді орысша әдеби кітаптар оқитын болдым. Алдыменен шағын шығармалардан бастаған мен біртіндеп орыс классикасын оқитын дәрежеге жеттім. Толстойды, Чеховты, Горькийді қызыға оқыдым. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» фильмін мен алдында теледидардан көргенмін. Кітабын оқыған кезде басқаша ойға кетуші едім. Кинофильмде ішіндегі оқиғалар көбіне қысқартылған күйде беріледі, ал кітапты оқыған кезде мүлдем басқаша сипат алады. Осылайша бұл шығарманы да кітап құмар достарымызбен отырып бүге-шігесіне дейін талдап тастайтынбыз. Тіптен қызды келе кинодағы кемшіліктерін тізіп шығып: «әттеген-ай, былай түсіргенде дұрыс болар еді!» - деген пікірлерді де айтып қаламыз.

Мұның пайдасын кейінірек оқу бітіріп құрылыс саласында жұмыс істеген кезде көрдім. Іс қағаздардың бәрі орысша жүргізіледі. Оларды сауатты түрде жазатынымын. Құрылыстағылардың басым көпшілігі орыс тілділер болғандықтан жұмысшылардан бастап жоғарыдағы басшыларға дейін жақсы қарым-қатынас орната білмесең, ісің өрге домаламасы анық. Орысша еркін сөйлеймін, сауатты жазамын, қандай тақырып болсын, өз ойымды еш қиналмай жеткізе білемін. Әсіресе, орыс әдебиетіне, сол кездегі көп айтылатын тақырып саясат жайлы басқалармен пікір таластыра қалған кезде, тіптен, олардың кейбірін шаң қаптырып кеткен кездерім болды.

Уақыт өте әлемде саяси оқиғаларға толы кезең басталды.

Кезінде майын тамызып тұрып жазған «Кемелденген социализм» келмеске кетті. Ал, коммунизм болса, елес күйінде қалды.

Тоқсаныншы жылдары егемендік алдық, нарықтық экономикаға бет бұрдық. Қиындықтар мен жоқшылық, жұмыссыздық жайлаған кезең басталды. Кітап оқу жайына қалды. Күнделікті күнкөріс қамымен, күйбің тірлікпен уақытымыз өтіп жатты.

Бертін келе ісіміз оңға баса бастады. Ел еңсесі түзелді. Нарықтық экономикаға да бейімделдік. Қайтадан кітап ақтаратын заман келді. Әдебиетке жаңаша бағыттағы ақын-жазушылар келді. Шығармалардың да мазмұны тереңдеп жаңаша бағытта жазыла бастады.

Қазақта: «Алмас қылыш қап түбінде жатпайды», - деген мақал бар. Әлемдік деңгейдегі классик жазушылардың шығармаларын оқыған, тағылымы мол шығыс әдебиетін кішкентайымнан құлағыма құйып өскен, онымен қоса, қазақ, орыс әдебиеттерімен сусындап өскен мені енді белгісіз бір тылсым күш қолыма қалам ұстатып, шығарма жазуға ықыласым ауа бастады. Алғашқы газетке жарияланған шығармаларымды оқығандар:

- Саған мұндай қабілет қайдан келген?- деп оқырмандарым, әріптестерім таң қалады.Тіптен:

- Қайрат, саған осындай қабілет тұқым қуалаушылық арқылы аталарыңнан берілген,- деп болжам айтқандар да болды.

Мүмкін солай шығар, оны бір құдайдың өзі біледі.Оқыған дастандары арқылы талайдың санасына ой сала отырып, тәлім-тәрбие берген ағартушы атама тартуым мүмкін. Әлде, нағашы атам Сәбденбектен, нағашы әжем Ибакүлден бірдеңе маған дарыды ма екен? Өйткені білетіндердің айтыстарына қарағанда жүз жасаған әжемнің айтыскерлігіне кезінде талай

адам тамсанған. Кейінірек тойларда суырыпсалмалығымен той бастап, ортаны жырмен қыздырып отыратынын жас кезімде мен де көргенмін. Ертерек бақилық болып кеткен нағашы атам Сәбденбек те қара жаяу емес екен. Бірде Қапал елінде үлкен той болады. Соған сонау Байтана елінен бір топ қыз-жігіт осы тойға келе қалады. Екі жақ алма-кезек шығып ән айтып ортаны қыздырады. Ендігі кезек қыз бен жігіт айтысына келеді. Ана жақтан бір жігіт шықса, мына жақтан қыз бала шығып екеуі айтысады. Жеңген жақ жеңілген жаққа есесіне шартты өзі қояды.

Кезек менің нағашы атам Сәбденбекке келеді. «Жығылсаң, нардан жығыл» дегендей, топ қыздың ішінен сұңғақ бойлы, тал бойында бір міні жоқ, жүйелі айтып отырған сөзі, орынды қалжыңы мен тамылжытып салған әні елді тамсандырып отырған, келбетіне көз тоярлық, ешкімнің қолы жетпей жүрген, айтыста ешкімге жеңіліп көрмеген Ибакүлді ортаға шақырады. Ә дегенде, айтыс десе арқасы қоза кететін менің нағашы атам сөзін былайша бастайды:

- Мен бір жүйрік шабылған,
Шапсам оздым тобымнан.
Мерекелі жиында
Асылдан шапан жамылған.
Құдайдың берген жел сөзі
Өз жанымнан табылған.
Мен Сәбденбек ақынмын,
Шыққан жүйрік табыннан.
Ибакүл бар ма бұл үйде,
Орын алсын жанымнан.
Айтысамын деп келдім,
Айтқан сөзден жаңылман.

Сонда талай айтыста дес бермеген менің нағашы апам тәкаппарланған күйі, одан қалыспай былай деп жауап қатады:

-Жолаушы, сөйле оңдалып,
Қанатың қудай қомданып.
Арманда қалған кісідей,
Дауысың қалай шығады,
Көп ішінен зарланып.
Тікеден тік жөнелмей,
Абайлап сөйле барланып.
Бұл сөзім мақұл емес пе,
Қарашы өзің ойланып?
Атыңның жалы жатыңқы,
Қабағың жаман қатыңқы,
Жол болсын сенен сұрайын,
Келесің қайдан сайланып?

Осылайша басталған айтыс ұзаққа созылады. Екеуі де бір-біріне дес бермейді. Арасында қисыннан қиыстырып, сөз тауып кеткен нағашы атам: «Осыдан жеңілсең, маған әйел болып тиесің!» - деп шарт қояды.

Оған оңайшылықпен беріле қоятын менің апам ба? Енді айтысты өзінің бір тәсілі жұмбақ жасыру арқылы сүріндірмекші болады да:

- Жұлдыздың аспандағы қазығы не?
Жолшының ат арытқан азығы не?
Білгіш болсаң жігітім, айт ендеше?
Аспандағы жұлдыздың саны неше? –дейді.
Атам болса мүдірместен:

- Ащы менен тұщыны татқан білер,
Алыс пенен жақынды жортқан білер.
Жұлдыз сансыз, мен оны қайдан білем,
Сенбейсің ғой мен дағы айтқанменен.
Келгенімде мен мана байқағаным
Көргеннен-ақ басымды шайқағанмын,
Тәтті ұйқыға кетіпсің аузыңды ашып ,

Оны өзіндей шалқасынан жатқан білер, - дегенде менің апам сөз таба алмай аңтарылып қалыпты.

Сөйтсе, жолсоқты болып шаршап келген ол қонақтарды күтіп алған үйде өзгелермен бірге жастыққа шалқалап жата кеткен кезде, аузы ашылған күйі ұйқыға кеткен білем.

- Армысыздар! - деп амандаса кіріп келгенде апам шошып оянып, ыңғайсызданған екен. Мұндайды қалт жібермейтін атам байқап қалған көрінеді.

Оны бала кезімізде біз де талай көргенбіз. Ылғи шаршаған кезде осылайша шалқасынан жата қалып, құс ұйқыға кететін әдеті бар болатын. Аузы деген ашылып кетуші еді. Баламын ғой:

- Апа, аузыңызды жауып ұйықтамайсыз ба, шыбын кіріп кетеді ғой, - дейтінмін оянған кезде. Сөйтсем, өзінің әдеті екен.

Ал нағашы атам болса: «Бәлем, біткен жерің осы болды», - деп жауап қатуын күтіп отырады. Ал, оның жолдастарына да осы керек.

- Сөз тапқанға қолқа жоқ, жеңілдің Ибакүл! - деп шу ете қалады. Апам болса бет-аузы қызарған күйі не дерін білмей отырыпты да қалыпты.

Айтылған сөз - атылған оқпен бірдей, уәде бойынша екеуі осылайша некелеседі.

Кітап оқуға деген қызығушылығым мені енді әдебиет әлеміне қарай жетелей жөнелді...

Бұл кезең менің ақыл-ойымның кемелденген, тепсе темір үзетін, отызымда орда бұзбасам да, алға қойған мақсатымның біразына жеткен, қырықтың қырқасынан асып нағыз қамал бұзатын кезім болатын.

Ең алғашқы жазған шығармам, «Алтынбектің сырнайы» атты әңгімем болды. Оның жазылуының өзі бір қызық. Бірде туып өскен ауылыма бара қалғанымда, інім Болаттан танымал сазгер Алтынбек Қоразбаев пен ауылдағы әнші жігіт Ескелді

екеуінің арасындағы бір тамаша оқиғаны естідім. Болған оқиғаға мен қатты қызықтым, жақсы әсер алдым, маған терең ой салды. «Осындай да болады екен-ау!»- деп естігенім көпке дейін ойымнан кетпей жүрді.

Біраз уақыт өткен соң өзімнен-өзім таң қалдым, күнде осы естіген оқиғам есіме түсе береді және бір тылсым күш осыны жаз дегендей маза бермеді. Не болып жүргенімді өзім де түсінбеймін. Қолға қалам алатын уақыт емес. Қым-қиғаш науқан жүріп жатқан мезгіл. Малға азық дайындау, құрылыс жұмыстары, бау-бақша күтімі мен үйдің бітпейтін күйбең тірлігі, қайнаған жаздың уақыты. Бұрылуға мұрша жоқ. Дегенмен де, бірде уақыт тауып қолыма қалам алып бастағаным сол еді, баяғыдай параққа жазған шығармамның мазмұны өзінен-өзі түсе бастады. Біраз қарқындатып алғаннан кейін жазуымды тоқтата қоямын да, «дұрыс па өзі?» дегендей, жазғандарымды бір қайталап оқып шығамын. Сәлден кейін ары қарай жалғастыра беремін. Осылайша, біраз уақыт шимақтағаннан кейін тұтас шығармамның мазмұны шыға келді. Қайта оқимын да, кейбір жерлерін түзетемін. Біршама уақыт қиналғаннан кейін бітірдім-ау, ақыры.

Жас кезімде ақындардың да өлеңдерін сүйсіне оқитынмын, кейбірін жатқа айтатынмын. Оларға еліктеп, өлең де жазып көрмекші болғанмын. Өзгелер сияқты талай парақты шимайладым, бірақ онымнан түк шықпады. Сонымен доғардым кейін. Бәрібір бір тылсым күш шығармашылыққа жетелейтін де тұратын. Сөйтсем шабыт екен ғой, оны кейін білдім.

Ертеңіне қайта оқып шығып көңілімнен шыққанына өзімнен-өзім мәз болдым. Жүре келе маған бір ой келді: «Неге маған осы шығармамды бала кезімнен қол үзбей оқып келе жатқан оқырманы ретінде аудандық «Шұғыла» газетіне апармасқа?» жариялап қалуы да мүмкін ғой.

Әр кезде жаңылыспайтын ішкі сезімім де: «Бар Қайрат, бар,

жолың болады!»-деп тұрғандай. Ертеңіне нақты бір шешімге келдім де, қолжазбамды алып редакцияға тарттым.

Сонау бала кезімнен таныс орталықта орналасқан бір қабатты, салынғанына бірнеше жыл болған, әбден тозығы жеткен ғимарат. Жастайымыздан білетін, кезінде аудан халқы асыға күтіп, құмарта оқитын газеттің шығатын жері ғой. Ғимараттың мына жағдайы да газеттің қазіргі хал-мүшкілін білдіріп тұрғандай. Бұрындары халық сүйсіне оқитын мақамды мақалалар, сын түзеу үшін жазылған фельетондар, әдеби айдарлар, әзіл - сықақтар мен мазмұны терең фоторепортаждар қазір кейде ғана қылаң беріп қалады. Бұның бәрін майын тамызып тұрып жазатын тілшілер мен журналистер қатары да сиреген. Бұрынғыдай емес, құрылтайшының саясатын насихаттауды басты мақсат тұтқан, қағазының сапасы жақсарғанмен, мазмұны көбінесе көпшіліктің көңілінен шыға бермейтін газеттің тиражы да азайған. Кірген сайын сықырлап, мазанды алып, жүйкеңе тиетін, көп уақыттан бері ауыстырылмаған сыртқы есігін тыжырана ашып, ішке ендім.

Редактордың есігіне қарама-қарсы орналасқан бөлмеде көпшілікке танымал журналист, ақын, басқа да түрлі жанрларда қалам тартып жүрген, редактордың орынбасары Төлентаев Байтанағали ағамен бұрыннан таныс едім. Республикалық, Облыстық, аудандық басылымдардан талай шығармаларын, баспадан шыққан кітаптарын оқығанмын. Үзбей өлең жазып және жазған өлеңдерін үнемі жариялап тұратын. Алдында бір-екі рет педагогика жайлы мақалаларымды апарғанымда: «Маңызды, өзекті тақырыптарды қозғаған екенсің» - деп бірінші кезекте газетке басып еді.

Кабинетіне имене кірдім де, амандық-саулықты сұрасқаннан кейін, бірден әңгіме жазғанымды, соны оқып көруін өтіндім. Ол болса қолымдағыға бір қарады да, бірден:

– Қайрат, мақала жазып жүрсің, оныңды құптаймын.

Педогогиканың қыры мен сыры саған жақсы таныс, ол жайлы жақсы қалам тербеп жүрсің . Бірақ әдеби шығарма деген саған мақала жазу сияқты оңай шаруа емес, оның үстіне сенің мамандығыңмен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Тіл маманы болсаң бір басқа. Қайда қол сермеп тұрғаныңды білесің бе? Бұл еріккендердің ермегі емес, сондықтан да босқа әуре болғансың, оның үстіне менің уақытым да жоқ, - деп ұсынған қолжазбамды қолына да алмады. Кейінірек түсіндім ғой ақындардың жан-дүниесін, қалай сөйлесу керек екендігін. Жерден жеті коян тапқандай баса көктеп кіріп барған мені бірден қалай жақтыра қойсын?

Соншама үміт артып келгенімді қайтейін, енді «біткен жерім осы екен» деп ойладым. Бірден көңіл - күйім құлазып сала берді. «Шынында да өзім көтере алмайтын шокпарды беліме байламақшы болып жүрген жоқпын ба?» деген неше түрлі жаман ойлар да келді. Ердей болып келген соң, қайта шегінер жер жоқ, мен де алған бетімнен қайтпадым.

– Аға, еш болмаса бір оқып көріңізші,- деп қадалдым да қалдым. Кетпей бедеріп тұрып алған маған ол жақтырмаған көзбен бір қарады да, жазғанымды қолына алып шалқая отырған күйі оқи бастады. Менің бір таңқалғаным, қолына ала салысымен, бірер жерін оқығаннан-ақ қолжазбама тесілді де қалды. Бір уақытта еңкейді, жазбаны үстелдің үстіне қойды да, қолына қаламын алып, әр жеріне бір белгі салып жатыр. Мұны көрген соң, менің дегбірім кете бастады. Құдды бір мұғалімнің алдында нашар жазылған диктантын тексертіп тұрған оқушы сияқты күй кештім. Кейіннен білдім, осылай шығарманың кіріспе, негізгі бөлімін, қалай қорытындыланғанын белгілеп отырады екен. Парақтап оқыған сайын қатуланған қабағы бірте-бірте ашыла бастады. Осы саланың майталманы ғой, шығарманы біз сияқты емес, жазылған әр сөзіне, сөйлеміне, бөлімдеріне аса зер сала, бірден талдай отырып оқиды екен.

Мен сілейген күйі тұрмын. Уақыт та өтпейді екен мұндайда.

Оқып біте салысымен, орнынан атып тұрғаны. Өзінің бойының ұзындығы екі метрге жуық болатын. Мен сасқалақтағаным соншалық, ұрып жіберетіндей бір адым кейін шегіндім. Бір қолына менің қолжазбамды алды да, екінші қолын маған ұсынған күйі:

– Мынаны жақсы жазыпсың, шынымен өзің жаздың ба? Керемет есте қаларлық оқиға екен!- деді таңданысын жасыра алмай. Жүзінде қуанғанының белгісі байқалады. Сонда ғана көңілім орнына түсті.

– Өзім жаздым! - дедім жұлып алғандай.

Сөйттім де:

– Бәке, түзететін жерлері болса қарап беріңізші, - дедім қуанғанымнан.

– Еш жерін де түзетудің керегі жоқ. Осы күйінде басамыз,- дегенін естігенде, төбем көкке жетпей қалды.

Сөйткенше болған жоқ, мені ерткен күйі бас редактор, белгілі қаламгер Болат Жапаровтың бөлмесіне қарай бет алды. Кірген бойда:

– Бөке, қатарымызға жас қаламгер қосылды. Мынаны оқып көріңізші, керемет жазыпты,- деп жазбаны ұсынды да, жағалай қойылған орындықтардың біріне отыра кетті. Мен болсам, «Жас қаламгер» деген сөзінен, мақтағанынан басым айналған күйі тұрмын. Мұны байқаған Бөкең жанынан орындық ұсынды. Мен де қатар жайғастым.

Ал Бөкең болса асықпай оқып отыр. Байқаймын, оның жүзінде де таңданыс бар. Оқыған сайын ол да беріліп кеткені соншалық, бізді тіптен ұмытқандай. Басынан бастап аяғына дейін оқып бітіргеннен кейін ғана маған жымия көз салды да:

– Жақсы шығарма екен, міндетті түрде газетке басамыз! Жарайсың Қайрат! - деп ризашылықпен маған бір қарады. Оған қоса:

– Тек тақырыбын «Алтынбектің сырнайы» емес, «Алтынбек сыйлаған сырнай», деп өзгерту керек,- деп ризашылығын білдірді.

Осындай қуаныштан жүргім жарылып кете жаздап тұрған мені бас редактордың үні бөліп жіберді:

– Бәке, ары қарай өзің тындырасың ғой,-деп жазбаны оған қайтарып берді.

Қайта Бәкеңнің бөлмесіне кірдік. Енді, менің батылдығым ұстап, алғашқыдай емес, өзімді ол кісінің алдында еркін ұстадым.

Қазақ әдебиеті, ақын-жазушылардың шығармалары жайлы әңгіме қозғалды. Қандай шығармалар оқығанымды сұрады. Мына айтқаны тура менің қышыған жеріме тиді. Мен болсам, енді ыңғайсызданғанды қойып, бар білгенімді сапырып отырмын. Әдебиеттен қаншалықты шама-шарқым бар екендігін білгісі келіп тұрғанын да сезіп отырмын. Байтанағали ағаның өлеңдерін үнемі оқып жүретінімді, «Шұғыланың» бала кезден бері тұрақты оқырманы екенімді де айтып өттім. Мен сөйлеп отырғанда анда-санда тағы да таңдана бір қарап қояды. Бұрыннан да таныс болғанмен, менен мұндайды күтпеген сыңайлы. Әңгімеміздің қызғаны соншалық, алғашында «уақытым жоқ» деп отырған сияқты еді, енді тіптен жібергісі жоқ.

Әңгіме барысында байқағаным, соңғы кездері нарықтық экономика қиыншылықтары салдарынан әдебиет әлемінен сыр шертетін қаламгерлердің қатары сиреп, шығармашылық деңгей төмендеген. Оны мен өзім де байқайтынмын. Баяғыдағыдай терең мағыналы жазылған кітаптарды сирек кездестіретінмін. Оның үстіне жазушылардың көз майын тауысып отырып жазған кітаптарын баспадан шығарып, енді соны өткізе алмай, не істерін білмей жүрген кез. Бұрынғы қалың оқырман болса «Байтал түгіл, бас қайғының» кебін киіп, қара қазан, бала- шаға

қамы үшін күйбең тірлік қамымен кеткен. Тіптен жап-жақсы қаламгерлердің кітаптары жарық көрмей, жұмыссыз қалып, олар да күн көріс қамы үшін қалталыларға арнайы тапсырыс бойынша жазылған бірен-саран кітаптарын да оқығанмын. Олардың кейбірін жақсы танымын да.

Сонымен не керек әңгімеміздің қызғаны соншалық, түс қайта келген мен қанша отырғанымды білмеймін, редакцияның күзетшісі келіп есіктен сығалағанда ғана жұмыс күнінің аяқталғанын бірақ біліп, сыртқа шықтық.

– Жаза бер Қайрат, сенен бірдеңе шығады. Әдебиеттен де әжептеуір хабарың бар екен. Қалам тартысың да маған ұнады. Болашақта жазушы боламын десең, әдебиетті үзбей оқып жүр. Қарапайым тілмен жазылған, оқуға жеңіл, бірақ терең мағыналы Хэмингуейдің «Шал мен теңіз» атты шығармасын оқып шық, көп көмегі тиеді,- деп кеңес берді. Кейіннен тауып алып, оқып шықтым. Тамаша шығарма екен. Шынында да көркем тілмен оқырмандар жеңіл ұғынатындай керемет жазылыпты.

Аптасына екі рет шығатын газетті асыға күтемін. Келе сала бастан аяқ ақтарып шығамын. Қырсыққанда жарияланбай-ақ қойғаны. Сөйтіп жүргенде, шамамен он-он бес күн өткенде газетке жарияланды. Түгелдей сыйғыза алмайтын болғандықтан, қысқартылған нұсқасын басыпты. Сөйтсем, бір бетке арнайы әдеби айдар ашып, басқалар жазған жыр шумақтарымен қоса менікін де жариялапты. Сол кездегі қуанышымды тілмен айтып жеткізе алмаймын. Оқығандардың бәрі қолымды алып ризашылықтарын білдіріп жатыр. Сірә, менен мұндайды күтпеген сыңайлы. Таңданыстарын жасыра алмай, маған аңтарыла қарайды. Әсіресе, досым Қалыбайдың қуанышында шек жоқ. Риза болғаны соншалық қолымды қысып, қайта-қайта сілкілейді.

Оның әдебиеттен хабары мол болатын. Айтысына қарағанда,

мектепте оқып жүрген кезде кітап құмарлығы соншалық, шағындау ауылдық кітапхананың белсенді оқырманы болған. Қызығушылығының жоғары болғандығы сол, кітапханадағы кітаптардың бәрін оқып тауысқан. Қазақша кітаптармен қоса орыс классиктерінің шығармаларына дейін оқитын дәрежеге жеткен. Ауылды жерде тұрғандықтан, күнделікті мал жаюға кетерде дорбасына бір-екі кітапты сала жүреді екен. Кең даланы басына көтеріп, дауыстап тұрып оқиды. Әдебиет жайлы сөз таластыра қалғанда, талайды шаң қаптырады. Сондықтан болар мен қолыма қалам алып жаза бастағаннан бастап алғашқы оқырманым да өзі болды. Жазғандарымды бірінші болып соған көрсетемін. Тағы да бір менің жанашырым Нұркен екеуі оқып шығып, жақсы пікірін айтып, білгендерінше жөн сілтеп отырады. Әр шығармам жазылып біткен сайын үшеуіміз отыра қалып ортаға салып талдаймыз, кем-кетігін түзетеміз. Жұмысымыздың нәтижелі болғандығын атап өту үшін міндетті түрде орталықтағы кафеге қарай жол тартамыз...

Шағын шығарманың газетке жарияланғаны менің әдебиетке деген алғашқы қадамымның тұсауы кесілгенімен бірдей болды. Шабытым онан сайын арта түсті. Тағы да бірнеше шығарма жаздым. Енді жазғандарымды аудандық «Шұғыланы» қойып, облыстық «Ақ жол», «Арай» газеттеріне апаратын болдым. Бірен-сараны болмаса барлық жазғандарым жарияланып тұрды. Атынан ат үркетін танымал қаламгерлердің жазғандарының артынан іле-шала менің де шағын шығармаларым газет бетінен жарқ етіп шыға келгенде, төбем көкке бір елі жетпей масаттанып қалатынымын.

Кейінірек әдебиеттің бір саласы драма жазатын болдым. Оған бір себеп: жас кезімде сәті түскенде басқалармен бірге қызық көріп, театрға баратынымын. Сонда бүкіл шығарманы ені ары кетсе он метр болатын сахнада көрермендердің көңілінен шығатындай етіп, қалай қойып шығатындарына қайран

қалатынымын. Киноны алатын болсақ ол түсінікті. Шығармадағы оқиғаға байланысты табиғат аясында, ғимараттардың ішінде немесе басқа да жерлерде тақырыпқа сәйкестендіріп түсіре береді. Ұнамаса сценарий қайта жазылып, фильм қайта түсіріледі. Әр түрлі жерде түсірілген үзінділерді кейін монтаж-дау арқылы тұтас кинофильм етіп шығарады. Ал сахнада олай ете алмайсың, басынан бастап аяғына дейін оқиға ешқандай монтажсыз шынайы түрде сахналанып жатады. Ойнап жатқан актердің жаңылыс айтқан бір ғана сөзі бүкіл спектакльдің мағынасын теріс жағына өзгертіп жіберуі де мүмкін. Бұл жерде мен режиссердің көлемді шығармаларды сахналау үшін күндер емес, айлар бойы дайындық жасаған жанкешті еңбегін ерекше бағалар едім.

Сондай күндердің бірінде ауданымызға гастрольдік сапармен жерлесіміз, елімізге танымал актер, режиссер Тұңғышбай Жаманқұлов келе қалмасы бар ма? Ақын, жазушы Исраил Сапарбайдың Шәмші Қалдаяқов туралы жазған «Сыған серенадасы» атты шығармасы бар, соны сахналады. Сахнаны қалай безендірген десеңізші? Түрлі-түсті жарықтарды, басқа да шамдарды шағылыстырып, көріністі онан сайын керемет күйге келтіріп, түрлендіріп жіберген. Ал енді дыбыстау, музыка арқылы көрермендердің жан дүниесін мұншалықты тербетуге болатынын да мен алғаш рет сезіндім. Басқалармен бірге мен де керемет әсер алдым. Өйткені Шәмшінің жан күйзелісін аядай ғана сахнада шынайы түрде көрермендерге жеткізе білді. Оған дәлел - спектакль біткен кездегі көрермендердің ыстық ықыласы.

Бұл қойылымның театр есігін көптен бері ашпай жүрген мен үшін маңызы зор болды. Олай дейтін себебім, қаламым біраз төселіп қалған мені енді тағы да белгісіз күш осы жанрға деген қызығушылығымды оятты. Оны мен спектакль болып жатқан кезде—ақ байқап отырдым. Қойылымды тамашалай

отырып екінші жағынан қиялға да беріліп кеткенім соншалық, болашақ шығармаларымның сұлбасы көз алдымнан өте бастады.

Қызықтың көкесі содан кейін басталды. Қандай да болсын бір жиналыстар бола қалса, міндетті түрде оған мұғалімдерді алып барады. Неге екенін білмеймін, баратындардың тізімінде мен алғашқылардың бірі болып тұрамын. Сонымен түкке тұрғысыз, мағынасы түсініксіз жиналыстың бірі болып жатады. Осы кезде менің құлағым тас болып бітеліп, көзім ештеңе көрмей, қиял әлеміне ерік беремін. Жиналыс біткен кезде не жайлы айтылғанын да есіме түсіре алмайтын кездерім де болды. Оның есесіне сахнада менің болашақ шығармамның кейіпкерлері ерсілі-қарсылы шауып жүреді. Қысқаша айтқанда, шығармамның сюжеті сомдалып жатады. Беріліп кеткенім соншалық, бірде аудан әкімінің есеп бергені туралы біреулер сұрағанда, есіме түсіре алмай әбден күлкіге қалғаным бар.

Осылайша, тағы да еріксіз бір күш мені әдебиеттің бір жанры драма ауылына қарай жетелей жөнелді...

«Ән айтасың, бірақ жаныңды жеп айтасың» дегендей драма әдебиеттің ең бір ауыр саласы екендігіне өзім жаза бастағанда ғана көзім жетті. Жоғарыда айтылғандай, оқиғаның бәрін айналдырып әкеліп аядай ғана сахнаға сыйыстыру арқылы шынайы түрде көрермендерге әсерлі етіп жеткізу деген екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қаншама уақытымды сарп ете отырып, «Жақсы бала боламыз» атты алғашқы драманды жаздым. Қазақта мақал бар: «Жығылсаң, нардан жығыл», - деген. Осы шығармамды кейіннен мектепте өзім жүргізетін «Ұшқын» драма үйірмесінің оқушылары сомдап, аудан мектептеріне сахналадық. Авторы, режиссеры – өзім, музыкалық көркемдеуші – әріптесім Мұзбелов Дидар. Керемет болмаса да, драма атты киелі өнердің мен үшін шымылдығы ашылды.

Біраз төселіп алғаннан кейін, мен, қоғамды толғандырып жүрген өзекті мәселелердің бірі - наркомания тақырыбында «Болсаң үйір тажалға...» атты драма жаздым. Ол жайлы аудандық мәдениет үйі жанындағы «Дарын» жастар театрының режиссері Әмірханға бір кездескен кезде айтып қалғаным бар. Ол болса бұған қуана кетті де:

- Алып кел, оқып көрейін,- деді. «Әне апарамын», «міне апарамын» деп жүргенде біраз уақыт өтіп кетті.

Бірде жазғы каникул кезінде Әмірхан қоңырау шалып тұр. Қырылдаған даусымен:

-Қайреке, өткен жолғы наркоман бала туралы шығармаң қайда? Оқып көрейін,- дейді телефонның арғы жағынан.

- Өзімде ,оны не істейін деп едің?- дедім ,ойымда ештеңе жоқ.

- Менде уақыт болмай жатыр, айып етпесең, әкеліп бересің бе? - деп өтініш жасап тұр.

- Жарайды, апарайын,-дедім қуанғанымнан. Шығармамды алған күйі аудандық мәдениет үйіне бет алдым.

Келген бойда тағатсыздана күтіп отырған Әмірханның қолына ұстаттым. Ол болса, асықпай оқып отыр. Бір қызығы, әр тұсына келген кезде де кейіпкерлердің есімдері жазылған бірінші бетке қайта-қайта қарағыштай береді. Кейін білдім, кейіпкерлердің сөздерін шатастырып алмас үшін бірінші бетке қарағыштай беретіні сондықтан екен. Шығарма оған ұнады, оны мен оқып отырған кездегі жыбырлап кеткен бет аузы мен жымиғанынан-ақ байқап үлгердім.

-Тап біздің тақырыпқа сай жазылған екен,сахналаймыз, - деді жерден жеті қоян тапқандай. Сөйтті де, індемей отырған күйі қиялға беріліп кеткені. Мына отырысы мені тіптен ұмытып, ойы сан-саққа жүгіріп, спектакльдегі ойнайтын актерларды сұрыптай бастаған сияқты болып көрінді маған.

Сөйтсем,табан астында облыстан наркомания тақырыбында

сахналық қойылымдар байқауының шарты келіпті. Соған лайықты шығарма таппай әбден сасқан көрінеді.

- Репетицияны мен де көрсем болады ма? - деп жабыса кеттім. Ондағы ойым - қалай сахналайды екен, қарап отырып мен де тәжірибе жинайын дедім.

- Оны өзің білесің,- деді ойланбастан.

Уақыт тығыз болатын. Сондықтан жылдамдатып шығарма қолына тиісімен іске кірісті де кетті. Бәріне рольдерді жас ерекшеліктеріне, болмыс-бітіміне қарай бөліп берді. Қанша дегенмен кәсіби мамандар емес пе? Бірден образға еніп кетті. Осылай үш-төрт күн дайындалғаннан кейін бәріміз Тараз қаласына байқауға жол тарттық. Аудан, қаладан келген халық театрлары кезектесіп қойылымдарын көрсетіп жатыр. Әділқазылар алқасында отырған өңшең «Сен тұр, мен атайын»,- деген театр саласының небір майталмандары әрбір сахналанып жатқан спектакльдерді мұқият көріп, өзара сараптап өз бағаларын шұқшиған күйі қағаздарына жазып жатыр. Кезек біздің ауданға да келді. Актерлар барын салды. Шығармадағы оқиғаны шынайы түрде бейнелеп шықты. Басында жайдары оқиғамен басталған спектакль бірте-бірте шиеленісіп, шынайы келбет ала бастады. Әсіресе, әдемілеп тұрып наркоман баланың келбетіне сай гримделген басты кейіпкердің бірі наркоман баланың образы керемет сомдалды. Спектакльдің әсерлі болғаны соншалық, әділқазылар алқасы басқа сүреңсіз қойылымдағылардай емес, басынан бастап аяғына дейін зейін қойып көріп шықты.

Мұның бәрін шетте отырған мен қалт жібермей байқап отырмын. «Баласы көкпар шапса, әкесі тақымын қысады», - деген қазақтың мақалы бар. Мен де өз туындым сахналанып жатқанда: «Қалай болар екен?» деп қобалжып отырдым. Сонымен барлық қойылымдар бітті. Әділқазылар қағаз, қаламдарын алды да, кеңесуге кетті. Біз болсақ, тағатсыздана шешімін

күтіп отырмыз. Біраз уақыттан кейін келді де, қорытынды сөз сөйлеп, жүлделерін табыстай бастады. Алдыменен алғыс хаттар табысталды. Одан кейін үшінші орын, одан кейін екінші орын иелері жарияланды. Біз болсақ: «Ақыры не болар екен?» - деп абыржи бастадық. Бір уақытта:

- Бірінші орын - Жамбыл ауданы! - дегенді естігенде бәріміздің қуанышымызда шек болмады. Бәріміз шу ете қалдық. Өйткені мұндай болады деп күтпеген едік. Ал бас жүлдені Сарысу аудандық халық театры иемденді. Өте керемет қойылым қойды, оған ешкім де дауласа алмайды. Кейін сұрастыра келсек, біздің бірінші орын иеленген себебіміз спектакльдегі оқиғаның тартымдылығы мен актерлардың ойнау шеберлігі ұнапты әділқазыларға. Егер музыкалық көркемдеуі жақсы болғанда, бас жүлдеге де үміткер бола алады екенбіз. Бұл кемшілікті мен асығыс дайындық барысында-ақ байқағанмын.

Сонымен бірге қомақты ақшалай сыйлықты да табыстады. Одан шығарма авторы ретінде мен де өз үлесімді алдым.

Шығармашылыққа деген шабыттың бір қызығы кейде бұрқыратып жазып тастаймын, кейде шабыт жоқ кездері ұзақ уақыт қаламға қолым бармай жүреді.

Ән-сезімнің әміршісі

(Болған оқиға)

«Ән –сезімнің әміршісі» - деп халық бекер айтпаған. Шаршағанды басатын, көңіл-күйді сергітетін, жан –дүниенді ерекше бір сезімге бөлейтін қасиеті үшін әнді сүймейтін, әншіні құрметтемейтін бұл дүниеде жоқ сірә. Абайдың:

*«Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Жүрекке түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй».-*

деп айтқан сөздерінде қаншама терең астар, мән-мағына жатыр.

Адам баласы жаралғалы бері қаншама ән шырқалып, халықтың өшпес рухани қазынасына айналды десеңізші?! Әннің тек ерекше сезімге бөлеп қана қоймай, ойда жоқта, күтпеген жағдайларда бұрын бірін-бірі білмейтін адамдарды табыстырып, сыйлас, қимас достар етіп жіберетін де қасиеті бар.

Көктемнің жайма шуақ күні. Айналаның бәрі көк майсаға көмкерілген. Қырдың етегін жағалай сылдырап ағып жатқан өзеннің бойы қалың тал өскен. Биіктігіне қарай көлеңкесі де кең. Тастарды жара ағып жатқан судың сылдыры мен сайраған құстардың даусы қосылып, айналаны ерекше бір әуенге бөлеп тұр.

Кенет, жол бойын шаңдата келіп өзенді жағалай бірнеше автомобиль сол тұсқа тоқтай қалды. Олардан шыққандардың біразы дабырлай сөйлей өзен жағалап кетті. Ал екеуі қатар өскен биік екі талдың ортасына келіп тұра қалды да, жан-жаққа көз тастады. Сырттан байқағандарға екеу ара бірдеңеге келісе алмай тұрғаны байқалады.

- Тура осы жерге түстелейік. Қарашы, табиғаты қандай керемет? Айнала көк майса, мына жердің көлеңкесі де кең екен. Қонақтарды осы жерге алып келейік! - дейді бірі.

- Оларға осы жер ұнай қояр ма екен? Аудан орталығына апарып, тойханалардың біріне күткенде болатын еді? - деп екіншісі оған қарсы пікір айтып жатыр.

- Сабыр, қарашы айналаға, мынадан артық қандай жер керек? Сен Алтекенді білмейсің. Ол да өзіміз сияқты ауылдан шыққан қара домалақтың бірі. Қазір көресің, қуанбаса маған кел. Мынандай тыныштықты, әсем табиғатты оның жаны сүймеуі мүмкін емес. Осыдан көр де тұр, мұндайға тек ол кісі ғана емес, бәрі де қуанады - деп біреуі сенімді түрде сөйлеп

жатыр.

-Оны сен қайдан білесің?-дейді екіншісі таңырқай.

-Олардың бүгінгі салған әндеріне қарап айтып тұрмын. Бәрі де туған жер, қазақтың мынау кең даласы, жанға шуақ шашатын мына тамылжыған табиғат жайлы емес пе? - деп ананы сендіріп жатыр.

-Кім біледі? Ұнаса жақсы болар еді - деп өз тірліктеріне кірісіп кетті.

Алып келген орындықтарды қойып, шағын ғана дастархан жайып болған соң екеуі былайырақ шығып ұялы телефондарын алып байланысқа шықпақшы болды, бірақ онысынан ештеңе шықпады. Жүздерінде қобалжу бар.

-Қап ,құрып қалғыр. Бұл кісілердің концерттен кейін тура осы жаққа тартатынын кім білген? Бұлай боларын білгенде аудандағы бар өнерпаздарды алып келіп көңілді отырыс ұйымдастыратын едік қой. Мына қырсықты көрмейсің бе? Байланыс та жоқ. Енді не істейміз? Орталыққа барып келейін бе?- деді бірі абыржып.

-Қажеті жоқ,болар іс болды, енді бір мәнісі болар, - деді екіншісі саспастан.

Артынша дабырлай сөйлей Алтынбек бастаған әншілер келіп ортаға тұра қалды да, бәрі айналаға тамсана қарады.

-Па, шіркін! Қандай керемет! Табиғаты қандай тамаша! Мұндайды Алматыдан таппайсың. Ондағы мыңдаған көліктердің, өндіріс орындарының түтіні тынысыңды тарылтады. Кеуденді керіп, бір мынандай саф ауа жұта алмайсың. Оның үстіне таңның атысы мен күннің батысы «жұмыс-жұмыс» деп тынбай шапқылаймыз да жүреміз. Уақыттың қалай өткенін білмей қаласың. Осындай керемет табиғат аясында өзінді бір ерекше күйде сезінгенде ,шабыт үстіне шабыт қосылмай ма? Мынандай мүмкіндік күнде бола бермейді- деді бастап келген елге танымал әнші, сазгер, мәдениет

қайраткері Алтынбек Қоразбаев.

Ал, ертіп келген екі жігіт болса бір-біріне «көрдің бе?» дегендей өзара ымдасып, бәрі де ойдағыдай болғанына қуанып кетті.

- Шынында да Алтынбек аға, қандай керемет! Осындай табиғат аясында соңғы рет қашан болғаным да есімде жоқ. Енді міне бүгін ғана сәті түсіп тұр. Бұл тіптен тамаша болды - деп іштеріндегі әнші Меруерт те бір тамсанып қойды.

- Өнді де осындай ашық аспан астында шырқасақ қой шіркін! Тынысың ашылып, даусың да кеңейе түсер еді, - деп оған жас әнші Мейрамбек те қосыла кетті.

Бәрі де тағы да айналаға тамсана қарады. Ортаға аудандық мәдениет бөлімінің қызметкері Марат шықты да сөзді бастай жөнелді:

- Құрметті Алтынбек аға! Қадірменді алыстан ат арылтып келіп отырған әншілер қауымы! Мынандай өтпелі заман қиыншылықтарына карамай алтын уақыттарыңызды бөліп, сонау әсем қала Алматыдан арнайы келіп ауданымыздың ән сүйер жұртшылығының құлағының құрышын қандырған әндеріңіз үшін дүйім жұрт атынан тағы да алғысымызды білдіреміз. Өздеріңіз де байқаған шығарсыздар, мына нарықтық экономиканың қиындықтарынан әбден шаршаған жұрт енді бір серпіліп қалатын болды. Аудан тұрғындары атынан сіздерге тағы да шексіз алғысымызды айтамыз.

Аленді, аса қадірменді өнер майталмандары! Қазақтан асқан қонақжай халық бұл дүниеде, сірә, жоқ шығар. Келгелі бері дастарханымыздың бұйырған дәмін таттыңыздар, жатырқамай өз үйлеріңіздей аунап –қунап қонақ болдыңыздар. Енді, міне, қоштасар кез де келді. Жоғары шығып жайғасыңыздар.

Бәрі барып көк майсаға барып жайылған дастархан басына жайғасты да өзара әңгімеге кірісіп кетті.

Екі жігіт болса шеткерек шығып қайтадан байланысқа

шықпақшы болып телефондарын алып ары-бері шұқылады, бірақ оларынан ештеңе шықпады. Екеуі одан бетер мазасызданды. Осыны байқаған Алтынбек екеуін ымдап жанына шақырып алды да:

-Әй, жігіттер! Әуре болмай-ақ қойыңдар. Қайта бізге сол байланыстың болмағаны керек болып тұр. Адам сияқты отырып бір демалайықшы! Ешкімді шақырудың қажеті де жоқ. Оның үстіне мұнда біз көп аялдамаймыз да. Қане, Мейрамбек, мына кең даланы жаңғыртып бір ән салшы! Естерінде болсын сахнада салған ән мен далада салған әннің айырмашылығы жер мен көктей. Қане, баста, көңіліміз одан сайын жадырай түссін! - деді.

Мейрамбек домбыраның сүйемелдеуімен ән шырқады. Бәрі де әнге құлақ түріп тыңдап отыр. Алтынбек болса, терең ойға кетіп, толғанып отыр.

Ән аяқталмай жатып, жарыса маңыраған қой мен ешкінің даусы естілді. Айқайлап мал қайырған қойшының, оған үрген иттің даусы қосылып, бірте-бірте барып саябырсыды. Бәрінің назары еріксіз түрде сол жаққа ауды. Бір отар қой бұлар отырған жерден біраз жоғары тұсқа барды да, бірден өзендегі суға маңырай лап қойды.

- Айып етпеңіздер, дала болған соң осы...Мұндағы бір заңдылық: мынау кең даланың иелері - ұшқан құс, жүгірген аң мен жайылған малға еркіндік берілген. Қай жерде, қалай қарай, қай уақытта барғысы келсе болды, кете береді,- деп мәдениет үйінің қызметкері, Сабыр, ақталып жатыр.

Осы кезде аттың дүбірі естіліп, бәрі де қайтадан солай қарай амалсыздан назар аударды. Бұларға қарай басында күнге оңып кеткен қалпағы, үстіне көнетоз көйлек пен шалбар, күннің ыстығына қарамай аяғына керзі етік киген, қолында таяғы, оған іліп қойған консервалардың қалбырынан жасалған қойды үркітетін сылдырмағы бар қойшы жүрексіне басып жақындап

келді.

«Ассалаумағалейкүм!»-деп екі қолын созған күйі Алтынбектен бастап бәріне амандаспақ оймен адымдай басып соларға қарай беттей беріп еді, екі қызметкер оған жақтырмаған сыңай танытып қақпайламақшы болды. Бірақ, Алтынбек оларға «кедергі жасамаңдар» дегендей қолымен белгі берді де: «Уағалейкүмассалам», - деп өзі бірінші болып сәлемін алды. Қойшы бәрімен жағалай амандасып өткен соң, Алтынбек нұсқаған жерге отыра кетті. Бәрі де қойшының басынан аяғына дейін қарап, таңырқап отыр.

- Ат-көлік аман-есен жүрсіздер ме? Қайдан жол тартып келесіздер? - деп жөн сұрасып жатыр қойшы.

Бәрінің де назары қойшыда, ештеңе естімегендей үнсіз отыр. Жүздерінде жақтырмаған сыңай бар. Тек Алтынбек қана оған сынай қарады. Қойшы ештеңеге назар аудармастан сөзін одан ары қарай жалғастырды.

-Күндегі әдетіммен қойларымды суатқа айдап келе жатып, мына тұрған көліктерді көзім шалып қалғаны. Өзен жағалағандарыңызға қарағанда алғашқыда балықшылар болар деп топшыладым. Жақын келген кезде байқасам, оларға ұқсамайсыздар. Сосын демалуға келген біреулер болды ғой дедім. Қойларымды суатқа қарай беттетіп жіберіп, атымның басын үйге қарай бұрғаным да сол еді, құлағыма бір таныс әуен келді. Тындасам, Мейрамбектің даусы. Алыстан болса да жазбай таныдым. Ойпырмай, мұнда қайдан жүр? Не болып жатыр?- деп өзімнен-өзім таң қалып, аттың басын осылай қарай бұрдым.

- Бұл кісілер біздің ауданға гастрольдік сапармен келген, енді, міне, қайтып бара жатыр,- деді Марат.

Осыны айтты да түсін суытып, «енді жайыңа кете бер» деген сыңай танытты. Ал, қойшы кетуге тіптен асығар емес. Қайта жан-жағына барлай бір қарап алды да, сол отырған күйі

еш қозғалмады.

Бәрі де қойшыға бір , жаппай суаттап жатқан қойларға бір қарап қояды. Үнсіздікті Алтекеңнің даусы бұзды.

- Ешқандай да қысылма ! Мына керемет көрініске даланың сәні төрт түлік мал ғана жетпей тұр еді, енді міне, ол да келді. Өзің қай бауыр боласың?

- Мен мына...қойшымын. Күндегі мал суаратын жерім осы. Үйреніп қалған ғой күнделікті осы жерден суаттап. Көліктерді байқағаннан-ақ «шандатпайын», «кедергі жасамайын» деп қойларымды әрі қарай қанша қусам да, малдың аты мал емес пе, түк көрмегендей үйреншікті жеріне қарай шұбыра жөнелгенін көрмейсің бе? Айыпқа бұйыра көрмеңіздер. Ыңғайсыз болды-ау...

- Қойларыңыз жабыла маңырағанда дауыстары қызық болады екен. Қандай дыбысқа ұқсайтынын айтайын ба? - деді Меруерт.

Дыбысты дәл айтқысы келді, бірақ дөп басып айта алмады.

-Хор деп айтайын десем, менің маңыраған қойларымның саны тіптен көп. Сонда қандай дыбыс шынында да? - деді қойшы.

Бәрі қосыла бір күліп алды. Әсіресе, Меруерт мәз болып қалды. Бағаналы бері қойшыға сынай қарап отырған Алтынбек сұрақты төтесінен қойды.

-Сен өзің мына отырғандарды танысың ба?

- Сіздерді танымай не қара басыпты мені? Мейрамбек Беспаявты айттым, Меруерт Түсіпбаеваны танып отырмын, мына жігіттерді танымадым.Ал, Алтеке ,сізді танымайтын иісі қазақ жоқ шығар! Мен сіздерді танып қана емес, жазған шығармаларыңызды, орындап жүрген әндеріңізге дейін айтып бере аламын.

Алтеке сіздің шығарған әндеріңіз: «Сағындым Алматым-ды», «Қара кемпір», «Ай-хай, жиырма бес», «Ақ дегелек»,

«Сырғалым»... – деп бастан аяқ бар білетін әндерін шұбыртып айтып шықты.

- Меруерттің орындайтын әндерін де білемін. Ал, біздің сүйікті әншіміз, сіздің шәкіртіңіз Мейрамбек , негізінен, сіздің әндеріңізді орындап жүр, - деді.

Отырғандар қойшыға таңдана қарап отыр. Жұпыны киінген қойшының әннен мұншалықты хабардар болуына бәрі де риза болды.

- Міне, қызық! Айдаладағы малшыларға дейін біледі екен бізді, - деді Меруерт қуана.

- Аға, бұның бәрін қайдан білесіз? - деп Мейрамбек те таңданысын жасыра алмады.

Бағаналы бері әліптің артын бағып отырған Алтекең сұрақты тосыннан қойды:

- Сен өзің ән айта білесің бе?

Қойшы да іркілместен жауап қатты:

- Айтамын!

Отырғандардың бәрі де елең ете қалды. Таңданғандарын жасыра алмастан біресе қойшыға , біресе Алтынбекке қарады.

- Олай болса, бір ән шырқап жіберші! - деді Алтынбек.

- Анау тұрған үйіме барып сырнайымды алып келейін, - деді қойшы қолымен қырдың етегінде көрініп тұрған үй жағын нұсқап.

Бәрі де одан бетер ынтыға түсті. Тағы да екеуіне алма кезек қарап қояды. Көздерінде «әрі қарай не болар екен?» - деген ой.

- Алып кел! - деді Алтынбек бұйыра.

Қойшы орнынан тұрды да, атына қарай беттеді. Отырғандардың бәрі де аң-таң. Жақын жерде тұсаулы тұрған атына мініп тасырлата жөнелген қойшыны біраз ұзап кеткенше көздерімен шығарып салды.

Бәрі де бір-біріне қарасты. Бұл үнсіздікті Мараттың даусы бұзды.

-Кетті, енді қайтып келмейді.

- Айдаладағы қойшыда қайбір өнер бар дейсің? Қазір екінің бірі - әнші. Сәл желіксе болды даусы келсін-келмесін ән айтқылары келеді. Онысын ел тыңдаса жақсы ғой, тек әнді қор қылып, жұрттың мазасын кетіреді. Бұған мән бермей-ақ қойыңыздар. Келді, кетті. Даланың заңы сондай. Мұнда ешкімге де тиым сала алмайсың. Осы бар ма, малшы біткеннің бәрі де еріккен. Мұнда «үлкен кісілер отыр-ау!» деп ойланбайды да. Кешке дейін малдың соңында жүріп, іштері пысады ғой. Ермек қылар ешкім жоқ. Келгеннің өзінде де мазамызды алмаса болғаны, - деп жанында отырған Сабыр да оған қосыла кетті.

- Дұрыс айтасың. Шындығында да даланың өз заңы бар. Бірақ екеуің де қателесесіңдер, қазір ол қайтып келеді. Егер мен адам танысам, бұл жігіт тегін адам емес. Осыдан қарап тұрыңдар, бір қызық болғалы тұр,-деген Алтынбектің сөзіне бәрі де елең ете қалды.

- Неге олай дейсіз, Алтынбек аға? Мен ештеңе байқамадым, -деп Мейрамбек те таңырқады.

-Мына жігіт көптің бірі емес. Сендер оның қос жанарына назар аудардыңдар ма? Бізді көргеннен-ақ оның екі көзі оттай жанып кеткен жоқ па? Тап бір жемтігін көрген бүркіттей ме дедім, - деп Алтынбек отырғандарды одан бетер ынтықтыра түсті.

- Шынымен айтасыз ба, Алтынбек аға? - деп Меруерт те таңданды. Біраз ойланған Алтекең әңгімені одан әрі жалғастыра түсті:

-Мұндай жағдай өз басымнан өткен. Бала кезімнен бастап әнге құмар болдым. Ол кезде қазіргідей теледидар жоқ. Ал магнитофон дегенді тіптен білмейміз. Әнді, негізінен ауылдың ортасында баған басында ілулі тұратын үлкен радиодан тыңдайтынбыз. Сонау алпысыншы, жетпісінші жылдары радио

тораптары әр ауылда болатын. Негізінен радио кеңсенің немесе байланыс бөлімінің, болмаса ел көп жүретін дүкеннің алдына орналастырылатын. Біз ол кезде мектеп оқушысымыз. Ертелі-кеш мал алдынан шыққанда, мектепке бара жатқанда, тіпті ойнап жүргенде де тыңдайтынымыз радио болатын. Біздерді, сол кезеңнің балаларын, тәрбиелеуге айтарлықтай үлес қосқан көше ортасына орналасқан, күні-түні әуе толқынына шығатын «Қазақ радиосы» болды десем артық айтпаған болар едім. Оған қоса, әрбір үйде сыммен тартып жалғанған кішкене ғана бес сомдық радио болатын. Таңның атысынан түннің ортасына дейін даусы бір тынбайтын. Күнделікті жаңалықтарды содан естиміз. Арасында неше түрлі концерттік бағдарламалар беріліп жататын. Міне, мені, негізінен қызықтыратын да осы концерттер болатын. Енді ғана тұсауы кесілген тамаша әндерді талай үйреніп, той-томалақта дуылдата шырқаушы едік. Небір композиторлардың қайталанбас жаңа әндерін, халық әндерін осылайша үйрендік. Қазір қарап отырсам, менің әнші, сазгер болуыма да осы радио үлкен роль атқарыпты-ау! Ауылдың клубына кейде танымал әншілер келіп концерт қоятын. Халық бірден даусына қанық сүйікті әншілерінің түрін көрмекке бар жұмысты жиып қойып, клубқа бірер сағат бұрын барып, орын алып отырушы еді. Ол күн біз үшін мейрам болатын. Әнді тыңдап қана қоймай, іштей мен де қосылып айтып отыратынмын. Ән айту дағдысы сол кезден бастап қалыптаса бастады. Әнге беріліп кеткенім соншалық, айналадағының бәрін ұмытып кететінмін. Концерт аяқталған соң, олар қайтқанша, солардың жанында айналшықтап жүретінмін. Бірақ, жақын барып тілдесуге батылым бармайтын. Мына жігіт те тап сондай сияқты. Менің бір байқағаным, бізге жақындағысы-ақ келіп тұр.

Алғашқы меңгерген музыкалық аспабым кәдімгі қазақтың қара домбырасы болатын. Сосын басқа да аспаптарда ойнауды

да үйрендім.

Осы кезде аттың дүбірі естіліп, бәрі де солай қарай назар аударды.

- Қараңдар, шынымен де келе жатыр. Арқалап алғаны не?
- деді Меруерт.

Иығына асынып алған сырнайы бар қойшы ортаға келді де, отыра қалып әннің қайырмасын тарта бастағанда, бәрі де елең ете қалды. Бұл Алтынбектің «Сағындым Алматымды» әні еді. Бәрі де сілтідей тына қалып, бар зейіндерімен тыңдады.

Қосамын әнге атыңды,

Тосамын әр хатыңды.

Сағындым алма бағын,

Арайлы Алматымды...-деп әндете жөнелді.

Қойшы әнді бар нақышына келтіре орындады. Әсіресе қайырмасына келгенде екілене түсіп, әуенді тіптен асқақтатып жіберді. Отырғандардың бәрі де қойшыға сүйсіне қарап, әнді шынайы ықыласпен қабылдады. Отырғандардың бәрі де аң-таң. Мынандай кең, ерекше дауысты, шебер орындаушыны айдалада кездестіреміз деп ешқайсысы да ойламаған. Таң қалатындай себебі де бар. Орындау шеберлігімен қоса іс-қимылы да бәрін тәнті етті. Тап бір үлкен сахнада тұрғандай екі көзін тарс жұмып, тыңдармандарды өзіне одан да бетер еріксіз тарта түседі екен. Сырнайды екі қолымен екі жақа тартып, дыбысты одан сайын асқақтата түсу үшін қайта қысқан кезде, әбден тозығы жеткен қаптама маталары ауа қысымына шыдамай, сыртқа қарай қайта-қайта шығып кетіп жатты. Құдды бір ән айтып тұрған қойшы емес, сахнадағы кәсіби әнші дерсің.

Ән аяқталғанда ғана бәрі естерін жиып, бірдей ду қол шапалақтап жіберді. Әсіресе, Алтынбек «көрдіндер ме?»-дегендей ішира білдіріп, қуанышын жасыра алмай орнынан атып тұрып, қойшыны екі иығынан қапсыра құшақтай алды:

- Ой, жарайсың, бауырым! Айттым ғой мен сендерге ! Даусың қандай керемет! Бұлай ән салуды сен қайдан үйреніп жүрсің? Әй, осы уақытқа дейін біз білмейтін қандай әншісің өзің? – деді.

Қойшы бір қызарып, бір бозарып, содан кейін ғана барып батылдана түсті де сөз бастады:

-Мен әншейін ... қолым бос кезде өстіп әндететінім бар. Күнделікті күйбің тірліктің қамымен жүріп ән салмағанымда да біраз болды. Алтынбек аға, маған сіздің жазған әндеріңіз ұнайды. Тап маған арнап шығарғандайсыз. Бағана қойларымды осылай қарай айдап келе жатқанымда, «ән десе ішкен асын жерге қоятын» мені Мейрамбек салған әуезді ән сіздерге қарай еріксіз жетелей жөнелген жоқ па? Сізді көргенде алғаш абдырап қалдым, ал қазір сырнайым қолыма тигенде әдетімше арқаланып кеттім-ау деймін. Ән айтқан кезде айналадағының бәрін ұмытып, әнмен бірге мен де қалықтаймын.

-Қалықтаймын дейсің бе? Мәссаған! Мұндай да қызық болады екен-ау. Мынандай кең дауысты, әнді нақышына келтіріп айтатын әншіні айдалада кездестіреміз деп тіптен ойламаппыз. Қай тума боласың өзің? - деп Алтынбек әңгімеге тарта түсті.

Қойшы гармонын қолына қайта алып тағы да кезекті әнге басты.

Бауырлар сәлем бердім сәтті күні,әй-угай

Кеудемде жастық шақтың тәтті мұңы.

Көргенше өздеріңді алып ұшып угай-ай

Менің де пәк көңілім аптығулы

Түсінген дала сырын,

Өздерің жанашырым.

Ән салған ойын-тойда ,

Қазақтың баласымын... -деп Алтынбектің «Қазақтың баласымын» әнімен сұраққа тамаша жауап тапқанына

отырғандардың бәрі одан сайын риза болды.

Кенет, Алтынбектің жүрегі «селк» ете түсті. Орнынан тұрды да айналаға бір көз тастап өтті. Жүзінде қобалжу бар, қуанышын да жасыра алмай тұр.

- Бауырым, сен менің жүрек сезімді тербеп өттің ғой... - деді Алтынбек қолымен күн шығыс жақты нұсқап: - Иә, тап осы жер... Менің алғашқы ән шумақтарым тап осы жерде тұмап па еді? Одан бері де талай жыл өтіпті-ау...

Бір сәт ойланып, жан-жаққа тағы да зер сала бір қарап өтті де, әңгімені одан әрі жалғай түсті:

- Сонау жетпісінші жылдар болатын. Ол кезде мен Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесінде оқитынмын. Жылда көктем кезінде студенттерді мал төлдету науқаны басталысымен, колхоз-совхоздарға сақпанға жіберетін. Сол жылы мені осы «Қызыл-Октябрь» колхозына жіберген. Көктемнің тап осындай жаймашуақ мезгілі болатын...

Жан-жағына ойланып қарап алды, қолымен тағы да сол жақты нұсқап:

- Өне, әлі тұр екен ғой сол малшының қорасы! Мен сақпанда болған қойшының есімі Әбдіғали болатын, ұмытпасам. Мосқал жасқа келген, сондай мейірімді жан еді. Таңның атысы, күннің батысы қой соңында жүреміз. Одан қала берді түнімен кезектесіп қой қарауылдайтынбыз. Түнде бірінен кейін бірі қоздаған қойлардың бабын табамыз деп жүргенде, кейде таңның қалай атқанын да білмей қалатынбыз. Әбден сілеміз қататын. Сәл қол босаса болды, маған ән салдырушы еді. Қара домбырамды тастамай өзіммен бірге ала барғанмын. Бар даусыммен салған әніме бәрі де риза болатын. Әсіресе, Әбекен бір рахаттанушы еді. Мені жер көкке сидырмай мақтайтын. Ал мен болсам, одан сайын шабыттана түсетінмін. Осы уақытқа дейін қаншама тыңдармандарым болса да, ол

кісінің жөні бөлек. Қазір ойлап отырсам сол кезде шырқалған ән шаршағанымызды басып, көңіл күйімізді көтереді екен ау. Таңертең түк болмағандай әркім өз жұмысына бара беретін.

Қойды анау тұсқа иіріп тастап, жанымнан тастамай алып жүретін домбырамды қолыма алып, төңіректі жаңғырта ән салатынмын. Алғашқы ән шумақтарым да тап осы жерде тумап па еді? Тыңдармандарым мына күмілжіген табиғат пен тап қазіргідей жусап жатқан қойлар болатын. Үлкен сахна бастауы осы жерден басталған мен үшін. Бұл жермен үшін киелі жер. Әлгінде ешкімге сыр жармай, тура осында тартқан себебім де сол, - деп осылай қарай келген себебін де отырғандарға жайып салды.

Сәл ойланғаны сол еді, көмейге бір ән шумақтары келе кеткені. Домбыраны қолына алып шырқай жөнелді:

- Мынау менің туып өскен жерім бе ?

Мынау менің сан жүгірген белім бе

Мынау менің төрт арыстан туысқан,

Мерекелі ,берекелі елім бе ?

Шыныменен –ақ кеткенім бе шарықтап ?

Жас балаша тұрмын ба әлде шарықтап?

Көз алдымнан мұнарлады-ау ыстық жас,

Қайтадан бір қарайыншы анықтап...

Әнді аяқтаған бойы бұрылып келіп, қойшының иығына қос қолын салып құшақтап тұра қалды.

- Бауырым, бәрі де бәз баяғыша қайталанып тұрғанын көрмейсің бе? Күні кеше ғана болған сияқты еді. Ал, шын мәнінде де арада қаншама жылдар өтті. Байқаймын, сен де мына өңірді әнмен тербеп келеді екенсің. Ризамын саған! Қай тума боласың? Есімің кім? -деп жөн сұрасуды өзі бастап жіберді.

-Азан шақырып қойған есімім Ескелді. Теңгебай қарияның немересі боламын. Жаңа сіз айтқан колхозданмын. Кезінде

талай рет ауылдың клубында концерт қойғансыздар. Сол кезден-ақ сіздің әндеріңізді жатқа айтатынмын. Қазіргі репертуарымда да, негізінен, сіздің шығармаларыңыз. Әндеріңіз жанға жылу сыйлайтындықтан тыңдармандарым шын ықыласпен қабылдайды. Концерттеріңізден кейін сізбен тілдесуге қанша ниеттенсем де, жақындауға дәтім бармап еді. Енді, міне, неше жылдан кейін сәтін салды. Сізбен танысқанымға өте қуаныштымын, - деді де екі қолымен Алтынбектің қолын алды.

- Ағай, сіз осы айдалада ән айтуды қайдан үйреніп жүрсіз? - деді Меруерт тағы да таңырқай.

- Кім айтты айдала деп. Қазір еліміз нарықтық экономикаға көшкелі бері мына даланың қойнауы қайта төрт түлік малға толған. Ал, оны бағатындар кімдер? Мына мен сияқты малшылар. Қандай жақсы ән айтылса болды, жаттап алып айтып жүреміз. Біле білсеңіздер, сіздердің әндеріңізді тыңдайтын, бағалайтын да мына біздер, - деген жауабына бәрі де риза болды.

- Сонда қайдан тыңдайсыздар ? - деді әлі де таңданысын жасыра алмай тұрған Меруерт.

- Міне, былай! – деді де қойнынан кішкене радионы суырып алып құлағын бұрап керекті толқынға келтірген кезде:

«Алматыдан сөйлеп тұрмыз. Қазақ әндері циклынан кезекті концерттік бағдарламамызды қабыл алыңыздар!»-деген дауыс саңқ ете қалды да, артынша шабыттана ойнаған музыкаға ұласты. Ескелді радионы өшірді.

- Бұл концертті кім тыңдайды? Бірен-саран радиосы бар жүргізушілер болмаса, негізінен тыңдармандар біз сияқты малшылар. Күні бойы ермегіміз осы.

Ән тыңдаған сайын шаршағаның басылады, көңілің сергиді. Кейбіреулер біздерді мал соңында жүріп мәдениеттен, өркениеттен махрұм қалған деп ойлайды. Әсіресе, қойшылар

туралы не айтпайды десеңші?!

Жалпы алғанда, қой баққанды жаман кәсіп деп есептемеймін. Олай деуімнің бірнеше себептері бар. Біріншіден, елден жырақта жүріп, адамның адамға қаншалықты құнды екенін түсінесің. Алда – жалда үйіңе бір адам келе қалса, ол күн – сен үшін той. Барыңды дастарханға салып, ол кісімен әңгімелесіп, ішіндегінің бәрін ақтарып, арқа-жарқа болып қаласың. Одан бөлек таза ауа, сұлу табиғат дегендері тағы бар. Не істеймін десең де, саған ешкім кедергі жасамайды. Алдыңдағы қойыңның бабын тауып алған соң, радиодағы әннің ырғағымен небір ойдың жетегінде кетесің. Немесе, қызықты кітапты оқып жатып уақыттың қалай өткенін білмей қаласың, - деп ағынан жарылды Ескелді.

- Міне, қызық! Мен бұлай деп тіптен ойламаппын - деді Мейрамбек тағы да.

- Көптен бері ән салудың бір реті келмей жүр еді, енді өзімнің сүйікті әнімді қабыл алыңыздар! - деді де, нақышына келтіре «Ақбаян» әнін орындады. Бұл әннің де ұнағаны соншалық, бәрі тағы да бір серпіліп қалды.

- Қайран, Мәдина! Осы әнмен үлкен сахнаға шығып еді, - деп Меруерт көз жасын бір сығып алды.

- Нағыз әнші Мәдина сияқты өз даусымен айту керек. Кейбір әншілер техниканың көмегімен дауысты мың құбылтып, әннің мән-мағынасын кетіреді. Оны түсініп біліп жатқан олар жоқ. Бостан-босқа халықты алдағандарына мәз. Әннің де естісі бар, есері бар. Оны да бағалай білген жөн. Мұны естен шығармауымыз керек, - деп айтқан Ескелдінің сөздерінен кейін отырғандар біраз қымсынып қалды. «Таяқтың бір ұшы бізге де тиіп жатыр-ау!» - дегендей, бір-біріне қарап қойды.

- Дұрыс айтасың, Ескелді! Шындығында да, солай. Біздің халық әнмен егіз жаратылған халық. Абайша айтсақ, дүние есігін әнмен ашып, жер қойнына әнмен кіру пешенемізге

жазылған. Күлсек әнмен сақ-сақ күліп, жыласақ әндетіп жылаған елміз. Тіршілігіміздің бар тынысы, бар тармақ-тарауы әнмен астасып жатады. Әнсіз өмір жоқ. Қазір ән араласпайтын, килікпейтін жер жоқ. Мұның бәрін мен: Әннің қадірін түсіріп алмайық» - деп айтып отырмын. Қазақ әнмен өсіп, әнімен асқақтаған ел! - деген Алтынбектің сөзі де елдің ойынан шықты.

- Расында да Алтеке, есті ән ұйықтап жатқан жүректі оятады, жүрек қылын тербеп, адамға неше түрлі ой салады. Есті ән адамды қанаттандырады, жүрегін ізгілікке бөлейді. Жақсы әннің әсерімен қуатыңа қуат қосып, өзгеше бір рахат кешер кезің болады. Жақсы әннен өзіңше бір сыр тыңдап, ләззат табасың, - деп Ескелді Алтынбектің сөзін қоштап қойды. Содан соң ол қанаттанып:

- Мейрамбек бауырым, тағы да шабыт келіп тұр. Ал, қолыңа домбыраны, қосыла шырқайық! - деп Ескелді кезекті тағы да әнге бұрды.

Әннің басын Ескелді мен Мейрамбек бастап айтқанмен артынша бәрі қосылып айтып шықты. Бәрінің де көңілдері одан сайын жадырай түсті.

- Ескелді аға! Шындығында да жақсы ән айтып тұрған әншіні мұндайда өзіңе жақын тартып, оны ерекше жақсы көріп кеткеніңді де байқамай қаласың. Ән көңілді ғана ажарландырып қоймайды, адам мен адамды жақындатады, адам абыройын биіктетіп, атын асқақтатады. Оған куә мына өзімізбіз. Міне, бір-екі әндеріңізді тыңдағаннан-ақ арамызда қандай керемет қарым-қатынас орнағанын өзіміз де сезбей қалдық! - деді Меруерт ағынан жарыла.

- Меруерт, жақсы көріп кеттім дедің бе? Байқа, менің бәйбішем «бұл неге кешікті?» деп анау үй жақтан дүрбі салып қарап, көріп қоюы мүмкін, - деді де Ескелді алыста көрініп тұрған үй жағына бір көз тастады.

Бәрі де ду күліп жіберді. Меруерт болса, шынымен де қойшының үй жағына бір қарап қойды.

- Сіздер танымал әншісіздер, менің тыңдарман ретінде айтарым қазір халықтың ән тыңдау мәдениеті қалыптасқан, халықтың талғамы жоғары. Кімді тыңдау керектігін жақсы біледі. Жақсы дүниелер көп болса, тыңдармандар да көп болады. Ән тыңдау уақыт өткізетін ермек емес. Әннің де кітап сияқты әркімге беретін өзінің мағынасы мен мазмұны болады. Кітап оқу, фильм тамашалау қандай мәдениет болса, ән тыңдай білу де мәдениеттің биік шыңына жатады деп айтар едім,- деген Ескелдінің сөзіне отырғандардың бәрі тағы да риза болды.

- Ескелді аға, ән туралы бітетіндеріңіз көп екен, әншілік шеберлігіңіз де керемет! Бұл өнерді қайдан үйреніп жүрсіз?- деп Мейрамбек одан әрі әңгімеге тарта түсті.

- Алла тағаланың бұл да маған берген сыйы шығар, жастайымнан ән айтуға құмар болдым. Алғашқыда әнді сүйемелдеусіз айтатынмын. Кейіннен әркімдердің сырнай тартатынына қызығып, оны да үйреніп алдым. Содан бері жан жолдасым болып келе жатқан сырнай бұл. Ауылда қандай той-томалақ болсын менсіз өтпейтін. Олай болмай қайтсін? Қазіргідей әншілерді арнайы шақыртатын уақыт емес еді ғой ол кез. Сырнайымды арқалап, талай рет таңнан-таңға ән салдық қой кезінде. Қазіргі музыкалық аспаптар неше түрлі дыбыс шығарып, әуенді тіптен түрлендіріп жібереді ғой. Ал мен болсам осы сырнайдан бір айрылмадым,- деді Ескелді.

- Сонда қандай әндер айтушы едіңіз? - деді Меруерт қызыға.

- Беташардан бастап, эстрада әндеріне дейін, бәрін айта беретінмін. Ауылға келін түссе болды, мені шақыратын. Келіннің бетін ашу деген ол үлкен құрмет қой. Оның үстіне «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» деген мақал да орынды айтылған. Халық түгел жиналды-ау дегенде, қариялардың

рұқсатымен беташар рәсімін бастап кеп жіберетінмін.

Сырнайын алды да әндете жөнелді.

Айт келін-ау, айт келін,

Атыңның басын тарт келін.

Жұмыртқадан ақ келін ,

Сауысқаннан сақ келін.

Келін біздің келіп тұр,

Иіліп сәлем беріп тұр - дей келе, ата-анасынан бастап тайлы-таяғына дейін таныстырып, сәлем салдыртатынмын. Беташардың жаңа түскен келін үшін мәні қандай зор! Небір тәрбиелік мәні бар даналық, нақыл сөздерді жаңа түскен келіннің, тойға жиналған қауымның құлағына құямын кеп. Бәрі де риза болушы еді. Ол кезде қазіргідей «шаш та төк» дүние жоқ. Ортаға ыдыс қойып, уыс-уыс ақшаны ешкім салмайды.

Тек, оқтаудың ұшына ғана байланған тиын-тебенді қанағат тұтушы едік. Қазір деген сұмдық қой! Пәлен мың бермесен, «бет ашпаймын» деп шалқасынан түседі. Нағыз бизнеске айналдырып алған.

Содан өнер жолына түспекші болдым. Бірақ, қысқа жіп күрмеуге келмей, бәрі де арман күйінде қалды. Менің пешенеме үлкен сахна емес, қойшылық жазылған екен. Міне, даланы әнге бөлеп жүрген жайым бар. Мен үшін бұдан басқа ештеңенің де керегі жоқ, - деп Ескелді бар сырын осылайша жайып салды.

- Ескелді бауырым! Алғашқыда қойларыңды маңыратып жетіп келгенінде, бәріміз де жақтырмай қарап едік. Енді міне, өнеріңе бәріміз де тәнті болып отырмыз. Нағыз таланттарды қаладан емес, даладан іздеу керек екен. Сенің орның бұл жер емес, үлкен сахна ! Таста қойды, кеттік Алматыға! - деді Алтынбек әзіл-шынын араластыра.

- Алтеке ,қойыңыз, сонда қойды кім бағады? - деген Ескелдінің сөзіне бәрі де шек-сілесі қата бір күліп алды.

-Ескелді аға, үлкен сахна тұрғанда қойларды не қыласыз?

Бізбен бірге жүріңіз. Сіз сияқты әншілер халыққа керек. Мынандай талантыңызбен талай көрермендерді таңқалдыратын боласыз, - деп Мейрамбек те қолдау көрсетіп жатыр.

- Рахмет сіздерге, жастау кезім болғанда ойланбастан арман қалаға, Алматыға тартып тұратын едім. Оның үстіне мұндағы бала-шаға қамын кім ойлайды? Мына тірнектеп жиған малды кімге тастамақпын? Бәйбішем де жібере қоймас. Жас кезім болса мейлі, осыншама жасқа келгенде не қара басты сені демей ме? Қайтсе де айрылмайды ол менен, - деп Ескелді елдің тағы да бір шек-сілесін қатырды.

- Жарайды, Ескелді бауырым, бармасаң қайтеміз енді, бірақ, бәйбішеңе міндетті түрде айтып көр, мүмкін жіберер,-деген Алтынбектің сөзінен кейін ғана күлкі тыйылды.

Осылай деді де, Алтынбек айналаға, отырғандарға бір көз тастап өтіп:

- «Ел аралаған-сыншы,тоғай аралаған-үйші болады», - деп тегін айтылмаған. Қазақ жерін кезіп, бастан кешіп, көзі жеткен істің бәрін хатқа түсіріп кеткен поляк жазушысы, саяхатшы А.Янушкевичтің өткен ғасырда қазақтардың әншілік өнеріне тәнті болғаны соншалық, «...Жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына сонша қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес. Оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқылдап сәуле шашатын болады. Бұл көшпенділердің де биіктен орын алатын кезі келеді», - дегені бүгін расқа айналды.Қазақтың әні Әміре әнші Парижде шырқағаннан бері күні бүгінге дейін әлемдік деңгейге көтерілді. Оған бесіктен белі жаңадан шыққан баладан, қартайған қарияға дейін атсалысып жүр десек жаңылыспаған болар едік. Бұған куә - осы гастрольдік сапарымыз.Тыңдармандарымыз ән тыңдаудан бір жалықпайды-ау шіркін! Әнді айтқанның үстіне айта түскің келеді. Міне,нағыз ән сүйер қауым!

Ескелді бауырым! Сенің де бұған қосып жүрген өз үлесінді

біз бүгін өз көзімізбен көрдік. Өнеріңе ризашылығымның белгісі болсын, Алматыға барған соң саған жап-жаңа сырнай беріп жіберемін. Мынауыңның әбден тозығы жетіпті. Оның үстіне мына сырнайың бүгін менің жан дүниемді бір қозғап өтті. Мен де бала күнімде тартқанмын, - деп біраз мән-жайдың бетін ашып берді.

- Рахмет, Алтынбек аға! - деп Ескелді ризашылығын білдірді.

Осы кезде маңыраған қойлардың даусы естілді. Бәрі де еріксіз түрде солай қарады.

- Әне, қойларым өре бастады. Мәссаған, менің осы бір ән десе бар дүниені ұмытып кететін әдетім бар. Бағаналы бері мына көрініп тұрған үйіме жүріңіздер демеппін-ау! Соншама жерден ат шалдырып келіп тұрсыздар, енді менің үйімнен дәм татыңыздар. Қойларымды қырға қарай беттетейін де, бәйбішеме қазан көтерт дейін, - деп атына қарай беттей берген Ескелдіні Алтынбек тоқтатты.

- Рахмет, бауырым, ниетіңе! Сенің мынау қойларың өре бастаса, бізді де алда гастрольдік сапарлар күтіп тұр. Қоштасатын уақыт та келді. Ал, дәмге келетін болсақ келесі жолы міндетті түрде соғамыз. Шын мәнінде бізге сенің дәміңнен гөрі әнің азық емес пе?-деді Алтынбек шын ниетпен.

Бәрі келіп ризашылық сезіммен Ескелдінің қолын кезек-кезек қысып жатыр. Мәдениет қызметкерлері де қайта-қайта арқасынан қағып қошемет көрсетуде.

- Сен ғана емес, мына бәріміздің де жолға шығатын уақытымыз болды. Ал, Ескелді бауырым, мына сар даланы төрт түлік сәнге бөлесе, сен әнге бөлеп жүре бер! Амандықпен жүздесейік! - деп Алтынбек Ескелдіні қапсыра құшақтай алды.

Осы кезде Ескелді «Қош есен бол ағайын» әнін бастап айта бастап еді, бәрі де қоштай жөнелді. Ән біткен соң, әншілер өз көліктеріне қарай, Ескелді болса, оларды қимай біраз қарап

тұрды да, маңырап өріп бара жатқан қойларына қарай бет алды.....

... Арада үш-төрт айдай уақыт өтті.

Тап сол жерге баяғы Марат пен Сабыр келіп жан-жақтарына қарайлап тұр. Осы кезде өткен жолғыдай маңырай суатқа беттеген қойдың артын ала ілесіп келе жатқан Ескелдіні екеуі де жазбай таныды.

- Өне, өзі де келе жатыр! - деді Сабыр қуанғанынан.

- Ассалаумағалейкум, Ескелді аға! - деп екеуі бірдей қол беріп амандасты.

- Уағалейкумассалам, жігіттер! Жол болсын! - деді Ескелді сәлемін алған соң.

-Өткен жолы Алтекең: «Алматыға барған соң сырнай беріп жіберемін», деп еді ғой,есіңізде ме? Мынау сырнай сол кісінің аманаты, ұстаңыз! - деді Марат бірденнен.

Сабыр болса қораптың қақпағын ашып Ескелдінің қолына сырнайды ұстатты. Ескелді болса қуанышын қойнына сыймай, сырнайды қолына ала салып «Сағындым Алматымды» әнінің бір шумағын тартып көрді де қолымен бір сипап қойды.

- Рахмет, жігіттер! Алтекең жай айта салды ғой десем, міне,шынымен-ақ беріп жіберіпті. Сөзінде тұратын нағыз серінің өзі екен, - деді Ескелді қуанышын жасыра алмай.

- Рахметті бізге емес, Алтынбек Қоразбаевқа айтыңыз. Даусы қалай екен сырнайдың? - деді Сабыр қуана.

- Керемет сырнай екен! Енді елдің алдына ұялмай шыға беретін болдым. Ана сырнайым әбден тозып еді. Қатты тартқанда тесіктерінен бөтен дыбыс шығарып, әуенді бұзып жіберуші еді. Енді көзім бір ашылып қалатын болды. Алтекең, қанша айтқанмен, сазгер ғой,байқап отырыпты -ау бәрін де! - деді әлі өзіне-өзі сене алмай тұрған Ескелді.

- Сырнайды тапсырумен бірге сізге өз атымыздан «рахметімізді де айтайық!» - деп келдік, - деді Марат.

- Не үшін? - деп екеуіне таңдана қарады Ескелді.

- Өткен жолы бізді қиын жағдайдан құтқарғаныңыз үшін. Сабыр екеуміз қонақтарды қалай күтерімізді, енді не істерімізді білмей, абыржи бастағанда, жарқ етіп өзіңіз келе қалғаныңыз болар ма? Әңгіменің де, әннің де майын тамызады екенсіз. Уақыттың қалай өте шыққанын бәріміз де байқамай қалдық. Біздің байқағанымыз сол, ана әншілермен сізді салыстыратын болсақ, олардан бір кем соқпайды екенсіз,- деп бар шындықтарын жайып салды.

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр,
Бұлтын оның, бұлт демей бір түбіт дер.

Көріп тұрып мынау биік шыңдарды,
Қалай кіші боламыз, ей, жігіттер.

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр,
Бұлтын оның, бұлт демей бір түбіт дер.

Көріп тұрып мынау терең теңізді,
Қалай тайыз боламыз, ей, жігіттер

Туған жердің тылсым сырын ұғып көр,
Бұлтын оның бұлт демей бір бір түбіт дер.

Көріп тұрып мынау Ұлы даланы

Қалай кіші боламыз, ей, жігіттер! - деп жырлаған Қадыр Мырзалиевтің өлеңі менің өмірлік ұстанымым болды. Ән бәрімізге де ортақ. Олар қаланы әнге бөлесе, мен даланы әнге бөлеп жүрмін. Ал, Алтынбектің жөні бір бөлек. Талант Алладан келеді. Ол- ерекше таланттың бірі. Музыканы дамыту үшін, халқымыздың бай мұрасын сақтап қалу үшін, қазақты әлемге таныту үшін тер төгіп жүрген кәсіби композитор, әнші, мәдениет қайраткері. Әндерін тыңдасаң тұла бойың шымырлап, ерекше күйге енесің, бір тылсым сезімге берілесің. Қазақтың қара шалының, қара кемпірінің, қара баласының қамын жеп, олардың мұң-зарын алты Алашқа жеткізген де Алтекең! - деді Ескелді ағынан жарыла.

- Ал, жігіттер, енді мына тұрысымыз жараспас, жүріңдер үйге, бұйырған дәмнен ауыз тиіңдер! -деп алға өзі түсіп жол бастай берген Ескелдіні екеуі тоқтатты.

- Ескелді аға, жұмыстағы адамбыз, дәл қазір уақытымыз жоқ, ниетіңізге рақмет! - деп екеуі де ұсыныстан бас тартты.

- Осы бар ма, үнемі асығасыңдар да жүресіңдер. Өткен жолы да тап осындай болып еді, - деп Ескелді реніш білдірді.

- Міндетті түрде бір қол босаған кезде соғамыз, - деп екеуі ақталып жатыр.

- Ұмытып барады екенмін ғой, қазір менің де жолға шығатын уақытым болыпты-ау. Көріскенше күн жақсы, рақмет сендерге жігіттер! Алтекеңе жолыға қалсаңдар менен дұғай сәлем айта барыңдар! - деді де сырнайды иығына арқалаған күйі атына мініп үйіне қарай бет алды.

Екі жігіт болса оны көздерімен ұзатып салды.

- Ал, енді осыдан кейін қазақтың «үш жыл қой баққаннан ақыл сұрама» деген мақалын айтып көр. Нағыз тума талант деп осыны айт! Әннің құдіретін көрмейсің бе? Аз ғана уақыттың ішінде алысты жақындатып, бірін-бірі мүлдем танымайтын адамдарды табыстырып, сырластырып, қимас дос етіп жібергенінің куәсі болдық.

Міне, сезімнің әміршісі - әннің құдіреті! –деді Марат ұзап бара жатқан Ескелдіге қарап тұрып.

Осыдан кейін екеуі де асыға барып, жақын маңда тұрған көліктеріне мінді де, жолды шаңдата келген жақтарына қарай бет алды.

Алашқа танылған ақын

Арман қала Алматыда қанша рет болсам да, бұл жолғы келісімнің мен үшін мәні ерекше. Өйткені көптен бері ойымда жүрген шаруамды жүзеге асыруға мүмкіндік туды.

Осыны ойлап тротуарды бойлай асыға жүріп келемін. Мұнда келе қалсаң не көп, бір-бірімен қиылысып жатқан көшелер көп. Жөн сұрағандардың көпшілігі мен сияқты сырттан келгендер-ау, естіген бойда «білмедім» дегендей иықтарын қикаң еткізеді. Егер де дұрыс бағыт сілтемесе дйттеген жеріңе уақытыңда жетуің де екіталай.

Маған керек Розыбакиева көшесінде орналасқан бес қабатты үйді сұрастыра келе таптым-ау әйтеуір. Келген бойда үйлердің сыртындағы номерлерге қарай отырып керек подъезді жылдам тауып алдым. Көңілім алып-ұшып нөмірі отыз алты деген жазуы бар пәтерді іздей үшінші қабатқа көтерілдім. Мұнда елімізге танымал көрнекті ақын, жерлесіміз Рафаэль Ниязбек тұрады.

Бұл кісімен кездессем деген ой мені көптен бері мазалап жүрген. Соның реті бүгін ғана келіп тұр. Алдында ауылымызға ақын Қадыр Мырза - Әли екеуі саяси науқан кезінде Нұр Отан партиясынан парламентке сайланатын депутаттармен бірге келген болатын. Көрген бойда ойым бұзылды. Алдында біреулерден сұрап алып, «Тамық отына жанбаған» атты кітабын оқығанмын. Өте қызық кітап екен. Оның үстіне теледидардан, газеттерден ақындығы, батырлығы жайлы ақпараттарды да көзім шалғаны бар. «Осы кісі туралы бір жазу керек еді» деген ой үнемі мені мазалайтын. Енді міне, соның реті келіп тұр. Жиналыс біте салысымен, жанына барып қос қолымды ұсынған күйі:

- Ассалаумағалейкум, Рафаэль аға! - деп қолын алдым.

- Уағалейкумассалам!- деп жылы шырайлы амандасты. Бірақ «Бұл кім?» «Не керек өзіне?» - дегендей сыңай танытқанын маған қараған көзінен байқап үлгердім.

- Сіздің жазған кітаптарыңызды оқығанмын, енді өзіңіз туралы мақала жазсам деп едім, - дегенім құлағына жақты білем, маған шын ықыласпен көз сала қарады. Сол кезде оларды ертіп

жүрген шабармандар «бол-болдың» астына алып жетелей жөнелгені. Ақын болса сәл кідірді де:

-Ұста мынаны, Алматыға кел, сонда сөйлесеміз,- деді де қолыма визиткасын ұстата салды. Онда мекен-жайы, байланыс телефоны жазылған екен.

Содан кейін бұл жаққа жол түскені осы. Мақсатым ақынды оқырманға жақынырақ таныстыру үшін сұхбат алу. Алдын-ала телефон шалып хабарласқанымда:

– Кел, бірақ уақытым тығыз,- деп ескерткен болатын.

Жолығудың сәті түскеніне қуанғаным соншалық жоғарыға көтерілгенше еңтігіп кетіппін. Сәл демімді басып алған соң есіктің қапталындағы қоңырауды жүрексіне бастым.

Кездесуді ойға алғалы бері мен : «қалай болар екен?», «Қалай қарсы алады?», «Ойымды жүзеге асыра аламын ба?»- деп әбден мазаланғанмын. Өйткені, бұл кісі жай ғана ақын емес, нағыз батыр.

Елге танымал азамат жайлы қалам тарту қауырсынды жаңадан қолға алып жүрген мен үшін оңайға соқпасы өзіме мәлім. Жазатын материалымның көлемі де ауқымды болады деп, өзімше алдын-ала жоспарлап та қойғанмын.

Осылай ойға батып қобалжып тұрғанымда, сарт етіп есік ашылды. Арғы жақтан «Бұл кім болады екен?»- дегендей қарап тұрған ақынды жазбай таныдым.

– Саламатсыздар ма? Әлгінде қоңырау шалған мен едім, Елден, Асадан, келіп тұрмын. Аға сізде шаруам бар еді, - дедім батылданып.

– Иә, амансың ба ? Кел, ішке кір, төрлет, - деді де мені алға өткізіп жіберді. Ақынның жағымды даусы мен жылы шырайлы қарсы алуы менің көңілімдегі күдігімнің бәрін бірден сейілттіп тастады.

Жанында қабаттаса амандасып жатқан ақсары келген жеңгей күлімдей қарсы алуына қарағанда, сірә, жұбайы болар

деп топшыладым. Ол кісі де жалпалақтап амандасып жатыр.

Ақын нұсқаған шағындау бөлмеге кіргеннен - ақ сөредегі самсап тұрған кітаптардан, айнала жатқан газет-журналдардан, жазу үстелінің үстіндегі қалам-қағаздардан - ақ оның жұмыс бөлмесі екенін бірден аңғардым.

Қарама-қарсы қойылған креслоның біріне өзі жайғасты да, екіншісіне маған «отыр» дегендей белгі берді.

Жайғасып алған соң қысқаша келу себебімді баяндап бергенімде, ойларыңқырап барып:

– Иә, сонша жерден арнайы іздеп келген екенсің, өтінішінді орындайын, - деп маған бастан аяқ бір қарап өтті.

Мұны естігенде қуанып кеттім де, бірден қағаз қаламдарымды дайындай бастадым.

«Елден келдім» дегенді естіп, жеңгей қуанып:

– Ауыл аймақ аман-есен бе? Ондағы ел-жұрттың жағдайы қалай? - деп жалпылдай жөн сұрасып, ескі таныстарындай сұрақтарды жаудыртып жіберсін.

Мен енді сасқалақтай бастадым, өйткені маған деп бөлінген уақыт тығыз. Жеңгейдің сұрақтарына жауап бере отырып ақынға жалтақтап қарағыштай бердім. Алдын-ала дайындаған сұрақтарымды ортадағы кішкене столға қойып қойған болатынмын. Ақын жалтақтап отырған маған бір қарап алды да:

- Әй, бәйбіше, кейін жөн сұраса жатарсың, алдыменен мен бұл інімнің келген жұмысын тындырайын, - деді қатқылдау үнмен. «Інім» деген сөзін естігенде, менің ішім жылып қоя берді.

Жеңгей:

- Жарайды, олай болса, - деп маған бір қарап алды да, екеуімізді оңаша қалдырып шығып кетті. Мен бұған тіптен қуандым. Өйткені неден бастарымды білмей отырғанымды ақын, сірә, байқады-ау деймін. Маған алғашқы жоспарымнан бас тартуға тура келді, өйткені көлемді мағлұмат алуға уақыт

тар.

«Енді не істесем екен?» - деп қағаздарыма қайта-қайта қарадым. Аңғарымпаз ақын бұл жолы да жағдайымды сезгендей:

– Інім, менімен көп отыруға уақытың жоқ, сондықтан өзіңе ең қажеттісін ғана сұра бүгінше, қалғанын кейінірек көре жатарсың, - деп екеуімізге де тиімді шешімді өзі айтты.

Бұл ұсыныс менің ойыммен дөп келді.

- Ең алдымен, сіз Шешенстанның қалай батыры атандыңыз? Сол туралы білгім келеді, - дедім жұлып алғандай.

Ақын маған тағы да бір қарап алды да:

– Бәсе, солай демейсің бе баяғылы бері. Түсінікті болды ойың, - деді шалқая түсіп.

Осы жерде шыдамсыздық танытып сөзін бөлдім. Қағаздарыма бір қарап алдым да:

– Аға, олай болса, мен сұрақ қояйын, ал сіз жауап беріп отырсаңыз дұрыс болар еді,- дедім мен тағы да шыдамсызданып.

– Жарайды, оныға да көндім, қоя бер сұрақтарыңды,-деді де креслоға шалқая берді.

Енді менде бір батылдық пайда болып, алдымда отырған кейіпкеріме бастан - аяқ бір қарап алдым.

Пайғамбар жасынан асқан, қарттық жеңе бастағанымен, әлі де сымбатты көрінетін ақынды шынында да батыр десе дегендей-ақ екен. Қалың, тікірейген шашы енді ғана қырау шала бастапты. Бет келбеті, адамға тік қарауы алғашында маған сұсты көрінді. Бірақ, шын мәнінде олай емес екен. Оған әңгіме барысында емін - еркін, тап бұрынғы таныстардай әңгімелесе кеткенде көзім жете бастады.

Сөйлегенде асықпай, әрбір сөзін таптап, кейде сұқ саусағын «Дұрыстап ұғып ал,» дегендей аспанға қаратып шошайтып айтады. Адамдардың аты - жөндеріне, оқиғаға қатысты жер ата-

уларына, уақытына дейін нақты баяндағанына мен таң қалып отырмын. Тек құлағыңа құйып ала бер. Маған керегі де осы емес пе?

Енді мен қойылатын сұрақтарымды жылдам белгілеп шықтым. Ол кісі болса қалың көзілдірігінің арғы жағынан «Енді не істер екен?» дегендей әрбір қимылымды жіті бақылап отыр.

– Сізді танымал ақын ретінде ел шығармаларыңыз арқылы біледі. Ал, енді батыр екеніңізді біреу білсе, біреу біле бермейді. Осы жайлы кейбіреулер аңыз етіп айтып та жүр. Шындықты өз аузыңыздан естіп, оқырмандарға «сол күйінде жеткізсем» деп едім. Атақ - даңқыңызды асырған «Шешендер» дастаны қалай жазылды? - деп сұрақтарымды бастап кеп жібердім.

Тағы да маған тесіле бір қарап алды да:

– Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары әлем саяси оқиғаларға толы болды емес пе? Кеңес одағы ыдырап оның құрамынан бір қатар елдер бөлініп шығып өз тәуелсіздіктерін жариялағаны бәрімізге мәлім.

Солармен бірге шешен халқы да өз тәуелсіздігін жариялады. Бұл, әрине, Ресейге ұнамады, қайта бағындыру үшін әскер кіргізіп соғыс өртін тұтатты. Кішкене ғана жері бар, халқы аз болса да, олар өз жерін, елін қорғап, қасық қандары қалғанша ерлікпен шайқасты. Оларды өз жерінен қуып шықты.

Міне, сол кезде діні бір, соғыс кезінде Қап тауынан жер аударылып келген, бала кезімде бірге өскен шешендерге деген жанашырлық, ерлігіне деген сүйіспеншілік сезімім мына ақын менің жан дүниемді тербеп, қолыма қалам алып жырға қосуыма бірден-бір себеп болды. «Шешендер» дастаны осылай жазылды, - деп әңгіменің басын бастап жіберді.

– Ол кезде егемендікке жаңадан қол жеткізіп, аяғымыздан енді ғана қаз тұрып жатқан кезіміз емес пе? Саяси, экономикалық тұрғыдан қарағанда «аға ұлттың» ықпалы әлі де күшті

болатын. Қорықпай қалай жырладыңыз? - дедім дәптеріме бір қарап алып.

– Қорықтадым десем, бекер болар, алғашында қорықтым. Жырларымды жазғаннан кейін Алматыдағы таныс жігіттерге оқып бердім. Сөйтіп жүріп, сондағы шешендердің де құлағына жетеді. Олардың ойынан шығып ұнағаны соншалық диаспора төрағасы Гуняшев Аманши орысшаға аудартып, аз ғана тиражбен өз пікірлестеріміз арасында кітапша етіп бастырып таратты, - деп әңгімені ары қарай жалғастыра түсті.

– Ал, енді бұл дастаныңыз Қап тауында соғысып жатқан шешендердің қолына қалай тиді? - дедім мен әңгіме қызығына одан сайын беріле.

– Дастанды оқығандар мұны қайткенде де Шешенстанға жеткізу керек деп шешті. «РЕМАС» корпорациясының президенті Нажмудин Абдуевтың демеушілігімен орысша 8 мың, қазақша 2 мың данамен жарық көрген дастаным алыстағы шешен еліне мұрты бұзылмай түгелдей жеткізілді, - деді ақын.

– Осы дастан үшін сізді ешқандай «қаламақы алған жоқ» дейді. Сол рас па? - дедім мен дәптерімдегі келесі сұрағыма байланысты.

– Рас, «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген атам қазақ. Қасірет шегіп жатқан елдің үстінен пайда тапқым келмеді. Өйтсем кім болғаным? - деген жауабына мен риза болдым.

– Шешенстандағы оқырмандар қалай қабылдады? - деп сұхбатымды жалғастыра түстім.

– Сол кездегі ел президенті Аслан Масхадов жинағым алғаш қолына тигенде, оны көкірегіне басып «Жер бетінде біздің де сөзімізді сөйлейтін азаматтың бір баласы бар екен-ау! Бұған да шүкір!»- деп ауыр күрсінген екен. Ақын, драматург Зелімхан Яндарбиев: «Бұл кітап басымызға ауыртпашылық түсіп, таулы өлке өрт құшағына оранғанда, қанатымен су сепкен алғашқы қарлығаш», - деп жылы лебізін білдіріпті,-деді

қойған сұрағыма.

Шындығында, дастанды оқып шыққанымда азаттыққа ұмтылған шешен халқының өктем күштің ырқына көнбей тулаған бұлқынысын, ыза-кекке суырылып жетілген тау жұртының өзін-өзі жанып, қайрап, ар-намыс болып тұра келіп сілкінген шағын жан-дүниесімен жіті сезіп, серпіле суреттейді.

Тау-тасында,

Қырында сайрандаған,

Күні бар ма шешеннің қайралмаған.

Басы қанша шабылып жұлынса да

Сал дегенге бәрібір айналмаған.

Тас қорғанға айналып көшелері

Жауға қарсы атылған көсем ері,-

Өлтіргенде күлге аунап тірілетін,

Феникс құс секілді шешен еді.

Қап тауында жарылған бұл ағайын

Ата жаудан қорғамай тұра ма Айын.

Өжет рухы өлтіріп көрген емес

Қырылса да төрт ғасыр қынадайын.

Бірақ ақын жауынгер ел, шешенді, туын желбіретіп жырлағанмен, ұлы орыс халқына тіл тигізіп жазғырмайды.

Қайта солардың мұнын жоқтап, шешен халқымен бірге, азап, қасірет шегіп, пұшаймен халге ұшырағанын ашына жеткізеді.

Шешен жерін баспақ боп жамбасына,

Жетіп еді ту қадап жар басына.

Солдат қайтып барады жараланып,

Мүгедектің жармасып арбасына.

Солдат қанша қарамай жан-жағына

Сұм зауалдың ілінген қармағына.

Танкі мініп жетсе де енді, міне,

Мініп кетіп барады балдағына, -

деп саясаттың құрбаны болған, соғыстың бар ауыртпашылығын мойнымен көтерген Ресей солдаттарының аянышты халін осылай суреттеп бейнелейді.

Немесе келесі бір жырында:

О, Ресейім, жан ана, байтақ ана!

Құрбаның боп,

Құлың боп шын тілеймін,

Бұл соғысты екінші қайталама, - деп те солардың жан айқайын, қыршынынан қиылып жатқанын нанымды суреттейді.

– Ал, енді, Шешенстанның жоғары наградасымен қай кезде марапатталдыңыз? - дедім дәптеріме қайта қарап.

– 1997 жылдың қыркүйек айында Шешенстанның тәуелсіздік мерекесіне орай президенттің арнайы шақыруын алдым. Қазақта мақал бар: «Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма», - деген. Шақырған соң бару керек. Алматыдағы диаспора өкілдерімен соғыс енді ғана тоқтаған Грозныйға жол тарттық. Ресей жері арқылы жол азабын көре отырып, таулы өлкеге қаптаған әскери бекеттерден өтіп жеттік-ау ақыры.

Қала жермен жексен болып қираған екен. Қандай сойқанның жер бетінен бой көтерген тіршілік атаулыны жайпап, соқтырып өткенін көзбен көріп, жүрекпен сезіп, жанымыз түршікті.

Ертеңіне орталық алаңда мерекеге орай әскери шеру өтіп, салтанатты жиын болды. Сол жерде дастанның авторы екенімді білгендері қаумалап ортаға алып ер мен ел намысы қатар сынға түскен қилы кезеңде қорықпай, сескенбей сөзін сөйлеген азаматты көріп, жеке-жеке құшақтап, төс қағыстырып, емен-жарқын амандасып, алма-кезек алғыс сезімдерін білдіріп жатты. Мұны көріп көңілім едәуір марқайып қалды. Келесі күні өз резиденциясында президент Масхадов қабылдады., Шешенстан Республикасының ең жоғарғы мемлекеттік «Ұлт намысы» орденімен марапаттады. Айтуларына қарағанда, тек әскери қолбасшыларға ғана берілетін осы орденмен Жоһар

Дудаев және одан бөлек төрт адам ғана марапатталған. Басқа елден, ақындардан тек мен ғана осындай құрметке ие болыппын. Қуанбадым десем болмас, тұла бойымды бір жылы шуақ аралап өткендей болды, - деп әңгімені ары қарай қайта өрбіте отырып.

– Аға, рұқсат болса, орденді көрсетіңізші,- дедім мен батылдана түсіп.

Өтінішімді естісімен келесі бөлмедегі жеңгейге:

– Әй, бәйбіше, орденді алып келші,- деп дауыстады.

Сәлден соң жеңгей жағалай орналасқан шкафтардың бірінің суырмасын ашты да, төрт бұрышты жасыл қорапшаны қолыма әкеліп ұстатты. Қақпағын ашып ішіндегі орденді қолыма алдым. Тоғыз жұлдызды, қақ ортасында басын жоғары қаратып, айға қарап тұрған көк бөрінің бейнесі бедерленіпті. Салмағы әжептеуір. Айналасын қызыл рубин тастармен көркемдеп, шет жақтарын біздікіндей жасыл түсті «қошқар мүйіз» оюмен өрнектепті. Саф алтыннан құйылған орден өте әдемі талғаммен жасалған. Астыңғы жағына таман «Qoman sij» деген шешенше жазуы бар. Мағынасы халық батыры дегенді білдіреді. Диаметрі бес сантиметрдей. Олар сыйлаған қанжарды да әкелді. Ұзындығы - екі қарыстан астам, таза болаттан соғылғаны көрініп тұр.

Осы кезде келгелі бері әңгімеге араласуға себеп таппай жүрген жеңгей мен айтпай-ақ іске кірісіп кетті.

Менің бір байқағаным, ақындар жырға жүйрік болғанмен, өздері жайлы сұрағанда сөзге сараң келеді екен. Біраз жайды осы кісі әңгімелеп берді. Радиода істегені бірден білініп тұр. Айтқанда да сөздің майын тамызады.

Орденге қарап таңданып тұрғанымды байқаған жеңгей :

– Дудаевтың арнайы тапсырмасы бойынша Түркияда жасалған. Тоғыз жұлдыз - шешендердің тоғыз тайпасының бірлігін білдіреді. Ал көк бөрінің бейнесіне келетін болсақ,

олар да өздерін көк бөрінің ұрпақтарымыз деп есептейді, - деп маған түсіндіріп жатыр.

– Бұл орденнің мәртебесінің басқаларға қарағанда жоғарылығы сол, оның иесіне Президенттің өзі тік тұрып құрмет көрсетеді, - деп ақын да қосымша айтып өтті.

Қасқалдақтың қанындай аса бағалы бұл орденді ердің еріне, батырдың батырына ғана бұйыратынын ескерсек, Рафаэль ағаны қалай мақтан тұтпасқа! Әңгіmemіз барған сайын қыза түсті.

Ақындар да бала сияқты екен - ау. Жеңейдің көзін ала бере шынымды айтамын деп, бұрын айтыла бермейтін сырын да жайып салғаны.

Ұлттың батырын шығарып салу үшін шешендер үлкен дастархан жайып, сый-құрмет көрсетеді. Басына бөрік кигізіп, қолына қанжар ұстатады. Бірінен-бірі өткен сұлу қыздарын алдына әкеліп, қалағаныңызды «қалыңдық етіп алыңыз» деп қолқалаған көрінеді. Бұл дәстүр оларда ата-бабаларынан бері қалыптасып келе жатқан екен. Мұндайды күтпеген ақын біраз сасқалақтап, бұл сыйлықтан бас тартқан.

Әрине, қас батырға қандай құрмет көрсетсе де жарасады. Шешендер:

«Рафаэль тарихымыздың ең қиын да қасіретті шағында Алланың өзі жаққан бақыт жұлдызы болды», -деп айтады екен. Бүгінгі күні бұл ақынның есімі мен «Шешендер» дастаны бытшыты шығып қираса да, бас имеген шешен жерінде кеңінен мәлім. Оны «Турпал Рафаэль», яғни, «қаһарман Рафаэль» деп атайды.

Айтыстарына қарағанда өршіл халық азаттық соғысында бір қолына қасиетті құранды, екінші қолына осы дастанды ұстап шайқасқан. Осы жайлы ақынның сұрағанымда, ол :

– Рас, мені қиян-кескі шайқас болған Самашки селосын көрсетуге алып барды. Түгелдей қираған екен. Бірде бір сау

үй қалмапты. Мұндайды көргенде төбе шашың тік тұрады. Өздерінен әлдеқайда көп, мұздай қаруланып, болат құрсаңған әскер аздаған ғана сарбаздар қорғаған селоны тоғыз күн бойы шабуылдап ала-алмай кері шегінген көрінеді.

Осы жерде қызықты оқиғаға тап болдым. Көшені аралап келе жатқанымызда қираған ауласында өз тіршіліктерін жасап жүрген бір әйел біздің алдымыздан шығып амандасты. Жөн сұрасқаннан кейін әйел лып етіп кетіп қалды да, бір кезде қайтып келіп қолыма әлденені ұстата берді. Қарасам, тозып жыртылуға айналған өз кітабым. Қолтаңба беруімді өтініп тұр. Ел аралағанда жыр жинағың жарқырап алдыңнан шығып тұрса, бұның бәрі бір ғанибет емес пе?— деді тебіреніп.

- Аға, «таяқтың екі ұшы бар» деп тегіннен-тегін айтпаған, кейбіреулердің көңілінен шыға бермейтін саяси көзқараста жазылған шығармаларыңыз үшін жоғарыдағылар басыңыздан сипамаған шығар,- дедім дәптеріме тағы да бір қарап алып.

— Дұрыс айтасың інім, небір жыр додаларына қатыстым, сол кездерде шынында да осы әрекетім үшін шөміштен қаққан сәттер болды. «Аға ұлтқа» жалтақтап жүрген кез ғой. Оларға, әрине, бұл кеңірдектеріне кептеліп тұрып қалғандай әсер еткен. Оған бірақ, ешқандай өкпем жоқ. Саясат араласқан кезде ондай жағдайлардың болуы - заңды құбылыс,- деп жауабын толықтыра түсті.

— Рафаэль аға, неге екенін білмеймін, кейде мені бір еріксіз күш қолыма қалам алдырып өткен-кеткенді жазуға итермелейді. Сізге де мені жетектеп келген сол бір тылсым күш. Қаламгер ретінде бұл құбылысты қалай түсіндірер едіңіз?- деп өзімді мазалап жүрген сұрақты да айтып қалдым.

— Бұған, інім, қуану керек. Сенің бойында онда шабыт пайда болған. Ал, шабыт бар жерде алапат күш өз толқындарымен іліп ала жөнелгенде, ерік-жігерден айырыласың. Желқайыққа мініп, «әдебиет әлемі» деген мұхиттың асау толқынымен алы-

сып, бірде батып, бірде шығып қалатын кездерге тап боласың. Осыны біліп қой. Енді сен біздің қатарға қосылдың. Жазуынды тоқтатпа, ақыл-кеңес керек болса менен сұра! - деп мені өзіне қарай тарта түсті.

- Осы шабыт туралы толығырақ түсіндіріп беріңізші, - деген өтінішіме былайша жауап берді.

- Егер пайызға шағып есептейтін болсақ, ол әркімде әртүрлі. Мендегі шабыт бір пайыз, қалғанының бәрі еңбекпен келеді, - деп шынын айтты.

Мен ойланып қалдым. Егер елімізге танымал бірнеше кітаптың авторында бар болғаны мынанша пайыз болса, менде сонда: «Қанша болды екен?» - деген ойға кеттім.

Әңгіме арасында қайта-қайта келіп киілігіп кетіп жүрген жеңгеймен де танысып үлгердім. Әңгімешілдігінен - ақ байқалғандай «Қазақ радиосында» табаны күректей отыз бес жыл қызмет атқарған Гүлжан Мұхамедиева қазір зейнетте. Бар жұмысы - үйдегі немерелерді бағу мен ақынның шығармашылық жұмыстарына көмектесу. Өйткені ағаның кейде денсаулығы сыр беріп қалатын кездері болатын көрінеді.

Осы кезде:

– Папа, жүретін уақыт болды, - деген дауыс естілді.

– Ұлым Расул ғой, қолымдағы, кәсіпкерлікпен айналысады, - деді де, маған: «Енді не істейсің?» - дегендей оймен бір қарады. Маған салса отыра берер едім. Жағдайды бірден түсіндім де:

– Сұрағанға айып етпеңіз, аға, қазір қайда барасыз? - дедім.

– Шешендерге, жиын-тойларынан әсте қалдырмайды. Барған жерімде тік тұрып қарсы алып құрметтейді.

Әйтпесе, елден келген өзіңмен отыра берер едім. Оған батыр ретінде халықты күттіріп қоюға болмайды.

Шындығында да, ақын өзі жайлы былай деп жырлайды:

«Сермеп өткен жыр-семсер сұрапылға,

Ақындарға бұл күнде мұң жақын ба?

Байлық та емес,

Дәреже,

Атақ та емес

Керек бәлкім, жылы сөз тірі ақынға.

Көрнекті ақын десе егер өз қазағым,

Шешен мені балаған ұлы ақынға.»

Қырсыққанда әншейінде өткізе алмайтын уақыттың дәл қазір тапшы болып тұрғанын көрмейсің бе?

– Папа, болсаңшы! - деген Расулдың асықтырған дауысы тағы естілді.

Қой, енді отыра берудің жөні жоқ деп екеуіміз де орнымыздан тұрдық. Ақын өзінің кетіп бара жатқанына ыңғайсызданып:

– Ал енді маған, інім, рұқсат бер, жүрейін,- деді де саған тартқан сыйым болсын деп сөредегі кітаптардың ішінен ақтарып жүріп, баспадан соңғы кездері шыққан үш бірдей кітабын қолтаңба қойып, қолыма ұстатты. Мұндайды мен күтпеп едім, төбем көкке жеткендей қуандым. Мұнан әрі тұра берудің реті жоқ екенін түсіндім де, ағамен, және отбасымен қоштастым да, қолтығыма кітаптарды қысқан күйі сыртқа беттедім.

Ендіге шыққан баспалдақтардан төменге қалай жылдам түскенімді де байқамай қалыппын. Өзімді ерекше бір күйде сезіндім. Мұндай кездесу маған күнде бола бермейді ғой. Оның үстіне келген шаруамды да бітірдім, маған бұдан артық не керек? Алматының қысты күнгі ауасы қандай керемет! Барынша жұтып алған әсерімнен әлі де арыла алмай, көшені бойлай келемін.

Қиналған елдің тағдыр-тарланы талқыға түскен сын сағаттарда азаматтық сөзін, көзқарасын ақтарыла жырлаған ақынның бұл шығармаларынан бөлек, ер тұлға Махамбеттің өзіне ғана 200, ұлтымыздың асылы Дінмұхамед Қонаевқа

260 өлең арнағанын біреу білсе, біреу біле бермес.. Алғаш 1969 жылы баспадан шыққан «Келер күндерден» бастап күні бүгінге дейін тоқсанға жуық кітабы мыңдаған тиражбен жарық көріпті. Шығармалары орыс, украин, шешен, түрік тілдеріне аударылған.

І.Жансүгіров атындағы және Шешенстан мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атағымен қоса Б.Момышұлының 90 жылдық мерейтойына арналған ақындар мүшайрасының бас жүлдегері, Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған жыр байқауының І жүлде иегері атанды. Ол халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Ерен еңбегі үшін» және Ресей Жазушылар одағының Сергей Есенин алтын медалінің, Д.Қонаев орденінің иегері. Қонаев атындағы университеттің құрметті профессоры.

Ал, «Бәйтеректер жел өтінде тұрады» атты өлеңдер жинағы үшін Алаш сыйлығын иеленген жерлесіміз.

Елге бара салысымен, ол кісі туралы бір әңгімем алдымен «Ақ жол», басқа бір әңгімем «Кітаптың тозғаны - озғаны» атты тақырыпта «Арай» газетінде жарияланды.

Келесі жолы Алматыға барғанда тағы да үйіне соқсам, өзі туралы жазылған екі газетті алып жас балаша қуанып отыр. Сөйтсем, Тараздағы ағайындары апарып берген көрінеді. Жеңгей екеуі рақметтерін жаудырып жатыр. Олармен қоса мен де қуандым. Ақынның айтысына қарағанда, тағы да бір қуанғаны - ол мына менің қалам тартысымның ұнағаны. Жазғандарым оқығандардың бәрінің де көңілінен шыққан сыңайлы.

Бұл жолы бос уақытымыз көп болғандықтан екеуміз әбден сырластық. Алғашқыдай емес әңгімеміз, ойымыз бір жерден шығып жатыр. Мен көп білмейтін әдебиет әлемі жайлы мағлұматқа әбден қанықтым.

Кетейін деп тұруға ыңғайлана бастаған маған бір қарап

алды да:

- Қайрат, асықпа. Әй, бәйбіше, әкел! - деді келесі бөлмеге жаққа дауыстап.

«Не деп жатыр?» - деп ойлағанымша болған жоқ, қолында бүктелген бірдеңесі бар жеңгей келе қалды.

- Қайрат, аталарымыз жаңадан тәй-тәй басып алғашқы қадамын жасап жүрген балаға не істейтінін білесің бе? - деп сұрақты төтесінен қойды.

- Білемін, тұсау кесер ырымын жасайды, - дедім іркілместен.

- Ендеше, жазушылыққа жаңадан қаз-қаз басып келе жатқан мына сенің тұсауыңды кесіп, батамды берейін,- деді ағынан жарыла.

Мұндайды мен күтпеп едім, не дерімді білмей сасып қалдым. Сөйткенше болған жоқ жеңгей иығыма шапан жауып, басыма бөрік кигізді. Алақан жайып үшеуміз тұра қалдық.

-Жүрген жерің жаз болсын,
Айдыныңа қаз қонсын.
Ұйқың - күлкің аз болып,
Мерейіңе мақтанып,
Елің, жұртың мәз болсын.
Жая бергін жапырақ,
Атсын таңың жарқырап!
Даналардың дәстүрін,
Жаңалағын, жалғағын.
Шұғылалы шуақ күн кешкен,
Басыңды сұр бұлт шалмасын.
Қос топшың сенің талмасын,
Қырандай биік самғағын.
Ары адал, жаны жаз,
Ешкімнен сен қалмағын.
Абай, Жамбыл, Міржақып,

Шоқан,Ахмет,Мағжандай,

Тасқа басқан таңбасын,

Артында мәңгі із қалсын!

Аумин! - деп маған арнаған батаны қайырды.

Мынандай қошеметті күтпеп едім, не істерімді білмей сілейген күйі тұрдым да қалдым.Қуанышымды жасыра алмай екеуіне кезек-кезек қарай бердім.

Ақын енді ағынан жарылды:

- Мына мен де аспаннан ақын болып салбырап түскен жоқпын, сен сияқты алдыменен еңбектедім, сосын қаз тұрып адымдай бастадым, содан кейін ғана жүруді үйрендім. Менің де тұсауым бір заманда өзің секілді кесілген. Ал қазіргі жағдайға келетін болсам мұны мен өзімнің азаматтық, ақындық парызым деп санаймын. Құтты болсын қадамың! - деп құшақтай алды. Жеңгей де қалысар емес, құшақтап бетімнен сүйіп жатыр.

Мәссаған! Мұндай болады деп кім ойлаған. Бақыттан басым айналып кеткені...

Осыдан кейін Алматыға барған сайын міндетті түрде үйіне соғамын, сағаттап отырып әңгімелесеміз. Елдегі жаңалықтарды сұрайды. Білгенімше жеткіземін бәрін. Ауылды сағынғаны көрініп тұрады.

-Мына көп қабатты тар қапаста тұрып жатқаным неше жыл болды? Маған салса мұнда бір күн де қалмас едім. Ата - мекен Таласыма барып, аунап-қунап сонда жүргенге не жетсін? Менің аяқ-қолымды байлап отырған мына шығармашылығым. Алыста жатқан туған жерге деген сағынышты жыр жолдары арқылы ғана білдіремін, - деп ішкі жан сырын да ақтарып тастады.

Иә,бар сағынышын «Қайран менің Ойық елім, Талас жерім!» - деп тебірене талай жырлаған жоқ па?

Тағы бір рет жолым түсіп үйіне бара қалып әңгіме дүкен

құрып отырғанымда бірдеңеге мазасызданып тыпырши берді. Қайта-қайта үстелдің үстінде жатқан қағаздарын ақтарады. Маған да: «Қанша отырар екен?» - деген көзқараспен қарап отырған сияқты болып көрінді. Әңгіме арасында:

- Ертең Жазушылар Одағының съезі өтеді. Соған дайындалып жатырмын, - деп қалғаны.

Бұған мен елең ете қалдым да қарап тұрмай :

Аға, мен де қатыссам болады ма? - дедім шыдамсызданып.

- Оны өзің білесің, қаласаң, менімен бірге жүр, - дегені болар ма?!

Мен тіптен қуанып кеттім. Кіргізеді ме, кіргізбейді ме онда шаруам да жоқ. Онда барғанда не істейтінімді өзім де білмеймін. Соныменен не керек елге қайтамын деген райымнан айнып, ертеніңе ертелетіп Мұхтар Әуезов атындағы драма театрына келдік. Рафқаң келе салысымен, қолды аяққа тұрмай әркіммен амандасып, жөн сұрасып, өз жұмыстарымен кетті. Елдің бәрі келген бойда кіре берісте белгілеп отырғандарға аты жөндерін жазғызып тіркеліп жатыр. Мен болсам, сол маңда келген - кеткендерді бақылап жүрмін. Міне, танымал режиссер Сатыбалды Нарымбетов келді. Тіптен «Аттан қазақ» партиясының жетекшісі Амантай қажы да жүр «аттандап». Шамасы, олар да бірдеңелер жазады-ау, содан кейін де мүшелікке қабылданғаны. Бір кезде Жамбыл облысының делегаттарын бастап Көсемәлі Сәттібайұлы да келіп жетті. Араларында «Ақжолдың», «Арайдың» таныс жігіттері жүр, жапатармағай амандасып жатырмыз.

Мына бір делегация - Моңғолиядан келген біздің қандастарымыз-ау деп топшыладым, өйткені, түрлерін әбден жел қаққан, күннің жылылығына қарамай, үстерінде аң терісінен ұлттық нақышта әдемі етіп тігілген киім, бастарына бөрік .

Маған бір оғаш көрінгені келгендердің ішінде қызара бөрітіп

алған, шаштары таралмаған ұйпа-тұйпа күйде, қалай болса солай киініп келгендерді де байқап үлгердім. Сірә түнімен той тойлаған сияқты. Соныменен не керек, съезіміз де басталатын болып тіркелгендердің бәрі де жапатармағай ішке кіретін есікке бет алды. Мен бірденеден құр қалатын жас баладай Рафқаңа жалтақ-жалтақ қараймын. Ол мені қолымнан ұстап жетелеген күйі ішкі жаққа қарай беттеді. Тіркеудегі отырғандар:

- Бұл кісі кім? - деп сұрап жатыр мені жас балаша жетектеген Рафқаңа аңтарыла қарап .

- Менімен бірге жүреді, - деп қысқа қайырды да ары қарай жетелей жөнелді.

Ат шаптырым театрдың іші Қазақстанның әр тарапынан келген делегаттарға лық толы. Кейіннен білдім, жалпы Одаққа мүшелердің ұзын саны жеті жүзден асып жығылады екен, соның бес жүзден астамы келіпті съезге. Ерте келгендер алдыңғы жағына жайғасып алыпты. Рафқаң мені тастады да алдыңғы орындардың біріне барып жайғасты. Мен болсам, ойлана келе, арт жаққа таман шеткірек орындықтардың бірін таңдадым.

Отырғандарға еріксіз көз салып отырмын. Бірен-саран басқа ұлт өкілдері болмаса, басым көпшілігі өзіміздің қара көздер. «Қашан басталады екен?»- дегендей бәрі тыпыршып отыр. Сөйтіп отырғанда мінберге Жазушылар Одағының хатшысы Нұрлан Оразалин шықты да, кіріспе сөзді бастағаны сол еді, еңгезердей біреу онымен қабаттаса микрофонға жармаса кетіп:

- Мені неге Одақтан шығарып тастайсыңдар? - дегені болар ма айқай салып.

- Сен кімсің? Шығарып тастағаны қалай?- деді хатшы мәнжайды білмек болып.

- Мен жоқ кезде шығарып тастауға қандай құқықтарың бар! - деп езеурейді дейсің.

- Сен сонда қайда жүрдің? – деп хатшы оған аңтарыла қарады.

- Түрмеде болдым! – дегені болар ма әлгінің.

Отырғандар ду күлді.

- Әй, сен түрмеде жатсаң қалай мүше бола аласың? Жарғыдағы ереже бойынша сен онда жарна да төлемегенсің ғой. Ондағылардың құқықтары шектеулі емес пе? - деді хатшы сабырлық сақтап. Отырғандар «әрі қарай не болар екен?»- деп аң-таң.

Анау одан сайын өршеленіп бой беретін емес. Өрең дегенде оны трибунадан түсірді. Кейін білдік. Қостанай облысынан келген екен. Шыныменен, сол аймаққа танымал ақын болған көрінеді. Аудан әкімінің орынбасары болып жүріп істі болып, темір тордың арғы жағынан бір - ақ шығыпты.

Енді съезді жүргізу үшін президиум мүшелерін сайлады. Мәссаған! Мен мұндайды бірінші көруім! Тізімді оқып жатыр, олар шығып жатыр, бас-аяғы отыз шақты мүше болды-ау. Ішінде Рафаэл аға да бар. Осы жасқа келгенше талай жиналыс, конференциялар мен съездерге қатысқанмын, бірақ мұндайды бірінші рет көруім. Оның үстіне бір емес үш қатар болып жайғасты. «Бұлардың бәрі не бітіреді?» - деп мен таң қалып отырмын.

Президиумның алдыңғы қатарындағы жайғасқан марқасқалардың біразын танып отырмын. «Соңғы көштің» авторы Қабдеш Жұмаділовты бұрын тек суретін көрсем де жазбай таныдым, одан әрі Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шаханов, драматург-жазушы Қалижан Ысқақ, Дулат Исабеков сияқты мықтыларға орын тиіпті.

Съезді енді бастай беріп еді, залда отырған төрт-бес адам және шу шығарғаны болар ма? Не айтып жатқаны алыста отырған біздерге естілмейді. Бір уақытта батылдау біреуі мінберге шығып :

- Біз съездің ашылуы алдында жарғыны өзгертуді талап етеміз, - деп қасарысып тұрып алғаны болар ма.

-Жарғыны өзгерту үшін алдын-ала жоба дайындалып, талқыланып, үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, содан кейін ғана күн тәртібіне қойылу керек,- деп хатшы шыр-пыр болуда.

Өйтіп-бүйтіп жатып, оны да мінберден түсірді-ау зорға дегенде.

Баяндаманы елімізге танымал ақын Исраил Сапарбай жасады. Мұндай ұзақ оқылған баяндаманы бірінші рет тыңдауым. Тура бір сағаттан аса уақыт оқыды-ау шамасы. «Адам Ата мен Хауа Анадан адамзат баласы жаралғалы бері...» - деп бастады да, Күлтегін жазбаларын айта келіп, арасында қазақтың ауыз әдебиетінен мысалдар келтіре отырып, бүгінгі күнгі әдебиетіміздің жетістіктеріне келіп бірақ тоқтады. Тамаша жасалған баяндама, тыңдап отырып сүйсінесің. Басқа ұлт өкілдері «не істеп отыр екен?» - деп көз қиығымды салсам, түсінсін-түсінбесін басқалар сияқты олар да отыр.

Баяндамадан кейін жарыс сөз басталды. Айтқандары маған ұнаған жоқ. Өйткені басын жақсы бастаған сияқты болады да, бәрі аяғына келгенде өздерінің жеке өкпе –наздарын айтып кетіп жатыр. Сондағысы: «Менің неге кітаптарым жарық көрмейді? Өзгелердің кітаптары неге басылымға жіберіледі?». Неге екенін біле алмадым, Жазушылар Одағына көп сын, ескертпелер айтылды. Оны басқарып отырған хатшыны да төмпештеп жатыр. Маған: «Олар бір-бірін көре алмайды ма?» - деген ой келді. Екі – үш сағат уақыт өткен соң осындай айттыс-тартыстан отырғандардың дегбірі қаша бастаған соң ба, әлде залдың іші ысып кеткендіктен бе білмедім, үзіліс жарияланды.

Осыны пайдаланып ол жерден тайып тұрдым. Арындап келген менің көңілім мынадан кейін су сепкендей басылды. Мен өз басым ақын-жазушылардың шығармаларын оқи отырып,

көп тәлім-тәрбие алып өскен адаммын. Оларды зиялы қауым ретінде әр уақытта басқалардан бір табан өзіме жақын тарта-тынмын, зор құрметпен қарайтынмын. Әрдайым басқалардан жоғары қоятынмын. Мен бүгін олар туралы бір керемет әсер аламын деп келгенімді қайтейін, көңілім құлазып қайттым. Ал бүгінгі тірліктеріне қарап отырып қарным ашты. Мынаның бәрі «майдаланып кеткен ба?» - деген ойға қалдым. Неге президиумда отырған атының өзінен ат үркетін марқасқалар столды бір қойып қалып, анау шулаған шүйебөрілердің үнін өшірмейді?

Келесі жолы Рафқаңа жолыға қалғанымда:

- Әй, Қайрат, өткен жолы ерте кетіп қалғаның қалай? - дегені көрген бойда.

- Мен ақын-жазушыларды мұндай екен деп мүлдем ойламаппын. Съезге бекер барған екенмін. Жақсы бір әсер аламын ғой деп едім, көңілім толмай қайттым. Көңіліңізге келсе де айтайын, мен бес жүз ақын мен жазушы емес, бес жүз жын көргендей болдым. Әй, аналарыңыз арқаланып алып бірін-бірі тыңдамайды ғой, - дедім ақынның көңіліне тиіп кетемін-ау дегенді ескерместен.

Бір жағынан ағалы-інілі болып етене араласып кеткендіктен, ойларымызды бір-бірімізге еш бүкпесіз ашық айта саламыз.

Ол менің сөздеріме біраз шамданып қалды. Дегенмен де, айтайын дегенімді бірден түсіне қойды да:

- Қызықтың көкесі сен кеткен соң болды. Әбден қырқыстық бір-бірімізбен. Бір жағынан, оны көрмегенің де дұрыс болды. Әр нәрсені жүрегіңе жақын қабылдай беретін нәзік жанды екенсің. Әй, тегін адам ақын бола ма? Сен білмейтін нәрсе әлі көп, - деп мені жұбатқан болды.

Кейінірек әңгіме барысында түсінгенім, шын мәнінде небір мықты ақын-жазушылардың шығармалары жарық көрмей, көкелері мықтылардың, бірақ аналардың шаңына да

ілесі алмайтындардың кітаптары көптеген тиражбен шығып жататын көрінеді. Ал оған қол қойып, баспаға жіберіп отырған Жазушылар Одағында отырғандар. Осыдан басталады бәленің бәрі.

Кезінде Мұқағали ақын да кеудесінен бұрқырап жарып шыққан керемет өлеңдері, сезімге ерік бере отырып түні бойы көз майын тауыса отырып жазған теңдесі жоқ поэмалары шықпай, қай-қайдағы біреулердің түкке тұрғысыз өлеңдері жарық көріп жатқанын көре тұра, ашудан жарыла жаздап, теңіздей буырқанған жоқ па?

Бір жағынан нарықтық экономиканың қатал заңы да шығармашыл адамдарды сендей соғыстырып жіберген.

Кәсіподағың –қорғаның

Біздің мектепте тағы да кәсіподақ жетекшісі ауысты. Неге екенін білмеймін, ары кетсе бір-екі жыл, тіптен оған да жетпей қайта сайлап жатқаны. Бірінен кейін бірі ауысып жататындықтан бұған бәріміздің де етіміз үйреніп кеткен. Басшымыз кезекті бір жиналыстың соңында немесе арнайы кәсіподақ жиналысын өткізеді де ауыстырады. Ұсынған кандидатқа баяғы Кеңес үкіметі кезіндегі сайлаудағыдай бірауыздан жүз пайыз келісеміз де сайлай саламыз. Сайланып жатқандардың бәрі сырттан келіп жатқан жоқ қой, өзіміздің бұрыннан көз көріп жүрген әріптестер. Неге екенін білмеймін шамалы уақыт істегеннен кейін, кезекті жиналыстың соңында «алып тастаңдар мені, істемеймін енді», - деп жұртшылықтың алдында қиғылық салып жатқаны. Бір-екеуімен ақырын сыр тартып сұрап та көрдім: «Неге бұлай болып жатыр?» - деп. Сонда олардың айтатындары: «Құрысын мұндай жұмыс, қаншама жұмыс атқарып жатсаң да көзге көрінбейтін, жұмысың еленбейтін, рақметі жоқ қызмет екен». Оның үстіне

атқарған қызметің үшін еңбекақы да төленбейді. Осы қызметті атқарғандардың бәрі әйел адамдар болғандықтан, күнделікті бітпейтін мектептегі жұмыс, үйдегі күйбің тірлік, оған қоса атқаратын мына қоғамдық жұмыс, басшылардың бітпейтін тапсырмалары әбден қажытып жіберген.

Соныменен келесі кезекте «кім сайланды?» дейсіздер ғой, тап мына мен сайландым ойламаған жерден. Мұндайға әбден егі үйреніп қалған менің ұжымым кезекті жиналыста тағы да бірауыздан маған да жүз пайыз дауыс берді де сайланып шыға келдім. Бұрынғы төрайымымыз Мыңбаева Маржан Бердалықызы шамалы уақыт осы қызметті атқарса да кәсіподақ жұмысын енді жандандыра бастап еді. «Құланның қасынуына мылтықтың басылуы дәл келді» - дегендей, білікті маман болғандықтан жаңадан ашылған штат - директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары қызметіне тағайындады да жіберді.

Менен жасы кіші болса да, жұмыс бабымен жүргенде ойымыз үнемі бір жерден шығатын. Арамызда ерекше кәсіби тұрғыда қарым-қатынасымыз бар болатын. Бәрін де алдынала ойластырып жүретін ол, бірде менімен оңаша жолыға қалғанында сыр тартып, жаңа қызметке тағайындалғалы жатқанын, өз орнына мені ұсынғалы жатқанын да жеткізді. Әрбір атқарылатын іске байыппен қарап, болжай білетін, оңтайлы шешімін тауып, кез келген істің тиімді тұстарын дөп айта кететіндіктен, менен біраз жас кіші болса да кейде көмегіне мен де жүгініп жүруші едім. Менің аңтарыла қарағанымды сезді-ау деймін. Сабырлы күйінде таңдаудың неге маған түскенін түсіндіріп берді. Айтысына қарағанда қазіргі кезде кәсіподақта құқық қорғау мәселесі ақсап тұрған көрінеді. Аудандағы барлық мектептерде де осы салаға көбірек көңіл бөлмесе болмайтын да айтып өтті.

- Көзі ашық, көкірегі ояу сіз осы қызметке лайықтысыз. Оның үстіне өз құқығыңызды қаншама рет қорғадыңыз. Енді

қоғам үшін қызмет етіп, басқалардың да құқықтарын қорғаңыз. Ол сіздің қолыңыздан келеді, онымен қоса тура сізге лайықты жұмыс, көңілді компания, өкінбейсіз, - деді әзіл-шынын араластыра.

«Көңілді компания» деген сөзі құлағыма майдай жақты. Қырықтың қырқасынан асып, нағыз қайнап тұрған шағым ғой. Оның үстіне әруақытта алдамайтын ішкі сезімім де «Қайрат, келісіміңді бер!»-деп тұр. Ерікті сезімге бердім...

Айтып тұрғаны рас. Осыдан біршама жылдар бұрын мектебімізге жаңа директор тағайындалған болатын. Ол уақытта кәсіподақ жетекшілерін қалай жиі ауыстырсақ, директорлар да солай ауысып жататын. Олар түгіл бүтін ұжымдар, мекемелер, кооперативтер мен өндіріс орындары, бірен-саран білім мекемелері де жойылып жатқан тоқсаныншы жылдардың соңындағы бұл жағдай біз үшін де, қоғам үшін де үйреншікті болып кеткен. Айырмашылығы, кәсіподақ төрағасын ұжым сайласа, директорлар жоғары жақтың бұйрығымен тағайындалатын. Әр басшы келген соң, жұмыста жаңаша тәртіп орнатудан бастайтыны бәрімізге белгілі. Келе салысымен таңның атысы мен күннің батысы мектеп жұмысына берілді де кетті. Айтысына қарағанда, максаты - рейтинг бойынша аудан мектептерінің «жуан ортасында» жүретін мектебімізді үздіктер қатарына қосу. Жұмысқа немқұрайлы қарайтындардың сазайын берді. Ол кісінің тіптен қатты кетіп қалатын кездері де болатын. Бұрындары жұмыстан кешігу, себепсіз қалып қалу, лауазымдық міндетті өз деңгейінде атқара алмау, басқа да тәртіп бұзушылықтар кейде қылаң беріп қалатын. Енді ондайлардың бәріне түсініктеме жаздырып, тәртіптік жазаға тартты, қатаң тәртіп орнатты. Мұғалімдерден лауазымдық міндеттерін өз деңгейінде атқаруын қатаң бақылауға алды. Бұрындары арқамызды кеңге салып жүретін біздің енді аяғымызға тұсау салынды. Оны-

сымен енді келісеміз, өйткені өзіміз «Тәртіпке бағынған құл болмайды» - деген Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп емеспіз бе? Өз пәнінің білгір маманы, педогогика мен методиканы жетік меңгерген, іскерлігімен танылған ол талай мұғалімдердің сабағына қатысып, талдау жасап, өз деңгейінде өтпегені үшін біразының жақсылап тұрып сыбағасын да беріп жүрді. Мен де кезекті тексерістен кейін көппен бірге таяқ жедім. Өзімізге де обал жоқ. Қарапайым ғана қағидаларды ескере бермейміз. Бір жағынан бізге бұл жақсы сабақ болды, етек –жеңімізді жиып жұмысымызға жауапкершілікпен қарайтын болдық. Талаптың соңы өз нәтижесін де беріп жатты. Мұғалімдердің өз ісіне деген жауапкершілігі күшейді, кәсіби біліктілігіміз артты. Осының арқасында білім сапасы да бұрынғыдан артып аудан мектептері арасындағы жасалған рейтингі бойынша біршама алға ілгерілеп, ісіміз оңға басты.

Қызықтың көкесі бір күні басталды. Аудандық білім бөлімінің кезекті бір тексерісі кезінде елу шақты мұғалімнің жеті-сегізінің арнайы педогогикалық білімі жоқ болып шықты. Ішінде мен де бармын. Басым көпшілігіміз - педогогикалық оқу орындарында сырттай оқып жүргендерміз. Аудандық білім бөлімі табыстаған Білім министрлігінің «Арнайы педагогикалық білімі жоқтарға мұғалім болып қызмет атқаруға болмайды»- деген бұйрығына сүйене отырып жұмыстан босатылатын болдық. Сол бір өтпелі кезең жылдары біраз мұғалімдер аз ғана, әрі уақтылы берілмей жатқан жалақы салдарынан мектепті тастап, басқа салаларға жұмысқа ауысып, кадр тапшылығы туындаған. Міне осы кезеңде мамандықтары сәйкес еместер, сырттай педогогикалық оқу орындарында оқып жүргендер бұрынғы мамандарды алмастырды. Ешкім: «Қандай оқу бітірдің? Мамандығың атқарып жатқан қызметіңе сай ма, сай емес пе?» - деп сұраған да емес.

Сонымен кезекті педогогикалық кеңесте директоры-

мыз аудандық білім бөлімінің тексеру қорытындысына және жоғарыда айтылған бұйрыққа сүйене отырып, мамандықтары сай еместерге, сырттай оқып жүргендерге осы оқу жылы аяқталысымен жұмыстан босатылатынымызды ескертті. Тәртіптік жазаның неше түрлерін алып, етіміз үйреніп қалған біз бұған аса назар аудара қойған жоқпыз.

Бұл оқу жылының соңындағы өткізілген педогогикалық кеңес болатын.

Сонымен, бәріміз кезекті еңбек демалысына кеттік. Әне-міне дегенше, екі ай да өте шықты. Демалысым бітісімен, әдеттегідей жұмысқа келіп, хатшыға жұмысқа шыққанымды хабарламақшы болған маған ол :

- Мектепте не істеп жүрсіз?- дегені болар ма?

Мен түсінбей, қайта сұрадым аң-таң болып. Сөйтсем, демалысқа кетер кездегі ескертілген бір топ мұғалімді «мамандығымыздың сәйкес келмеуіне байланысты жұмыстан шығарылатынымыз» туралы жазылған бұйрықты көрсетті. Көшірмесін әрқайсысымыздың қолымызға ұстатты. Кезінде педогогикалық институтта сырттай оқып жүргенде, нарықтық экономика қиыншылықтары басталды да, мен академиялық демалыс алғанмын. Келесі жылы отбасы жағдайыма байланысты оқуымды ары қарай жалғастыруға бара алмай қалып едім. Кейін қайта жалғастыруды «әне-міне» деп созып жүрген өзім болатынымын. Қырсық шалғанда, енді керек болып жатқанын көрмейсің бе?

Мұны естігенде төбемнен біреу мұздай су құйып жібергендей болды. Ойым сан-саққа жүгірді. Менімен бірге жұмыстан шығарылғандардың бәрінің де жастары менен әлдеқайда кіші болатын. Олар үндеместен бұйрықтың көшірмелерін қолдарына алған күйі жөндеріне кетті.

Директорға кірдім мән-жайды білмек болып. Мені көрген сәтте, бұрынғыдай емес, «Бұл не істеп жүр мұнда?» - дегендей

таңырқай қарады да:

- Мамандығың педогогикалық болмағандықтан, Білім министрлігі шығарған бұйрыққа сүйене отырып, жұмыстан босаттық,- деп отыр.

- Сырттай оқып жатырмын ғой, осы салада бұрыннан істеп келе жатқан мұғаліммін,бұл қалай болғаны сонда? - дегеніме де құлақ аспады. Айтысына қарағанда бәрі де заңнамалық тұрғыда рәсімделген.

Бұл мен үшін күтпеген жағдай болды. Әділдік іздейін деп мектептегі бастауыш кәсіподақ төрайымына жолығып мән-жайды түсіндіріп едім, ол өзінің мұндай жағдайда дәрменсіз екенін алға тартты. Айтып тұрғаны рас, сайланғанына шамалы уақыт болған ол, мені қорғамақ түгіл, кәсіподақ жұмысының міндеттерін енді ғана біле бастағаны көрініп тұр.

Басым салбыраған күйде үйге қайттым. Жолдан үйге жеткенше неше түрлі ой санамды билеп, дегбірімді қашырды. Сондағы ойлайтыным: «Директор мені заңды түрде жұмыстан босатты ма, әлде белден басып жіберді ме? Осы уақытқа дейін екі мектепте қызмет атқарған, он жылға жуық педогогикалық өтілі бар мені қалайша жұмыстан шығарады? Мынандай қиын-қыстау кезеңде енді бала-шағамды қалай асыраймын? Шынымен де екі қолға бір күрек таппай жүрген жұмыссыздар қатарына мен де қосыламын ба? Әбден бауыр басып қалған мектебімді, әріптестерімді, оқушыларымды қайтпекпін? Шығармашылық жұмыстарды дамытып, оқушыларды талай байқауларға апарып биікке шығарамын деген армандар далада қалғаны ма?».

Ия,осындай ойлар үйге келгеннен кейін де жатсам да, тұрсам да бірінен соң бірі келе берді,келе берді. Әбден сары уайымға салындым.

Осыны ойлаған мен түніменен дөңбекшіп дұрыс ұйықтай алмай шықтым. Таңертең тұра салдым да, не де болса мұның

ақ-қарасына бір жетіп көрейін деген шешімге келдім.

Сонымен не керек, жұмыстан шығару туралы бұйрығымды қолыма алып, аудандық білім қызметкерлері кәсіподағына келдім. Ол кездегі төраға бұрыннан бері білім саласында бірқатар лауазымдық қызметтер атқарған, кейінгі жылдары кәсіподақ жұмысына ауысқан тәжірибелі маман болатын. Болған жайдың бәрін баяндай отырып көмек көрсетуін өтіндім және де бірден он шақты мұғалімнің жұмыстан шығарылғанын да тілге тиек ете отырып айтып өттім. Неге екенін білмедім, менің сөзімді немқұрайлы тыңдады да:

- Қазіргі кезде білім саласында оң өзгерістер болып жатыр. Бұрынғыдай емес, енді талап өзгерді, жоғарыдан жаңаша мақсаттар қойылып жатыр. Тұралап қалған білім саласындағы жағдайды жақсарту үшін, кадр мәселесіне қатаң бақылау жүріп жатыр, жұмыс берушілер тарапынан мектептерге білікті мамандарды қабылдап, мамандықтары сай келмейтіндерді заңнамалық актілерге сүйене отырып, шын мәнінде жұмыстан босатып жатыр,- деп мәймөңкелеп отыр.

Түріне қарап отырып: «Менің қолымнан не келеді? Өз қотырыңды өзің қасы!», - дегісі келетінін түсіндім. Дәрменсіздігіне одан сайын зығырданым қайнаған мен өзімді - өзім зорға тежеген күйі: «Сенген қойым сен болсаң, күйсеген аузыңды ұрайын», - деген мақалды ішімнен бір айттым да, есігін тарс жаптым .

«Күш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ», - деген осы екен. Не істерімді білмей біраз айналшықтап жүрдім де, ұрып айдап отырып аудандық білім бөлімінің басшысы Жұмабаева Бақыт Сейітқызының есігін қақтым. Білім саласында көп жылдар бойы басшылық жасаған, осы саланың майталманы, көпшіліктің көңілінен шығып, талай рет елдің алғысын алған іскер басшылардың бірі. Жақсы таниды мені. Аудандық іс-шаралар барысында белсенділік танытып, талай рет көзіне

түскен едім, жылы қабылдады. Мән жайды тыңдап алды да:

- Қайрат, бұл мәселені түбегейлі шешу үшін, қайтадан құрылып жатқан облыстық білім басқармасына қарасты кәсіподаққа бар! - деп кеңес берді. Мұнысы енді жөнге келеді.

Алдында жұмыстан шығарылғандардың кейбіреулеріне жолығып сыр тартып:

- Кет десе, кете береміз бе? Өз құқығымыз үшін күресейік! - дегенмін .

Тек пысықтау біреуі ғана :

- Облыстық тәртіптік кеңеске шағым тастадым, енді соның шешімін күтіп жүрмін,- деп қалды. Қалғандары басқа жақтан жұмыс қарастырып жатқанын білдім. Ойлана келе «бару керек», деген шешім қабылдадым. Облыс орталығындағы Сухэ-Батор көшесінде орналасқан облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағына жол тарттым.

Бірде сол маңнан өтіп бара жатып маңдайшасындағы жазудан байқап қалғанмын. Келген бойда ішіндегілердің көрсетуі бойынша, «Жамбыл облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы төрайымының құқық жөніндегі орынбасары - Беженаров Виктор Федорович» - деген жазуы бар есікті қақтым.

- Кіріңіз! - дегеннен кейін батылданып кірген бойда босағаның жанында сәл кідіріп қалған мені ымдап қолымен ымдап « отыр» дегендей өзінің жұмыс үстеліне қабаттаса орналасқан орындықтарды нұсқады. Түсіне қойдым да, шетіндегі қаз-қатар орналасқан орындықтың біріне жайғастым. Өзі компьютерге телміре қарап, бірдеңелерді оқып отыр. Мен осы сәтті пайдаланып оның бет-әлпетіне зер сала қарап шықтым. Жасы, шамамен, елуді еңсеріп тастаған-ау деп топшылады. Бурыл тартқан шашы, соның түсіне сай қаба сақалы өзіне әдемі жарасып тұр. Көзіне киген қалың көзілдірігінің ар жағынан адамға тесіле қарайды екен. Түр-келбетінің өзі-ақ оның

оңай адам емес екенін білдіріп тұр. Бұлай қарағаны алғашқыда маған сұсты болып көрінді. Бір уақытта «не дейсің?» дегендей мен жаққа назар аударды. Даусы құлаққа жағымды екен. Келген шаруамды ақырындап түсіндіріп отырмын. Ол болса анда-санда басын шайқап қояды. Бәрін айтып біткенімде тағы да «Шынымен осылай болған ба?» дегендей көзқараспен мені бір шолып өтті. Бөлмеде құлаққа ұрған танадай үнсіздік орнады. Ол біраз уақыт ойланып отырды да, маған қарап:

- Уволить сразу столько учителей считается как массовое увольнение. На каком основании? Куда смотрят они? Ну что же, будем воевать! - деді басын шайқап.

«Соғысамыз!»- деген сөзіне мен таң қалдым . «Кіммен соғыспақшы?», «Қалай соғысады?» деген сұрақтарды ой елегінен бір өткізіп алдым.

Мағынасын кейінірек кәсіподақта жүріп талай «соғысты» бастан кешкен кезде ғана түсіндік қой.

Сөйтті де үстелдің үстіндегі телефонын алды да, біздің ауданның білім қызметкерлері кәсіподағы төрайымының номерін терді. Қоңырау ана жаққа жетіп, ол труканы алғанға дейінгі шамалы уақыт аралығында маған тесіле қараумен болды. Менің міз бақпай отырғаным ой салды ма, әлде басқа бірдеңе ойына келді ме, ол жағын мен білмедім. Бір уақытта ар жағынан амандасқан дауысты ести салысымен бірден ауданымыздағы маған құлақ аспаған төрайымымызды алдына барған қызметкердің шағымына атүсті қарап, мәселесі бойынша оңтайлы шешім қабылдамағаны үшін сойып салды. Анау болса жан даусы шығып ақталып жатыр, дәлелдегісі келіп бой берер емес. Айтқанының бәрі маған естіліп тұр. Шырылдаған даусын естіген сайын мен рахаттанып отырмын. Қой десе де қоймайды, тіптен сөз берер емес. Өзін-өзі ақтағаны ғой. Бір уақытта ары қарай бұның шыдамы таусылды-ау деймін, трубка қоя салды. Сөйтті де бір парақ қағазды қайта көшірмелеп

берді де, менің қолыма ұстатты. Білім министрлігі шығарған бұйрыққа сүйене отырып, Облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы мұғалімдердің мүддесін қорғау мақсатында шығарған жаңа қаулы екен. Қаулыда тайға таңба басқандай етіп: «Бұрыннан қабылданған мұғалімдер педогогикалық білімі болмаса да, мамандығы сәйкес келмесе де, жұмыс істеуге құқылы», - деп көрсетілген. Әдетім бойынша, қол қойған, мөр басқан, лауазымы көрсетілген төменгі жағына бір көз жүгіртіп өттім. «Менің жанымды алып қалатын осы бір жапырақ қағаз ба?» деген ойымды сезді -ау деймін, тағы да маған тесіле қарады да:

- Директорыңа апарып бер, жұмысқа қайта алуға міндетті. Оның тарапынан өрескел түрде заң бұзушылық орын алған. Олар мұғалімдерді бұрынғы күшін жойған Білім министрінің бұйрығына сүйене отырып шығарған. Одан бері қаншама уақыт өтті. Мынау жаңа шыққан қаулы, мұнда бәрі анық жазылған, - дегенін естігенде көңілімдегі күдіктің бәрі сейіліп сала берді. Алғысымды айттым да, шыққан күйі «Аса қайдасың?» деп тартып отырдым. Шешем ұл тапқандай қуанып келемін.

Енді мына қаулыны оқыған кездегі директорымның жүзін көз алдыма елестеттім. Келген бойда алдына тастадым да, қырын қарап отыра қалдым. Орыс тілінде жазылған қаулыны тесіле қарап оқып отыр. Арасында бетіне бір қарап қоямын, тура мен ойлағандай жүзі біресе қуқыл тартып, біресе сұрланып кетті. Оқып біте салысымен маған сұстана қарады да:

- «Қайдан алдың мұны? Орынбаева деген кім ол?» - дегені болар ма?

- Жазулы тұр ғой, Облыстық білім және ғылым қызметкерлері жергілікті кәсіподағы төрайымы, - дедім мен де міз бақтастан.

- Қайрат, сені біз мамандығың сәйкес емес болғандықтан заң аясына сүйене отырып шығарғанбыз. Қайда барсаң онда бар,

бірақ сені қайта жұмысқа ала алмаймын,- дейді ерегiскенде.

- Онда ресми түрде тиісті орындарға шағымданамын! - дедім мен де қасарысып.

Көзінен шарасы шыға маған қарап ойланып қалды. Біресе маған, біресе мен берген қаулыға қарағыштай береді. Жүзінен сасқалақтағанын, сонымен бірге маған деген ашудан жарылайын деп отырғанын байқадым. Өйткені осы уақытқа дейін адуынды ол кісіге ешкім қарсы келмек түгіл, бетіне тура қарауға жүрексінетін.

Осы кезде хатшы қыз біраз қағаздарын көтеріп мөр басуға кіре қалғаны.

Оңтайлы сәтті пайдаланып, кабинетінен шықтым да кеттім. Бұдан әрі қарай не болатыны маған белгілі. Шеткерек барып сырттай бақылап тұрмын. Тап мен ойлағандай хатшыны жіберіп, «заңгерін» шақыртты. Ол - құқық пәнінен дәріс беретін мұғалім болатын. Үнемі осындай даулы мәселелелерді соның көмегімен шешетін. Білімді, құқықтық сауаттылығы жоғары, менен біршама кіші жас жігіт болатын. Кейінірек аудандық, облыстық білім басқарламаларында құқық саласы бойынша қызмет атқара жүріп, балалардың, мұғалімдердің мүддесін қорғау бойынша біршама жемісті еңбек етті, елеулі табыстарға жетті. Қазіргі кезде де көрген жерде бір-бірімізге деген көзқарасымыз бен сәлеміміз түзу. Өткен - кеткенді айтып, қауқылдасып қалатынымыз да бар.

Енді тағатсыздана бір бұрышта соның шыққанын күтіп тұрмын, «не шешім қабылдады екен?» деп. Бір уақытта шықты, жүзінен қобалжу байқалады. Менімен сөйлескісі келмей қашқақтайды. Маған бәрі де түсінікті, сонда да не болғанын білгім келіп сұрағыштап қоймаймын. Айтысына қарағанда, қаулыны оқыған бетте бәрін түсініп, енді осы жаңа шыққан қаулы негізінде, менің талабымды орындау керектігін директорға жеткізген көрінеді. Біраз дауласқаннан кейін,

сабасына түскен директор екеуі өзара ақылдаса келе, мені қайта жұмысқа қабылдау туралы шешімге келіпті.

Түтігіп кеткен себебін де мен біліп тұрмын. Соншама мұғалімдерді жұмыстан шығаруға «атсалысқаны» үшін мұның да басынан ешкім сипамайтыны белгілі. Оны бір менің көзқарасымнан-ақ байқап тұр.

«Аққа құдай жақ», - деп бекер айтпаған ғой, бұл «соғыс» менің жеңісіммен аяқталды. Қайтадан бұйрық шығарып, жұмысқа қабылдады. Осыдан кейін менің кеудемді шаттық сезімі биледі. Масаттанған күйі аяғымды алшаңдай басып, мектептің ішін аралап келемін. Әріптестерім бәрінен хабардар-ау деймін, «бұл неге жүр?» -деген көзқараспен маған таңдана қарайды. Біраз аралағаннан кейін маңғаздана басып, ауладан шыққан күйі үйіме қарай бет алдым. Уайымымның бәрі сейіліп, алдындағыдай жалтақтамай, көтеріңкі көңіл күймен алшаң басып, көшені бойлай мәз болып келе жатқан түрімді көрген ауылдастарым да күндегі көңіл күйіммен салыстырғандай таңдана қарап қалыпты.

Есіктен кірген бойда:

- Сүйінші, бәйбіше! - деп айқай салдым. Бір маңызды істі тындырған кезде осылай атап еркелететінмін. Ол болса :

-Не болды соншама айқайлайтындай? - деп таңырқап тұр.

- Жұмысыма қайта тұратын болдым! - дедім жерден жеті қоян тапқандай. Ол жымың ете қалды. Өз көзіне өзі сенбей тұр. Олай етпей қайтсін, жұмысымнан шығып қалғалы бері, сары уайымға салынатын да жүретін. Нарықтық экономиканың тұралап тұрған кезі. Онсыз да жетпей жүрген қу дүниені енді қалай жеткізу керектігін ойлайды ғой, сол. Естері кіріп қалған балаларым да күнделікті уайымға салынып жүрген екеуімізге жанашырлықпен үрпиіп қарайтын. Сол күні бала-шағамызбен бәріміз дастархан басында мәре-сәре болып бір қуанып қалдық.

Соныменен, жеті-сегіздің ішінен тек мен ғана мектеп-

ке қайта оралдым. Қалғандарын кейін сұрастырсам, әркім өз жөндерін тауыпты. Ал, мен сияқты ауданның өзге мектептерінің осы жағдай бойынша жұмыстан босап қалған мұғалімдері үшін менің көтерген дабылым тіпті де оң нәтижесін бергені куантарлық жағдай болды. Өйткені жаңа қаулы талаптарына сәйкес, жұмыстан босап қалған біраз әріптестерім кәсіподақтың араласуымен жұмыс орындарымен қайта қауышып, мәре-сәре болыпты.

Қызықтың көкесі мектебіме қайта келе салысымен басталды. Қай басшы қарамағындағылардың өзіне қарсы шыққанын жақтырады дейсің. Біраз уақыт маған қырын қарап жүрді. Қоғамдық жұмыстарға салады. Ең қиын тапсырмаларды маған жүктейді. Жиналыстарда жұмыс барысында жіберген кемшіліктерім үшін жақсылап тұрып бірінші кезекте менің сыбағамды береді. Осындайдан кейін шынымды айтсам ол кісіні атарға оғым болмай жүрді. Бірақ оның тағы да бір себебі, осылайша өз «диірменіне» салып, мені «жақсы мұғалім болсын» деген ойы екенін кейінірек түсіндім. «Қоянды – қамыс, ерді – намыс өлтіреді», дегендей әр таяқ жеген сайын сол кемшіліктерімді жоюға тырыстым. Осы уақыт аралығында бұрындары мән бермей жүрген, үнемі талап ететін сабақ беру әдістемелеріне, оқытудың жаңа технологияларын сабаққа тиімді пайдалануға ден қойдым, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулыдым, ауыз толтырып айта-тындай оларды үлкен жетістіктерге жеткіздім. Өз тарапымнан да біршама жетістіктерге қол жеткіздім. Сөйтіп жүріп мектепті алға сүйрейтін шығармашыл ұстаздар қатарына қалай қосылғанымды өзім де, ол кісі де байқамай қалды. Уақыт өте келе бұрынғының бәрі ұмытылды. Енді маған ең маңызды деген тапсырмаларды сеніп тапсыратын болды. Менің де ол кісіге деген көзқарасым өзгерді. Қоян-қолтық жүріп бірталай жыл бірге жемісті еңбек еттік. Мектебіміз енді аудан бойын-

ша үздіктер қатарынан көрініп, облыс, Республика көлемінде танымал білім ошақтарының біріне айналды. Кейіннен Қойтанова Жұмакүл әпкейімізді зейнетке шығарып салар мерейтойында көпшілік алдында әзіл-шыны аралас:

- Сіздің тоқпағыңыздың арқасында жақсы мұғалімдер қатарына қосылдым, - деп бәріне жар салдым.

Әлі күнге дейін араласып тұрамыз, кездесе қалса жаны қалмай амандасып, хал-жағдайымды сұрап тұрады.

Кейінірек кезекті бір мерейтойына барғанымда енді шағын ғана ұжымның алдында емес, үлкен тойхана толы қонақтардың алдында мектебімізді басқарған жылдары атқарған зор еңбегін тізіп тұрып айтып шыққанымда маған риза болып қалды.

Енді бәрі біткен шығар деп жүрген сол бір күндерімде тағы бір бәле шыға келгені. Соншама еңбектеніп алған екінші санатым жоғарғы білімім жоқ болғандықтан талапқа сай емес деп білім бөлімінің экономисі алып тастапты. Қаржы бөлімі не барған күйде не үшін алып тастағанын сұрасам, қандай заңнамалық актіге сүйенгенін де айтпастан :

- Қайда барсаң онда бар, саған екінші санат берілмейді, - деп шығарып салды.

Тағы да әділдік үшін соғысуға тура келіп тұр.

Баяғыдай аудандық кәсіподақ төрайымына барайын дедім де, бұл райымнан қайттым. Өйткені жұмыс барысымен білім бөліміне барып жүріп кездесе қалған кездерімде өткендегі есіне түсіп кетеді-ау деймін, жақтырмаған сыңай танытып, сырт айналады.

Сонымен ойлана келе тағы да облыстық білім басқарамасы кәсіподағындағы жанашырым Виктор Федорович Беженаровқа қайта баруға шешім қабылдадым.

Бұл жолы да жылы қабылдады. Өткен жолғы берген көмегі үшін алғысымды білдірдім.

- Бұл біздің кәсіби парызымыз, оған рахмет айтудың

қажеті жоқ,- дегені.

Уақытты соза бермейін дедім де:

- Виктор Федорович, опять обижают,- дедім қалжыңымды араластыра. Алғашқыда менің мына сөзімді жақтырмаған күйі:

- Как это обижают?! - деп маған түсін суытып ренжіген сыңай таныта бастады да, менің күлімсірей қараған түріме көзі түсе салысымен ол райынан қайта қойды. Жақсылап тұрып болған жағдайдың бәрін тағы да баяндап бердім. Тыңдап алды да баяғыдай:

- Опять будем воевать! - деді маған қарап.

Сөйтті де ақ парақты ұсынып: «Енді Облыстық білім және ғылым қызметкерлері жергілікті кәсіподағы төрайымының атына ресми түрде арыз жаз», - деді. Жақсылап тұрып жаздым да, жөніме кете бердім.

Біраз уақыт өте аудандық білім бөлімінен шақырту хабарын алдым. Сөйтсем менің шағымым облыстық білім басқармасы кәсіподағы тарапынан қаралып заңсыз алынып тасталған екінші санатым, ұсталынған ақшаны қайтару жөнінде шешім шығарған екен. Және де бұл шешімнің бір-бір данасы облыстағы барлық білім бөліміндеріне жолданып, осындай заң бұзушылықтар олардан да анықталып, біраз мұғалімдердің мен сияқты жалақылары қайта есептелініп, санаттары қайтарылыпты.

Әдейілеп сес көрсету үшін қаржы бөліміндегі экономисімізге барып едім, ұсынған қолымды эзер дегенде алып, салқын амандасты. Кейін білдім, заңсыз санатымды алып тастағаны үшін сөгіс алыпты. Сөйтіп біраз дүрбелең туғызған едім.

Тағы да бұл айқас менің жеңісіммен аяқталды. Менің алдымдағы мектептің кәсіподақ төрайымы соны меңзеп отыр.

Өз құқығымды қорғау үшін мұншалықты батыл әрекеттерге

баруымның өзіндік себебі де бар еді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдардың аяғына таман Аса көмекші мектеп-интернатында тәрбиеші болып істеп жүргенімде де бір әділетсіздікпен күрескенім бар. Ол кезде жас та болсам жұмыста белсенділік танытып жүрген мені жергілікті бастауыш кәсіподақ ұйымы атқару комитетіне мүше етіп сайлағаны бар. Нағыз отыздағы орда бұзатын кезім ғой. Ұжымдағы жастармен жұмыс маған тапсырылған. Спорттық, мәдени іс-шаралар ұйымдастырып тұратынбыз.

Бірде директорымыз кезекті еңбек демалысына шықты да, орнына ешкімнің реті келмей жаңадан келген орынбасарын уақытша отырғызды. Қазақта: «Қарғадан қарауыл қойсаң, төбеңнен қарқыл кетпес», - деген мақал бар. Бұл қызметке келгеніне шамалы уақыт болған әлгінің ә дегеннен бізге қырғидай тимесі бар ма? «Есіктен кіріп, төр менікі демекші, сондағы ойы бәрімізді табанымыздан тік тұрғызып жаңа тәртіп орнату. Жөн-жосықсыз көрінгенге тиісіп, қойға шапқан қасқырдай аз уақыт ішінде топалаңымызды шығарды. Қамшысының бір ұшы маған да тиіп кетті. Айтуға да тұрмайтын бір ғана жұмыстағы кемшілігім үшін «Отарбаеву объявить строгий выговор с последующим увольнением», - деген бұйрық шығарыпты. Оқыдым да: «Неге сондай қатаң жаза қолданған?» - деп шошып кеттім. Кәсіподақ белсендісі ретінде тәртіптік жазаға тартылу реттілігін білемін. Оның үстіне бұйрық қисынсыз түрде шығарылған. Менің шымбайыма қатты батты. Мектеп орыс тілді болғандықтан іс-қағаздың бәрі осы тілде жүргізілетін. Менің бір байқағаным бұның орысша білімі де шамалы. Жиналыс орыс тілінде өтілетіндіктен өз ойын тілін бұрап жатып зорға дегенде жеткізетін. Басқа ұлт өкілдері бұған күле қарайтын. Жай ғана мұғалім болса бір басқа, қанша айтқанмен басшы ғой.

Шамалы уақыт аралығында айрандай ұйып отырған

ұжымды іркіттей іріткені болар ма? Бас көтеріп қарсылық танытатын ешкім болмады. Содан кәсіподақ төрағасы және комитет мүшелері бір бас қосып қалған кезде бұйрықты ортаға тастадым да, ақ-қарасын ашып берулерін сұрандым. Комитет мүшесі екенімді де алға тарттым. Төрағамыз жалтақ кісі еді, қызық болғанда бірден: «Мен бұл іске араласпаймын, өздерің шешіңдер,» - деп ат-тонын ала қашты. Комитет мүшелерінің біразы бұрыннан бері ұстаздық етіп келе жатқан тәжірибелі, көпті көрген кісілер еді. Енді сол кісілерге сенім артпасам болатын түрі жоқ. Бәріміз талқылай келе, заңнамалық тұрғыдан «дұрыс жаза қолданылмаған», деген шешім шығардық. Заңнамалық актілер тайып тұрған төрағада болғандықтан, бұны іс жүзінде дәлелдей алмадық.

Атам қазақ жаудан қайтпаған, мен неден қорқамын? Осындай оймен облыс орталығына жол тарттым. Өйткені біздің мектебіміз тікелей облыстық білім басқармасына қарайтын. Ойым - кәсіподаққа барып жөн-жосығын білу. Әркімнен бір сұрастырып жүрмін, ешкім дұрыс жөн сілтей алмады. Сөйтіп жүріп кәсіподақ емес облыстық еңбек инспекциясына тап болғаным. Әбден шаршаған мен не де болса кірейін деп шештім. Қазіргідей егжей-тегжейіңе дейін тергеп, жеті атаңа дейін сұрап барып кіргізетін күзетшілер ол кезде мекемелерде тұрмайтын. Сұрастыра келе біздің аймаққа жауапты инспекторды да таптым. Келген шаруамды айтып едім, бетіме күле қарады да:

- Дұрыс істегенсің, еңбек заңдылықтары барлық жерде сақталынуы керек. Кәсіподаққа бармай-ақ қойсаң да болады, біз де бұл мәселенің оңтайлы шешімін айтып бере аламыз, - деді де алдында жатқан қалың кітапты ашып, беттерін ақтара отырып жөн-жосығын жақсылап тұрып түсіндіріп берді.

Кейін білдік қой, қалың кітап дегенім Еңбек кодексі екен. Айтуына қарағанда, әкімшілік тарапынан бұйрық

шығарғанда, өрескел қателіктер жіберілген. Жазаланушыдан жазбаша түсініктеме алынбаған, жазаға тартылудың реттілігі сақталынбаған, оның бастауыш кәсіподақ комитетінің мүшесі екені, өкілеттілігі ескерілмеген. Қысқаша айтқанда инспектор басшылық тарапынан шығарылған бұл бұйрықтың заңсыз екендігін түсіндірді. Онымен қоса, менің өтінішім бойынша қандай баптарға сүйене отырып өз құқығымды қорғай алатынымды да айтып берді. Егер іс насырға шауып бара жатса, қайта келіп шағымдануыма да болатынын ескертті.

Алғысымды айттым да, ауылыма бет алдым. Енді ғана көңілім орнына түскендей болды. Келген бойда істің ақ – қарасын өз аузымнан естулері үшін кәсіподақ төрағасына уақытша міндетін атқарушы – директорға менімен бірге кіруін өтіндім. Ал ол, әдеттегідей ат-тонын тағы да ала қашты. Атқару комитетіндегілердің басын қосып жинау үшін уақыт керек. Оған менің шыдамым жетер емес. Сонымен не керек, менде бір батылдық пайда болды да, нартәуекел етіп өзім бардым.

Еңбек инспекциясында болғанымды және заңсыз шығарылған бұйрықты алып тастау керектігін ескерттім. Көзі шарасынан шығып кетердей маған тесіле қарады, танауы делдиіп кеткен. Сұрланған күйі:

- Бұйрығымды өзгертпеймін, өкілеттілігім бар кезде тәртіп бұзғандарды осылай аямай жазалаймын,- дегені болар ма? Райынан қайтатын түрі жоқ. Айтқандарыма тіптен құлақ асар емес.

-Жарайды,- дедім де бұрылып жайыма кете бердім. Содан оның тарапынан маған қысым көрсету басталды. Күнде тексеру, күнде айқай. Жұмысымнан мін таппаса да, әйтеуір, бір тиісіп кетеді. Мен де алған бетімнен қайтпадым. Сол ерегіспен күндердің қалай өтіп кеткенін байқамаппын. Бір күні директорымыз Шалқаров Келгенбай ағайым еңбек демалысынан келді. Болған жайдың бәрін кім жеткізгенін білмедім, келе салысы-

мен мені кабинетіне шақырды. Алдында отырмын, ол болса сұраулы көзбен маған қараған күйі:

-Сен маған түсіндіріп айтшы,өз аузыңнан естиін, не болып жатыр өзі?- деді.

Жүзінен ешқандай маған деген ашуды немесе басқа бір жаман пиғылды байқамадым.Жайында өзі өте байсалды, әр нәрсеге байыппен қарайтын,әркез қара қылды қақ жарып, әділ шешім айтатын кісі еді. Кез-келген адаммен тез арада ортақ тіл табыса кететін.Қарамағындағы мұғалімдерге мүмкіндігінше қолдау көрсетіп отыратын.Майда-шүйде кемшіліктерге,тәртіп бұзушылықтарға көзін жұма қарайтын.Осы қасиеті үшін бәріміз де ол кісіні құрметтейтінбіз.

Болған жайдың бәрін жайып салдым. Менің айтқандарымды зейін қойып тыңдап алды да:

- Қайрат,былай болсын, бұл әңгімені енді ешкім қозғамасын, осы күйінде жылы жауып тастайық. Арамызда бір тентек жүре берсін .Бар, жұмысыңды істе, - дегенін естідім де кабинетінен шығып кеттім. Арқамнан ауыр жүк түскендей болды. Шамалы күндерден кейін әлгі есерсоғымыздың өзі ұжымға сыйыса алмағандықтан жұмыстан арызын жазып қарасын батырды.Шын мәнісінде бұл ақ пен қараның күресі еді.Әділдік мен жақта болғандықтан, жеңіп шықтым.Бұл менің өз құқығымды қорғау үшін жасалған алғашқы күресім еді.

Сонымен, бастауыш кәсіподақ төрағасы болып сайланған күннің ертеңіне айдап отырып баяғы өзіме ескі танысым, аудандық білім бөлімі кәсіподағының төрайымына бардым. Кірген бойда мені көрді де, тіксіне қалды.Төраға болып сайланғанымды және ары қарай жұмысты бастау үшін не істеу керек екендігін білуге келгенімді естігенде шалқасынан түсе жаздады. Маған тесірейе қараған күйі:

- Сенен басқа адам құрып қалды ма?-дегені болар ма?

Маған деген өкпесі әлі тарқамаған екен. Мен де қарап тұрмай қырсығым ұстап:

- Иә! - деп жауап бердім.

Өңгімеміз жараспады. Кішірейе салсам да болар еді, мен де сірестім де қалдым. Баяғы туа біткен тік мінезімнен ғой бәрі.

Осылайша менің қайнап жатқан кәсіподақтағы жұмысым басталдыдакетті.Аудандаайсайынотырысөткізіптүрлімәдени-спорттық, саяси, қоғамдық мәселелермен жиі айналысамыз. Оған қоса сауықтыру шараларын да жүйелі түрде жүргізуді де жақсылап қолға алғанбыз.Көппен бірге бұрын көрмеген жерлерге қыдырып, ел көріп,жер танып дегендей қызықты жұмысқа ден қойдық та кеттік. «Ер шекіспей –бекіспейді» дегендей, төрайыммен алғашқы шекісуіміз де ұмыт болды. Мен енді аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының атқару комитетіне мүше болып сайландым. Байқаймын, кәсіподақтағы негізгі үш жұмыс бағытының мәдени-спорттық, сауықтыру жұмыстары жақсы жолға қойылған да, негізгі бағыт - қызметкерлердің құқығын қорғау мәселесі ақсап тұр.Өйткені мектептерде әлі де көптеген мұғалімдер толық емес жүктемелермен қызмет атқаруда. Жұмыс режимі де барлық жерде бірдей сақталына бермейді.Төленбей жатқан түрлі өтемақылар да жоқ емес.Жұмыс берушілер тарапынан заң бұзушылықтар да қылаң беріп қалып жататын.Ұжымдық шарттардағы,Білім заңындағы,Еңбек кодексіндегі талаптар да кейде орындалмайды екен.Мұғалімдердің кәсіподаққа деген сенімі де өз деңгейінде емес. «Баяғы жартас - сол жар-тас» күйінде қалған.

Сөйтіп жүргенде, аудан орталығында орналасқан үш мектептің бірінің әдеттегідей тағы да төрағасы ауысып, орнына сонау тоқсаныншы жылдардан бері жақсы танитын Бектұрсын келді.

Кеңес Одағыкезінде комсомол жетекшісі, кейіннен аудандық

атқару комитетінде кәсіподақ төрағасы қызметін де атқарған. Көзі ашық, көкірегі ояу екендігімен бірден көзге түсті. Ай сайынғы өтілетін кәсіподақ жиналыстарынан басқалар сияқты емес есте қалмайды. Мен қасқайып атқару комитетінің мүшесі ретінде төрден орын алсам, оған орын босағадан тиді. Бір – екі жиналыстан кейін біздің төрайыммен арасында текетірес басталды. Бектұрсын төрайымға кәсіподақ жұмысының өз деңгейінде жүргізілмей жатқанын, нақты істер белсенді түрде қолға алынбағандықтан қызметкерлердің бізге деген сенімінің төмен екендігін, маңызды шешімдер қабылданғанмен оның уақтылы орындалып жатпағандығын, кәсіподаққа деген қызметкерлердің сенімін күшейту жолында тиянақты істер атқарылып жатпағандығын, негізгі мәселелердің көлеңкеде қалып жатқаны сияқты сұрақтар бойынша екеуі қызыл кеңірдек болып тартысады да отырады. Оның үстіне жарнадан жиналған қаржының бір бөлігі кәсіподақ жарғысына сәйкес бастауыш ұйымдарына қайтарылуы керектігін айтып тайталасады. Екеуі де бір-біріне дес бермейді. Кейде жиналысымыздың көп уақыты осы айтыс-тартысты тыңдаумен өтетін. Ер адам мен әйел адамның мынандай тартысуы көзге оғаш көрінеді екен. Басым көпшілігіміз не болып жатқанын түсінбейміз. Содан бір күні төрағамыз жоқ кезде менің шыдамым таусылды да:

- Бектұрсын, мынауыңды қалай түсінуге болады? Қашанғы екеуіңнің айтыс-тартыстарыңды тыңдап жүре береміз. Сен не новаторсың, не арамызға іріткі салуға келген провакаторсың! - дедім оның көңіліне қарамай. Ол менің мына сөзіме әжептеуір шамданып қалды. Түсі бұзылып кетті де маған қарап:

- Қайрат, сенің де, мына отырған бәріңнің де кәсіподақ жұмысы туралы білетіндерің шамалы ғана, – деген сөзбен бәрімізді түйреп өтті.

Бұған енді біз шамданып қалдық. Бір жағынан көп нәрсені білмейтініміз де рас. Өйткені басым көпшілігіміз жаңадан

сайланғандармыз. Мен де қарап тұрмай:

- Сені провакатор деп айтуға аузым бармайды. Өйткені біраз уақыттан бері түрлі салаларда қызмет жасап келе жатсақта, бір-бірімізді жақсы білеміз. Сонда сенің новатор болғаның ғой. Ендеше білгіш болсаң ойыңдағыны жасырмай айтшы, біз не істеуіміз керек, екеуіңнің текетірестеріңді қызықтап жүре береміз бе осылай. Бір шешімге келетін уақыттарың болды ғой, – дедім батылданып. Басқалардың да ойынан шықты-ау деймін, менің мына сөзімді бәрі де қоштай кетті.

Өйткені ол алдында Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерін үнемі оқып, жұмыс барысында қадағалап жүретінін айтып қалған. Құқықтық сауаты жоғары екенін білетін ұжымдастарының бұны сайлағанының да бір себебі осы екен.

Соныменен не керек, ол енді мәселеге тікелей көшті.

- Сендер анау Ұжымдық шартты ашып оқыдыңдар ма? Ондағы қағидалар орындалып жатыр ма? Ол туралы жұмыс беруші ұжым алдында есеп береді ме? – деп бізге сұраулы көзбен бір қарады. Біз үндемей отырмыз. Өйткені шындығына келгенде басым көпшілігіміз оның бетін де ашқан жоқпыз. Онысымен қоймай біздің кәсіподақ жұмысы барысындағы жіберіп жатқан кемшіліктерімізді тізіп шықты. Сонымен бірге неден бастап, немен аяқтау керектігіне дейін ашып айтты.

Енді көзіміз ашылғандай болды. Басым көпшілігіміз Кеңес одағынан бері келе жатқан кадрлар болғандықтан, сол социалистік жүйедегі қағидаларменмен қалып кеткен екенбіз. Оны заңгер Виктор Федорович менімен бір сұхбат барысында әдемілеп тұрып, соқырға таяқ ұстатқандай, қысқаша былай сипаттап беріп еді:

- При Советском Союзе трудовые законодательства со стороны работодателя всегда строго соблюдалась. А профсоюз играл роль распределителя благ, - деп.

Шындығында да ол кезде айлық жалақыдан қазіргідей

жарна бір пайыз ғана емес, әлдеқайда көп ұсталынатын. Тіптен әлеуметтік салық та осы кәсіподақ есеп шотына аударылатын. Содан кейін қаражат көп болғандықтан, оңды-солды аямай жұмсайтын. Тегін шипажайлар мен туристік сапарлар, әлеуметтік көмектер, тағы да басқа қаржылық қолдаулар көпшілікке қолжетімді болатын. Туристік жолдамалар тек Кеңес Одағы көлемінде ғана емес, бізбен одақтас социалистік жүйедегі Болгария, Германия, Польша, Монғолия, тіптен Румыния, Югославия сияқты мемлекеттерге де берілетін. Соны тілге тиек етіп айтатындар әлі де арамыздан табылатын.

Қарап отырсақ, нарықтық экономикада қызметкерлердің басым көпшілігі жекеменшік салада қызмет етеді де, жоғарыда айтылған заңнамалық актілер оларға көбінесе қолданыла бермейді. Бар заңнамалық актілердің өзінің солқылдақ тұстары көп болатын.

Үйге келген бойда жатқанына біраз уақыт болған Ұжымдық шартты бірінші рет қолыма алып оқып шықтым. Тек мен ғана емес барлығы да осы құжатқа немқұрайлы қарайды екенбіз. Қызметкер мектепке жұмысқа тұрғаннан бастап, зейнетке шыққанға дейінгі қызметіне кепілдік беретін өте маңызды заңнамалық құжат екендігіне көз жеткіздім. Бұрындары кәсіподақ семинарларында, оқуларында үнемі айтылып отыратын, бірақ бұған мән бермеген екенбіз.

Сол күннен бастап Ұжымдық шарттағы еңбек заңдылықтарының қарастырылмай жатқан тұстарын, төленбей жатқан өтемақыларды, жеңілдіктер мен басқа да керекті тұстарын белгілеп алдым да іске кірісіп кеттім. Ең алдымен біздің ұжымда жеті-сегіз мұғалім толық емес жүктемемен жұмыс атқарып жүр екен. Солармен сұхбаттастым, пікірлерін сұрадым. Сөйтсем, олар менің сайланғанымды құп көргендерін жасырмай айта келе, алдыменен, ел қатарлы толық жүктемеге қол жеткізулері үшін қол ұшын беруімді өтінді. Алдындағы

бір жиналыста әріптестерімді Ұжымдық шарттағы толық жүктеме туралы тараумен таныстырып шыққан едім. Бұлар соны меңзеп отыр. Бірден айды аспаннан алып бере алмай-тынымды ескерте отырып,бірақ шамам келгенше орындауға тырысатыным жөнінде уәде бердім.

Мектебіміздегі жұмыс берушінің алдына барып, қолымдағы Ұжымдық шарттағы толық жүктеме туралы тарауды ашып, бізде біраз мұғалімдердің толық емес жүктемемен қызмет атқарып келе жатқанын, оның заңға қайшы екендігін, мүмкіндік болса сағаттарын толтырып беруін әлеуметтік әріптес ретінде өтіндім.

Тағайындалғанына шамалы ғана уақыт болған директорым Малдыбаев Нышанбек Сметұлының алғашында түрі бұзылып сала берді де, біраздан соң ол райынан қайтты. Оны да мен жақсы түсініп отырмын. Соншама сағат тауып, олқылықтың орнын толтыру оңай шаруа емес.

Біраз ойланып, бір шешімге келе алмай отырды да :

- Қайреке, түсінемін сізді, бірденнен бәрінің сағаттық жүктемесін толтырып бере алмаймын. Бірақ, биыл екі-үш мұғалімнің, келесі жолы тағы да солай ете отырып, бәрінің жүктемелерін толтырайық,- дегенін естігенде қуанып кеттім.

Азамат екен, уәдесінде тұрды. Екі жылдың көлемінде екеуіміздің арамыздағы әлеуметтік әріптестіктің арқасында мұғалімдердің бәрі толық жүктемемен қамтылды.Осындай әрекеттерден кейін қызметкерлердің кәсіподаққа деген сенімі де арта түсті. Сол жылы мен аудандағы кәсіподақ ұжымдары арасында өткізілген «Үздік әлеуметтік әріптес» номинациясын жеңіп алып, бағалы сыйлықпен марапатталдым. Мұның өзі менің тарапымнан үлкен жеңіс еді. Өйткені басқа мектептерде,әсіресе, шалғай ауылдарда мұндай олқылықтар көп еді.Тіптен әлі де толық жүктемемен істейтін мұғалімдер ішінара кездесіп қалады.

Енді сең орнынан қозғалғандай болды. Барлық жұмыс берушілерден қызметкерлердің сағаттық жүктемелерін толық қамтамасыз ету біздің тарапымыздан қадағаланып, талап етілетін болды. Бұрынғыдай «шаш ал десе, бас алатын» тәсілдермен жазалау да тыйыла бастады. Біраз уақыт «соғыс» жағдайында жүрген төрайымымыз бен Бектұрсын өзара татуласып, бір мәмілеге келді. Енді оны құқықтық сауаты жоғары екендігін ескере отырып, кәсіподақтың аудандық атқару комитетіне мүше етіп сайладық. Босағада отырған жерінен мен оны сүйрелеген күйі :

- Енді сенің орның бұл емес, мынау! -деп төрге бірақ шығардым.

«Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» дегендей, кәсіподақ жұмысын бәріміз бұрынғыдан да жандандыра түстік. Ай сайын кезектесіп, облыстық білім қызметкерлері кәсіподағы тарапынан ұйымдастырылатын оқуларға, семинарларға жиі барып, құқықтық сауатымызды жетілдіріп, өзара тәжірибе алмасып, біліктілігімізді шыңдай түстік. Ауданымызда да жиі бас қосып, семинарлар мен дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізіп тұрдық. Мұғалімдер тарапынан туындаған мәселелерді пленумдар мен конференцияларда қозғап, ұсыныстар айттық. Жыл сайын өтілетін білім қызметкерлері арасында өтілетін өнер фестивалін, жоғары деңгейде өтуіне кәсіподақ белсенділері ретінде атсалыстық. Сонымен бірге, кезектесе өтілетін спорттақияданы да жоғары деңгейде өтіп, спортсүйер қауымның көңілін бір серпілтіп тастаған кездеріміз болды. Бұрынғыдай емес, жарғының талаптарына сай, қызметкерлердің айлық жалақыларынан жиналатын жарнаның бір бөлігін мектептерге қайтарылатындай келісімге келгенімізді ұжымдастарымыз қуана қабылдады. Бұл қаржы бізге ауадай қажет еді. Енді әркімге бір қол жаймай, бұл айтарлықтай соманы өз қызметкерлеріміздің игілігіне жарата бастадық. Біздің бұл

істерімізді көрген қызметкерлердің кәсіподаққа деген сенімі бұрынғыдан да нығая түсті.

Осылайша зымырап өтіп жатқан күндердің бірінде мені директорым шақырды. Жүзінде қобалжу бар. Қолыма селолық әкімнен келген бұйрықты ұстатты. Оқып шығып, зығырданым қайнады. Бұйрықта жоғарыдан келген нұсқаулыққа сүйене отырып, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды талапқа сай ұстап тұру үшін бүкіл Аса селосының территориясын үш мектепке бөлінетінін және апта сайын мұғалімдер мен қызметкерлердің тазалық жұмыстарын жүргізіп отыратындықтарын әкім тарапынан қадағалауға алынатыны туралы жазылған. Әр нәрсеге байыппен қарайтын директорым маған қарап:

- Не істейміз? - деп, сұраулы көзімен маған бір қарады.

Алдында бірнеше рет аудандық әкімшілік тарапынан шыққан нұсқау бойынша мектеп территориясын, оған жақын төңіректің бәрін қолымызға сыпыртқы мен қаптарды алып тазалаған едік. Көше – көшелерде жүріп, шашылып жатқан қоқыстарды теріп елге күлкі болған жайымыз болған. Сонда бәріміз бұлқан-талқан болып ашуланған едік. Қызметкерлер мені :

- Кәсіподақ не қарап жүр мұндайда? Мұғалім басымызбен осылай жүргеніміз жарасады ма? - деп бір түйреп алған.

Артынша олардың да құлағына біздің наразылығымыз жетті-ау деймін, мұндай жұмысқа тартуды доғарған сияқты болған. Енді, міне, тағы да намысымызды таптамақшы. Директорға бұл істі маған тапсыруын өтіндім де, бұйрықты қолыма алған күйі кабинетінен шығып кеттім. Сыртқа шыққан бойда көршілес екі мектептің кәсіподақ белсенділерімен хабарлассам, олар да осындай бұйрық алып дүрлігіп жатыр екен. Бектұрсын, Пірімжан және мен - үшеуміз мектепте жиналдык. Бұл жерде не құлдық ұрып, басымызды иген

күйі көше тазалауға шығуымыз керек, не бірлесіп наразылық білдіруіміз керек. Өзара ақылдаса келе мұның мұғалімдер мен кіші қызметкерлердің ар-намысына кір келтіретін әрекет екенін және оған шұғыл түрде наразылық білдіру керек екендігі жөнінде шешімге келдік.Салып отырып аудандық кәсіподақ төрайымына келдік те, үш бірдей бұйрықты алдына қойдық. Алғашында түтігіп кеткен түрлерімізді көріп шошып кетті де, мән - жайға қаныққан соң ғана сабасына түсті.Бұйрықты оқып бітпей жатып, жарыса кеп наразылығымызды айтып жатырмыз. Бізді зорға дегенде тоқтатты да:

- Жігіттер, эмоцияға беріле бермей, бұған заң жүзінде наразылық білдіріңдер! – деп, бұл істің қалай рәсімделетінін жақсылап түсіндіріп берді.

Астына үш мектептің төрағасы қол қойған, мөрі басылған наразылық хат бір данадан аудандық білім бөлімі кәсіподағы төрайымына, аудандық білім бөлімі басшысына және аудан әкіміне жолданды.

Кейіннен білдік, жұмса жұдырығында,ашса алақанында ұстап келген жоғарыдағылардың біздің бұл әрекетімізді құптай қоймағаны, олардың арасында үлкен дүрбелең тудырғаны белгілі болды.Тіптен, таяқтың бір ұшы білім бөлімінің басшысына, аудандық кәсіподақ төрағасына, мектеп директорларына тиген көрінеді. Содан бастап жоғарыдағылардың бізді жөн-жосықсыз тазалық жұмыстарына тартуы доғарылды. Кәсіподаққа деген олардың да көзқарастары жақсы жағына өзгере бастады.

Діттеген мақсатымызға жеттік,бұл текетірес те біздің пайдамызға шешілді. Әріптестеріміздің сенімін ақтадық, беделіміз де өсе түсті. Енді қызметкерлеріміз бұрынғыдай емес көкейлерінде жүрген мәселелерді ашық айтып, ойларын ортаға салатын болды.

Хадистерде адамдарға қайырымдылық жасау туралы: «Оң

қолың бергенді сол қолың көрмесін, жақсылықты жасырын жасау - ең абзал амалдардың бірі», - деген.

Осы қағиданы ескере отырып, көпшілік әлі күнге дейін біле бермейтін мен де бір жасырын жақсылық жасаған кезім болып еді.

Бірде емханаға қаралуға барып жүріп, медицина қызметкерлерінің өзара даурыға бір мәселені айтып жатқанын құлағым шалып қалғаны. Айтыстарына қарағанда, бүкіл медицина саласы қызметкерлерінің 2009 жылы отыз пайыз, 2010 жылы жетпіс пайыз, 2011 жылы жүз пайыз бір айлық еңбекақылары түрлі себептермен «ұмытылып» кетіп, сол күйі төленбей кеткен. Дер кезінде ешкім оны қолға алмаған. Одан бері біршама уақыт өтсе де, жабулы қазан сол жабулы күйінде қалған. Бұл саладағы мұндай сорақылықтарды бұрын да естігенмін. Бірақ, мынандай заманда осындай да болатынына таң қалдым. Мән-жайды толығырақ білейін деп, мен оларды сөзге тарттым. Алғашында сенімсіздікпен қараған олар менің кәсіподақ өкілі екендігімді естігеннен кейін бар шындықты жайып салды. Өздерінің кәсіподақтарының дәрменсіздігін, қызметкерлердің емес басшылардың ығына жығыла кететіндігін, солардың шарасыздығынан жұмыстарында осындай кемшіліктер орын алып жатқандарын жарыса сөз етті. Арасында өткен жылдардың табан ақы, маңдай терімен тапқан үш айлық жалақыларын ала алмай жүргендерін де тағы да күйіне отырып әңгімеледі. Шындықты айтып, бірлі-жарым бас көтергендердің соңдарына шам алып түсіп, түрлі сылтау тауып, жұмыста әбден сергелдеңге салатындарын да ашына отырып жеткізді. Осыдан кейін бұл мәселе жабулы күйінде қалған екен.

Мен оларды өзіммен бірге ресми орындарға алып баратындығым туралы ұсынысымды айтқаным сол еді, олар ат-тондарын ала қашты. Сонда ғана мен олардың не себепті

айлық жалақыларын талап ете алмайтындықтарын түсіндім.

Жанайқайларын естігеннен кейін: «Қалай көмектесем екен?» - деген ой көпке дейін көкейімнен кетпей жүрді.

Бірде әдеттегідей аудан әкімінің есеп беру жиналысына қатыса қалғаным. Әкім жыл бойы атқарған жұмыстарының есебін берді. Айтысына қарағанда, ауданымызда біршама игілікті істер атқарылған. Аудан экономикасы бұрынғы жылдармен салыстырғанда еселеп арта түскен. Кәсіпорындардан, жеке кәсіпкерлерден, басқа да салық төлеушілерден қомақты қаржылар аудан бюджетін толтырған. Осының есебінен бұрынғыдай емес, жұмыскерлердің барлық мекемелер мен кәсіпорындардың жалақылары уақтылы төленіп отырған. Осылайша сөзін қорытындылаған әкім есебін бітірген соң тыңдармандарға қарап:

-Сіздерді мазалап жүрген сұрақтарыңыз болса ашық айтыңыздар немесе жазбаша түрде жіберіңіздер, - деді.

Әркім шығып түрлі мәселелерге байланысты сұрақ қойып жатыр. Осы кезде менің ойым бұзылып: «Мұндай сәт күнде бола бермейді ғой, неге маған осындай сәтті пайдаланып, денсаулық саласы қызметкерлері атынан олардың мұң-мұқтажын жеткізбеске?» - деген ой келді. Қолыма қағаз алып, денсаулық саласы қызметкерлерінің үш айлығын ала алмай жүргендіктерін, соған байланысты көмек беруін сұранып жазып, микрофонды әркімге бір ұсынып жүрген шабармандарының бірінің қолына ұстаттым да жібердім.

Қарап отырмын, алдыменен президиумның шетінде отырған дөкейдің бірі оқыды да, қағаз қолын күйдіріп жібергендей тез жанындағыға сырғытты. Ол да оқыды да замға сырғытты. Бір уақытта самның өзіне де жетті-ау. Оқып шыққан әкімнің бір сәтте түрі бұзылып кетті. Өйткені, бес жүзден аса қызметкердің үш айлық жалақысы деген оңай сома емес. Бұл дегенің - бірталай жылдар бойы қордаланып қалған

миллиондаған ақша. Не деп жауап берерін бәріміз көріп отырмыз. Біраз ойланды да, микрофонды қолына алып:

- Медицина қызметкерлерінен үш айлықтары төленбей жатқандықтары туралы мына бір сұрақ келген екен. Кеше ғана бас дәрігер маған: «Қызметкерлерге ешқандай жалақы жөнінен берешегіміз жоқ екендігі туралы есеп берген», - деді де жазбаны үстел үстіне тастай салды.

Отырғандардың арасында медицина қызметкерлері де бар еді. Өздерінің берешек жалақылары туралы айта бастағанда, жанарларынан үміт оты жанып, өзара гуілдесе бастап еді. Бірақ, анандай жауап естігенде көңілдері су сепкендей басылды.

Бұл әрекетіммен ештеңеге қол жеткізе алмаған мен жиналыстан салым суға кеткен күйі үйге қайттым.

Менің бір қасиетім: Қандай да бір істі бастасам, соны аяғына жеткізбей қоймайтын әдетім бар. Кейде осы қасиетім өзіме таяқ болып тиіп жатқан кездері болды. Бәрібір айтқан бетімнен қайтпаймын.

Бұрынғы әдетіме салып ертеңіне тағы да облыстық кәсіподақ ұйымына тартып отырдым. Келген бойда Облыстық білім және ғылым қызметкерлері жергілікті кәсіподағы төрайымы Гүлсім Рахымжанқызы Орынбаеваның алдынан бірақ шықтым. Амандасқаннан кейін медицина қызметкерлерінің шағымын қолына ұстаттым.

Алдында таныс медицина қызметкерлеріне :

-Ала алмай жүрген айлық жалақыларың туралы шағым жазып беріндер, жоғары жаққа өзім апарып көрейін,- дегенімде, олар ат-тондарын ала қашқан. Содан жақсылап тұрып өзім жазып шыққанмын бәрін.

Мұқият оқып отыр, анда –санда көзілдірігінің үстінен маған көз тастап қояды. Мен отырмын: «Мұның соңы не болар екен?» - деп.Оқып бітті де маған қарап:

- Сіз қай салада жұмыс істейсіз?-деп сұрақты төтесінен қойды, менің кім екенімді біліп тұрса да.

Өйткені конференцияларда, пленумдарда, кәсіподақ оқуларында жиі кездесіп қалатынбыз. Жүзінде: «Медицина саласындағы қызметкерлерде не шаруаң бар?» - деген ой.

- Білім саласында жұмыс істеймін! - дедім жұлып алғандай.

- Қарай алмаймын мына шағымыңызды, ешкім қол қоймаған, ешқандай да дәлел жоқ. Оның үстіне біздің білім саласының қызметкерлері емес, - деді де маған қайтарып бермекші болды.

Осы сөзді ести салысымен:

-Гүлсім Рақымжанқызы, аудандағы бес жүзден аса медицина қызметкерлері мынандай заманда, яғни ХХІ ғасырда маңдай терімен тапқан ақшаларын ала алмай жүр, олардың мұң-мұқтаждарын біз сияқты құқық қорғау қызметкерлері қорғамағанда, кім қорғайды? Көмектесіңіз, сіздің ғана қолыңыздан келеді, - деп бастырмалата айтып шықтым.

Біресе тіксіне маған, біресе қолындағы қағазға бір қарайды. Осылайша екеуміз бір-бірімізбен арбасқандай жағдайда отыра бермейін деп, тағы бір тосын әрекетке бардым. Қалтамнан алдында ғана өткен «Облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ төрағасын қайта сайлау конференциясының делегаты» деген көкшіл түсті мандатымды үстелдің үстіне қойдым. Сізді сайлаған « 46 делегаттың бірі – менмін!» - дегендей. Мұны көргенде түрі тіптен бұзылып: «Мынау қайтеді-ей?» - дегендей көзілдірігінің ар жағынан оқты көздерімен мені тағы да бір атып өтті.

Меніке де дұрыс емес. Буынсыз жерден пышақ ұрып отырмын. Қазір мені «кабинетінен қуып шығатын болды, біткен жерім осы шығар» деген оймен отырмын үндемей.

- Аудан әкімі біледі ме? - деді көзілдірігінің үстінен маған тесілген күйі.

- Біледі, кеше ғана есеп беру жиналысында жолдаған арызымызды аяқсыз қалдырды. Ендігі олардың үміті - Облыстық тәртіптік кеңестің мүшесі - мына, сізде. Сізден басқа ешкім көмек бере алмайды. Рас, мен бұл саланың қызметкері емеспін, бірақ қолыңыздан келеді ғой. Бір сауапты іс жасаңыз! – дедім.

Біраз ойланып маған қадалған күйі:

- Бара беріңіз, көремін, – деді.

Арқамнан бір ауыр жүк түскендей кабинетінен шықтым.

Содан бір-екі күннен кейін тағы да сол емханаға бара қалғаным. Жұмыс аяқталуға жақын қалған уақыт болатын. Барған бетте менің бір байқағаным, әншейінде өздерінің жұмыстарын орындаумен өз қызметтік бөлмелерінде отыратын қызметкерлер ерсілі-қарсылы қуаныштары қойнына сыймай шапқылап жүр. Айтыстарына қарағанда, көп ақша алғанға ұқсайды. Басқа біреулері бір-біріне қанша ақша алатындырын бухгалтериядан білгендерін, енді жұмыс біте салысымен банкке баратындарын айтып жамырасады. Алмай жатып бірі кредитін төлей алмай жатқанын, енді соған жұмсайтынын, бірі болса бала-шағасының бір қарық болып қалатынын, келесісі тағы да бір мәселелерінің енді шешілетінін айтып ұлардай шуласады.

Қайран, қазақтарым-ай! «Бұл не қылған ақша? Бірталай жыл төленбей келген бұл ақша қалайша төлене қалды?» деген сұрақтар ойларына да келіп жатқан жоқ.

Жарайсыз Гүлсім Рахымжанқызы! Уәдеде тұрдыңыз, екеуміз қаншама сауапқа кенелдік! – деп, кеудемді мақтаныш, шаттық сезімі кернеген күйі ақшаның хабарын естіп, бақыттан басы айналып жүгіріп жүргендердің арасын жара өтіп, үйіме қарай бет алдым.

Жасырын жасаған жақсылығым құпия күйінде қалсын, ешкімге айтпаймын деп шештім. Әлі күнге дейін медицина қызметкерлері бұл жағдайдан бейхабар.

Кейінірек облыстық білім саласы қызметкерлерімен бірге Ыстық көлге демалуға бір барғанымда бізді бастап барған басшымыз Гүлсім Рахымжанқызына арнайы барып жолығып, аудандық медицина қызметкерлері атынан алғыстарын жеткіздім. Маған қарап жымиғанынан –ақ, оның жүзінен ерекше ризашылық сезімін аңғардым.

Енді маған құқықтық көмек сұраған кісілер де ішінара жеке хабарласатын болды. Сол баяғы сағаттық жүктемелерінің толмауы, жұмыс беруші тарапынан жасалған қысым, жұмыс уақытының белгіленген нормадан асып кетуі, ақпарат құралдарына еріксіз түрде жазылдыру сияқты заңбұзушылықтан қалай құтылуға болатыны туралы көмек сұрайды. Шамам келгенше көмектестім, аудандық, облыстық кәсіподақ жиналыстарында бұл мәселелерді ортаға салдым, тиімді шешімдер қабылдануына ықпал еттім. Кімге болсын үнемі ақыл-кеңесімді аяған емеспін.

Бірде үйіме мен танымайтын келіншек келді көмек сұрап. Түріне қарасам, әбден әбіржіп кеткен. Айтысына қарағанда, құрылыста жұмыс істейтін жұбайы осыдан біраз бұрын құрылыс –монтаж жұмыстары барысында аяғынан жарақат алған. Техника қауіпсіздігі инспекторын шақырып, төтенше жағдай бойынша акт жасаудың орнына олар жұмысшыны алдап-сулап: «Айлығыңды тоқтатпай төлеп отырамыз, емделуіңе жағдай жасаймыз, ешкімді шақырудың қажеті жоқ», - деп үйіне апарып тастаған. Жұмыс беруші алғашында барлық ем-дом шараларын жүргізетіндігіне, дәрі-дәрмек шығындарын өздерінің мойнына алатындықтарына уәде бергенімен, кейін бұл сөздерінен танып шыға келген.

Келген келіншекке бәрін көзіммен көріп, өз құлағыммен есту керек екендігін ескертіп, жұбайына ертіп апаруын өтіндім. Менің бұл сөзіме қуана келісімін берді. Жол –жөнекей айтқан әңгімесін тыңдай отырсам қаржы жағынан әбден

қиналған. Ішерге тамақ таппай қалған кездері де болған екен. Сөз арасында аяғын ауырсынған жұбайын емханаға көліктері бар әркімге бір жалынып, апарып жүрген жайын да айтып қалды. Дәрігер жазып берген дәрі-дәрмектің бағасы қымбат болғандықтан, арзанқол бірдеңелерді ғана сатып алып емделіп жатқан көрінеді. Оның тигізер пайдасы шамалы болғандықтан, емделу уақыты ұзаққа созылып, жараның жазылуы да қиындап кеткен. Келген бойда жұбайын көрдім де шошып кеттім. Түрінен-түр жоқ. Көздерінен үміт оты өшкендей болып көрінді маған. Мынандай жағдайдан, дәрменсіздігінен әбден күйінгені соншалық, жүні жығылып қалған. Менің келгенімді де жақтырмай отырғаны білініп тұр. Сірә, ауруы жанына батқанымен қоса, баяғы қазақшылыққа салып, әркім бір келіп көңілін сұрағаннан мезі болғанын да байқап үлгердім.

Үй ішіне бір көз жүгірткеннен-ақ, шыныменен, тұрмыстары төмен екені білініп тұр. Менің бұл қарағанымды байқаған екеуі де ыңғайсызданғанын да сезіп тұрмын.

- Ассалаумағалейкүм, бауырым! - дедім қолымды ұсынып.

- Уағалейкүмассалам! - деді даусы әзер шығып.

- Хал-жағдайың қалай бауырым? Үй-ішің, бала-шаға аман есен бе? - деген сұрағыма да тек басын изей салды. Жүзінде: «Көріп тұрып несіне сұрап тұр?» - дегені білініп тұр. Текке уақытты өткізе бермейін дедім де:

- Бауырым, мен кәсіподақтан келіп тұрмын, саған көмектескелі келдім. Мән жайды мына келіннен біліп алдым. Нақтылап алуым керек, мен енді сенің өз аузыңнан естиін, жақсылап тұрып бәрін айтып бер. Саған жәрдем беру менің қолымнан келеді, - дедім сенімді түрде.

Менің сөзім әсер етті-ау деймін, маған енді алғашқыдай емес, үміттене қарады. Көмектесетін ойымды естіген келін де қуанышын жасыра алмай айналшықтап жүр.

Алдындағы естігендей, жұмысындағылар болған оқиғадан

кейін шынымен де ат ізін салмай кеткен. Бір екі рет қоңырау шалғанында: «Әне барамыз, міне береміз!» - деп түлкі бұлаңға салып, уақытты соза берген. Ең сорақысы, екі айдың жұмысқа жарамсыздық бойынша берілген парақшасын апарса төлемейтіндіктерін айтып, қайтарып жіберіпті. Айтысына қарағанда, бастықтары қарамағындағыларға «өз заңын» орнатқан сыңайлы. Алдында бір ауырып қалған әріптесінің апарған жұмысқа жарамсыздық парақшасын жыртып, бетіне лақтырған. Мұндай жарақат алу жағдайлары жиі орын алып тұратын көрінеді. Өйткені жұмыс орнында техника қауіпсіздігі сақталынбайды. Еңбек қорғау шаралары да атүсті қарастырылған. «Кәсіподақ ұйымы бар ма?» - деген сұрағыма ондайдан мүлдем хабарсыз екенін айтып салды.

Осының бәрін естіген кезде мен:

- Мұндай да бассыздық болады екен-ау! Әй, біз болсақ өз қызметкерлеріміздің үстіне шыбын қондырмай, қызғыштай қорғап жүрсек те, орақ ауызды кейбіреулері: «Осы кәсіподақ не бітіріп жүр?» - деп езеурейтінін қайтерсің? Жұмыста жүріп сүрініп кетсе, кәсіподаққа жүгіреді емес пе? Көрсетер ме еді мынаны сол шіркіндерге? Иә, көпшілікке қанша қызмет етсең де жақпайсың-ау! - деген ойға да кетіп қалдым арасында. Мына жағдаймен өзіміздегіні салыстыра отырып, қаншалықты біздер, яғни, білім саласы кәсіподақ белсенділері халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүргенімізді енді түсіндім.

Тағы да соғысу керек деп шешім қабылдадым. Бірақ бұл басқа майдан. Істің соңы қалай аяқталары маған әлі белгісіз. Дегенмен де, мынаның бәрін көзім көріп, құлағым естіп тұрып, көмек қолын созбасам, мен қандай құқық қорғаушымын?

Төленбеген екі айдың жұмысқа жарамсыздық парақшасын, жеке куәлігінің көшірмесін алдым да, Таразға тартып отырдым. Барған күйде құрылыс мекемесінің терезесінің алдына автокөлігімді қойдым да, ішке кірдім. Басшылары жоқ екен,

орынбасарына кірдім. Шіреніп отырған ол мені көре салысымен, қалбалақтай орнынан тұрып, қолын соза амандасты.

Шырттай киінген киіміме, таққан галстугыма, қолтығыма қыстырып алған папкама, терезеден сырт көзге сес көрсетуге жарайтындай автокөлігіме қарап, мені бір дөкей деп ойлап қалғаны көрініп тұр. Салған беттен кәсіподақ өкілі екенімді, заң бұзушылыққа жол бергендерін, сол бойынша жұмыскердің құқығын қорғау үшін келгенімді жеткіздім. Сасқалақтаған күйі:

Қандай заң бұзушылық, түсінбедім? - деді көзін жыпылықтатқан күйі.

Папкамнан жұмысшының еңбекке жарамсыздық парақшаларын, куәлігінің көшірмесін алдына қойдым да, болған жайдың бәрін баяндап бердім. Біліп отыр бәрін, шыбындаған аттай басын қайта-қайта изейді. Сасқаны соншалықты, менің аты- жөнімді де сұрауды ұмытып кетті.

- Жеке еңбек шартын алдырыңыз !- дедім даусымды қатаңдата.

Жүгіріп барып қабылдау бөлімінен хатшы екеуі қалай тапқанын білмеймін, шартты алдыма әкеліп қойды. Бір қарап шықтым да:

- Мұнда екі жақтың жауапкершілігі анық көрсетілген. Неге еңбек заңдылықтарын орындамайсыздар? Еңбекке жарамсыздық бойынша екі ай бойы ақшасын төлемегенсіздер. Одан бөлек жарақат алған кезде неге тиісті органдарға хабарланбаған? Не үшін акт жасалынбаған сіздердің тараптарыңыздан? Ем-дом шараларына кеткен шығынды төлейміз дегенсіздер де, оны да орындамағансыздар, — деп төпелеп өттім. Онымен қоса осы сасқалақтағанын пайдаланып қалайын дедім де:

- Қызметкерлермен жасалған Ұжымдық шарт қайда ?— деген сөзімнен кейін онан сайын тыпыршыды. Ондай құжат

бар екенін білмейтіні көзінен-ақ байқалып тұр.

Не деп жауап берерін білмей, мұрнының астынан бірдеңелерді міңгірлейді. Алдындағы паракшаларға бір, маған бір қарап қояды.

Осы сәтті пайдаландым да:

- Дәрі-дәрмектің ақшасын, еңбекке жарамсыздық өтемақысын төлеңдер. Өйтпеген жағдайда заң бойынша тиісті шаралар қолдануға тура келеді! -дедім тағы да даусымды қатқылдау шығарып. Ол болса тағы да басын шұлғумен болды.

Осы сәтті пайдаланып хош айтыстым да, сырттағы автокөлігіме бет алдым. Қалбалақтаған күйі мені көлігіме дейін шығарып салды. Орындығыма шірене отырдым да сес көрсеткендей, көлігімнің даусын арылдатқан күйі ауладан шығып кеттім.

Келе жатып, өзіме-өзім күлкім келгені. Орыстың ұлы жазушысы Гогольдің жазған «Ревизор» деген атақты шығармасын оқығанмын. Киносын да көргенмін. Онда жолай қалаға соққан студент Хлестаков өтірік ревизордың роліне еніп, городской-дан бастап бәрін тұздамай ма?

Мына менің де осы әрекетім тура сондай болып тұр. Алғаш келе жатқан кезде бастығымен адамгершілік тұрғыда сөйлесейін, ол да пенде ғой, мүмкін түсініп райынан қайтар деген ойда болғам. Орынбасарының мені көрген кездегі сасқалақтаған түрін көргеннен-ақ, бір спектакль құрып жіберейін дедім де, табан астында құқық қорғаушының образына кіріп кеткен жоқпын ба?

Мектеп деген білім ғана емес, өнердің де кеніші. Жас кезімнен бастап аудандық жаңа жылдық карнавалдарда, түрлі байқауларда, фестивальдарда, мектепішілік, аудандық іс-шараларда талай образдарды сомдағаным бар. Соның пайдасы бүгін тиіп тұр.

Ауылға келген бойда әлгі жігітке қайта жолығып, бәрі де

реттелетінін айтып, бір қуантып қайттым. Екі – үш күннен кейін шынымен –ақ денсаулыққа жарамсыздығы бойынша төлемақыны, онымен қоса дәрі-дәрмектің де біраз ақшасын шотына аударыпты. Осыны айтып мәз-мейрам болып маған қоңырау шалды. Олармен бірге менің де төбем көкке жеткендей болды.

Сөйтіп жүргенде, біраз уақыт өте әлгі жігіт тағы да қоңырау шалғаны. Айтысына қарағанда құрылыстағы алған жарақатының зардабы жүрекке шауып, жағдайы тіптен нашарлап кеткен соң ота жасалыпты. Енді баяғы құрылыс мекемесі бұдан әрі қарай еңбекке жарамсыздық парақшасы бойынша жәрдемақы төлемейтін болыпты.

Естіген бойда бұл істі де аяғына дейін жеткізейін деген оймен енді облыстық еңбек инспекциясына бардым. Жағдайдың бәрін баяндай отырып кәсіподақ өкілі ретінде осы іске басынан бері атсалысып жүргенімді, ендігі жерде көмекті өздерінен күтетінімді жеткіздім. Олар бірден түсіністікпен қарады. Салған бойда әлгі құрылыс мекемесімен байланысқа шығып жағдайдың бәрін анықтап алған соң, менен қайта беруімді өтінді. Сенімді түрде әрі қарай бұл жұмысты өздерінің құзырына алатынын жеткізді.

Айтқандай-ақ, бірнеше ай мүгедектікке шыққанға дейін еңбекке жарамсыздығы күндері толықтай төленіпті. Ауруынан айыққан соң, сол мекемеге жеңіл жұмысқа ауыстырылыпты.

Бұл текетірес тағы да біздің пайдамызға шешілді. Естіген кезде әлгі жігіттің отбасымен бірге мен де қуандым. Иә, мен мұны үлкен сауапты іске балап, көңілімді қуанышты сезім кернеді. Сонымен қатар, кәсіподақтың қоғамдағы беделінің қалай болуы керектігін қаншама рет дәлелдеуімнің өзінен шаттығыма шалқытып көңіл қосқандай ерекше әсерге бөлендім. Қуанғаным соншалықты сонау басында кәсіподақтың тізгінін маған ұстатқан әріптесім Маржаннан бастап, соқырға таяқ

ұстатқандай етіп тұрып құқықтық сауаттылығымызды арттырған, одан әрі дамытқан аудандық, облыстық кәсіподақ белсенділеріне бұл жасап жатқан сауаптардың оларға да тиесілі екенін елдің бәріне жар салып айтқым келді.

Сөйтіп жүргенде, біраз жыл бірге қызмет еткен аудандық білім бөлімі кәсіподағы төрайымы зейнет жасына жетуіне байланысты, шартты мерзімі аяқталды. Кәсіподақтағы атқарған қызметіне облыс, аудан тарапынан алғысымызды айтып, сый – сияпатымен зейнеткерлікке қошеметпен шығарып салдық. Шығарып салғанымызбен, бірге талай жылдар бойы осы салада қоян-қолтық араласып жұмыс істескен басшымыз ғой, бір жағынан, қимадық та ол кісіні. Дегенмен, «Су ағады, тас қалады» демекші, бұл жұмысты жаңаша серпінмен жүргізетін жаңа басшы да керек. Осыған байланысты қайта сайлау конференциясын өткізетін болдық. Ол конференцияда екі кандидат төрағалыққа өздерін ұсынды. Бірі – көпшілігімізге таныс, білім саласының жанашыры Ернар Мәденұлы Тәжібаев. Ал, екіншісі, әлі де болса бұл жұмысты жалғастыра бермек болып отырған бұрынғы төрайымымыз. Біз болсақ ендігі басшымыздың Ернар Мәденұлы болғанын іштей қалап отырмыз. Өйткені ол ауданда, облыста бірқатар лауазымдық қызметтер атқарған, кезінде аудан орталығында белді бір мектепте басшылық жасаған, яғни, білім саласының оңы мен солына қанық адам. Таныстырып жатқанда менен алшақта отырған, бұл кісіні білмейтіндер маған қарап: «Бұл кім?» - дегендей жалтақтап отыр. Мен оларға жақсы адам екендігін білдіретін бас бармағымды көрсеттім. Сонымен не керек, бірауыздан Ернар Мәденұлын сайладық.

Кәсіподаққа жаңа басшымызбен бірге бізге жаңа бір леп келді. Бірден ортақ тіл табыса кеттік. Ісіміз бұрынғыдан да жандана түсті. Оған қоса облыстық кәсіподақ тарапынан бізге аймақтық инспектор болып заңгер Айгерім Арыстанбекқызы

Сәрсенбаева тағайындалды. Бұл біз үшін үлкен құқықтық тұрғыдан жасалынған көмек еді. Енді әр мәселе бойынша облыстық кәсіподаққа жалтақтамай-ақ, құқықтық мәселелер бойынша өз бетімізше шешім шығара алатын жағдайға жеттік. Есеп –қисапты жүргізу үшін де арнайы бухгалтер штаты ашылып, оған Ержан Шалімбетов тағайындалды. Соныменен енді жұмысымызды одан әрі табысты жүргізуге болатындай Ернар Мәденұлы басқаратын іскер команда құрылды. Бұған барлық кәсіподақ белсенділері қуандық. Енді үш жылда бір жасалынатын Ұжымдық шарт бұрынғыдай атүсті жасалынбай, жұмыс берушімен екі жақты комиссия құрылып, өзара келіссөздер жүргізу арқылы жасайтын болдық. Кейбір кезде екі жақты қызыл кеңірдек болып айтысатын жағдайлар да орын алып жатты. Оның себебі, мұндай мүмкіндікті пайдалана отырып бұрын қарастырылмай келе жатқан мәселелерді де шарттағы баптарға қосымша енгізіп отырдық. Аудандық білім бөлімі тарапында комиссия мүшелері қатарындағы қаржыгерлерге, әрине, бұл ұсыныстарымыз шымбайларына батады. Өйткені, бұл дегеніміз – әжептеуір қаржы, ал олардың міндеті - мүмкіндігінше қаржыны өз тараптарынан үнемдеу. Дегенмен де, біраз айтыс-тартыстан кейін өз көзқарасымыз тарапынан дәлелді пікірлер келтіре отырып, екі жақты оңтайлы шешімдер қабылдауына ықпал жасадық.

Шынында да, маңызды мәселелер бойынша бірқатар жұмыстар өз шешімдерін тауып жатты.Әріптесім Жамансариев Бектұрсын екеумізді құқықтық сауаттылығымызды одан әрі жетілдіру және аудандағы кәсіподақ белсенділеріне әдістемелік көмек беру үшін модератор етіп бекітіп, облыстық білім бөлімі кәсіподағы тарапынан ұйымдастырылған оқуларға жіберді. Бұрынғы басшымыздың зейнетке шығуына байланысты енді жаңадан сайланған Ерұлан Сәбенұлы Мағзымбеков бастаған облыстық кәсіподақ белсенділері теориялық,практикалық

тұрғыдан құқықтық біліміміз бен іс-тәжірибемізді одан сайын ұштады. Басқа облыс, аудан кәсіподақ белсенділерімен өзара тәжірибе алмастық. Жұмысымыз бұрынғыдан да жандана түсті.

Оған дәлел - үнемі жүргізіліп отыратын мониторингтер, са раптамалар, анықтамалар нәтижелері. Кәсіподақ саласындағы соңғы жылдары жүргізілген экономикалық көрсеткіштерге көз жүгіртетін болсақ нәтижелері көз қуантады. Бір ғана мысал келтіретін болсам тек соңғы жылдың өзінде ғана миллиондаған соманың ақшасы қызметкерлерге қайтарылған. Бұл дегеніміз - уақытында төленбей қалған жалақылар, жәрдемақылар, қосымша төленетін үстемақылар, өтемақылар және де басқа да қайтарылған қаражаттар. Бұған қоса қаншама қызметкерлердің құқықтарын қорғадық. Бұл дегеніміз - әкімшілік тарапынан жөнсіз жазаланған қызметкерлер мәселесімен үнемі айналысу, жұмыс режимін үнемі өз тарапымыздан бақылау, еңбек демалыстары ақысы мен сауықтыру жәрдемақысын толықтай және уақтылы төленуін қадағалау. Қызметкерлердің толық жүктемемен қамтылуын қадағалау, сауықтыру және мәдени-спорттық іс-шараларды жоғары деңгейде жүргізіп отыру сияқты толып жатқан өзімізге жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде атқару. Осы игілікті істерді атқара отырып, қызметкерлер мен жұмыс беруші арасындағы алтын көпір - әлеуметтік әріптестік орнату.

Ұстаз-ұлық бәрінен

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардың орта тұсы, уақытылы айлық жалақы ала алмаймыз. Өйткені еліміздегі нарықтық экономиканың тұралап тұрған кезі. Бюджетте ақша жоқ болғандықтан, айлап теңге көрмейміз. Төрт-бес айдан кейін зарықтырып алған ақшамыздың өзі құнсызданып кетеді.

Үкімет шарықтап кеткен инфляцияны ауыздықтай алмай жатыр. Елдің көбісі екі қолға бір күрек таппай тентіреп жүр. Өйткені талай ұжымдар, мекемелер банкрот болып жұмыстары тоқтаған, жұмысшылары бірнеше айға ақысыз демалысқа жіберген немесе жұмыстан шығарған.

Жазғы кезекті еңбек демалысындамын. Бірде ауылдасым Дәнебек келе қалғаны үйге.

- Қайрат, үйде бос жатырсың ғой, мына жанымыздағы Қаракемерде бір құрылыс жұмыстары бар екен істейтін, соған менімен бірге жүр. Ақшасын да қомақты беретін көрінеді. Сенің қолыңнан бәрі келеді ғой, екеулеп істейік,- деп ұсыныс жасады.

- Бармаймын,-дедім жұлып алғандай.

- Неге ?- деді таңданысын жасыра алмай.

- Ой білемін ғой ондайларды, жұмысын әбден істеткізіп алады да, соңынан сиыр құйымшақ қылып лақтырып кетеді, - дедім бұрын осындай жағдайды басымнан өткізгендей.

Алдында жалданып жұмыс істеп тиын-тебен тауып жүретінмін. Бірақ еңбек ақымды ешкім жеген емес.

Сөзімнің бір жағынан жаны бар: Ол кезде кейбір адамдардан ұят кетіп, имандылықтан жұрдай болып жүрген кез ғой баяғы. Айлап жалданып маңдай терімен тапқан еңбек ақысын бермей, тентіретіп жіберетіндер кездесетін, соны меңзеп тұрмын.

- Қайрат, ол лақтыратын адам емес, мен танымын оны. Ақшаға мұқтаж да емес,байлық деген жетеді.Тек жұмысын тиянақты етіп істейтін жұмысшылар керек,- дейді күйіп-пісіп.

Бұның не үшін мені қолқалап тұрғаны маған белгілі, бірнеше ай болды жұмыссыз жүр. Оның үстіне маңызды құрылыс жұмыстарын өз бетінше істей де алмайды. Тек көмекшілікке ғана жарайды. Бірақ, жұмыс көлемін, оған төленетін қомақты соманы айтқан кезде мен де ойланып қалдым. Еңбегіңе лайықты етіп төленетін болса неге бармасқа? Алғашқы

райымнан қайтып, ойлана бастадым.

- Әй Жәнібек, шынымен айтып тұрсың ба? Сол жұмыс үшін сондай көлемді ақша береді ме?- деп анықтап тұрып сұрап жатырмын. Ол болса:

- Шынымен береді, өз аузынан естіп, жұмыс көлемін де өз көзіммен көріп келдім, - деп безек қағады.

Мен тағы ойландым. Ал бармай-ақ қояйын. Үйде жата берсем маған біреу ақша әкеліп береді ме? Бермейді, әрине. Онсыз да жатырмын ғой, міне, қанша күн болды демалысқа шыққаныма, балалардың тамағына ортақтасып. Осыны ой елегінен өткіздім де:

- Жәнібек, барып өз көзіммен көріп, тікелей сөйлесіп көрейін. Егер осыдан суайттыққа салынып мені алдасаң ісім сенімен болсын,- дедім сес көрсетіп.

Өйткені мен одан бес-алты көйлекті ерте тоздырған үлкендігім бар.

Орыстарда мынандай мақал бар: «Ұста өнерін сатады»,- деген. Жаратушымыз маған еңбекқорлықпен бірге шеберлікті де аямай берген. Кез-келген жұмысты істей беремін. Мұғалімдігіммен қоса, «Құрылысшы-инженер» деген мамандығым да бар. Құрылыс саласында, үйдегі жеке құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында жинаған мол тәжірибем бар. Былайша айтқанда, «Ас-құрылысшымын».

Сонымен не керек, Қаракемерге тартып отырдық. Баратын үйіміздің еңселілігі, кең аула мен жағалай соғылған қора жайдың кеңдігі, біздің қолымыз жетпей жүрген шет елдік қос көліктің қатар тұрғанынан-ақ қожайынның бақуат тұратыны білініп тұр. Барып бәрін көзімізбен көріп, жасайтын жұмыс көлемін, төленетін ақша сомасына келісіп, ертеңнен бастайтын болып, қол алысып қайттық. Тек жататын көрпе-төсегімізді өзіміз апаруымыз керек екен.

Ертеңіне таңертең күн шықпай жатып қақпаны біреу

тоқылдатып тұр.

- Қайрат, аш есікті, кеттік Қаракемерге!-деп көшені басына көтеріп айқайлайтынын қайтерсің.

Ұйқылы ояу есікті ашсам, есіктің алдында Дәнебегім тұр ыржың қағып. Жанында жегулі есек арба, үстіне домалақтап оралған төсек-орнын салып қойыпты.

- Мынауың не? - дедім есекке, оған жегілген арбаға жақтырмай қарап.

- Есек арбамен барамыз, өйтпесек мыналарды қалай жеткіземіз? - деді арбадағы заттарын нұсқап.

- Әй мен көлік табатын едім ғой,-деймін мен онан сайын ашуланып.

Есек деген сол кезде таптырмайтын көлік. Күнделікті мініп, отын-су мен шөп тасып жүрміз ғой. Бірақ, дәл осылай баратындығымыз туралы ойламаппын.

- Есекті тастай алмаймын үйге, ұрлап кетеді. Барған соң ана кісінің қорасына арқандап қоямын,- деп тұр сенімді түрде.

Айтқаны рас, оның бар байлығы осы есегі екенін мен білемін. Бірақ, бұлайша барғанға мен намыстанып тұрмын.

- Дәнебек, ертеңгі күні таныстарым көрсе, «Сығандардың тобыры құсап қайда барасың?» деп кекетеді мені, - дедім есек арбаға мінгім келмей қасарысып.

Ол болса, жыларманға келді соңында. Екіншіден, ертерек келеміз деп уәде бердік қой, соны да ойлап тұрмын. Ақыры ел не десе о десін қара қазан, бала - шағамның қамы үшін нартәуекел етіп көрпе - төсегіммен қоса арбаға қарғып міндім.

Біз ырылдасып үйден шыққанша күн арқан бойы көтеріліпті.Елдің алды жұмысқа, жеке шаруаларымен олай-бұлай шапқылап бара жатыр. Бәрі есек арбаға, үстіндегі салынған заттарымыз бен екеумізге таңдана қарайды. Мен танымасын деп төмен қараймын, ал, Дәнебек тура бір орыстың пәуескесіне мініп келе жатқандай көшені шаңдатып келеді.Екі

езуі екі құлағына жетіп, есекті аямай қамшылайды. Осылай ауылдан шыққан күйі үлкен жолға шықтық. Қарама-қарсы көлік келе жатса, күнқағары үлкен кепкамды төмен қаратып баса қоямын. Ондағы ойым - ешкім танымасын дегенім. Осылайша асфальтты есектің тұяғымен тықылдатып отырып жеттік-ау Қаракемерге де.

Баратын үйдің есігінің алдына тап бір жолдағының бәрін таптап өтетіндей жылдамдықпен барып тоқтадық. Қақпаны тоқылдатып едік, ар жақтан қожайынның өзі шықты да, амандасқаннан кейін көрпе - төсегімізді құшақтатқан күйі ішке кіргізді. Қолдарымыздағыны сол кісінің нұсқауы бойынша үлкен тапшаның шетіне қойдық.

Дәнебек есек арбасына қайта барды да, кібіртіктеп сонда қалды. Түсініп тұрмын оны, айтуға бата алмай тұр. Оның артынан барған қожайынға:

- Көке, арбамды анда қойып, есегімді сіздің шарбағыңыздың ішіне арқандап қойсам болады ма? - деген өтінішіне ала көзімен жақтырмай оған бір, келгенше қатты қамшылағаны соншалық, екі өкпесінен зорға дем алып тұрған есегіне жақтырмай бір қарады да, рұқсат берген адамдай қолымен шарбақ жақты нұсқады.

Ал, мен болсам, есек мініп жүрген мына түрімізге намыстанып барамын.

Есекті арқандап біте салысымен, бірден жұмыс орнымызға алып келді. Ұзындығы он алты, ені алты метрлік, биіктігі жеті-сегіз метрдей үлкен шөп қора соғуымыз керек. Оңай шаруа емес, бірақ алатын ақшамыз да аз емес. Материалдың бәрі қазқатар жинаулы тұр. Құрал-саймандардың неше түрін көрдік сарайынан. Өз тірлігіне өте ұқыпты екені көрініп тұр.

Жұмысымызды бастамас бұрын шөп қораның орнын белгілеп, өлшемін нақтылап алдық та, іске кірістік те кеттік. Ал, ол біздің әрбір қимылымызды қалыс жібермей қадағалап

тұр. Шама-шарқымызды білгісі келгенін көзқарасынан-ақ байқап тұрмын. Мен қандай іс атқарсам да кейбіреулер сияқты былжырағанды ұнатпаймын. Қандай жұмыс болсын ертерек бітіргенді қалаймын да, бірден білекті сыбанып тастап кірісемін. Менің осы бірден істің көзін тауып кеткендігім мен шапшандығым ұнады-ау деймін, біраз бақылаған соң жөніне кетті. Түске дейін тоқтамай жұмысымызды біраз өндіріп тастадық. Оны тамақтануға шақыра келген қожайын да көріп сүйсініп қалды. Тамақтанып біткеннен кейін:

- Мынандай ми қайнатар күн ыстықта бір-екі сағат демалып алмасақ болмайды,- дедім. Шілденің күні ғой қайнап тұрған.

- Иә, демалыңдар, жататын орындарыңды сендер келместен-ақ дайындап қойғанмын, - деп бос тұрған сарайдың бірінің есігін ашып, көрпе - төсегімізбен бірге кіргізіп жіберді де, өзі кетіп қалды. Кірген бойда сілейдім де қалдым. Сарайдың іші көптен бері жөндеу көрмегені көрініп тұр. Оған қоса қабырғаның үстіндегі сылақ ылғал тартқандықтан түсіп жатыр. Бөлменің ішінен сыз бен тышқанның иісі мұңкіп тұр. Көлемі он төрт-он бес шаршы метрдей, төбесінің биіктігі адам бойынан сәл-ақ асады. Едені бір уақыттарда цементтелгені көрініп тұр, бірақ біраз жері жарылып ылғалдан көтеріліп кеткен. Тазалап қойғанын қайтейін, жағымсыз иіс тамағымды жыбырлатып жіберді. Құрылып қойған екі темір төсектің біріне Дәнебегім сірә, шаршады білем, көрпесін жайып жіберді де, әкесінің үйіне келгендей шіреніп жата кетті. Ойына ештеңе кіріп шықпайды.

- Әй, Дәнебек, мынандай жерде қалай жатамыз? Кеттік, үйге қайтамыз, - дедім оған қарап ашуланып.

Ол болса, әлі де түк түсінбей жатыр. Ойына ештеңе де кіріп шықпайды.

- Мынандай сасық жерде ақша таппасам таппай кетейін, бірақ жатпаймын мұнда, - дедім де, сыртқа атып шықтым.

Сарайдың көлеңкесіндегі орындықтардың біріне отыра кеттім.

Сонда ғана оның миына барды-ау деймін, жаным келіп отырған бойда:

- Шынында да, жаман иіс қатты шығады екен,- деді маған бақырайып қараған күйі.

- Дәнебек, құрысын бәрі, қожайынның жоқтығын пайдаланып тайып тұрайық бұл жерден, оның үстіне мына бөлмеде жатып ауру табуымыз да мүмкін, - дедім ашуланған күйі. Қожайынның мына тірлігіне ашудан жарыла жаздап тұрмын.

Ал ол болса:

- Не де болса кешке дейін шыдайық, сосын ары қарай көре жатармыз,- деп мені алдаусыратып отыр. Мен болсам көнетін емеспін. Көлеңкеде осылай салғыласып отырып, түс қайтып кеткенін де байқамаппыз. Басымыз салбыраған күйі жұмысқа бет алдық. Алдындағыдай қарқын жоқ. Сонымен не керек, күнді де батырдық-ау қыбырлап жүріп. Кешкі асты ішіп, көңілсіз күйде отырған кезде қожайынның өзі бізден жөн сұрай бастады. Сөз арасында мен мұғалім екенімді айтып қалғаным сол еді:

- Әй, сен шынымен мұғалімсің бе? Мына жүрісің не сонда?- дегені болар ма жұлып алғандай.

Келгелі бері менің бір байқағаным: бетің бар, жүзің бар демей ойындағысын тіке айта салады екен. Шындығын айтқанда менің мына түрім мұғалімге ұқсамайтыны да рас. Күнделікті үйдегі бітпейтін күйбің тірліктен қара қайыстай болып күйген бет әлпетім мен қол-аяқтарыма, үстімдегі жұмыс киіміме, мінген анау көлігіміздің түріне қарап, сене алмай тұрғаны байқалып тұр. Енді шегінер жер жоқ екенін білген мен :

- Ия, мұғаліммін, қазір каникул кезінде қолым бос болған соң осылай қосымша жұмыс жасап, ақша тауып жүрмін,- дедім байсалды түрмен.

Оған қоса жалақымыздың мардымсыздығын, оның да уақтылы берілмейтіндігін, келіншегімнің декреттік демалыста отырғанын, отбасының жалғыз асыраушысы екенімді естіген ол:

- «Алты алаштың басын қосса, төр – мұғалімдікі», - деп Мағжан Жұмабаев айтпап па еді? Ұят болды-ау менің ұстазды сарайға жатқызып қойғаным, қателік менен болды інім,- деп өзінен-өзі ыңғайсызданған күйі қос қолымен менің қолымды сілкіледі де, төрт бұрышты үстелдің бір шетінде отырған мені сүйрелегендей төрден бірақ шығарды. Оған қоса:

- Келген бойда солай демейсің бе? Мынау шынында да ыңғайсыз болды-ау, енді сенің орның осы! - деп төрді нұсқаған күйі күйгелектеді де қалды.

Мен болсам: «О тоба! Өңім бе, әлде түсім бе?» - деп қайран қалып отырмын. Мынау қиын кезеңде мұғалімдерден абырой мен бедел кеткелі қашан? Өйткені бәріміз тұрмыстың ауыртпашылығынан ала дорба асынып, базар кезіп, көрінгеннің есігінде жалшы болып, егін егіп, мал жайып, шөп шауып күн көріс қамымен күйбің кешіп жүрген бізді ұстаз деп атамағалы қай заман?

Өз құлағыма өзім сенбей әлі отырмын. Менің ойымды сезгендей:

- Түсіндім сені, шет жағасынан мен де хабардармын. Қазір елдің бәріне оңай соғып жатқан жоқ. Бұл қиыншылықтан да өтіп, бәріміздің жүзіміз жарқырап жүретін де заман келер. Ұстаз сендер ғой ұлтты тәрбиелейтін, елдің еңсесін көтеретін! Олай дейтін себебім білім саласы түзелмей, халықтың көсегесі көгермейді. Бұл өтпелі кезеңнен де өтіп, ақ түйенің қарны жарылып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман келеді әлі. Сендер болмасаңдар мына біз қайдан шықтық. Сендерден алған білім мен тәлім-тәрбиенің арқасында осындай дәрежеге жеттік. Сондықтан, бүгіннен бастап сенің орның – менің

төрім,- деп еңсемді бір көтеріп тастады. Сонда ғана Дәнебек екеуміздің көңіліміз жай тауып, енді жалтақтамай өзімізді емін-еркін сезіне бастадық.

Ағамыз ой өрісі кең, өмірде оқығаны мен көңіліне тоқығаны көп, өте әңгімешіл адам екен. Бұрыннан сұхбаттасып жүрген ескі таныстардай әңгіме-дүкен арқылы бірден тіл табыса кеттік. Саяси тақырыптардан басталған әңгімеміз тереңдей келе сонау тарих қойнауынан сыр шертіп жатады. Екеуміз де өзекті бір тақырыпқа келгенде көзқарастарымыз сәйкес келмей, біраз сөз де таластырып қаламыз. Ол да өз пікірін дәлелдегісі келеді, бірақ, мен де қарсы уәж айтып көнбеймін. Ол кісі қанша адуынды болғанмен, мен дәлелді пікірлер айтып, айтқанымнан қайтпаймын. Осылайша екі жақты пікірсайысымыз итжығыспен, яғни, бірде оның, бірде менің пайдама шешілетін. Зейнеттегі кісі, қолы бос, әңгіме-дүкен құратын ауылдастарын іздейтін көрінеді. Ал, олардың күнделікті тірліктен қолдары босамайды. Менің мына келісім оған: «Іздегенге-сұраған» дегендей болды.

Байқаймын, менің көзқарасыммен айтылған қоғамдағы қайшылықтар оның «қышыған жеріне» дөп тиіп жатыр. Астарлы сөздермен: «Мына нарықтық экономика басталғанын қайтейін, біз, мұғалімдер болсақ, жалаңаш қалдық. Ал сіздер болсаңыздар, соншама жыл жинаған халықтың байлығын бір күнде иеленіп, байып шыға келдіңіздер», - дегенге келтірдім.

Алғашқыда біраз шамданып қалды, сосын барып қана сабасына түсіп:

- Нарықтық экономиканың заңы қатал. Баяғыдай жатып ішерлердің емес, қолынан іс келетін, білімді, шебер, іскер адамдардың заманы бұл. Мен ешкімнің ештемесін тартып алған жоқпын, совхоз тарағаннан кейін, өзіме, отбасыма тиесілі үлесімді бөліп алдым. Мемлекет бізге мүмкіндік беріп отыр, соны тиімді пайдалана білу керек. Өз тірлігін түзеп,

ебін тапқандар байығанның үстіне байи береді, ал, қолынан түк келмейтіндер сол кедей күйінде қала береді, - деп өзінің жалпақ тілімен түсіндіріп жатыр.

Дәнебек пен жеңгей екеуі болса әңгіmemізге араласпай, алыстан бағып отыр. Оларға сөз кезегін беретін де түріміз жоқ. Кезекпен-кезек әңгіменің тиегін ағытқан екеумізге қызыға құлақ түріп қана отыр.

Ағаның көпті көргені, көңілге көп нәрсені тоқығаны, білімділігі бірден байқалып тұр. Кезінде Алматыдағы көптің қолы жете бермейтін оқу орнын бітірген екен. Содан бері бірнеше жыл ауыл шаруашылығы саласында қызмет жасаған. Енді міне, зейнетте. Осылайша отырып түннің бір уағы болғанын да сезбей қалыппыз. Сол кезде ғана жатып демалу керек екені есімізге түсе қалғаны. Өйткені ертелетіп біз де күн ысымай жұмысты бастауымыз, ол кісі де өріске мал айдауы керек.

Дастархан басынан тұрған күйі:

- Әй, бәйбіше, мына екеуі бүгіннен бастап түс мезгілінде залға жатып демалатын болсын,- деп нұсқау берді.

Сасыған сарайдан құтылғанымызға екеуміз де қуанып кеттік. Ал түнге қарай өз қалауымыз бойынша даладағы құрылған тапшада жатып жүрдік. Өйткені таза ауада жақсы демаласың, сергек оянасың.

Ертеңіне таңертең барды да, бір семіз қойды атып ұрып, сойды да тастады. Ол күнгі отырысымыз тіптен керемет болды. Келгелі бері жаны қалмай жүрген жеңгеміз де дастарханды жайнатып тастап, ағынан жарылып жатыр. Тап бір бұрыннан таныс адамдар сияқты мәз-мейрам болып бір шүйіркелестік.

Күннен күнге бір-бірімізге үйренгеніміз соншалық, тап сол үйдің бір отбасы мүшесі сияқты басқа да тірліктеріне де араласып кететін болдық. Арасында бір күнге сұранып үйге барып келгеннің ертесіне бір-бірімізді сағына қарсы аламыз.

Ет таусылады-ау дегенді ести сала, машинасына мінеді де, отардағы қойға қарай тұра шабады. Мен болсам қарап отырмай:

- Көке, тамақ жетеді ғой, неге соя бересіз? - деймін.

- Тәйірі, бір тоқты деген маған не тұрады? Қарындарың тоқ болса, жұмысты да жақсы істейтін боласыңдар. Не соямын, не беремін, оны өзім білемін, - дейді шын ниетімен.

Көкеміз де қарап отырмайды, таңертең бір үйір жылқыны қорадан шығарып өріске жібереді, кешке күтіп алады. Одан бөлек, айтысына қарағанда, он гектар жерге жоңыршқа егілген, соған күтім жасайды. Сәл қолы босаса болды, ауылдан он шақты шақырым жердегі жеке шаруа қожалығына барып қайтады. Мен де бір жолы баяғы қызығушылығым ұстап, өзінен рұқсат алып, бірге барып көрдім. Ондағы ойым - нарықтық экономика жағдайындағы шаруаларға бөлініп берген жер мен малды әрі қарай қалай игеріп жатқандығын көру.

Қаракемерден шыққан күйі шаңдатып отырып, шамалы уақытта жетіп бардық. Бір отар қой мен бір табын сиыр, тағы да бір үйір жылқыны жалдап қойған малшысы бағады. Басына қора-жай, үй салып тастаған. Жайылым деген жетеді. Нағыз кәсіпкерлік деп осыны айт! Міне, байлық деген қайда жатыр? Осының бәрін көрген мен: «Шіркін маған қашан осындай байлық бітер екен?» - деп іштей армандап та қоямын. Кенеттен менің ойымды көкемнің сөзі бөліп:

- Бірақ, мен кетсем осыған еге болатын ана балаларымның түрін қарашы, Қайрат, - деп екеуіміз оңаша қалғанда маған мұңын шағады.

Онысы рас, келгелі бері бәрін байқап жүрмін. Бір баласы бөлек тұрады, үй - жай бәрін алып берген. Бір отбасыға жетерлік алдына мал да салған, бірақ оның қайда кеткенін өзі де білмейтін көрінеді. Қолы босаса болды, бөтелкеге жарма-сады, оңдырып жұмыс та істеп жүрген жоқ. Ал қолындағы

баласының мінгені - елдің қолы жете бермейтін қымбат көлік. Әжептеуір қызмет істейді, бірақ, кей күндері түнімен не бізге, не әке-шешесіне ұйқы бермейді. Жұмыстан удай мас болып келіп, жанжал шығарып жатқаны. Даладағы тапшада ауыр жұмыстан кейін талып ұйықтап жатқан біз бажылдасып жатқан дауыстардан оянып кетеміз. Басы мең-зең болып ертеңіне сүйретіліп шайға зорға келеді. Әкесі бізден де ұялуды қойып, түгін қалдырмай боқтап, жетесіне жеткізе ұрсады. Бірақ, екі күннің бірінде осы тірлігін қайталайды да отырады. Амал жоқ, осылай шала ұйқымен ертесіне жұмысты жалғастыра береміз.

Бірде шыдай алмай:

- Көке, не деген мастанғандық, ал біздің жүрісіміз мынау кісінің есігінде, ал бұлар болса мынау, күнде той-тойлап,- дедім кезекті бір жанжалдан кейін.

Ол бір күрсініп алды да:

- Шекелерінде ештеңе жоқ болған соң, қанша айтсаң да болмайды екен. Айта-айта шаршадым әбден. Маған керек пе мынаншама байлық? Керек емес! Осылар үшін жинаған жоқпын ба? - деп отыра қалып зарланғанын көргенде, тіптен жаның ашып кетеді.

Оңаша қалғанда Дәнебекке әзілімді араластырып:

- Шіркін-ай, мынаның баласы мен болсам ғой, арманым болмас еді! Шалқып өмір сүретін едім, - деймін қиялданып. Ол да менен қалыспай:

- Сен емес, мен болсам ғой, мына есектің орнына анандай темір тұлпар мінер едім,- деп, ол да менен бетер қиялға беріліп кетеді.

Содан не керек, шөп қораны да өзінің ойынан шығатындай етіп бітірдік. Өзінің өтініші бойынша, енді есік алдындағы әбден тозығы жеткен, құлауға шақ қалған сарайды жөндеуге кірістік. Таңның атысы мен күннің батысы еңбек етіп жүріп, оны да бітіргенімізде, менің жазғы демалысым бітіп, жұмысқа

шығатын уақытым да таяды. Барлық жұмыстарын бітіріп қайтатын күні тағы да бір тоқтыны сойып, қуырдақ жасап, мол етіп дастархан жасады. Рахметін жаудыра отырып, біздің тиын-тебенімізді түгелдей қолымызға ұстатып, батасын беріп шығарып салды.

Жылдар өтті...

Шынымен де баяғы Нығмет көкеміз айтқандай тұрмысымыз жақсарды. Енді есек - арба емес мінгеніміз - екiнiң бiрi қолы жете бермейтін шетелдік көлік. Кісіге жалданып жұмыс істеу емес, енді өзіміз кісі жалдап жұмысымызды істететін жағдайға келдік. Қарын тоқ, киім көк. Ұстаздық мәртебеміз де көтерілді. Осы жылдар аралығында талай рет төрге шықтым. Бірақ баяғы Нығмет ағаның аузы дуалы екен. Осы күнге дейін сол төрден түскен емеспін.

Балалық шаққа саяхат.

Мен шыр етіп дүние есігін ашқан күн бір мың да тоғыз жүз алпыс бірінші жылдың оныншы сәуірі екен. Дүниеге ұл келді, артымнан ерген «тұяғым» деп әкем қатты қуаныпты. Есімімді «әне қоямыз», «міне қоямыз», деп жүргенде он екінші сәуір болады. Сол күні ғарышқа Юрий Гагарин ұшады. Бұл бүкіл әлем үшін маңызды оқиға болғандықтан, барлық ақпарат құралдары жарыса кеп жар салады. Сол кезде жалпы адамзат баласы үшін бұл үлкен жаңалық еді. Ғарышты бірінші болып игеру үшін Кеңес Одағы мен АҚШ өзара бәсекеге түсіп жатқан уақыт. Ол кезде теледидар малды ауылда қайдан болсын, газет-журналдар уақтылы жеткізілмейді, малшылар үшін бірден-бір қолжетімді ақпарат құралы радиодан естиді бұл жаңалықты. Онда да космос деген ұғымды түсінбегендіктен «адам баласы алғаш рет айға ұшты» деп қабылдайды. Осыдан кейін мынандай маңызды тарихи оқиғаға желпінген,

коммунистік идеологияның ықпалындағы өзі коммунист менің әкемнің ойы бұзылады да: «Мен ұлымның есімін Юрий қоямын», - деп шешім қабылдайды. Шешем болса, ешуақытта әкеме қарсы келген емес. Негізінен, қазақтар ат қоюға шебер ғой. Сол кездері мұндай қазаққа басқа тілден кірме есімдер көп кездесетін. Мысалы, мынандай да есімді көп қоя беретін, Мэлс яғни, Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин сияқты маңызды тұлғаларға немесе Марсель, Советбек, Совхозбек, Сайлау сияқты маңызды оқиғаларға, басқа да түрлі себептерге байланысты осылай атай беретін.

Мысалы, менің әріптесім Нұркеннің әкесінің есімі - төлқұжат бойынша Афанасий. Бірақ, оны елдің бәрі Амантай деп атайды. Оқиға былай болған екен. Амантайдың әкесі соғысқа кеткен кезде ол іште қалған. Жаумен жағаласып соғыста жүрген әкесі Шерім: «Ұл туса, есімін менің қанды көйлек досым Афанасийдің есімімен атаңдар!» - деп елге хат жазады. Өйткені, қарулас досы Афанасий екеуі талай қырғынды бастан кешіп, аман қалады. Айтылды бітті, сұм соғыстан азаматымыз аман оралса екен деп жанын шүберекке түйіп отырған мұндағылар есімін солай деп атаған. Кейіннен айтуға қиынсығандықтан, Амантай аталып кеткен. Ал, әкесі сол сұм соғыстан елге оралмайды.

Сонымен не керек, мен дүниеге келгеннен кейін бір ай ма, әлде екі ай ма уақыт өтеді. Бірде: «Немерелі болдым!» - деп алыстан ат арылтып атам келеді. Мені қолына алып, бауырына басып, мауқын басқан соң :

- Бұл шақалақтың есімі кім? - деп сұрайды.

- Немереңіздің есімін Юрий деп атадық,- дейді әкем қуанышын жасыра алмай.

- Қазақша есім таппадыңдар ма? Неге жаман орыстың атын қоясыңдар?- деп атам кәдімгідей ашуланыпты.

Имандылық жолын қатты ұстанатын ол, орыс атаулыға қырын қараушы еді. Кетерінде: «Алғашқы немеремнің есімін

өзім қоямын, аты - Қайрат !» деп есімімді қойып кетіпті.

Осыған байланысты бір оқиға есіме түсе береді. Сонау сексенінші жылдары Чита қаласында әскер қатарында жүргенімде бір қызық болды. Бірде біраз солдаттарды басқа жерге екі аптаға іссапарға жіберді. Түскі асты көпшілік тамақтанатын сол кәсіпорынның жұмысшыларына арналған асханадан ішеміз. Барғаннан-ақ менің бір байқағаным: бір аспазшы орыс әйел тамақтанып жатқан кезде үнемі біз жақа қарағыштай береді. Ойладым: « Бізді біреулерге ұқсатып тұрма? Әлде бірдеңе сұрауға бата алмай жүр ме?» - деп. Бірде тамақ ішіп болып орнымыздан тұрғанымыз да сол еді, әлгі әйел мен жанындағы екеуі жанымызға келіп амандасты да:

-Қазақстаннансыңдар ма ? Қазақсыңдар ма?- дегені.

- Ия,қазақпыз,- дедік бәріміз жамырай.

Жасы кішілеуі жанындағыға қарап :

- Білесің бе, Валя, менің әпкем Қазақстанда тұрады, бір қызық жері бұлардың есімдерінің бәрі белгілі бір мағына береді, тіптен дәлме-дәл аудармасы бар. Сенбесең өздерінен сұрап көрейін бе?- деп бізге қарап бір жымыды. Мұны естігенде біздің ішіміз жылып сала берді.

- Шынымен айтып тұрсың ба?- деді екіншісі таңданысын жасыра алмай.

Тұрған жеті-сегізіміз де қазақ болатынбыз. Ішіндегі ересектеуі, орыс тілін басқаларға қарағанда тәуірірек білетін мен едім. Бірінші болып тіл қаттым:

- Ия,дұрыс айтасыз, барлығымыздың да есіміміздің аудармасы, мән-мағынасы бар. Мысалға менің есімім - Қайрат. «Күшті,қуатты,қайсар» - деген мағынаны білдіреді,- деп өзімнен бастадым да ары қарай шұбырта жөнелдім. Мына жігіттің есімі - Бауыржан, «бауыр етімнен жаралған», «жақыным» дегенді білдірсе, ал мына тұрған жігіттің есімі - Амангелді, яғни, «бұл дүниеге аман-есен келді» деген мағынада қойылған. Сонда екеуі де таңданғаннан ауыздарын

ашып, бастарын шайқады.

- Қандай керемет! - деп онан әрі қызыға түсті. Мен болсам, әрі қарай түсіндіріп жатырмын.

- Ал, мына жігіттің есімі - Жұмабек, яғни, жұма күні дүниеге келген, ал бұл күн мұсылман біз үшін қасиетті күн, сондықтан осылай атаған,- деп таныстыруды ары қарай жалғастырдым.

Келесі тұрған Қоңырат болатын, оны қалай орысшаға аудару керектігін ойланып қалдым. Өйткені орысшаласаң «Коричневая лошадь» деп аударылады, оның үстіне оның есімінің мағынасын мен білмеймін де. Бірақ, Қоңырат деген ру бар екенін білемін. Әдемі басталған әңгімеміздің шырқын бұзбайын деп, оны да бірдеме етіп аударып бердім.

Келесі тұрған Қалдыбай етін. Оның да туылған кезде денесінде үлкен қалы болғандықтан, ырымдап осылай атағандығын түсіндірдім.

- Қандай дана халықсыңдар! Есімдерің қандай әдемі! Жақсы мағынада қойылған екен,- деп бастарын шайқап жатыр.

Біреулердің: «Адамға қойылған есім болашақта оның тағдырына әсер етеді»,- деп айтқанын естігенім бар. Бұның қаншалықты рас екенін басқалар айта жатар. Ал мен жеке өзім өз есіміме көңілім толады. Бұрынғыдай «Итбай», «Бескемпір», «Талқанбай» деп қойып жібермегеніне шүкір.

Кейінірек көпті көрген үлкен бір кісімен әңгімелесе қалғанымда менің есімімді сұрап білгеннен кейін, маған қарап ойланып тұрып:

- Осы есім саған ауыр соғып жүрген жоқ па ?- деп сұрағаны болар ма?

- Неге олай дейсіз?- дедім мен бұл сұрағына таңырқай.

- Кім қойса да ауыр есім қойған екен, өмірде кездесетін ауыртпалықтарға төтеп беру үшін, қажымас қайрат бойында болсын деген мағынада қойған,-деп түсіндіріп берді.

Мен ойланып қалдым, бірақ, бұрын бұған аса мән бер-

ген емеспін. Осыған байланысты өткен өмірімді ой елегінен өткізетін болсам, шынымен де өмірімнің бәрі бейнетпен, арпалыспен өтіп жатқаны рас. Басқалар деген жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп, жетістіктерге жетіп жатса, мен керісінше маңдай терімді сыпырып, арқа етім - арша, борбай етім борша болып жүріп еңбек етіп жетеді екенмін. Ал, сыртымнан біреулер ойлайды: «Бәрін оп-оңай, қалпақпен соғып алды», - деп.

Еңбек ету дегенді мен шаруаның баласы болғандықтан тым ерте бастадым.

Мен ес білгелі әке-шешем малдың соңында келеді. Колхоздың сиырын бағатын. Бұл оңай шаруа емес, малдың жайымен жайылым қуалай отырып, қысы - жазы көшіп-қонып жүреміз. Бірде Аса өзенін немесе көл жағалай қоныстансақ, бірде егін алқабы орылып бітті деп жаздай мал тұяғы тимеген аңызға қарай көше жөнелеміз. Кей жылдары шөбі мол, қысы жайлы жерге малды айдай отырып, жолда төрт-бес түней, Мойынқұмға жетіп, сонда қыстап шығатынбыз. Тіптен сонау ауа райы салқын, жайылымы кең, шөбі шүйгін Сарыарқаға да малды Бетпақдала арқылы айдап өтіп, жаздай сонда болған кездер де болатын.

Төрт-бес жасымнан бастап малшының баласы болғандықтан, ат жалын тартып міне бастадым. Ауыл төңірегіндегі малды қайыру, қолдағы малға жем-шөбін, суын беру, отын әкелу сияқты бітпейтін жеңіл-желпі жұмыстарды еш қиналмай атқара беретінмін. Сәл қол босаса болды асық шиырып немесе шекемтас ойнаймыз. Ойын баласы емеспіз бе? Одан қала берсе басқа балалармен бірге өзенге барып шомылып, балық аулап кештің қалай бата қалғанын білмей қалатынбыз. Тек сонадайдан айқай салып шақырған дауыс естілгенде ғана үйге қарай алды-артымызға қарамай зымыраймыз. Өйткені бұзуларды айдап келу, сиырдың кешкі сауынына жәрдем беруіміз керек. Одан қала берді кешке дейін мал жайып келген әкеміздің атына жем

беру, болған соң тұсап, жайылымға жіберу сияқты бітпейтін күнделікті күйбің тірлікті атқарып жүріп, түннің жарымы болғанын байқамай қалатынбыз. Шаршап-шалдығып отырып 6 тамақ ішкен бойда төсекке құлай кетуші едік. Таңертең ерте тұра салысымен, қайтадан сол бір бітпейтін тірлік басталады. Осылайша зымырап жаздың қалай өтіп кеткенін аңғармай да қалатынбыз. Содан тамыз айының ортасынан бастап шаң борап, қыркүйектен бастап күн суытып, қазаннан жауын – шашын басталады. Қар түскенге дейін баспанамыз - киіз үй. Көшіп қонуға ыңғайлы етіп жасалынған алты қанат киіз үй. Жел тұрса іші азынап кетеді, күн ыстықта іші қапырық. Жаздың аптап ыстығында тек үйді айнала киіздерді түріп қойып қана жан сақтайсың. Кейде осы киіз үйде қыстап шығатын кездерді де көргенмін. Сыртынан екі қабат киізбен қапталады. Еденнің орнына қамыс немесе шөп төселінеді. Алғашқы жылдары ортаға сексеуіл, жүзген немесе көң жағып жылытатын. Тамақ істеу үшін темірден жасалынған үш аяғы бар темір ұшашаға қазан ілініп, ас-су сонда пісірілетін. Бықсыған түтінін үйдің төбесіндегі киіз түндікті ашып сол арқылы сыртқа шығаратын. Үстіңдегі киім де, жататын төсек орын да, бәрі де ыс сасып кететін. Кейіннен жетпісінші жылдары ғана жаппай темірден жасалынған, мұржасы бар темір пештермен қамтамасыз ете бастады. Сонда ғана сәл де болса көзіміз ашылып қалды. Қыс түсе жем-шөп қоры жасалған қыстауларға қоныс аударамыз. Онда малшыларға арнап салынған қоржын тамдар бар. Кіре беріс шағын бөлмеден екі жағына екі отбасы тұратындай етіп төбесі қамыспен жабылған баспана. Бір тәуір жері іші жып-жылы, таң атқанға дейін бір суымайды.

Міне, сол кездегі малшылардың тұрмыс тіршілігі осындай етін. Ал қазір мүлдем басқаша. Өткен жылы жол түсіп, сол балалық шағым өткен жерлерді біраз шарлап қайттым. Баяғы колхоздың егістік жерлері, жайылымдар мен малға арналған қора жайлар, кезінде терең қазылған құдықтар жеке шаруа

қожалықтарының меншігіне өткен. Шаруаларын дөңгелетіп отырғандар әдемі етіп басына үй салып алған, спутниктік антенна мен мемлекеттік бағдарлама арқылы орнатып берген күн батареялары алыстан мен мұндалайды. Аулада тізіліп тұрған ауылшаруашылық техникалары. Үйдің ішіне кіре қалсаң қаланың квартираларынан бір кем емес. Теледидар, тоңазытқыш, кондиционер мен аспаздық неше түрлі құрылғыларды көргенде шынымен де мына үйде малшылар тұратынына күманданып қаласың. Осының бәрі күн батареялары арқылы өндірілген электр энергиясымен жұмыс істейді. Онымен қоса, үйге су кіргізілген, арнайы жуынатын бөлмеге дейін қарастырылған. Тіптен малды техникамен бағатын болған. Бұрынғы ат арбаның орнына қазір зулап тұрған тіркемесі бар шетелдік автомобиль. Аттың орнына орнынан атырылып тұрған мотоцикл мінеді.

«Елу жылда –ел жаңа», - деп бекер айтылмаған. Кешегінің бәрі келмеске кеткен. Жаңа ғасыр келді, адамдар өзгерді. Коммунизмнің заманы өтіп, нарықтық экономика заңы бойынша өмір сүріп жатырмыз.

Сол бір жылдарда.

Атам қамшының сабындай бұл қысқа ғұмырдан өтерінде, ауыр науқастан ұзақ уақыт төсек тартып жатып қалды. Мінезі ауыр, сөзге тұйық ол кісі өмірінде көп нәрсені басынан өткерсе де, тіс жарып сырын әркімге айта бермейтін. Тек: «Менің көргендерімді сендердің бастарыңа сала көрмесін,»- деп Алла тағаладан біздің саулығымызды тілеп отыратын. Ауруы жанына батып, қатты қиналғанда ғана: «Жазықсыз адамдар алдында жасаған күнәм үшін Жаратушы мені азапқа салып жатыр-ау?» - деп айтып қалғаны бар. Бұл сөздердің астарында не мағына жатқанын бозбала біз қайдан білейік? Мән –жайдың аныққанығына кейінірек барып қана көз жеткіздік.

Ауылдың бетке ұстар, бақуатты әкесінің арқасында еш қиыншылық көрмей өсті. Жастайынан ауыл молдасынан ескіше білім алды. Оңы мен солын танып үлгерген уақытынан бастап әкесімен бірге тірлікке араласты. Әкесі бақилық болғаннан кейін қалған мал-жанның қамы өзіне қарап қалды. Қысы-жазы солардың қамы үшін аянбай еңбек етті. Бір кісідей күн кешіп жүрген күндердің бірінде, орнағанына біршама уақыт болса да тыныш жатқан Кеңес үкіметіндегі жағдай шала бүлінді. Голощекин жаппай коллективтендіру науқанын бастады. Қазақстанға «Кіші революция» орнатпақшы болды. Күнде ауыл-ауылға шолақ белсенділер келіп, үкіметтің сол саясатын насихаттап, жиын өткізіп жататын. «Байлардың бар малын кәмпіскелеп, өздерін бала-шағасымен қоса ит жеккенге айдатады екен», - деген алып қашпа сөздер ел құлағына жетіп жатты. Атам енді ел ішінде тыныштық болмайтынын іштей сезді. Көп кешікпей-ақ, тура сол айтқандай болып шықты. Малы барлардың, ауқаттылардың басына қара бұлт үйірілді.

Кеңес үкіметі орнамай тұрып -ақ әкесі Отарбай бақилық боларын сезді ме, артында қалған бала- шағаның ішіндегі сауаттысы, бас көтерер өзін жеке шақырып алып:

- Ақыр заман деп айтпай-ақ қояйын, бірақ бір қиын заман келе жатыр, балам. Оны маған құдай көрсетпей-ақ қойсын. «Тоз-тозың шығып, бастарыңның қайда қалғанын білмей қаласындар ма?»- деп қорқамын сендер үшін. Ағайын алауыз болмай, қандай қиыншылық көрсендер де бірге болындар. Менен қалған мал-мүлікке де қызыға бермеңдер. Менің дәулетім сендердің бастарыңа бәле болып жабысуы мүмкін. Сондықтан да уақыты келген кезде ағайындарға, жарлы-жақыбайларға таратып беріңдер,» - деп айтып кетіп еді.

Көп уақыт өтпей-ақ ақ пен қызылдың соғысы басталды. Әкесінің айтқандарының бәрі дәл келді. Кеңес үкіметі орнады. Сонда ғана әкесінің айтқаны есіне түсіп, малдың біразын елге таратып берді. Қалғанын өзіне қалдырды. Мал деген көздің

жауы емес пе? Неше жыл бойы тірнектеп жиған малды көзі кимады. Бірақ : «Атаның малы балаға мал болмас», -дегендей, енді соның бәрінен де айрылатын түрі бар.

Айтқандай-ақ: «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын!», деген ұранмен қалған малды да бірақ күнде кәмпескелеп алды да кетті. Он шақты уақ мал мен бірлі-жарым қара малды қалдырғандарына шүкіршілік етті. Бір жақсысы бастары аман, ешкімді ешқайда айдатқан жоқ.

Тіптен басынғандары соншалық, атадан балаға мұра болып келе жатқан қара шаңырақты жасауымен жығып алып кетті. Бар малдан айрылып, қараша үйде қалған жыл 1928 –дің күзі еді.

«Көппен көрген ұлы той»- дегендей елмен бірге қалған мал мен азын -аулақ егінді күнкөріс ете отырып, 1932 жылға да жетті. «Жұт жеті ағайынды» - деп бекер айтпаған. Сол жылы бұрын - соңды болмаған қуаңшылық болып, еккен егін шықпай, шөп көктемей, ел ашығып, қалған азын-аулақ малдар да қырыла бастады. Шолақ белсенділер қайта атқа қонды. Бай-құлақтың тұқымы деп қайта тергеуге алып, қалған бірлі-жарым уақ мал мен қараша үйді де алып кетті. Онысымен қоймай: «Қалған мал қайда?» - деп, күніге есікке тыныштық бермеді. Әбден әуреге салғаны болар ма? Әкіреңдеген шолақ белсенділердің қорлығына, аштыққа шыдамай, амалдары таусылған соң, туған ел Ақшуақты, туған жер Шошабайды тастап, түнделетіп бас сауғалап қашуға тура келді.

Құмтүйінге барып нағашыларын паналады. Ел іші емес пе? Өздері аш құрсақ отырса да, талғажау етіп отырған ас-суымен бөлісті.

Жергілікті белсенділер көпке дейін бұларға сенімсіздікпен қарап, екі қолға бір жұмыс бермей әбден сандалтты. Еңбекқор, қандай іс тапсырылса да тындырымды орындайтын, ескіше алған білімі бар, оған қоса жаңадан ашылып жатқан сауат ашу мектебіне барып жүріп жаңа әліпбиді де үйреніп алған атам

білімділігімен бірден көзге түссе керек. Осының арқасында ар-
тельге жұмысқа тұрды.

Бірде аш,бірде тоқ, әйтеуір, өлместің күнін көріп жүрген
күндердің бірінде:

«Басқармаға тез жетсін!»- деген хабар келді. Ести сала
екі өкпесін қолына алып жетіп барды. Олай етпей қайтсін?
Күнделікті сенімсіздіктен, тексерулерден әлі құтыла
қоймаған кез. Басқармаға кіре салысымен күндегідей емес,
шақырғандардың ішінде бұған тесіле қарап отырған НКВД-
ның екі бірдей қару асынған уәкілін көргенде, ішінен бір
жамандықтың боларын сезіп, денесі мұздап сала берді.
Басқалардың індемей бұған қарағыштай бергені де онан сайын
үрейлендіре түсті.

- Мына керуенге теңделген азық-түлікті төменгі Таласқа
жеткізу керек. Соған сен жол бастап барасың, - деді уәкіл.

Бағана жүгіре басып келе жатқанда, теңдерімен бірге
шөгіп жатқан түйелерді кеңсе маңынан байқаған. Әрі-бері өтіп
жатқандардың керуені шығар деп ойлаған.

Мұны естігенде онан сайын үрейленген атам:

- Жағдай мынандай болып жатқанда мен ол жаққа қалай
барамын? Олай қарай жол жүру қауіпті ғой! - дейді даусы
дірілдей.

Айтқан сөзінің жаны бар. Барлық жерді аштық жайлаған.
Аш құрсақ, жан сауғалаған ел төменгі жақтан күнкөріс іздеп,
күнделікті Әулиеата жаққа қарай ағылып өтіп жататын. Жолдың
бойындағы ел өз нандарын зорға тауып жеп отырғанда, үйме-
үй қайыр сұрап маза бермейтін.Түн баласына есік ашудың өзі
қауіпті болатын.

Аштан өлгендердің кейбірінің мәйіттері тіптен далада
көмусіз қалып, ит –құсқа жем болып жатты. Ол жаққа бару -
өлімге бас тігумен бірдей. Осыны айтқаны сол еді:

- Сенсіз де білеміз не болып жатқанын, бар жолға дайын-
дал! Азық-түлік қайткенде де тиісті жерге жеткізілуі керек!-

деп айқайлап жіберді уәкіл.

Лажсыздықтан көнуге тура келді. Өйтпесе бір үйлі жан өзіне қарап отыр. Олардың күні мұнсыз не болмақ? Бұйрыққа бағынбаса аяғы не боларын өзі де жақсы біледі. Мән-жайға байыптап қараса, бұл жердегілер мұны түртпектеп: «Ол жақтың жолын осы жақсы біледі», - деп әдейі көрсеткен сыңайлы. Онысы рас, жастайынан малмен бірге көшіп -қонып жүріп, талай рет шарлаған. Бірақ қазіргі сапардың аяғы не боларын ойлағанда, үнжырғасы түсіп кетті. Түнерген күйі үйге барып бар жағдайды айтып, бала-шағасымен қоштасып, жол камын жасап, керуенді бастап төменгі Таласқа қарай бет алды. Мінген түйелері артылған ауыр жүктің салмағынан теңселіп, аяқтарын әрең басады. Келе жатып әр жерде көмусіз қалған өліктерді көргенде денесі түршігіп кетті. Жанынан өткенде иісі қолқанды қабады. Мінген түйелері де бірденені сезгендей үркіп, құлақтарын қайшылап, үстіндегі жүктің салмағына карамай, мәйіттерді сонадайдан айналып өтеді. Төрт түліктің ішіндегі ең киелісі емес пе? Оларға дейін сезеді екен-ау.

Көделінің жазығына жетіп, бір қыр асқаны сол еді, аш-жалаңаш шұбырып келе жатқан адамдар бұларды көре сала, жан далбаласалап, айқайға басып жүгіріп келеді. Жүгірді дегені болмаса, ішіндегі әлділері ғана жетіп қалды да, қалғандары ілесе алмай, орта жолда қалып қойды. Әбден аштықтан әлсірегендері болар, кейбіреулері орындарынан да қозғала алмады.

Бұлар көргеннен –ақ бағыттарын өзгертіп, айналып өтпекші болып басқа жаққа бұрғанмен, жүгі ауыр түйелермен ұзап кете алмады.

Аналар болса ажалдан араша тапқандай айқайға басып жақындап қалды. Қару асынған қызыл жағалыларды көре тұра сескенетін түрлері жоқ.

- Құдай үшін жүрек жалғар бірдеңе беріндерші, бала-шағамызбен аштан өлетін болдық. Сусындарың бар ма? Нан

беріндерші,нан! - деген жалынышты үндері естіледі.

- Тоқта! Жақындама,атамын !—деген НКВД-ның адамдарының сөздеріне құлақ асар емес. Бастарынан асыра оқ атылғанда ғана алдыңғылары тоқтай қалғанмен, жанкешті екеуі түйелерге жетіп, бас жібінен ұстап шөктірмекші болып әрекеттеніп жатыр. Айқайға тіптен құлақ асар емес. Түк шықпасын білген түйедегі НКВД-ның адамдары аямады, жармасқандарды атып тастады. Қанша аш болса да басқаларына жан керек екен, қайтып жоламады. Өліктерді құшақтап жылап, бұларға бар білетін, сай-сүйегінді сырқырататын қарғыстарын жаудырып, аңыраған күйі қала берді. Ұзап кеткенше дауыстары бір сембеді. Осылардың бәрін көріп тұрып шошынғаны сонша, құлақтары бітеліп, жаны түршігіп кетті.

Енді сақтанбаса болмайтынын түсінгеннен кейін, елсізді бетке алып жүруге тура келді. Бәрібір жол-жөнекей аштар кездесіп, сол көрініс бәз-баяғыша қайталанып жатты. Мұндайда адам шыдайды-ау, бірақ түйелерді тынықтыру керек қой. Амалсыздан аялдайтын да кездер болды. Бірақ кезектесіп күзетке тұрып сақтанды.

Осылайша күнімен-түнімен жүріп отырып, діттеген жерге де жетті-ау, ақыры. Мұндағы жағдай шынында да адам шошырлықтай екен. Бірден-бір күнкөріс көзі мал қырылып біткен соң, жаппай аштық жайлаған.Түрлеріне қараудың өзі қорқынышты. Ол жерде қалудың өзі қауіпті болғандықтан, азық-түлікті тиісті жерге өткізе салысымен, кейін қайтуға тура келді.

Қайтарда жүктері жоқ түйелермен елсіз жерлерді бетке ала отырып, ешкімге соқтықпай ауылға жетті. Болды, енді құтылдым ба десе, бұл көретінінің басы ғана екен. Шыбын жанын шүберекке түйіп, тағы да бірнеше рет баруға тура келді.

«Ең жаным батқаны, солардың ішінде мені танитын бірлі-жарымдары мені көргенде үміт оты жанып, маған қарай қол ұшын беретін болды деп қуана жүгіргендерін қайтейін, жолай

оққа ұшып жатқандарын көргенде, ет жүрегім сыздап кетті. Бір үзім нан үшін өлімге бас тігіп аңыраған ананың, күңіренген әкенің, шырылдаған бала-шағаның үні құлағымнан әлі кетпейді. Солардың қарғысы мені оңдыра ма?» - дейтін атам.

«Былай жүрсең-арба сынады,былай жүрсең-өгіз өледі»дегендей, бұйрықты орындамаса - халық жауы. Азық-түліктен айрылса - социалистік меншікті талан-таражға салдың деп, атып тастайтын анық. Сол заманның қатал заңы ғой. Нағыз қызыл террордың күшінде тұрған кезі. Ешкімді де аямайтын.

Атамның көзіне жас ала отырып айтып берген осы әңгімесін естігенімізде, төбе шашымыз тік тұрып, сенер –сенбесімізді білмедік. Өмірде тұщыдан гөрі ащының дәмін көп татқан атам, сол жасалған күнәға солақай саясат пен әпербақан атқамінерлермен бірге өзін де кінәлі санайтын.

Арада біраз жыл салып, Ұлы Отан соғысы басталды. Ел басына күн туған сол сын сағатта өзі сұранып майданға аттанды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» - дегендей, сол жойқын соғыстан аман-есен, абыроймен елге оралды. Келе салысымен қызу еңбекке араласты.

Ата мекенге оралудың сәті кейін ғана түсті.

Құмтүйінді тастап, туған елге енді баяғыдай бай-құлақтың баласы емес, нағыз азамат болып оралды. Мұндағы ағайындар да қайта қауышқандарды шын ықыласпен қабылдады. Еңбек жолы мұнда да жалғасты. Балалы –шағалы болды, өсіп өнді. Өмірінің соңына дейін бес мезгіл намазын қаза қылмай, Аллаға құлшылық етумен бұл фәниден 1987 жылы өтті.

Атамның осы әңгімесін еске алғанда мәңгілік тасқа өшпестей өсиет жазып кеткен, бүкіл Түркі жұртының басын құрап, айбынды мемлекет құрған Күлтегін бабамыздың:

«Аштықта тоқтықты түсінбейсің,

Бір тойсаң, аштықты түсінбейсің!» -деген сөздері ойыма түседі. Не деген ғажап көрегендік бұл?!

ҰСТАЗЫМ – ҰЛАҒАТЫМ, ҮЛГІ-ӨНЕГЕМ

(Әссе)

Ата-анам колхоздың малын бағатын. Малшының баласы болғандықтан таң қылаң бере малдардың улап-шулаған даусынан ерте оянамыз. Орнымыздан тұра салысымен, беті - қолымызды жуар-жумастан олармен қабаттаса күнделікті тірлікке біз де араласып кетеміз. Бес-алты жасымнан бастап үлкен кісілерден бір қалыспай атқа мініп, мал қайтару біз үшін үйреншікті тірлік болатын. Даланың табиғаты қандай керемет! Әсіресе, ерте көктемде айнала көк майсаға көмкеріліп, қырға қызғалдақ шыққан кез, біз үшін ең керемет, естен шықпайтын уақыт еді. Құшағымызды неше түрлі гүлге толтырып жапа тармағай үйге қарай жүгіріп, құшақ-құшақ гүлдерді анамызға сыйлайтынбыз. Ол кісінің қуанғанын көрсең. Маңдайымыздан иіскелеп, бар жылы сөздерін жаудырып, аналық мейірімін одан сайын төге түсетін.

Содан, 1968 жылдың жазы аяқтала бере, бір күні анам мені қалаға ертіп келді де, шыртай етіп киіндірді. Менің қуанышымда шек жоқ. Үйге келген соң, үстімдегі судай жаңа киімдерімді көпке дейін шешпей, оларды әбден әбігерге салғаным бар. Соңғы кездері мені бұрынғыдан да көп айналып – толғанатынын бала болсам да байқап жүретінмін. Сөйтсем, жасым жетіге толып, менің бірінші сыныпқа баратын мезгілім болған екен. Ал, анам күн жақындаған сайын менің оқуға кететінімді ойлап сары уайымға салынып жүр. Айтыстарына қарағанда Асадағы интернатта оқитын боламын. Ол жайлы екеу- ара ақылдасып, шешіп те қойған. Ойын баласымын ғой, оған мен аса мән бермеппін де. Бірақ «оқисың» дегеннен бастап өзімше іштей қуанып жүрмін. Мен үшін енді жаңа өмір кезеңі басталмақ.

Бір күні әкем екеуміз малшыларға ауыз су таситын

автомашинаға міндік те, Асаға қарай тартып отырдық. Баратын жеріміз шалғай. Жол - жөнекей кездескен дүкенге тоқтап, әкем маған түрлі тәттілерді әперіп, асты-үстіме түсуде.

Аса ол кезде аудан орталығы емес, жай ғана темір жол стансасы. Тұрғындардың да саны шамалы болатын. Жамбыл қаласынан Қаратауға қарай созылған темір жол бойындағы осы ауылда екі-үш көше ғана бар. Тұрғындарының басым көпшілігі - соғыс кезінде жер аударылған немістер, гректер, орыстар және басқа ұлт өкілдері. Жол-жөнекей жүргізушімен әңгімелесіп келе жатқаннан бала болсам да ұққаным: оқитын жерім - малшылар мен жағдайы төмен отбасыларға арналған интернат.

Интернат ауласына кіргеннен мұндайды бұрын көрмеген мен таң қалғаным соншалық, аузым ашылды да қалды. Бұрын - соңды мен бірдей киінген мұншама көп баланы көрмеппін. Бәрі де шат-шадыман күйде аулада асыр салып ойнап жүр. Бір-біріне су шашып ойнап жүрген балалар, жоғарыға су атқылап тұрған аула ортасындағы үлкен фонтан, зәулім үш қабатты сары түске боялған мектеп пен жатақхана, бәрі - мен үшін таңсық...

Аузым ашылып айналаға қарап таң қалған мені әкем сүйрелеген күйі, мектептің ішіне кірдік те кеттік. Мені сол күйі дәлізге қалдырды да, өзі ешкімді тыңдамастан бір бөлмеге кірді де кетті. Кейін білдім, осы интернаттың директоры Қапаш Тасболатовтың кабинеті екен. Есігінің алды тола кезек күтіп тұрған адамдар қарасы көп. Бір кезде қабылдау бөлмесінде отырған хатшы мені жетелей ішке кіргізді. Төрде ұзын бойлы, қап-қара шашын артына қайырған, түсі жылы, сымбатты келген кісі отыр. Сөйлеген сөздері құлаққа өте жағымды. Әрбір сөзін нықтап тұрып айтады екен. Біраз жөн сұрасқаннан кейін, екеуінің бірдеңеге келісе алмай тұрғанын байқап тұрмын.

- Әй, Сейітқұл, ала алмаймын балаңды, қарашы мына

тізімге, биылғы бірінші класқа баратыны онсыз да қырық бала болып тұр. Қалай қабылдаймын? - деп қолындағы тізімді көрсетіп, Қапаш ағай күйіп піседі.

Ал, әкем болса тыңдайтын түрі жоқ, қайта онан сайын мені қабылдау керектігін айтып қолқа салуда.

- Қыркы сыйған жерге қырық біріншісі де сияды, - деп айтқанынан қайтпайды. «Бетпақ жеңеді, момын көнеді» дегендей ақыры, көнді Қапаш ағай. «Әкем тастап кетсе күнім не болады?» - деген менің қорқынышымды сезді білем, ағай орнынан тұрды да менің қасыма келіп, мейірлене бір қарады да, басымнан жып-жылы алақанымен бір сипады.

Сонда ғана менің бойымнан қорқыныш сезімі аздап сейіліп, айналадағыларға үйрене бастадым.

- Қорықпа, әлі-ақ үйреніп кетесің, балақай! - деді де, хатшыны шақырып, сол сыныптың тәрбиешісін алып келуді тапсырды. Сәлден кейін сүйкімді келген, тобығына түсетіндей шашын басына түйіп алған, даусы жанға жайлы бірінші кластың тәрбиешісі кіріп келді.

– Ұлдаркүл, қосып ал мына баланы,- деді қолымен мені нұсқап.

Ол кісі болса бірдеңе айтқысы келгендей жалтақтап директорға бір, маған бір қарады да, үндеместен мені жетектеген күйі бөлмеден шықты да кетті. Жыламсырап бара жатқан мен басымнан сипағанынан-ақ ендігі жанашырым осы кісі болатынын сезіп келемін.

Кейін білдім, бұл келісіміздің де өзіндік сыры бар екен. Қапаш ағай мен менің әкем бір ауылда, бір көшеде тұрып, бір мектепте оқыған екен. Нағашы - жиендік жақындықтары да бар. Бала санына қарамай мені алғанының да бір себебі сол екен. Сонымен әкем мені қалдырды да, жөніне кетті. Жыламсыраған күйі мен қалдым.

Тәрбиеші Ұлдаркүл әпкейім жетелеген күйі шұрқыраған

топ балаға қосты да жіберді.

-Интернатта оқып жүр,

Талай қазақ баласы.

Жаңа өспірім, көкөрім,

Бейне қолдың саласы. - деп дана Абай айтқандай, жан-жақтан жиналған үш жүз алпыс баланың бірі болып шыға келдім.

Ішіндегі пысықтау бір-екеуі бұрынырақ келген-ау шама-сы, жыламсырап тұрған менен:

- Атың кім? Қайдан келдің? - деп сұрап жатыр.

Туғаннан менің бойым кішілеу, тыриған арық болатынмын. Сап түзеп тұрған балалардың соңғы жағынан тиді орын. Сонымен қаздай тізілген қырық бір баланың бірі болып ең алдымен жатақханаға бет алдық. Үлкен бөлмедегі қатар-қатар тізілген темір төсектерге, үшбұрышты етіп бір реттілікпен жиналған жастықтарға, қатар қойылған тумбочкаларға таңдана қараймын. Оның үстіне мынандай ат шаптырым бөлмені де алғаш көруім. «Бір бөлмеде осыншама терезе болады екен –ау!» - деп таң қалып жүрмін. Апайымыз бәрін көрсетіп таныстырып келеді. Айтқандарының бірін ұқсам, бірін ұқпаймын. «Көппен көрген ұлы той» дегендей менің интернаттағы өмірім осылай басталды да кетті. Мені тағы да бір таң қалдырғаны - үлкен асхана мен ондағы бір мезгілде көп балалардың улап-шулап отырып тамақ ішкені. Ыдыс - аяқтың сылдыры мен балалардың шуы құлақ тұндырады. Мұндайда аңқиып отыра беруге болмайды, тезірек тамақтанбасаң, аш қаласың. Үйдегідей көл-көсір айран мен сүт, ірімшік пен құрт, күнделікті жаюлы дастархан мұнда жоқ. Бәрі де қатаң кесте бойынша реттелген. Ойын баласымыз ғой, доп қуалап жүріп, талай рет аш қалған кездеріміз болды.

Алғаш рет қолыма қалам алып, кітап ұстағаным да күні бүгінгідей көз алдымда. Бірінші кластың мұғалімі Лютфулла деген қатал ағай болатын. Ол кісі сабақ берген кезде,

бөлмеде шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық орнайтын. Тәртіп бұздың - бітті, бұрышқа теріс қаратып қоятын. Бұдан өткен жазаның ауыр түрі балақайлар үшін жоқ болатын. Ұстазымыздың жұбайы, Мәдина апай, сондай бір керемет кісі болатын. Мектептің асханасында аспаз болып істейтін. Тамақ дайындап жатқан кезде асхананың іші үнемі ысып кететіндіктен, таза ауа кірсін деп, терезелердің астыңғы бөлігін ашып қоюшы еді. Одан шыққан тағамның хош иістері сол төңіректе асыр салып ойнап жүрген біздің мұрнымызды жаратын. Қатты ашығып кеткен кезде сол терезенің жақтауына кішкене бойымызбен әрең дегенде асылып: «Іштегілер бірдеңе бере ме?» - деген оймен жәутеңдеген күйі қараймыз. Аспаздар біздің түрімізді көріп аяйды білем, пісіріп жатқан самсаның бірін қолымызға ұстата салады. Мұндайда ұстаған күйі тұра қашпасаң болмайды, өйткені жаныңдағылар немесе бізден үлкендер тартып алуы мүмкін. Қашып келе жатып, аузыңа шетінен үзіп жемесең тағы болмайды. Артыңнан қуалағандар жетіп қалады.

Көпшілік болған соң, кейде басқа балалармен шекісіп қалып, таяқ жеп қалған кезімде, бірден мені аялы алақанымен басымнан сипап, қарсы алған Қапаш ағайымды іздеймін. Өйткені одан басқа ешкімді танымаймын. Кабинетінің алдына барып, бірі кіріп, бірі шығып қарбаласып жатқан үлкен кісілерді көремін де, ол райымнан қайтып, ешкімге білдірмей көз жасымды бір сығып алып, кластастарыма барып қайта қосылатынымын. Әкем: «Көз көрген адамдармыз ғой, балама көз қырынды сала жүр», - деп табыстап кетсе де, ешуақытта кіріп шағымданған емеспін. Қазір ойлап отырсам, тек қана өзіңе-өзің ғана сену деген қасиет маған сол кезден бастап қалыптасса керек.

Бірақ Қапаш ағайдың мені сырттай бақылап жүретінін, тәрбиешілерге тікелей табыстап қойғанын кейін білдім. Тек

қана мені ғана емес, интернаттағы бар баланы өз баласындай қамқорлыққа алды. Барлық мұғалімдер мен тәрбиешілерден осыны талап ететін. Ата-анамыздан алыста жүрген біздің оларға деген сағыныш сезімімізді дөп тауып, олардың орнын жоқтатпай, қамқор бола білген осы кісілердің жақсылықтарын әлі күнге дейін жадымнан бір шығарған емеспін.

Әне-міне дегенше үш-төрт ай уақыт та өте шықты. Қызықтың көкесі жаңа келген 1969 жылдан басталды. Токтамай бірнеше күн жауған қардың қалыңдығы бір метрден асты. Артынша бұрын-соңды болмаған сары шұнақ аяздан кейін, интернаттың бүкіл жылу жүйесі істен шықты. Жатақханадағы, мектептің ішіндегі бөлмелер суықтан азынап кетті. Сол кездегі дүрбелең әлі көз алдымда. Көздері шарасынан шыққан мұғалімдер мен тәрбиешілер, кіші қызметкерлер суықтан балаларды қорғау үшін зыр жүгірді. Жақын ауылдарда тұратындарды ата-аналары, туған-туыстары бірден алып кетті де, шалғайдан келгендер сонда қалдық. Әсіресе, «Мына балаларды енді қайда апарамыз, не істейміз?» - деп шырылдап жүрген, түрінен түр жоқ, түтігіп кеткен Қапаш ағайдың келбеті әлі күнге дейін көз алдымда. Барлығы түнімен балалар жаурап қалмасын деп, кезекшілікке тұратын. Алыстағы үйлерімізге хабар жетпеген, байланыс жоқ, жолды қалың қар басып қалып, ата-аналары жете алмай қалған 50-60 шақты баланы алғашқы күндері асхананың ішіндегі тамақ істейтін барлық пештерді жағып, электр жылытқыштарды қосып сонда жатқызып жүрді. Таң атқанша мұнда да бізді күзетіп шығатын. Кейіннен мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілеріне, сол төңіректегі ауыл тұрғындарына: «Мына балаларды ата-аналары келгенше бағып беріңдер» - деп өтініш жасап, әр үйге екі-үш баланы қораптарға салынған азық-түлігімен қоса таратып берді. Тура Ленинград блокадасындағыдай күй кештік. Мені үнемі жанашырлық көрсетіп жүретін досым, Лютфулла ағайдың баласы Еркінбай

өз үйіне қарай жетелей жөнелді...

Бір - ақ күнде ағайымыздың көп баласының бірі болып шыға келдім. Ойын баласы емеспін бе? Ештеңені ойламай, солармен бірге асыр салып, бірден тіл табысып кеттім. Бірнеше күннен кейін ғана жағдайды естіген жақын ауылда тұратын ағайындарым келіп, үйіне алып кетті.

Басқалар балалар жылу жүйесін жөндегенше, біраз уақыт солардың қолында болды. Орысы, немісі мен украйыны бар жағдайдың ушығып тұрғанын түсінгендіктен, Қапаш ағайдың бір ауыз сөзін жерге қалдырмай, балаларды бауырларына басты. Осы жақсылықты қалай ұмытамыз?.. Балақай мен үшін интернаттағы өзкізген бір жылым мен үшін үлкен сынақ болды.

Сонымен оқу жылы да тәмәмдалды. Бізді қаздай тізген күйі автобусқа отырғызып, шалғайдағы үйлерімізге жеткізіп салды. Келген соң, «Өз үйім-өлең төсегім» дегендей, секіріп жүріп менің қуанғанымды көрсеңіздер.

Келесі жылы азар да безер болып, «интернатқа бармаймын», - деп қиғылық салып жүріп, ауылдағы атамның қолында оқитын болдым. Өйткені, әбден қиыншылық көрген маған, интернат деген үнемі осындай жағдайда болып тұратындай болып көрінетін. Сегіз жасар менің жыл бойы ата-анамнан алыста өткізген бір жылым маған бітпейтіндей болып көрінетін. Мұның қаншалықты маңызды екенін интернаттың балалары ғана түсінеді.

«Жолы болар жігіттің жерлесі шығар алдынан», - деп тегіннен-тегін айтпаған. Кейіннен Жамбыл педагогикалық институтында оқып жүргенімде енді директор емес, жоғары білім беру саласының майталманы, профессор Қапаш ағаймен қайта қауыштым. Шәкірті ретінде майын тамызып тұрып қазақ әдебиетінен оқыған дәрістерін тыңдап, қайтадан тәлім-тәрбиесін алдым. Сол жылдардан біраз сыр шертудің де реті

келді.

Бәрі де есінде екен. Қолын алып, баяғы қамқорлығы үшін ризашылығымды білдірдім. Алақаны тап сол жылдардағыдай жып-жылы...

«Ат баспаймын деген жерін үш рет басады», - деген мақал да өз жөнімен айтылған. Арада біраз жылдар салып, сол баяғы өзім оқыған интернатыма мұғалім болып оралдым. Бұрын Аса интернаты деп аталса, қазір халқымыздың біртуар қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы атында. Баяғы маған тәрбиеші болған Ұлдаркүл әпкейіммен қайта қауышып, қатар қызмет еттім. Жетістікке жеткен кездерімде алғашқы болып сол кісіден сүйінші сұраймын. Бұрынғыдай мені күлім дей қарсы алып:

- Міне, менің шәкіртім осындай! - деп мақтан тұтып жүреді. Мен де осы сөздерден кейін намысқа тырысып жұмысқа барымды салатынымын. Мектепішілік, аудандық, облыстық кейінірек тіптен Республикалық ғылыми жобаларда, байқауларда, олимпиадаларда шәкірттерім, өзім топ жарып жүрдік. Осындай жеңістерден келе салысымен, Ұлдаркүл әпкейіме барамын. Ол кісі төбесі көкке жетердей қуанып, бір марқайып қалатын. Басқаларға:

- Менің шәкіртім сенімімді ақтады, ізбасарым осындай биіктен көрінді,- деп жер-көкке сиығызбай мақтайтын.

«Таумен тау кездеспейді, адаммен адам кездеседі», - деген мақал бекер айтылмаған. Мұнда мен баяғы бала күнгі досым Еркінбаймен де қайта қауыштым. Сол өзгермеген күйі бала кезіндегі жымысымен құшақтаса кеттік. Шашымыздың ағарғаны ғана бала кезіміздегі келбетімізден бөлектеп тұр.

Отыра қалып өткен-кеткенді еске аламыз. Бала күнгі достығымыз одан әрі жалғасын тауып, бірталай жыл болды, бірге қызмет етіп келеміз.

Қырық жыл, қырық жазың, қырық көктем,
Қырық жыл осы шақты жырлап өткем.

Қырық жыл, жатыр сонда бар тағдырым,
Қас қағым болғандай-ақ зырлап өткен.

Міне, қырық жылдан бері Қапаш ағайым салып кеткен сүрлеумен жүріп, ұстаздарымның ұлы істерін одан әрі жалғастырып келемін. Жалықпай еңбек етіп, бар күш жігерін бала жаны үшін аямаған, қаншама бетке ұстар шәкірт тәрбиелеген ардагер ұстаз, ғалым Қапаш Тасболатұлының рухына бәріміз бірдей басымызды иіп, тағзым етеміз. Осындай ұлағатты ұстаздардан тәлім-тәрбие алғанымды мен әркез мақтан тұтамын.

***Ежелгі Мысыр жерінде
«Аквармине коралл» демалыс орны.***

Уақыт деген бір сәтте зымырап өте шығады екен. Күйбің тірліктің қамымен жүріп ердің жасы елуге келгенімді де байқамапшын. Бұрындары елу деген алынбайтын асқар тау құсап көрінуші еді маған. Енді міне, оған да жетіппін. Сол күні мектеп ұжымы жиналып, директордан бастап, бәрі жүрек жарды лебіздерін білдіріп, сый сияпаттарын жасады. Бұндай дәстүр бізде бұрыннан қалыптасқан. Айтыстарына қарағанда бірталай тірлік бітіріп, жоғары биіктерден көрініп, әжептеуір еңбек етіп, басқаларға да үлгі болатындай қызмет еткен көрінемін. Мақтағанды кім жек көрсін, біраз марқайып қалдым. Біткеннен кейін бәрі жапатармағай шыға бастады да, мен ең соңында қалып қойдым. Осы кезде маған Ләззат атты әріптесім келді де :

- Ағай, бағана сізді құттықтап біткеннен кейін, сөз кезегі өзіңізге берілген кезде неге сонша толқыдыңыз? - дегені бар емес пе?

Басқалары байқамаса да бұл бәрін сезген екен-ау. Өзі

бір биязы мінезді,,инабатты,әр нәрсеге ерекше назар аударатын, әрбір жасаған тірлігін ойланып барып, бәрінің көңілінен шығатындай етіп орындайтын, жауапкершілігі жоғары әріптесіміз еді.

- Мен дәл қазір осы отырған елу әріптесімнің алдында өзіме-өзім: «Жарты ғасыр өмір сүріппін, осы уақытқа дейін мен не бітірдім?» деп іштей есеп бердім, - дедім іркілместен. Ол болса, маған таңдана бір қарады.

Айтып тұрғаны рас, қорытынды сөз кезегі маған берілген кезде бір түрлі өзімнен-өзім қобалжып кеттім. Шынымен да осы бір санаулы секундтар аралығында: «Мен осы уақытқа дейін дұрыс жолмен келе жатырмын ба? Ата-анамның үлкен үміт күтер баласы едім, олардың сенімін ақтадым ба? Ұрпағыма, шәкірттеріме өнегелі тәрбие бере алдым ба? Оларды өнер-білімге баули алдым ба? Отбасыма, қоғамға қандай пайдалы нәрсе жасадым?» - деген сұрақтарды ой елегінен өткізіп, іштей өзіме-өзім есеп те беріп үлгердім. Отырғандар, әрине, менің жан дүниемнің тебіреніп кеткенін қайдан білсін?..

Ия, мен үшін оңай болған жоқ бұл жылдар. Өмірдегі толып жатқан қиыншылық баспалдақтарынан бір сүрініп, қайта тұрып, қайта сүрініп, қайта тұрып өрге қарай көтеріліп келеді екенмін үнемі. Өмір деген өзен алды-артына қарауға мұрша бермей, асау толқынына ілестіре жөнеледі екен. Ал мен болсам өстіп арпалысып жүріп, уақыт дегеннің зымырап өте шыққанын білмей де қалыппын...

Сөйтіп жүргенде, арада тағы да он жыл көзді ашып - жұмғанша өте шықты да, енді мен алпысты да алқымдадым. Тағы да алғашқы болып ұжымдастарым құттықтап, жылы лебіздерін аямай жатыр. Бұрынғыдай емес, сыйлықтары да қомақты, айтылып жатқан мадақ сөздері де көңіл көншітетіндей. Ағынан жарылып жатыр бәрі де.

Бұл жолы мен ешқандай қобалжыған жоқпын. Өзіме-өзім

есеп те берген жоқпын. «Отызымда орда бұздым, қырқымда қыр астым», - демеймін. Бірақ, қырқымда шықпаған белесіме елуімде жеттім, елуімде жете алмаған асуымды алпысымда асыппын...

Қызықтың көкесі кешке қарай болды. Карантинге байланысты үйге шағын ғана дастархан жасап, бала-шағамызбен атап өтеміз деп жоспарлағанбыз алдында. Оған : «Сен алпысқа толып жатқанда біз қалай үйде тыныш жата аламыз?» - деп, алыстан ат арылтып бауырларым, құдаларым, қайын жұртым келді. Айтыстарына қарағанда асқарлы алпыс жасқа келіп жатқан мерейтойыма бәрінің де шын ниетпен келгені көрініп тұр. Кезек-кезек ақ тілекті ағытты -ай. Оларды тыңдап отырсам, осы жасқа дейін ауыз толтырып айтатындай жетістіктерге жетіппін. Мұны естіген мен онан сайын марқайып қалдым. Бұл жолғы берген сыйлықтары тіптен ауыз толтырып айтатындай. Қарық болдым да қалдым.

Сыйлықтың зорын соңынан сөз алған балаларым жасады.

Жас кезімнен менің бір арманым, екінің бірінің қолы жете бермейтін, мен үшін бір жұмбақ әлем болып келген шетелді бір көру еді. Мұны мен ертеректен айтып жүретінмін. Бірақ, «қысқа жіп күрмеуге келмей», бәрі арман күйінде қалған еді. Міне, енді балаларым анасы екеумізге күтпеген жерден тосын сыйлық жасады. Египетке тоғыз күнге туристік жолдаманы қолымызға ұстатты. Естігенде қуанышым қойныма сыймай кетті. Қара құрлықта орналасқан Мысыр елімен сонау мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ таныспын. Ондағы пирамидалар мен перғауындар туралы оқығаннан-ақ : «Шіркін бір көрсем!», деген арманым сол кезде де бар еді. Міне,соның сәті енді келіп тұр.

-Айналайын балаларым менің, мың да бір рахмет! - дедім маған сөз кезегі келгенде.

Соныменен екі айдан кейін жол қамын әбден жасап,

Алматыдан Мысыр еліндегі туристік қала Шарм-аль Шейхқа жол тарттық. Америкалық «Боинг-747» ұшағына отырдық. Сырт көзбен қарағанда үлкендігіне сай, ішкі сыйымдылығы да 260 жолаушыға арналған екен. Мұндай алып ұшаққа алғаш мінуіміз. Кіргеннен жолсеріктер құрақ ұшып, қызмет жасап жүр. Қандай да болсын ұшаққа мінген кездегі менің бір әдетім, терезесі бар орындыққа қарай ұмтыламын. Әуежайдан ұшып шыққаннан, баратын жерімізге қонғанға дейін терезеден үңіліп жерге қараймын да отырамын. Соншама биіктіктен қарағанда жер бетіндегі көрініс қандай керемет! Барғанша терезеден көз алмай қарадым да отырдым. Міне, Алматыдан шыққаннан төмендегі ақиық асқар Алатаудың, одан кейін күрелденіп жатқан Қаратаудың үстінен ұшып өтіп Қазақстанның, Өзбекстанның, Түрікменнің сар даласы мен құмын көктей өтіп, батысқа қарай бет алып келеміз. Алты сағаттың ішінде Мысырға жетіп бардық. Түскен сәтте-ақ ауа райы, табиғаты бізден бөлек екенін бірден сезінесің. Мойынқұмның құмын, Бетпақдаланың шөлін талай рет аралағанмын. Бірақ мынандай қу тақыр мен құмы сусыған мидай даланы бірінші рет көруім. Өзені, көлі жоқ, бір тамшы жауын жаумайтын Африка дегенің осы. Ал енді қар туралы айтпай-ақ қояйын. Жауын жылына бір-екі рет жауады, бірақ себелеп қана өтеді екен. Ал ылғал болмаған жерде өсімдік қайдан өссін.

Қызық әуежайға кіргеннен-ақ басталды. Декларация толтыру қажет. Ол үшін ағылшынша жаза білуің керек. Оны білмегендер жиырма доллар беріп, сол жерде жүрген қызметкерлерге толтыртып жатыр. Мен ағылшынша жазып толтыра білетіндермен қабаттаса отырып, солардың үлгісіне қарап жазып шықтым. Өйткені, ағылшын әліпбиі маған компьютерді меңгергеннен бері таныс.

Әжетхананың бәрінің есігінің алдында бір-бірден қызметші отырады екен. Аз болғандай, кіріп шыққаның үшін олар да бір

доллардан сұрайды. Жол сөмкенді көтеріскісі келіп жармаса кетеді, қолына ұстаса болды, ақы төлеуің керек. Оларға ештеңе берудің қажеті жоқ екенін кейін білдік. Бір қызық жері мұнда бірақ банкомат терминалы тұрады екен барлық жерде. «Мысыр банк» деген жазуы бар біздегі «Халық банкіндей» жасыл түстес терминалынан визасы бар банкомат карточкаларын сал да, доллар немесе жергілікті Египеттік фунт түрінде валютаны керегінше ала бер.

Осыған байланысты бір оқиға есіме түсе кеткені. Тоқсаныншы жылдардың басында менің жиен ағам Жұмабек досының шақыруы бойынша Германияға барған. Сонда ол барлық жерді армансыз қыдыртып, естен шықпастай етіп күтіп жіберген. «Бір күні келе жатқан досымның ақшасы таусылып қалған соң, қалтасынан бірдеңені суырып алды да, көшеде тұрған темір сандыққа ұқсас бірденеге тығып еді, әлгі, салдыр-гүлдір ете қалды да, бір уыс ақша берді», - деп айтып келгені бар. Біз сонда таң қалғанбыз. «Қалайша көшеде тұрған темір қорап ақша бере салады», - деп. Сөйтсек, банкомат екен ғой. Германия сол кездің өзінде бізден отыз жыл озып кеткен екен. Ол кезде біз айлығымызды уақтылы ала-алмай жүргенбіз. Онда да ақшаны банкоматтан емес, орталық бухгалтерияның кассасынан алып келген мектептің завхозынан ведомость арқылы алатынбыз.

Ә дегенде бізді Ахмед есімді орысшаға судай ағып тұрған араб жігіт қарсы алды. Біз баратын «Domina Corall» демалыс орнының қызметкері екен. Бәрімізді бөліп алды да шағын автобуска отырғызып, баратын жерімізге қарай бет алдық. Жеткенше қай жерге келгенімізді, бұдан былай қалай жүріп-тұра алатынымызды, қыдыра қалған жағдайда баратын жерімізге қалай, қандай көлікпен жете алатынымызды, такси мен маршрутты көліктердің бағасына дейін түсіндірумен болды. Сөйлегенде тілінен арабтың акценті қатты білініп

тұрғанмен, айтқандарын анық ұғасың. Арабтардың бәрі де қатқылдау дыбыс шығарып сөйлейді екен.

Соныменен демалыс орнына да келіп жеттік. Мұнтаздай етіп жиналған, барлық керек жағдайының бәрі жоғары деңгейде жабдықталған, бес жұлдызды қонақ үйдің бөлмесіне орналастық. Бір таңқаларлығы - бөлмелерді жиыстыратын, тазалық жасайтындардың бәрі де - ер кісілер. Біздің бөлменің терезесі шамамен жүз метрдей жерде көрініп тұрған теңізге қараған. Сағат айырмашылығы бізбен салыстырғанда бес сағат екен. Біз келген уақыт түс мезгілі болғандықтан бірден асханаға бет алдық. Кірген бойда жұбайым екеуміз аузымыз ашылып, таңырқадық та қалдық. Үлкендігі ат шаптырым асханада «жеймін», «ішемін» дегеннің бәрі жайнап тұр. Түрлі сусындардан бастап қуырылған, бұқтырылған, қайнатылған тамақ түрлері тола. Жеміс-жидектің біз көрмеген түрлеріне дейін қойылған. Қанша жегің келеді, ал да жей бер. Ал, енді шаймен ішетін түрлі тәтті тағамдардан қалай жемейсің? «Бұндай молшылық күнде бола бермейді ғой?» - деген оймен шетінен алып, қарнымыз әбден тойғанша соқтық-ау бәрін. Мұнда да қызметшілер мен аспаздардың бәрі ер адамдар. Қызмет еткен кезде қимылдарына көз ілеспейді. Және де біздегі бедірейген аспаздар сияқты емес, келгендердің бәрін күлімдей қарсы алып қызмет көрсетеді. Асымызды асықпай ішіп бола салысымен, бөлмеге барып біраз демалып алғаннан кейін, сағына жеткен теңіз жағалауына келдік. Мұнда да демалушылар үшін барлық жағдай жасалған. Шомылатын жерлер қауіпсіздік мақсатында арнайы су бетінде қалқып тұратын белдеулермен белгіленген. Одан әрі қарай өтуге болмайды. Әр жүз елу, екі жүз метр сайын арнайы орнатылған биіктігі бес-алты метр тұғырдан құтқарушы қарап отырады. Сәл қауіпті жағдай бола қалса болды жеңіл пенопластан жасалған қайығына міне салып, көзді ашып - жұмғанша көмекке жетіп барады. Бұндайды

мен Ыстық көлде, өзіміздің Алакөл мен Балқашта көрген емеспін. Ол жақта суға тұншықтың ба, құтқаратын ешкім жоқ. Қауіпсіздік шаралары мүлдем қарастырылмаған.

Шомылып шыққаннан кейін біздегідей құм бетіне жатпайсың. Ол үшін арнайы жиналмалы төсектер, көлеңкелеу үшін екі адам ғана сиятындай саңырауқұлаққа ұқсас домалақтар қойылған.

Бұрындары мен талай көлдерде, өзендерде шомылып көргенмін. Бірақ, мына теңіздің суы ерекше екендігін бір сүңгігеннен-ақ байқадым. Судың дәмі өте тұзды екен. Кейін сұрастырсам, судың бір литрінде қырық грамм тұз бар болып шықты. Денеңе жұққан суды сипасаң, автомобильге құятын тосол сияқты. Демалушылардың айтыстарына қарағанда, міне, осы тұзды суы - денсаулыққа бірден-бір шипа. Тұздылығының жоғарылығынан болар, су бетінде шамалы қимыл жасау арқылы қалықтап жүзіп жүре бересің. Бізде болса қол-аяғыңды көбірек қимылдатпасаң, батып кетесің ғой. Менің жұбайым алғашқыда мен қанша сүйрелесем де бұрын мұндайды көрмегендіктен, жас балалармен бірге белден келетін жерден ары бармай қойып еді, кейіннен қарасам, аяғы жерге тимейтін жерде жүзіп жүр. Сөйтсем, жанындағылар бұның бұл әрекетіне әбден күліпті. Кейіннен бәрі жабылып жүріп қалай жүзу керектігін үйретіпті. Ал, мен болсам, келген бойда межелеп қойған терең жерлерде емін еркін жүзіп жүрдім. Өйткені бала кезімнен бастап Аса өзенінің жағасында өстік емес пе? Ол кезде өзеннің тереңдігі қазіргідей тізеден емес, адам бойлай алмайтындай етін. Балалар топ-топ болып, жаздай өзен жағалап шомылып, балық аулап, жағасында асыр салып ойнайтынбыз.

Жағадан елу метрдей жерде бар орналасқан. Түрлі мұздатылған сусындардан бастап спирттік ішімдіктерге дейін тегін беріледі. Ми қайнатар ыстықта шөлдегендер орындықтарға жайғаса қалып сусындап жатыр. Сусында-

ры мен түрлі шырындары біздегіден әлдеқайда дәмді. Таза жемістерден сығылғанын дәмін бір татқаннан-ақ білуге болады. Спирттік ішімдіктерге қызара бөртіп алып, әңгімені соғып отырғандар да жетерлік.

Әдетім бойынша, бірге демалушыларды әңгімеге тартамын. Келгендердің басым бөлігі Ресейден, Қазақстаннан, Украинадан, Белорусиядан және бірлі жарым басқа мемлекеттерден екен. Бір байқағаным, Ресейден келген орыстар мен бізден барған орыстардың айырмашылығы бірден білінеді екен. Біздегілер өздерін мәдениетті ұстаса, аналарда бұл қасиеттер жоқтың қасы. Жалаңаштанып алып менменсіген күйде жүрген жүріс-тұрыстары, спирттік ішімдіктерді суша сіміргендерінен-ақ, қалың демалушылар арасынан қайдан келгенін бірден білесің. Ішіп алып жай жүрсе мейлі ғой, өзара даурыға сөйлесіп, бір-бірімен дауласып жататынын қайтесің? Айтыстарына қарағанда, кейде араққа тойып алып, бір-бірімен жаға да жыртысытын көрінеді. Бірде аудармашы арқылы сол жердің басшыларының бірімен тілдескенім бар. «Неге шексіз мөлшерде спирттік ішімдіктер беріледі?» - деген сұрағыма күле қарады да:

- Егер бұлай жасамасақ, туристердің басым бөлігі мұнда келуден бас тартады, - деп жауап берді.

Бұдан біздің қазекендердің ішінде де қалыспайтындар бар екен. Оралдан келген екі жұп құда-құдағимен жөн сұрасудың реті келді. Айтыстарына қарағанда, екі жақтың балалары демеушілік жасап, осында бірге демалып қайтулары үшін жіберген көрінеді. Екі құдағи суға шомылып рахаттанып жүрсе, екі құда көлеңкеде отырып алып, қызара бөртіп той тойлап отырғаны...

Бір құдағидың жасы кішілеу-ау деймін, өзі аядай ғана көлеңкеге төрт адамға шағын дастарханын жасамақ болып әлек. Құдды бір бөтен ел, бөтен адамдардың арасында емес,

өз үйіндегідей тыраштанып жатыр...

Келесі күннен бастап жағалаудан екі құдағиды ғана көретін болдық. Айтыстарына қарағанда, екі құданың шомылуға да шамалары келмей қалған сыңайлы. Құдалар Африкада да құдалығын қоймайды екен...

Бұл демалыс орнында негізінен өзара қатынас тіл - орыс тілі. Қызметшілердің басым бөлігі орыс тілін белгілі бір деңгейде меңгерген. Ағылшын тілінде де тілдесе біледі. Демалыс кешенінің ішінде орналасқан көптеген дүкендегі сатушылардың бәрі орысша біршама сөйлейді. Кейбіреулері орысшадан тіптен, өзінді жаңылыстырады. Мұндағы бір қызық жері: кез келген дүкендегі тауардың бағасын сұрасаң, екі-үш есе қымбаттатып айтады. Бірақ, саудаласа келе, діттеген бағаға өзара келтіруге болады. Он долларға сұраған бас киімді мен небәрі үш долларға түсіріп алдым. Тағы да бір таңқаларлық нәрсе, сөрелер толы қытайдың арзанқол дүниелері. Шағын дүкендерде ғана емес, үлкен маркеттерде болғандада осыны байқадық. Тауарда жазылып тұрған бағадан саудаласа келе, әлдеқайда төменге алуға болады. Үлкен сауда орындарына топтасып келген туристерге барынша сапалы қызмет етуге тырысады. Шайы мен жергілікті жердің кофесін, жайлы орындықтар ұсынып, аяқтарының ұшымен жүгіріп жүріп қызмет етеді. «Неге бәрі жоғары деңгейде қызмет көрсетуге тырысады?»- десем, осы Қызыл теңіз жағалауы бойынша алты жүзден астам туристік кешен жұмыс істейді екен. Демалушыларды өздеріне көбірек тарту үшін өзара бәсекелестік бар. Енді шамамен әр демалыс орнында төрт жүз-бес жүз адамнан деп есептегенде, мыңдаған демалушы шықпай ма? Оны мен жақын маңдағы әуежайға ұшып-қонып жатқан ұшақтардың көптігінен-ақ байқағанмын. Күндіз - түні бір тынбай он бес, жиырма минут сайын келіп-кетіп жатыр. Тағы да бір таңқалғаным: барлық мемлекеттерден тікелей авиа

рейстер бар да, тек Ресейден ғана тікелей Шарм-аль Шейх қаласына ұшақ ұшпайды. Мұнда жету үшін демалушылар Ресейдің қалаларынан Египеттің астанасы Каирге келеді де, демалыс орнына автобустармен шамамен бес жүз шақырымды сегіз-он сағат жүреді. Айтыстарына қарағанда жол-жөнекей бірнеше бақылау пункттерінен тексереді екен. Мынандай күн ыстықта жол азабын әбден тартатын көрінеді. Оны мен өзім де көрдім. Күннің шыжыған ыстығында салқындатқышы жоқ, іші қапырық автобуста ұзақ жол жүру дегеннің қаншалықты қиын екенін өз басымнан өткердім. Мұздай қаруланған әскерилер мен полицейлер маңызды деген нысандардың бәрін күзетіп тұр. Ал Ресейден Шарм-аль Шейхқа тікелей рейстердің болмауы, екі мың он бесінші жылы осы қаладан Мәскеуге ұшып шыққан ұшақты содырлар жарып жіберуі. Ішінде екі жүз алпыстан астам жолаушы болған. Осыдан кейін екі мемлекет арасында саяси дағдарыс орын алған болатын. Оның себебі кейін белгілі болғандай, Ресейліктердің Сириядағы әскери операцияларға араласуымен байланыстырады. Онымен қоса, сол жылдары олар Ресейдің Түркиядағы елшісін де өлтірген болатын. Осыдан кейін әуежайларда қойны-қонышыңа дейін қол салып тұрып тексереді. Тіптен көйлек, шалбарлардың тігістерін де қолмен тексеріп шығады. Ал багажға қауіп тудыратындай заттарды мүлдем салдырмайды.

Қарға - Африкада да қарға

Қазақта мақал бар: «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық», - деген. Мұнда тындыратын ештеңе жоқ болса да, күнделікті әдетіме салып ырысымнан құр қалмайын деп ерте тұрамын. Жергілікті уақытпен таңғы сағат төрт жарымда мұнда келгелі бері менен бір елі қалмай жүрген жұбайым екеуміз оянамыз да, бірден теңізге қарай

бет аламыз. Мақсатымыз - теңдесі жоқ шипалы,неше түрлі ауруларға бірден-бір емтеңіз жағалауындағы таңғы ауамен тыныстау, күні бойына жететін күш – қуат беретін салқын суға шомылу. Жағалай қойылған орындықтарға отыра қалып, жанадан қызарып келе жатқан таңды қарсы аламыз. Алаулап атып келе жатқан күнге қарап отырып, елімізге, отбасымызға жақсылық тілеп, дұға етеміз.

Бірде, таңертең жалғыз өзім келіп үйреншікті орындығыма отырғаным да сол еді, бірдеңе жанымнан зу етіп өте шыққаны болар ма? Селк ете қалдым. Өйткені, иығымды жанап өткен не екенін өзім де аңғармай қалдым. Сөйтсем, қарға екен. Кәдімгі күнделікті өзіміз көріп жүрген, түрі қап-қара тура біздегідей қарғаның өзі. Менен қол созым жердегі басқа орындыққа қонақтап отыра қалды да: «Қарқ», - етті. Мына әрекеті тіптен мені басынғандық болды. Қарға деген адамдардан үркіп, алыстан айналшықтап жүруші еді, ал мынаның қорқатын түрі жоқ. Тіптен «қорку» деген ой миына кіріп те шығар емес. Басынан аяғына зер сала қарап, біздегі ағайындарымен бір салыстырып шықтым. Бұлар біздегілерге қарағанда азғындау және денесі де кішілеу ме деп топшыладым.

Мына отырысына қарап құс та болса, ойын бірден түсіне қойдым. Менен бірдеңе дәметіп отыр. Қайта –қайта жәутеңдей қарайды. Дайын тамаққа әбден дәніккені бірден білініп тұр. Осында мен сияқты келген-кеткендерден тегін нәпақа тауып жүрген қулардың бірі ғой. Әлі отыр жалтақтап.

- Сен сияқты арамтамаққа ештеңе де бермеймін! – дедім, оның пиғылын сезісімен.

- Неге? – деді қанатын бір қомдап.

- Анау бүркіт, қырғи сияқты аспаннан тік құлдилап, басыңды қатерге тіге отырып, адал еңбекпен таппайсың ба жемтігіңді? Немесе құрт-құмырсқа теріп жеп, мына өзін өмір сүріп жатқан ортаңа басқа тіршілік иелері сияқты пайда келтірмейсің бе? –

дедім онан сайын жынына тиіп.

Менің мына сөзіме шамданып қалған ол да қарап тұрмай :

- Олардың кәсібі бөлек,біздікі бөлек. Не қыламын жанымды қинап, тер төгіп? Мына өзің сияқтылар аман болса, еш уақытта аш қалмаймын,—дегені болар ма?

- Әуре болма, бермеймін бәрібір. Біріншіден, берсем де болар еді. Бірақ, әбден дәнігіп аласың да, күнделікті қылқып алдыма келіп, телміріп отырмақшысың ғой. Мен ондай тіленшілерді мүлдем жақтырмаймын. Екіншіден, адал еңбекпен, маңдай теріммен тапқанымды сен сияқты құзғын-қарғаларға не үшін беруім керек?—дедім мен де қасарысып.

- Ой,сен өзі қайдан келген адамсың? Бірінші рет көріп тұрмын сен сияқты сараңды,—деп менің де көңіліме тиетін сөзбен бір түйреп өтті.

- Сараң емеспін мен! Қайта нағыз жомарттың өзімін! Тек, беретін болсам, сен сияқты арамтамақтарға емес, анау шырылдап ұясындағы балапандарына қорек таппай, таң атқаннан кешке дейін безектеп жүргендерге беремін. Біле білсең, мен - қазақ деген халық боламын. Бізде айтады: «Алаған қолым - береген», -деп. Алла тағала беріп жатқан несібемнен ата - бабаларымнан сіңген тәрбие бойынша жетім- жесірлерге, жоқ - жітіктерге жылда бөліп беріп отырамын. Екі қанатың, екі аяғың, тұмсығың сау, саған не жоқ сонша тіленіп? Ұятты да қойыпсың ғой өзің! Келгеніңе біраз болды, кетер түрің жоқ. Бізде де сен сияқтылар толып жүр, әркімнің қолына бір қарап тілемсектеніп. Адал еңбекпен тапқанына арам пиғылмен ортақтасып жүрген сен сияқты қарғалардың оңғанын көрген жоқпын. Олардан тараған ұрпақтары да оңып жатқаны шамалы. Менің елімде де сен сияқты жатыпішерлер көбеймесе, азаяр емес. Сен сияқтылардан құтылатын күн болар ма екен өзі? Менімен салғыласа бермей әне, анау өріп жүрген құрт-құмырсқаларды жесең ғой, осы уақытқа дейін біраз тойынып

қалатын едің ! –дедім мен де қайтпай.

Намысына қатты тиіп кеттім-ау деймін, қанатын тағы да бір-екі рет қомдап алды да:

-Әй, сен өзі қалай-қалай сөйлейсің? Ата-бабаларымыздан бері осылай күнелтіп келеміз. Одан біз жаман болып жатқан жоқпыз.Өлексе жесек те, тілемсектенсек те біз үш жүз жыл жасаймыз. Ал білгіш болсаң айтшы? Анау ұшып жүргендер адал ас жеп, маңдай терімен күнелтсе де, неге аз ғана ғұмыр сүреді? - дегені болар ма қарап тұрмай.

- Әй қарға, ұғып ал ! Мен сен сияқты қарғалардың талай-ын көргенмін ұзақ жасаған. Сасыған өлексе жеп, үш жүз жыл өмір сүргенше, адал еңбек етіп, адал ас жеп, отыз –ақ жыл өмір сүретін аналарды сенен әлдеқайда артық дер едім. Бүйтіп көрген күнің құрысын!- дедім ашуланып.

Менің ашуыма тигенін сезді-ау деймін. Оның үстіне түк шықпасын білген соң, ақырындап жағалауға келе бастаған демалушыларға бір, маған соңғы үмітпен бір қарап алды да, ештеме бермейтініме көзі жеткен соң, «қарқ» еткен күйі соларға қарай ұша жөнелді. Пиғылы белгілі болды,осылайша әркімге бір тілемсектене берсе, әйтеуір, біреу тамақтандырары сөзсіз.

Ол кеткен соң мен терең ойға кеттім. Шынында да барлық қарғалардың қайда жүрсе де тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру қағидасы бірдей болады екен-ау.

Мен енді адамдар ішіндегі қарғалар туралы айтып отырмын.Тура осы қарға сияқты тепсе темір үзетін жігіттер мен қол-аяғы сау, бірақ жалқаулық бойына батпандап кіріп алған қыз-келіншектерге менің жыным келеді. «Екі қолға бір жұмыс таппай отырмыз», деп зарланады бәрі. Бірақ, шындығына келетін болсақ, жұмыс істегілері келмейді. Үйдегі шаруашылық жұмыстарына жалдайын десең, шіреніп, келгісі келмейді. Келген күннің өзінде де, ойға келмейтін қымбат бағаны

сұрайды. Онан да ұялмай, үйдегі бала-шағаға берілетін азын-аулақ жәрдемақыға ортақтасқанды артық көреді. «Пәлен бала тудым, маған ақша, үй беріндер!» - деп үкіметке міндетсінетінін, қарсы сөйлеп сілкінетінін қайтерсің? Өткен ғасырдың соңында нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде біз қандай қиын-қыстау кезеңді бастан өткердік. Сонда да үкіметке қол жайған емеспіз. Жоқшылық заманда ала дорбаны көтеріп, базар жағаладық, кісіге жалданып, азын – аулақ ақшаға жұмыс істедік. Мемлекет басындағылар сол жылдары: «Мемлекет мүгедектерге, зейнеткерлерге, балаларға ғана қамқорлық жасайды», -деп айтқан жоқ па? Ал қол-аяғы, он екі мүшесі сауларға нарықтық экономиканың жазылмаған заңы бойынша, әркім тірлік жасап, өз күнін өзі көруі керек. Ал бұлардың жатыстары мынау.

Елбасымыздың мына айтқанына мен де қосыламын. «Сол балаларды туғанда қалай асыраймын деп ойландыңдар ма?» -дегенін бәріміз де құлағымызбен естіп, көзімізбен көрдік теледидардан.

Бәрінің айтатыны: « Мұнай мен газдың, қазба байлықтың үстінде отырып, неге араб мемлекеттеріндегідей шалқып өмір сүрмейміз? Бала-шағамызға неге мыңдаған доллар ақша бермейді? Сол ақшаға малынып, шалқып өмір сүруіміз керек қой!». Айналып келгенде бұның бәрі бүтін бір ұлтты жалқаулыққа, жатыпішерлікке әкелетінінен мүлдем бейхабар. Бұл дегенің - қазаққа төнген қауіп. Оны біреулер түсінеді, біреулер мүлдем түсінбейді. Айналып келіп, Елбасымызды жерден алып, жерге салуын доғарар емес. Ал өздері үйдегі бес ешкіні дұрыстап баға алмайды. Ол кісі де пенде ғой. Мүмкін, жіберген қателіктері де болған шығар. Бірақ, Қазақстан деген мемлекеттің әлем картасында ойып тұрып алатын орнын айқындап берді! Біз осыны әсте естен шығармауымыз керек.

Осыған байланысты, жақын жылдары тағы да Елбасының

халықпен кездесуінде: «Ештеңе қолдарыңнан келмесе екі сиыр ұстандар. Бала-шағаңа ағарған болады, артылғанын сатасыңдар, төлін көбейтіндер», - деп те айтқаны бар. Оны бұл саладан мүлдем хабары жоқтар мен жатыпішерлер бұл сөздерді жақтырмай, өздерінше тон пішіп, әлеуметтік желілерде гулетіп халықты онан сайын дүрліктіргендері бар.

Елбасының айтқан сөзінің жаны бар. Менің досым Сақтаған екеуміз кәсіпкерлікті о баста осы екі сиырдан бастадық. Бала-шағамыз ағарғанға қарқ болды. Артылғанын саттық, төлін көбейттік, пұлдадық. Сөйтіп жүріп, бірнеше жылдың ішінде салыстырмалы түрде алатын болсақ, екі сиырды жиырма сиырға, жиырма сиырды дәл қазіргі кезде бірнеше табынға жеткіздік. Күн демей, түн демей малдың қамын ойлап, әрекет жасадық. Басқалар бізге қызықтап қараумен болды. Жұмыс істейін десе көзін таппайды, оның үстіне бойындағы батпандаған жалқаулық кежегесінен кейін тартады да тұрады.

Жеті кереметтің бірі

Келгелі бері әлемдегі теңдесі жоқ жеті кереметтің бірі Египет пирамидаларына бару әсте ойымнан шыққан емес. Мұндағылардың сөздеріне құлақ ассам, «барудың қажеті жоқ» дегенді алға тартады. Ал, біреулері соншама жерден келген соң «бару керек», - деп қарсы пікір айтуда. Бірақ, неге екенін ашып айтпайды. Соған қарағанда, мұнда бір кілтипан бар сияқты. Ойлана келе қандай жағдай болмасын, барамын деп шешім қабылдадым. Өйткені енді бұл жақа жол түседі ме, әлде түспейді ме бір құдайдың өзі біледі.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары менің әкем Ленинградта әскери борышын өтеген. «Үш жылдың ішінде қаланы армансыз араладым, бармаған жерім жоқ», - деп айтып оты-

ратын. Айтысына қарағанда, екiнiң бiрiне көруге бұйыра бермейтiн Эрмитажды, Кронштадты, Қысқы сарайды және де басқа кереметтердi тамсана отырып бiзге айтып беретiн. Содан, үш жылдық борышын өтеп бiткен соң, Москва арқылы елге қайтады. Жанындағы жолдастары:

- Мұндай мүмкiндiк бола бермейдi, Москваны да аралап, содан кейiн елге қарай жол тартайық,- дейдi бәрi бiрауыздан.

- Келесi бiр келгенiмде аралаймын,-деп оларға қосылмай, жеке өзi асығыс түрде елге қайтады. Мұндаға дейiн сол үшiн әбден өкiнiп отыратын. Мен де әкем сияқты өкiнiп қалмайын деп, қамдана бастадым.

Сонымен оның да бiр ретi келдi. Баратындар үшiн арнайы топ жасақталып жатыр екен, солардың тiзiмiне бiз де жазылдық. Бағасы да екi адамға қомақты сома. Барған жолы, түскi тамағы, барлық жердегi кiру билеттерiн қосқанда, бес жүз доллар. Автобуспен одан арзан бағаға баруға болатын едi, бiрақ, уақыт бiзде санаулы. Екiншiден автобуспен барғандар шаршап-шалдығып келiп жатты. Оның үстiне автобустың iшi ыстық, жол-жөнекей тоқтатып тексеретiн бекеттер де бiраз уақыттарын алатын көрiнедi.

Ертеңiне таңсәрiде Шарм-аль Шейх әуежайынан ұшаққа отырып, Каир қаласына бет алдық.Әдеттегiдей, терезе жағына жайғасып алып, төменге қарап келемiн.Каирге дейiн бес жүз шақырым аралықты бiр сағаттан астам уақытта ұшып өткенде, еспе құм мен мидай даладан басқа ештеңе көрмедiм. Бiздегi Мойынқұмда сексеуiл мен жүзген,басқа да бұталар орман сияқты жайқалып тұрады. Жерi от, малға жайлы, шөп деген бiтiк шығады. Ал, мына көрiнiске жоғарыдан қарап келемiн, оның бiрi де жоқ. Ешқандай жауын жаумаса қайдан болсын? Өзен мен көлдi де байқамадым.

Тек бiрлi-жарым қиылысып жатқан жолдарға қарап отырып қана тiршiлiк бар екенiн байқайсың. Кен орындарына

немесе басқа да бір өндіріске баратын жолдар-ау деп топшыладым. Каирге жақындағанда ғана, ұзыннан-ұзақ созыла ағып жатқан алып Ніл өзені бірден көзге шалынды. Онымен қоса жер бетінде тіршілік нәрін білдіретін жасыл желектер мен егіс алқаптары да жайқалып көріне бастады. Қаланың шетін жанай ұшып бара жатып, жоғарыдан қарағанда байқағаным маған бір түрлі сүреңсіз болып көрінді. Қонған бетте арнайы дайындалған адамдар ұшақтан түскен елуге тарта саяхатшыны топ-топқа бөліп, шағын автобустарға мінгізіп алды да кетті. Қалаға енген бойда бір байқағаным, шынымен-ақ, ғимараттардың бәрі де бір сүреңсіз сұрғылт түске боялған. Онымен қоса, көптеген үйлердің құрылысы әлі бітпеген, бірақ астыңғы қабаттарында адамдар тұрып жатыр. Мұның мәнісін сұрағанымда салық төлемеу үшін осылай бітірмей, бірнеше жылдар бойы тұра беретінін біздің гидіміз арқылы білдім. Жоғарғы қабаттардың кірпіштері қаланбай, арматуралары мен бетон колонналары сорайып, көзге оғаш көрінеді екен. Тағы да бір байқағаным, соғылған үйлердің жартысынан көбі осындай күйде. Бала –шағалары өсіп, астыңғы қабаттар тарлық қылса, керек кезінде үстіндегі қабаттарға құрылыс жұмыстарын жүргізіп, үй көлемін кеңейте береді екен. Сол тұрып жатқан үйлердің маңайында біздегідей балалар ойнайтын, спорт алаңдары мүлдем жоқ. Биік үйлердің жанында тұрған анда – санда бір қылаң беріп қалатын ескі-құсқы автомобильдерді, терезелерді біздегідей түрлі жалюздермен емес, қап-қарамата мен соған ұқсас бірдеңелермен қараңғылап қойғанына қарап-ақ, олардың тұрмыстарының төмен екендігін бірден байқайсың. Оны автобуска мінгелі бері тыным таппай қақсап келе жатқан гидіміз де әу баста айтып берген. Жиырма миллионнан астам халқы бар қаланың орталығында орналасқан ұлттық мұражайға бет алып бара жатып, кенет, автобустың терезесінен өз көзіме-өзім сенбей қайта тесіле қарадым. Ой-

пырмай, мынау біздің «копейка» деп аталатын ВАЗ-2001 Жигули автокөлігі ғой! Біздің автобуспен қатарласа ызғып келеді, төбесіне «ТАХІ» деген белгісі де бар. Қанша ескі болғанмен, - қатты жүріп келе жатқан бізден қалысар емес.

Жалпы мен кез-келген қалаға барған кезде жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайын мінген көліктеріне, тұрып жатқан үйлеріне, қаланың инфраструктурасына қарап-ақ байқаймын. Киген киім-кешектеріне де мән беремін. Осыдан да көп нәрсені аңғаруға болады. Мыналардың көліктері сан-алуан, бүкіл әлемнің қалдықтарын осында әкелген бе деген ойға кетесің. Өйткені, басым бөлігі сонау алпысыншы, жетпісінші жылдардағы «Фиат», «Пежо», «Тойота» және де басқа толып жатқан көліктерді мінеді екен. Мен олардың көпшілігін кинодан көргенмін. Арасынан бірлі-жарым жаңа көліктер де қылаң беріп қалады. Сөйтіп келе жатып «Ваз-2007» мен «Ниваны» да көзім шалып қалғаны. Сұрастыра келе өткен ғасырдың сексенінші жылдары Кеңес Одағымен ара қатынас жақсы кезде осы автомобильдерді осында құрастырған екен. Сол жылдары біздермен арада жақсы сауда мен экономикалық қарым-қатынас қалыптасып, тұралап қалған экономикаға жан біткен көрінеді. Ніл өзеніне алып Асуан су қоймасын салып, бірнеше мыңдаған гектар жерді суландырып, одан өндірілген электр энергиясымен бүкіл Египетті арзан электрмен қамтамасыз еткен. Онымен қоса қоры мол мұнай мен газды да көптеп өндіріп, ел игілігіне жаратыпты. Жасы бірталайға келіп қалған біздің гидіміз сол кезеңде бұл елдің социалистік бағыт ұстанғанын, халықтың тұрмыс деңгейінің жақсы болғанын, қалай капиталистік жолды таңдадық, солай тұрмыс – тіршілігіміз оңбады деп әңгімелеп те берді. Оны мен тарихтан жақсы білемін. Египеттің сол кездегі жаңадан ауысқан басшысы Кеңес Одағымен одақтастықтан бас тартып, Америка құрама штаттарының ықпалында кетіп, нарықтық экономикаға бетбұрыс жасаған болатын. Енді, міне,

содан бері қаншама жылдар өтсе де әлі оңалмаған. Айтыстарына қарағанда, жер асты, үсті қазба байлықтары мұнда да жетерлік. Бірақ тап біздегідей тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп жатқан көрінеді. Молынан жергілікті мұнай өндіретін бұл елде де бензин бағасы шарықтап тұр. Бізді тағы бір қызықтыратын нәрсе - жергіліктілердің ай сайынғы алатын жалақылары. Сұрастыра келе, мардымсыз ғана жалақы алатынын білдік. Бізді таң атқаннан кешке дейін тасып жүрген жүргізушінің айлық жалақысы небәрі алпыс-ақ доллар екен. Ал, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету және де басқа салаларда істейтіндердің айлық жалақысы мүлдем мардымсыз. Дүкендердегі азық-түлік пен күнделікті тұтынатын тауарлардың бағасы өте қымбат.

Соныменен, орталық мұражайға да келіп жеттік. Аумағы ат шаптырым жерді алып жатқан екі қабатты ғимарат екен. Бізді ертіп жүрген гидімізден бір елі қалмай қызықтап келеміз. Сонау сан ғасырлық тарихы бар самсыған экспонаттардың бәрі де тарих қойнауынан терең сыр шертеді. Барлығы да сол күйінде сақталған. Көпшілігі - пирамидаларға қазба жұмыстары жүргізілген кезде табылған экспонаттар. Перғауындардың табыттары тұтас ағаштардан шабылып, алтынмен көмкерілген. Атақты Тутанхамонның табытына тіптен жүз он килограмм алтын кеткен. Естелік болсын деп ескертпе жасағанына қарамастан, білдірмей суретке түсіріп алып едім, күзетші полицей жетіп келді де, өшіртіп тастады.

Мені бір қатты таң қалдырғаны - сол кездегі патшалар мен перғауындардың аты-жөндері, патшалық құрған уақыттары мен болған оқиғалардың бәрі де папирус қағаздарға жазылғандығы. Көпке дейін оның кілтін тауып ешкім оқи алмаған. Айтыстарына қарағанда XX ғасырлардың басында ғана оның құпиясын ашып, иероглифтердің кілтін тапқан ағылшындар екен. Бес мың жылдан астам бұрын жазылған,

сол күйі сақталған, бірақ, сарғайған беттеріндегі иероглифтер мен сол кездегі адамдардың тұрмыс тіршілігі бейнеленген суреттерге қарап тұрып, қайран қаласың. Бөрене ағашты қаздай тізіліп бара жатқан мүсәпір адамдар бейнеленген суреттен «кұлдар –ау» деп топшыладым, ал, артындағы таяқ ұстағаны «айдауыл» болуы керек. Келесі папирус қағазындағы суреттен қайтыс болған патша мен оған жоқтау айтып жатқан жақындары бейнеленгендігін өзімше тұспалдап қойдым. Осы сияқты толып жатқан таң қалдырарлық суреттер мен жәдігерлерді аралай жүріп, сонау біздің заманымызға дейінгі бес мыңыншы жылдарда жүргендей күй кешесің. Тіптен, сол кездегі ақындар мен жазушылардың жазған шығармаларына дейін қағаз бетінде сақталған. Аралаған сайын көре бергің келеді.

Ал біздің аталарымыз ше? Арғы жағын айтпай-ақ қояйын, осыдан екі жүз елу, үш жүз жыл бұрын ғана болған жоңғарлармен шайқасты да жазып кетпеген-ау. Тек ауыз әдебиеті арқылы ғана бізге жетіп отыр. Оны айтамыз-ау, Аңырақай шайқасы біресе Балқаш көлінің мына жағында, біресе мына жағында болған деп әлі шатасып келеміз. Жырда айтылатын Итішпес көлінің де қайда екені әлі де беймәлім. Сол кезде біреу шағын болса да жазба қалдырса ғой, біздің тарихшыларымыз мұншама шатаспас еді!

Келесі баратын жеріміз бабамыз Сұлтан Бейбарыс салған мешіт еді, бірақ, карантин шараларына байланысты адамдар көп жиналатын орын болғандықтан жауып тастапты. Өттеген-ай, мешітке кіріп, бабамызға құран бағыштасам ба деген ойым бар еді. Амал нешік, ақпарат құралдары арқылы бұл ғимарат туралы алдын – ала мол мағлұмат алып дайындалған маған міндетті түрде бір соғып, өз көзіммен көру бақыты бұйырмады.

Келесі таң қалдырған жер папирустар мұражайы. Мұнда да әр елден келген туристер толып жүр. Сол жерде мұражай

қызметкерлері папирустың қалай жасалынатынын көрсетті. Папирус дегеніміз - біздегі көлдің ортасында өсіп тұратын, басында шишкасы бар қоға тәріздес өсімдік. Сол папирусты лента сияқты тіліп алады екен де, шаршы тәріздес етіп бір-бірімен тоқып шығады. Шаршыны пресс арасынан сығып өткізген кезде сөлінің бәрі шығады. Құрамында қант пен казеин болғандықтан тілімденген папирустар кепкен кезде өзара желімденіп, тұтас парақ болып шыға келеді. Сарғыштау түсті қағазға мумияны езіп сия жасап, сонымен сурет салып, жазбалар жасайтын болған.Тіптен түрлі-түсті бояуларды да шебер пайдалана білген. Қолыма ұстап көрдіп, кәдімгі қалың қағаз сияқты қытырлап тұр. Осы жерде қызмет жасап жүрген бір қыз менің бетіме қарап тұрды да:

- Қазақстаннансыз ба? Жүріңіз, мен сізге бірдеңе көрсетемін,- деп келесі бөлмеге алып барды. Сыртымнан менің басқалар сияқты емес қызығушылығымның жоғары екенін байқады, білем. Оның үстіне менің мына түрім де қазақ екенімді сонадайдан білдіріп тұрған жоқ па?

Ондағы самсыған картиналардың ішінде папирусқа салынған Сұлтан Бейбарыстың портреті ілулі тұр.Көзіме оттай басылды. Басқалардан ерекшелігі сол, бет келбетін египеттіктерге емес, азиялықтарға ұқсатып салған. Бір қарағанда маған ұқсайтындай болып көрінді. Қысыңқы көзі, біздікендей домалақ жүзді бет әлпеті - бәрі қазақ екенін алыстан білдіріп тұр. Оны сол жерде жүрген гидтен сұрағанымда растады. Картина кейінірек салынған әрине. Бағасын сұрадым да алудан бас тарттым: тым қымбат екен.

Осыдан кейін, жоспарымыз бойынша, пирамидалар орналасқан Гиза қыратына бет алдық. Тағы да бір таңқалғаным, келгелі бері бірде-бір бағдаршам көрген жоқпын. Зулап жатқан нөпір көліктер бес-алты қатар жүретін күре жолмен келе жатады да бұрылатын кезде өзінің ыңғайына қарай шетке қарай

ығысады да, лып етіп өзінің бұрылатын жағына қарай кете береді. Жолдағы көлік түрлеріне қарап тұрып таң қаласың. Міне,зымырап бара жатқан шағын мотоциклдың рөліндегі әкесі алдына екі баласын отырғызған, оған қоса артында жармасып әйелі мінгескен. Шағын ғана автобуска жолаушыларды аузы мұрнынан шығара мінгізіп алып ол да салқындату үшін есігін айқара ашқан күйі зымырап барады.Оған қоса шет жағалай түйе, ат пен есек жеккен арбалар келеді.

Алыстан мен мұңдалап үш бірдей алып пирамида тұр. Жақындаған кезде көлеміне қарап таң қалдық. Суреттен, кинодан көргеннен көзбен көрген ерекше әсер етеді екен. Үлкені - Хеопстың, одан кішілеулері - Хефрен мен Микериннің пирамидалары. Кіргендердің бәрін бақылаудан өткізіп, кіре берісінде қарулы полицейлер тұр. Мұнда біз өз бетімізше аралайтын болдық. Себебі біздің топтағы гидіміз ағылшын тілдес туристер басым болғандықтан, соларды ертіп кетті де, қалғандарымызға өз беттерімізше аралауға тура келді. Ауласына кіргеннен-ақ, тәртіпсіздік пен ластықтықтың куәсі болдық. Пирамидалардың айналасы тола - түйелер, міну үшін сайлап қойған аттар мен ат арбалар. Жолдың бойының бәрі солардың қиынан аяқ алып жүргісіз. Сасық иіс сол төңіректі түгел жайлаған. Онымен қоса, төңірек тола қоқыс алаңына айналған. Шашылып жатқан құтылар мен полиэтилен қалталардан аяқ алып жүргісіз.Түрлі сувенирлер мен басқа да бұйымдар сатып жүргендер өте дөрекі сөйлейді. Жолыңды кес-кестеп, жүруге мұрша бермейді. Бұйымдарының бағалары да өте қымбат. Пирамиданың шығыңқы болып тұрған тастарының көлеңкесінде демалып, тамақтанып отырған, киімдері алба-жұлба арабтарды көріп, оларға таң қалдым. Кейбіреулері тіптен әкелерінің үйінде жатқандай алаңсыз ұйықтап жатыр.

Түс мезгілі болғандықтан, күн деген қайнады да кетті. Көлеңкелейтін тал-дарақ немесе бір жабдықталған жер

таппайсың. Кейінірек сұрастырсам, сол күні қырық бес градус ыстық болған екен. Сусын мен тамақ сататын арнайы орындармен де жабдықталмаған. Кім көрінген қолына не түссе, сонымен сауда жасап жүр. Қартон коробкаға қалай құйылғаны күмән келтіретін түрлі сусындарды салып алып, сатып жүргендер толып жүр. Бірақ, олардың лас, қорқынышты түрлерін көргенде, қанша шөл қысса да, бірден райыңнан қайтасың. Судың соншама қымбат екенін мен сонда түсіндім. Жарты литрлік құтыға құйылған судың бағасы бір доллар.

Біраз жүргеннен кейін басқалардан алға озып кетіп, бейнекамерамды алып айналадағы көріністерді түсіре бастап едім, арт жағымда он бес- жиырма метр жерде менен кейін келе жатқан жұбайымның жан даусы шықты. Жүгіріп жанына барсам, бір араб қолынан жұлқылап бірдеңе деп айқайлап жатыр. Ақша сұрап жатқан сыңайлы. Қап-қара болып күнге күйген түрі мен алба-жұлба киімдерінен шошисың. Сірә, жалғыз қалып қойған біреу деп ойласа керек. Мен барған соң ғана жұбайымның қолын жіберді де, жайына кетті.

Мұнда келе жатқанда қауіпсіздік жайлы гидіміз әбден ескерткен болатын. Айтысына қарағанда, жалғыз-жарым жүру өте қауіпті, тонап кетуі әбден мүмкін. Толып жатқан сатушылардан немесе басқа да кездейсоқ адамдардан қолымыздағы ақшалардан, телефоннан, бойларыңымыздағы қымбат әшекейлерден абай болуларымызды ескерткен болатын. Бірақ, мен айналама жалтақтап қарап отырып оның бұл сөздеріне аса мән бермеппін де.

Басында мен он доллар төлеп түйеге мініп, үш пирамиданы бірдей аралаймын, суретке түсіремін деп ойлаған едім, енді ол райымнан қайттым. Менімен бірге жүрген Ресейлік туристің де ойы болған, бірақ сұрастырса, кейбіреулері он доллар беріп мінгенмен, түскен кезде түйені шөктірмей қойып, тағы да қосымша ақша сұраған екен. Оның үстіне, айтыстарына

қарағанда, біздің алдымызда түйеге мініп серуендеп жүрген америкалық туристі алыстағы пирамидалар жақта жан-жағынан келіп қоршап алып, бес жүз долларын, телефонын тартып алған көрінеді. Онымен қоса, кейіннен естідік, бізбен бірге барған басқа топтың ішіндегі бір әйелдің алтын тросы мен алқасын жұлып алып қашып кетіпті.

Енді бәріміз топтасып жүретін болып келістік.

Пирамидаға жақын барып суретке түстік, тасын қолымызбен ұстап көрдік. Мынандай бес тоннаға жуық бірнеше мың алып тастарды жүз қырық метрге қалай көтеріп қалағанына қайран қалдым. Таспен тастың арасын қашап келтіргені соншалық пышақ жүзі арасына кірмейді. Ал, ортасында орналасқан салмағы сексен бес тонналық тасты қалай әкелді мұнда? Сұрақ көп, жауап жоқ. Алғашқы жорамал бойынша тастарды жиырма бес шақырым жердегі карьерде өндеп, содан кейін ғана сүйретіп әкелген деседі. Ал жоғарыға арнайы құрылғылар арқылы көтерген деген пікір бар. Енді бір білгіштердің айтысына қарағанда, тас блоктарды арнайы қоспалар арқылы құйып жасаған дейді. Тіптен, басқа ғаламшардан келгендер соққан деген де жорамал бар. Кім біледі қалай соққанын? Бірақ, шын мәнінде де таң қалатын құрылыстар екені айдан анық. «Осының бәрін техникасыз қалай іске асырды?»- деген сұрақ келгендердің бәрінің ойында бар.

Келесі тамашалағанымыз - денесі арыстан, беті адам тәріздес, биіктігі жиырма метрден асатын, атақты Сфинкстің мүсіні. Мұрны сынып қалған. Алыстан қарап тұрып: «Мұны да қалай бүтін тастан қашап жасаған?»- деп қайран қаласың. Оны көруге бізбен бірге жүргендердің біразының жүрегі дауаламады. Өйткені «берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан аламын»- деген арабтардың пиғылынан бәрі де шошып қалыпты. Олар туралы менің түсінігім мүлдем басқаша еді. Мен ойлайтынмын: «Мұсылман мемлекеті ғой, шариғат заңдарын ұстанатын

болса, емін-еркін, еш қорықпастан аралап жүре беруге болады ғой»- деп. Сөйтсем, мүлдем басқаша екен.

Оның үстіне Сфинкстің мүсініне жету үшін сол маңайда неге екені белгісіз толып жүрген арабтардың жанынан, бірнеше тас қақпалардан өту керек. Содан да қорықты-ау деймін бәрі. Соншама жерден қызығушылықпен қоса қомақты қаржы төлеп келген соң, маған бәрін көру керек. Жалғыз болсам да баруға шешім қабылдадым. Бірінші тас қақпадан өтіп екіншісіне таяғаным сол еді, сірә алыстан жалғыз жүргенімді байқап қалды-ау деймін, төрт-бес арабтың жас жігіттері қоршап алды. Құлдырлап бірдеңе деп тұрғандарынан –ақ байқадым, ақша сұрап тұр. Қолымдағы бейнекамерама көздерін сүзе қарайды. «Біткен жерім осы екен,»- дедім іштей. Сол кезде абырой болып бір топ украиналық туристердің келе қалғаны болар ма? Сасқанымнан:

- Жерлестер, сендермен бірге жүрейін! Әйтпесе мыналар мені тонайтын түрлері бар,- деп жабыса кеттім.

Бұлардың пиғылдарынан бәрі де хабардар-ау деймін, бірден:

- Жүр, бізбен бірге, -деді де, өз топтарына қосып алды.

Қуанып кеттім де, солармен бірге жүріп, бәрін аралап шықтым.

Су астындағы керемет

Теңізге алғаш келгенде-ақ байқағаным, кейбіреулер бастарына арнай маска киіп алып, су бетінде етбетінен жатып, терең жақта жүзіп жүреді. Кейде астына сүңгіп те кетеді. Сұрастырып көрсем, қызықтың бәріде судың астында екен. Талай жыл аңшылықпен айналысқан менің бірден ойым бұзылды. Жер бетінің керемет табиғаты - тау мен тасын, кең даласын, өзені мен көлін, орманын жолым түскен жердің бәрінде армансыз тамашаладым. Енді, мына қызықтан қалай құр қалуым керек?

Сол жерде Алматыдан келген Құрманғазы есімді жігітпен таныстым. Ол келген бойда, су астына сүнгиді де кетеді. Мен болсам, алыстан қызықтап қараумен боламын. Бірде жағада демалып отырып, мен одан мына керек-жарақтарды қайдан сатып алуға болатынын сұрап біліп алдым. Ол маған бірден су астына қалай саяхаттау керектігін, қандай керек-жарақ қажеттігін, оны қайдан алатындығын жақсылап тұрып түсіндіріп берді. Демалыс орнындағы толып жатқан дүкендерді аралап жүріп, ол айтқан жерді тауып алдым. Сатушының есімі Айман екен. Орысшаға судай, келген әрбір алушыны шыр айналдырып, тауарын мақтап, алмасқа жаныңды қоймайды. Мен оның есімін естіген кезде таңданысымды жасыра алмай:

- Айман деп бізде қазақтарда қыздарды атайды,-дедім таңдана.

- Білемін,ал, бізде арабтарда ер адамдарға беріледі,- деп түсіндіріп жатыр.

Соған қарағанда маған дейін біздің қазекендер мен сияқты жөн сұрасқан-ау.

Судың астына саяхаттау алғашында қорқынышты болғанмен, біраз жүзгеннен кейін үйреніп кетеді екенсің. Үйрене келе басқалар сияқты мен де біршама тереңдікке сүнгуді де меңгеріп алдым. Ал басқаларға тіптен таң қаламын,тура балық сияқты су астында емін-еркін жүзіп,тереңге сүңгіп жүр. Сірә, біз сияқты даладан емес, теңіз немесе өзен жағасында өскендер-ау шамасы. Енді алғашқы алған әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Су астындағы коралл дегенді алғаш көруім. Біз демалып жатқан жер неге «Домино Коралл» деп аталатынын енді түсінгендей болдым.

Жағамен суды кешіп барғаннан кейін, біртіндеп тереңдей береді де, шамамен он бес –жиырма метрдей жүрген соң, бірден су асты жарқабақ сияқты терең болып кетеді. Міне, осы жарқабаққа түгелдей коралл тастар түзілген. Неше түрлі

түстерден, пішіндерден тұратын коралдың түрлері де сан-алуан. Іштері қуыс болғандықтан, балықтар мен су жәндіктеріне таптырмайтын баспана. Судың мөлдірлігі соншалық, шамамен жетпіс-сексен метрлік тереңдік анық көрінеді. Оның үстіне, жоғарыдан түскен күн сәулесімен шағылысып, ерекше көрініс береді. Басқалар сияқты мен де телефоныма су өткізбейтін қалта сатып алып, күнделікті су асты түсірілімдерін жасадым. Сағаттап су астына саяхаттаумен уақытымды өткіземін.

Айнала толған экзотикалық балықтар мен су жәндіктері. Қаншама балық көріп жүрсем де, мынандай керемет түрлерін өмірімде көрмеппін. Үлкендігі екі-үш сантиметрден бастап, біздегі карастың көлеміндей, сарысы бар, жасылы бар, көгі бар дегендей, түрлі –түсті балықтарға толы. Жарты денесі кара, жартысы ақ балықтарды да алғаш көруім. Келушілерге әбден үйреніп алғандығы соншалық арасында емін еркін жүзіп жүре бересің, қорықпайды. Тіптен біреулер қолдарымен нан беріп қоректендіріп жүр. Бір ғажабы, келесі келген кезде көп адамдардың ішінен сол адамды бірден танып алады екен де, соңынан қалмай жүзіп жүреді. Су астындағы коралдарды қолмен ұстауға, бүлдіруге болмайды. Балықтар мен басқа да су жәндіктері заң бойынша қорғалады.

Біздегі балықтар болса сонадайдан көлеңкеңді көргеннен, тұра қашады ғой. Өйткені аяушылық деген мүлдем жоқ! Көре қалса болды, шанышқымен шаншиды, электр тоғымен ұрады, аумен майдасына дейін қалдырмай сүзеді, жарылғыш жарып өлтіреді. Табиғатқа деген жанашырлық пен аяушылық мүлдем жоқ. Көктемде уылдырық шашатын кезде тіптен обал. Ұрпағын өрбіту үшін, өзеннің ағысына қарсы қаншама шақырым жүзіп келген байқұстарды қынадай қырып жатқанын көргенде жүрегің ауырады. Дорбалап алса мейлі ғой, автомобильдеріне сыйған-сыймағанына қарамай толтырып жатқаны. Осының бәрін көріп жүріп, кейде «ертеде жүрген жерлерінде бәрін

қырып жоятын варварлар тайпасы бізге қарағанда әлдеқайда мейрімді болған ба?»- деген ойға кетемін.

Өнерліге өріс кең.

Ата-анамнандарыған еңбекқорлығымның, білімімнің, ақыл-парасатымның арқасында талай шыңдарды бағындырыппын. Балаларыммен бас қоса қалған кезде үнемі айтып отырамын :

- Бір бала бар әкеге тарта туатын, бір бала бар әкеден арта туатын, бір бала бар кежегесінен кейін тарта туатын. Сендер ер балалар екеуі ғанасындар, бірің маған тарта туындар, бірің менен арта туындар,- деп.

Солар ешкімнен кем болмай өссін деп, арқа етім арша, борбай етім борша болып жүріп еңбек еттім. Қолымнан келгенше оларға өнер үйреттім, тәлім-тәрбие бердім. Адамның бойынан табылатын барлық жақсы қасиеттің бәрін шамам келгенінше бойларына дарыттым. Сөйтіп күйбің тірлікпен жүріп алпысты алқымдағанымды да білмей қалыппын.

Бұрын маған алпыс деген бір алынбайтындай қамал болып көрінетін. Өйткені менің әкемді, атамды қазір көз алдыма елестететін болсам, ол кісілер алпысқа келген кезде зейнетке шығып, сақал-мұрт қойып, қариялар қатарында жүретін. Осы жасқа келген кезде мен де ойландым, «ары қарай қалай болар екен?»- деп. Сөйтсем, етек-жеңді жинап, келешек ұрпаққа үлгі –өнеге көрсететін кез енді келіпті.

Бауыржан Момышұлы кезінде айтқан, ер азамат қартайған кезде шал, қария, ақсақал және абыз болып бөлінеді деп. Отбасы, ошақ қасынан шыға алмай, түтін андып, ел аралап, өсек айтатындарды - шал деген. Өз әулетін шашау шығармай, уысында ұстап, билік жүргізген қартты - қария деп, тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айбынын асырып отырған жанды - ақсақал деп, елдің дау-дамайын шешіп, арғы-бергі

тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойында ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген адамды - абыз деп атаған.

Мен қартайған кезде артында қалдырған ауыз толтырып айтарлықтай елеулі еңбегі жоқ, соңынан ерер өнегелі ұрпақ тәрбиелей алмаған, өмір бойы қара басының қамы мен күйбің тірлігін ғана ойлаған, әркімнің түтінін аңдыған шал емес, ұрпағына үлгі боларлықтай із қалдырған қария, қолымнан келсе әулетімді ақыл-парасатыммен басқарып, ұрпағыма үлгі-өнеге көрсетіп, өсиет сөзімді айтып, бойымдағы барлық жақсы қасиеттерімді олардың бойына сіңіріп отыратын ақсақал болғым келеді. Өмір бақи сол үшін аянбай еңбек етіп келемін. Кейбіреулер менің осы еңбекқорлығыма қарап :

- Сенің осы бір тыныш жүретін кезің болады ма өзі? Таңның атысы мен күннің батысы бір тыным таппайсың, ылғы бірдеңені шығарасың да жүресің,- дейді.

Қазір ойлап отырсам олардың айтқандары рас екен. Қара қазан мен бала-шаға қамы үшін жастайымнан бастап кәсіптің неше түрімен, мал өсірумен, диқаншылықпен айналыстым, тіптен сауда да жасадым, одан жаман болған жоқпын. Материалдық жағдайымды жақсарттым, балаларыма өнер мен кәсіп үйреттім. Әлі де жалғастырып келемін. Мектепте жүргенде басқалар оқушыларын түрлі байқауларға екі-үш рет апарған соң, беті қайтып жатса, мен ерінбей, жалықпай ғылыми, шығармашылық жобалар жасатып, түрлі бағыт бойынша жылда апарамын. Одан да жаман болып жатқан жоқпын, қайта барған сайын оқушыларым да, өзім де мол тәжірибе жинап, шыңдала түстік. Бір жығылып, бір сүрініп елден қалмай келеміз. Жеткен жетістіктеріміз де ауыз толтырып айтарлықтай. Шәкірттеріме, балаларыма айтып отырамын:

- Жігітке жетпіс өнер де аз, одан көп болса тіптен жақсы,- деп. Дәл осыған келген кезде жаратушымыз бәрімізді де құр алақан қалдырмаған. «Ризық-несібесін тауып жесін»,- деп

әркімге әртүрлі қабілет пен дарындылықты берген.

Менің бір қасиетім, қандай да бір істі қолға алсам, одан нәтиже шығармай қоймаймын. Тіптен қаншама уақытымды сарп етіп, маңдай терімді сыпырып жүріп, еңбек еткен кезде шекем тасқа тиіп жатса да, алған бетімнен қайтқан емеспін. Сол алдыма қойған мақсатыма жетпейінше тоқтамаймын.

Аудан орталығынан сонау тоқсаныншы жылдардан бері бос тұрған интернаттың ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, бүкіл аудан халқы көптен күткен балаларға арналған шығармашылық орталықты жеті-сегіз айдың ішінде бітіріп берді. Құрылыс жұмыстары біткен кезде аудандық білім бөлімі тарапынан аудандағы бүкіл мектептің сурет пен еңбек пәнінің мұғалімдерін ішіндегі бөлмелерін безендіруге жіберді. Бұрын үнемі терезелері үңірейіп, қаңырап бос тұратын осы ғимараттың сырт пішіні адам шошырлықтай халде болатын. Ал ішіне кіре қалсаң, тіптен қорқынышты етін.

Енді, міне, жаңа келбетке келтіріп, әп-әдемі білім мекемесіне айналдырып қойыпты. Маңдайшасына : «Техникалық шығармашылығы және кәсіби бағдар беру орталығы», - деп әдемілеп тұрып жазып қойыпты. Сыртынан қарап сүйсініп қалдым.

Ішіне енген бойда менде бір ерекше толғаныс пайда болды. Олай демей қайтейін. Осыдан елу екі жыл бұрын балалармен бірге тай-құлындай шұрқырасып өскен өзімнің интернатым ғой. «Ат баспаймын деген жерін үш рет басады», - деген мақал бекерден-бекер айтылмаған. Қаншама жылдан кейін қайта келіп тұрмын.

Шетінен бөлмелерді асықпай аралап келемін. Міне, мынау кезінде мен басқан табалдырық. Мынау біз жатқан үлкен бөлме, жоғары қарай көтерілетін баспалдақтар сол күйінде тұр. Тап сол кездегідей барлығы қаз-қалпында. Баяғы балалық шағым еріксіз есіме түсе кеткені...

Кешегі бір ананың баласындай бірге өскен достарымды іздегендей, барлық бөлмелердің есігін ашып қарап келемін. Үнсіз тұрған мынау қабырғаларға тіл бітсе, бәрін де тізіп тұрып айтып берер еді - ау.

Таң қаламын! Уақыт деген қалай зымырап тез өте шыққан. «Елу жылда —ел жаңа», -деген міне осы!

Тапсырма алысымен, барлық мұғалім өзімізге берілген кабинеттерді безендіруге білекті сыбана кірісіп кеттік. Бір-бірімізден қалыспай, ертеден кешке дейін осында жұмыс істедік. Үш қабатты үлкен ғимараттың ішінде балалардың сабақтан тыс кезде қосымша білім мен өнер үйренуі үшін жағдайдың бәрі жасалынған. Неше түрлі үйірмелерге іші кең, жарқырап тұрған, заманауи техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған кабинеттер берілген.

Сөйтіп жүрген күндердің бірінде, бізге басшылық жасап жүрген аудандық білім бөлімінің әдіскері Ләззат мені оңаша шақырды.

- Ағай, бізге осы орталыққа авиа үлгілеу үйірмесіне жетекшілік ететін мұғалім керек. Қанша сұрастырсақ та ондай маман таппадық. Сіз осы үйірмені жүргізе аласыз ба? - дегені.

Өтірік айтып көрмеген басым бірден:

- Иә, кезінде аздап айналысқаным бар,- дедім. Өйткені, сонау тоқсаныншы жылдары аудандағы Балалар мен жасөспірімдер орталығында «Қазақтың ұлттық қолөнері» үйірмесінің жетекшісі болып қызмет атқарғаным бар. Сол кезде үнемі аудандық, облыстық жарыстарға оқушыларды апарып жүретінмін. Басқа әріптестеріміз бізбен қатарласа, осы ұшақ пен зымырандарды да жарыстырып жататын. Баяғы қызығушылығым ұстап, солардың жанынан шықпайтынмын. Жасаған ұшақтары мен зымырандарын қолыма ұстап көріп, қалай жасағандарын, қалай ұшыратындарын сұрайтынмын. Олардың жарыстарын талай рет тамашалағанмын. Маған сол

кезде: «Шіркін, мен де осылай ұшыруды меңгерсем ғой!»-деген ой келетін. Өйткені біздің орталықтың қоймасында осы ұшақтардың істен шыққан бірлі-жарым қозғалтқыштары мен зымырандарға арналған патрондары жататын. Бірақ осы үйірмені жүргізетін маман жоқ. Кейінірек әркімнен бір қоярда қоймай сұрастырып жүріп зымырандарды қалай жасайтынын, қалай ұшыратынын үйреніп алдым. Сөйттім де, үйірмедегі балаларыма үйреттім. Олар енді қолөнер ғана емес, зымыран ұшыруды да меңгере бастады.

Бұл біз үшін қиын кезең болатын. Кеңес одағы ыдырап, қаржы тапшылығына байланысты қосымша білім беретін мекемелер біртіндеп жабыла бастады. Кезек бір күні бізге де келіп жетті. Орталық жабылды да, бәріміз жұмыссыздар қатарына қосылдық. Тарап жатқан кезде директорымнан рұқсат сұрап, бір қорап зымыранның қозғалтқыштарын алдым. Өйткені оларға мұның енді түкке де керекті жоқ болатын. Тоқсаныншы жылдардың басында сол зымыран қозғалтқыштарын орнатып, жаңа жыл сайын үйдегі балаларыма зымыран жасатып ұшыратынбыз. Оны тамашалау үшін сағат түнгі он екі болмай тұрып, бүкіл ауылдың балалары біздің үйдің есігінің алдына жиналатын. Ал балаларым болса, кезектесіп зымыран ұшырып, жаңа жылдық от шашу жасайтын. Ол кезде әлі Қытайдан қазіргідей ататын неше түрлі пиропатрондар келе қоймаған кез. Балалар бір мәз-мейрам болып қалушы еді.

Оның үстіне соңғы екі жыл қатарынан түрлі Республикалық байқауларға Жамбыл облысы атынан менімен бірге Тараз қалалық Техникалық шығармашылық орталығының әуеүлгілеу үйірмесінің мұғалімі Александр Лысенкомен бірге барып жүрдім. Ол ылғи авиа және космос бағытында оқушыларға жоба жасатып жүретін. Шығармашылық жобалары жоғары деңгейде жасалғандықтан, үнемі жүлделі орындарды иеленіп жататын. Әсіресе бұл жобаларға мен қатты қызығатынымын.

Баратын жеріміз шалғай болғандықтан поезд ұзақ жүреді. Жол-жөнекей бос уақытымыз көп болғандықтан, ұзын-сонар әңгімеге кірісіп кетеміз.

Сөйтсем, Александр бала кезінен бастап авиаүлгілеу үйірмесіне талай жыл қатысып, ұшақ жасаумен, ұшырумен айналысқан. Бертін келе ұшқыш мамандығын меңгерген. Біршама жыл ұшқаннан соң денсаулығы сыр беріп, ұшудан шеттетілген. Енді міне, балаларды ұшқыштыққа баулып жүр. Баяғы қызығушылығым қайта оянып жасаған ұшақтары мен зымырандарына қызыға қараймын. Менің мұнымды сезді білем, бірден: «Осы саланы бірге дамытайық!»- деп айналдыра бастады. Өйткені менің өзара әңгіме барысында ұшақтар мен зымырандар туралы біраз хабардар болғаным оған ұнаған сияқты. Ал енді зымыран ұшыруды білетінімді айтқанымда, тіптен көздері жайнап кетті. Мен болсам, шынын айтқанда бұл қиын салаға бетбұрыс жасағым келіп тұрған жоқ. Оның бір себебі, жасым болса біразға келіп қалды. Екіншіден, менің бұл бастамамды қолдайтындар да жоқ екені белгілі. Ал, Александр болса, алған бетінен қайтатын емес.

- Қайрат, бұл спорт түрін біз сияқты Кеңес үкіметінің көзін көрген, авиациядан хабары барлар дамытпағанда кім дамытады?-деп мені одан сайын қамшылай түсуде. Мен болсам ыңғай бермеймін. Енді ол менің жанды жеріме тиетін сөздермен төмпештей бастады.

- Сен өзі Қазақстанның шын патриоты болсаң, ұстаз ретінде балалардың болашағын ойлауың керек. Авиациядан біршама хабарың бола тұра, қалайша осы спорт түрін дамытуды қолға алмайсың? Болашақ ұшқыштарды біз сияқтылар баулымағанда кім баулиды? Кешегі Кеңес Одағы кезіндегідей жандандыруымыз керек бұл саланы,- дегені маған дөп тиді. Мынандай намысты қайрайтын сөзді өзіміздің қара көздерден емес, мына орыстың баласынан естіп тұрғаным да маған терең ой салды.

Шын мәнінде қаншама жыл шәкірттеріме дәріс беріп жүріп: «ұшқыш боламын,» - деген бір баланы кезіктірген емеспін. Егер бұл саладан мүлдем хабары болмаса, олар қалай ұшқыш болады? Баяғыдай бұған баулитын үйірмелер де жоқ. Мен енді шындап ойлана бастадым.

Александрдың бұл сөзінде мән бар екен. Сонау, тоқырау кезеңінен кейін бұл салаға ешкім көңіл бөлмеген. Қазіргі кезде бүкіл облыс бойынша авиаүлгілеумен айналысатын екі мұғалім ғана қалған. Айтысына қарағанда, талай мұғалімді осы салаға тартпақшы болған, бірақ, онысынан түк шықпаған. Енді мені шындап айландырып жатқанының бір себебі де сол екен. Ойлана келе, мен оның ұсынысын қолдайтынымды және осы спорт түрін балаларға үйретуді қолға алатынымды жеткіздім. Осы сөзімді ести салысымен қуанғанын көрсең.

- Неден бастаймын?-дедім сенер-сенбесін білмей тұрған оған қарап. Ол болса осыдан кейін бірден өз ойын ортаға салды.

- Тараздағы мен жұмыс істейтін Шығармашылық орталыққа кел, сол жерде бәрін түсіндіремін,-деді де, мекен-жайының қайда екенін айтып берді.

Шамалы күндерден кейін орталықтарына бардым. Кірген бойда аузымды ашып, тандандым да қалдым. Шағындау шеберхананың ортасындағы столды жағалай ұшақ жасап жатқан балалар. Қабырға мен төбеге дейін өздері жасаған неше түрлі көздің жауын алатын ұшақ модельдерін іліп тастаған. Бар өнерлерін салып, бір-бірімен жарыса ұшақтың бөлшектерін жасап жатқан балаларды көргенде, тура кешегі келмеске кеткен Кеңес Одағы кезіндегі осындай көрініс есіме түсе кеткені. Ол кезде де мен Жамбыл қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер орталығына жұмыс бабымен барған кезде осындай көріністі көріп, балалардың шеберлігіне, ұшақ жасауға деген құлшыныстарына таң қалып қайтушы едім.

Александр шетінен балалар жасаған модельдерді маған көрсетіп жатыр. Ол аз болғандай ауладағы ұшу алаңына апарып, ұшақтарды кезек-кезек ұшырды. Әбден ұшыруға дағдыланған олар, неше түрлі жоғары деңгейдегі жаттығулар жасап шеберліктерін көрсетті. Сірә, менің қызығушылығымды одан әрі оята түсейін деді-ау деймін. Сонымен не керек бәрін көріп болған соң маған :

- Қалай екен, ұнады ма?-дегені.

- Әрине! Қандай керемет!- дедім таңданысымды жасыра алмай.

Кетер кезде бір комплект құрастыратын ұшақ бөлшектерін сыйға тартты. Оған қоса, құрастыру сызбаларын да қоса берді. Келе салысымен икемі мен қызығушылығы бар балаларды ұшақ жасауға үйрете бастадым. Білмеген жерімді Александрдан сұраймын. Осы істі бастағалы бері енді мен күніге ғаламторда сағаттап отыратын болдым. Өзіме керекті ақпаратты іздеймін. Өйткені арадағы отыз жылдан аса уақыттың ішінде бұл салада көп өзгерістер болған. Бұрынғыдай ұшақ қозғалтқыштары мен бөлшектері қолжетімді емес. Шетелден арнайы тапсырыспен ғана алдыруға болады. Пайдаланылатын материал түрлері, техника мен құрал-жабдықтар да маған бейтаныс. Олардың бәрін алдыменен өзім меңгеруім керек. Осылайша күнделікті ізденумен уақытым өтіп жатты. Сөйтіп жүргенде пандемия басталды да мектебіміз карантинге жабылып қалды. Бастаған ісіміз аяқсыз қалды.

Менің: «білемін»- деген сөзіме Ләззатпен бірге тұрған маған бейтаныс кісі елең ете қалды. Кейіннен білдім, осы ашылайын деп жатқан орталықтың жаңадан тағайындалған директоры Құрманова Салтанат Нәдірбекқызы екен. Салған беттен ол кісі де қарап тұрмай:

- Шынымен айтып тұрсыз ба ағай? Бізге сіз сияқты мамандар керек. Осында жұмысқа келіңіз, авиаүлгілеу үйірмесін

жүргізетін боласыз,-деді.

Қазақтың: «Арық айтып, семіз шық», - деген мақалына сүйене отырып былай деп жауап бердім.

- Авиаүлгілеу ісін біршама білемін, ал зымыран ұшыруды жетік меңгергенмін. Бірақ, бұл бағыт бойынша біздің ауданда бұған дейін ешкім айналысқан емес. Бұл үйірмені ашу үшін ұшақтардың, зымырандардың қозғалтқыштары, басқару және электронды құрылғылары сияқты қымбат тұратын көптеген құрал-жабдықтар керек,-деп ойымды ашып айттым.

Ол болса менің мына сөздеріме қуанып кетті де:

- Ағай, аудандық білім бөлімі барлығымен толық қамтамасыз етеді. Тек, сіз бастасаңыз болды,- деді ағынан жарыла.

Сонымен не керек, әрлеу жұмыстары бітісімен, орталықтың салтанатты ашылуы болды. Ал, мен болсам ойламаған жерден қосымша әуеүлгілеу үйірмесінің мұғалімі ретінде жұмысқа қабылдандым. «Құланның қасынуына мылтықтың басылуы тура келді» - дегендей, енді маған алға қойған мақсатыма жетуге толық мүмкіндік туды. Маған берілген кабинеттің көлемі де ат шаптырымдай, айнала станоктар мен құрылғылар қойылған. Айтқандай-ақ, арнайы тапсырыспен ұшақ модельдерімен және басқа да керекті жабдықтармен қамтамасыз етті. Мұның бәрін естіген Александр досым менен бетер қуанды. Үйірмеге баяғы осы істі бірге бастаған балаларымды шақырып, жұмысымызға құлшына кірісіп кеттік. Көп қиналып, балаларым да алғашқы ұшақтарын да жасап шығарды. Арнайы ұшыру алаңы дайын болмағандықтан ауданның орталық алаңына апарып ұшыратын болдық. Орталық болған соң сол маңда жүргендер ұшақтарымызды дайындап жатқан бізге: «Бұлар не істеп жатыр?»-дегендей таңдана қарап өтеді. Кейбіреулері қалай ұшыратынымызды көргілері келген –ау сірә, қызық көріп айналшықтап қасымызда жүр. Сонымен не керек, әбден

дайындық жұмыстарын жасап бітірген соң, ұшақтың басқару кордын ең қабілетті деген оқушым Абзалдың қолына ұстаттым. Қандай жауапкершілік мойнына жүктеліп тұрғанын сезіп тұр. Екі көзі бақырайып, маған қарағыштай береді. Оның жағдайын мен де түсініп тұрмын. Бұрын - соңды ұшақ ұшырып көрмеген адамға бұның әрине жеңіл соқпасы айдан анық. Алдын -ала теориялық, практикалық және психологиялық тұрғыдан әбден дайындағанмын.

- Ағай, құлатып алсам мыналар маған күледі ғой, - деп айналадағыларды меңзейді.

- Қорықпа, құласа қайта жөндеп аламыз. Ешкімге назар аударма! Екі көзің тек ұшақта болсын! Мен қалай үйреттім, солай ұшырушы бол,- деп қолдау көрсетіп жатырмын.

Өзім болсам одан бетер толқып тұрмын. Өйткені Тараздағы шығармашылық орталығында ұшырып көргенмін. Сағатына шамамен сексен – тоқсан шақырым жылдамдықпен айнала ұшқан кезде, үш-төрт минуттан кейін басым айналып, көзім қарауытып кеткен.

Өткен ғасырдың басында Америкалық ағайынды өнертапқыш Райттар әлемде алғаш рет ұшақ жасап ұшырғанда, біз сияқты уайымдамаған шығар. Олардың ұшағы жерден шамалы көтеріліп, бар болғаны отыз бес метр жер ұшып өтсе, біздің ұшағымыз одан асып түсті. Жер бауырлай біраз қиналып барып, көтеріле салысымен, аланды бір жарым шеңбер көлемінде айналып өтіп, асфальттың үстіне соғылып қирады. Райттардың әлемдік рекордынан «екі есе асып түстік».

- Ағай, құлатып аламын деп айттым ғой мен сізге,-деп балам қираған ұшаққа қарап жыламсырап тұр.

- Ештеңесі жоқ Абзал, жаңадан қолға алынған істің бәрі де осындай сәтсіздіктерден басталады. Бұл бастамасы ғана, көресің әлі, бұдан да жақсы, биіктерге ұшыратын боламыз,- деп жігерлендіріп жатырмын.

Айтқандай-ақ шеберханаға барған соң оқушылардың өздері түсірген бейнебаянға қарап отырып, ұшақтың конструкциясындағы, басқару барысындағы кемшіліктерді анықтадық. Келесі жолы ұшырған кезде осыларды назарға ала отырып, жасаған ұшақтарымызды балалар кәдімгідей әуеде зырлататын болды. Сол төңіректен өтіп бара жатқандар тоқтай қалып, таң қалып қарағанынан-ақ, оқушылар ғана емес, басқалардың да қызығушылық танытатынын байқадым.

Бірде, ауданымызға Республикалық қаржы басқармасы мамандары келген кезде аудан басшылары жаңадан ашылған біздің Шығармашылық орталыққа алып келді. Біраз үйірмелерді аралап көргеннен соң, біздің шеберханаға бас сұқты. Бастап келген төраға біраз жасқа келіп қалған қария екен, қабырғадағы ілулі тұрған неше түрлі ұшақтарымызға, ортадағы үлкен столды жағалай жайғасып алып, бір-бірімен жарыса ұшақ жасап жатқан балаларға сүйсіне бір қарап алды да:

- Мына жерде жұмыс деген қайнап жатыр ғой! Не жасап жатырсыңдар балалар?-деді.

- Ұшақ жасап жатырмыз! - деп бәрі шу ете қалды.

- Бәрекелді! Болашақ Талғат Бигелдинов пен Тоқтар Әубәкіровтар екен ғой бұлар,-деп оларды бір желпінтіп тастады.

Осы кезде бір оқушым өзі жасап жатқан ұшағымен таныстырып өтті. Онымен қоса үлкен экраннан ұшып жүрген бейнебаяндарымызды көрсетті. Оған келгендердің бәрі риза болды.

- Ал балалар, сендер болашақ ұшқыш екенсіңдер, ендеше мен сендерге бата берейін, жайыңдар қолдарыңды!-дегені болар ма қарияның. Бәріміз алақанымызды жайып тұра қалдық.

Бастаған кәсіп өрге озып

Өнершіл, өршіл, өркенді болыңдар.

Жамандықтан тәлім алмапсыңдар,

Жақсы өнерді таңдапсындар.

Аталардың дәстүрін,

Жаңалаңдар, жалғандар.

Шұғылалы, шуақ күн кешіп

Қырандай көкте самғандар!

Әумин!-деп батасын берді де, бізбен қош айтысты.

Айтқанындай-ақ, осыдан кейін тасымыз өрге домалап, ұшақтар мен зымырандардың небір түрлерін жасап ұшырып, мерейіміз бір үстем болып жүрдік. Енді жаттығу үшін ғана ұшырып қоймай, облыстық жарыстарда қылаң бере бастадық. Бірлі-жарым оқушыларымыз жүлделі орындарға да қолжеткізді. Сонымен бірге басқа бағыттар бойынша шығармашылық жобалар жасап, түрлі байқауларға да қатысатын болдық. Бірде Халықаралық жобаға қатысып төрт бірдей оқушым жүлделі орындардан көрініп, айды аспаннан бірақ шығардық. Осының бәріне о бастан үнемі қолдау көрсетіп келе жатқан досым Бектұрсын әзіл-шынын араластыра:

- Қайрат, сен біздің ауданда атақты авиаконструктор Циолковский сияқты авиация және зымыран саласынының атасы болдың,-дегені бар.

Бұған мен әзірше ештеңе де айта алмаймын. Әрине маған оңай соғып жатқан жоқ. Біріншіден, қабырғасы әлі қатпаған, бұғанасы әлі бекімеген он бір - он екі жасар шәкірттерім фанера, рейкаларды, пенопласт түрлерін, тағы да басқа материалдарды пайдалана отырып, аэродинамика заңдылықтарына сай ұшақтың конструкциясын алдыменен жетпіс - сексен түрлі бөлшектерді өлшем бойынша қиып алып, одан кейін желімдеу арқылы құрастырып шығаруы керек. Оған салмағына, көлеміне, конструкциясына, пайдалану мақсатына қарай іштен жану, электр қозғалтқыштарын орнатып ұшыру керек. Бұл жұмыс осы жастағы балалар үшін оңай шаруа емес. Екіншіден, онымен тек ұшып қана қоймай, жарыс ережелеріне сәйкес түрлі

жоғары деңгейдегі пилотаж бойынша ұшыруы керек. Бұны меңгеру өте қиын. Үшіншіден, бұл көпсалалы әуе спорты. Кордовый, пенолет, планер, радиомен басқарылатын түрлері болып жіктеледі. Онымен қоса зымырандардың өзі де бірнеше топқа бөлінеді. Оларды да аэрокосмос заңдылықтарын сақтай отырып құрастырып шығару, содан кейін жылдамдықтарын арттыра мүмкіндігінше биікке ұшыру және парашюттің көмегімен дiттеген жерге қондыра білу керек. Ол да екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейдi.

Қарап отырып шәкірттерімнің қызығушылығына риза боламын. Ерiнбей, жалықпай сағаттап отырып бөлшектердi жасау мен құрастыру үшiн қаншама шыдамдылық пен еңбекқорлық керек. Алғашқы ұшақтарын құрастырып шығару үшiн әр қайсысы үш ай еңбектендi. Ал, ендi жасап бiтiргеннен кейiн әуеде зырлатып ұшырып жүргенiн көрген кезде, олармен бiрге мен де қуандым. Өйтпегенде ше! Қаншама тер төгiп, еңбегiңнiң жемiсiн көргеннiң өзi қандай ғанибет!

Қиындығы мен қызығы мол осы салаға бетбұрыс жасаудағы басты мақсатым - шәкірттерімді осы өнер мен спортқа баулу және егемен еліміздің болашақ ұшқыштары болуына ықпал ету. Сол үшін бар білген өнерім мен іс-тәжірибемді шәкірттерімнің санасына күнделікті құйып келемін.

Болсаң үйір тажалға...

Бір актілі, жеті көріністі драма

I-акт

I-көрініс

Кейіпкерлер:

1. Анасы
2. Баласы – Досжан
3. Досы – Жорик



Менің он айлық кезім



Мен және әпкелерім



Атам, әжем және бауырларым



Халықаралық байқау



Қапаш ағай және интернаттың балалары



Ұлдам әпкей және 5 «б» класы оқушылары, 1973 жыл



Төлеген ағай және 10 «б» класы оқушылары, 1978 жыл



Ақтау қаласы, 2017 ж.



*Ақын Рафаэль
ағамен бірге*



*Техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру
орталығы ұжымы, 2021 жыл*



Александр және Авиаүлгілеу үйірмесінің оқушылары



Алғашқы ұстазым Ұлдаркүл әпкей



Директорларым Жұмакүл және Салтанат әпкейлер



Хеопс пирамидасы



Каир музейінде



Ежелгі Мысыр жерінде



*«Аквотарине»
демалыс орны*



Папирус мұражайында



***Жамбыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы
жетекшілері***



***Облыстық білім қызметкерлері кәсіподағы төрағасы
Ерұлан Сәбенұлы Мағымбеков және орынбасары Берік
Баймағамбетов***

4. Айжан - сүйікті қызы
5. Ғани, Болат - достары
6. Шынар - сыныптасы
7. Уәкіл - полицей
8. Инспектор - полицей
9. Дәрігер

Әдемі етіп жинақталған үлкен бөлме. Ортада үстел, орындықтар, диван, кресло. Стол үстіне гүл қойылған, мерекелік дастархан жайылған. Әдемі киініп алған мамасы көңілдене столды айналып, зыр жүгіріп дастархан жасап жүр. Туған күн кешінің әні орындалып жатыр. Баласы Досжан бөлмеге кіріп келіп таңдана жан-жағына қарайды.

Досжан: (еркелей) Мама, қандай керемет! Қашан үлгергенсіз? Мынаның бәрін шынымен, мен үшін жасап жатырсыз ба? Рахмет сізге мама!

Мамасы: Жалғызым менің, туылған күніңмен айналайын! Нешеге толғаныңды білесің бе?

Досжан: (Қуанышын жасыра алмай) Он алтыға мама! Шынымен он алтыға келдім бе? Мәссаған! Сіз он алтыға толсаң, нағыз жігіт боласың деп айтушы едіңіз, енді міне, мен ер жеттім.

Мамасы: Айналайын құлыншағым- ау, ер жетпегенде ше? Он үште отау иесі деген аталарымыз. Ал сен болсаң он алтыға толсаң да, әлі бала сияқтысың. **(құшақтап, шашынан сипайды)**

Досжан: Мама, мен енді бала емеспін, мен үлкен жігіт болдым. Енді сізді бағып – қағатын боламын.

Мамасы: (Мейірлене) Талабыңа нұр жаусын айналайын құлыным. Менің мына кәсібім аман болсын, күнделікті табысым бар, екеуімізге сол да жетеді. Бағамын деген сөзіңнің өзін естігенім, мен үшін бақыт.**(Басынан сипап)**

Досжан: Мама, бәрібір керек кезде сізден ақша сұраған

сайын ұяламын. **(қиялдана)** Мен де сіз сияқты кәсіпкер болсам ғой, шіркін. Ақшаны күреп тапсам...

Мамасы: Балам, оған дейін саған әлі ерте. Алдымен сабағыңды жақсы оқы, колледжді бітір. Сосын жоғары оқу орнына түсесің. Содан кейін – ақ менің жолымды қуып, кәсібімді өзің-ақ ары қарай жалғастырып алып кетпейсің бе?

Досжан: Әлбетте, мама. Үлкейгенде мен де сіз сияқты еңбекқор, білімді, іскер боламын. **(еркелей)** Сіздің қолыңызды жылы суға малып отырғызып қоямын.

Мамасы: Айтқаның келсін, айналайын. Сол күнге мен де сен сияқты жеткенше асығамын, құлыным менің. **(Құшақтап басынан сипайды)**

Байқұс әкең сен дүниеге келгенде, артымнан ерер ұрпағым келді, деп барша жұртқа жар салған жоқ па? Перзентханадан шыққаннан бастап сенің жаныңнан бір елі ажырамайтын. Жұмыстан шыққан бойы сені көргенше асығатын. Есіктен кірген бойда сені қолына алып әбден мауқын басушы еді жарықтық.

Досжан: Мама, әкем қандай адам еді?

Мамасы: Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, еңбекқор, адамгершілігі зор адам еді. Сені мен мені алақанына салып өсіремін деуші еді жарықтық. Тағдырдың маңдайына жазғаны шығар, ол арманына жете алмай кетті. Бірақ іскерлікті, кәсіпті үйретті маған. Соның арқасында ғой осы уақытқа дейін тарықпай өмір сүріп жатқанымыз балам. Әкеңнің жете алмағанына енді сен жетуің керек. Осыны біліп қой.

Есіктің қоңырауы шырылдайды. Досжан барып ашады.

«Досжан, туған күніңмен!» – де бәрі жабылып құттықтап бір топ қыз бен ер балалар кіріп келеді.

Мамасы: Келіндер айналайындар, жоғары шығындар. Мұнда отырындар. Мен қазір... **(Басқа бөлмеге кетеді)**

Айжан: Қалайсың Досжан? Бүгін мүлдем өзгеріп кетіпсің

ғой!

Ғани: Өзгермегенде ше, туған күні тойланайын деп жатқанда.

Бәрі отырып жайғасады, абыр-сабыр әңгімеге көшеді, көңілді музыка ойнайды.

Есіктің қоңырауы қайта шырылдайды.

Досжан барып ашады. Арғы жақтан ерекше джинсы киген, кепканы қисайтып алған, мойнында шынжыр, аузында шайнаған сағызы бар Жорик кіреді.

Досжан: О, Жорик! Кел, кір бері. Келгенің қандай жақсы болды.

Жорик: Бауырым, басқа – басқа бірақ, сенің туған күңіңе келемін дегенім есінде ме? Мерекең құтты болсын! Міне мені көрдің ғой. **(қолын кезек – кезек қағыстырып, бастарын соғыстырады)**

Досжан Жорикті дастархан басына ертіп әкеледі.

Досжан: Танысып қойыңдар. Менің жаңа досым Жорик. Жақында басқа қаладан көшіп келген. Туылған күніме арнайы шақырып отырмын.

Жорик маңғаздана қолын бұлғап өтеді

Досжан: (орындықты нұсқап) Жорик мына жерге отыр.

Осы кезде мамасы келеді..

Болат: Ал құрметті бүгінгі кешке жиналған достар, біздің жан досымыз Досжанның туылған күніне аздап асабалық қызмет жасап жіберейін, рұқсат етіңіздер. **(асқақтата)** Орта-лау ғана бойым бар,

Асаба болу ойымда.

Көптің бүгін көңілін тауып,

Шүйіркелестіру ойымда бар.

Ал қанеки сусындарды ашыңдар,

Көл – пал болып ақ ниетпен тасыңдар.

Бақыт пенен байлық тілеп Досжанға,

Көтеріп көңіл, күліп ойнап қайтыңдар.

Апай рұқсат болса, бүгінгі кешіміздің қонақтарымен таныстырып өтейін.

Мамасы: Қарақтарым –ау, көріп жүрмін ғой бәріңді де, сендер енді ұялмай алдарыңа қойылған дәмнен алып отырыңдар.

Болат: Менің оң жағымда отырған жігіт - жаңа Досжан таныстырып өткен досымыз Жорик. Байқауымша, нағыз серінің өзі –ау деймін, отырғанына қарағанда. Қалғандарын да артық болмас тағы да бір таныстырып өтейін. Менің сол жағымда отырған ару - біздің сыныптың еркесі, барымыз да, нарымыз да, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, сондай керемет сұлудың есімі Айжан.

(бәрі қол шапалақтайды)

Болат: Ал, мынау отырған жігіт біздің өзім дегенде, өзегін жұлып беретін нағыз сегіз қырлы, бір сырлы досымыз Ғани. Ал енді оның жанында отырған сұлуымыздың есімі Шынар.
(қолын бұлғайды)

Ал енді өзімді таныстыратын болсам:

Болады ныспым Болат, елім шымыр,

Жүрген жерім ылғи да қыбыр-жыбыр

Достардың көңілін қайтсем табамын деп

Ойым дағы соңғы кезде бұзылып жүр **(бәрі шапалақ ұрады)**

Болат: Ал достарым, енді отырысымызды әнмен бастайық.
(Қолына гитараны алып ән бастайды)

Жүрегім жыр тыңдайды

Көңілім ортаймайды

(Бәрі қосылып) Анасы бар адамдар

Ешқашан қартаймайды ...

-дей келе бүгінгі біздің кешіміздің себепкері, Досжан есімді досымызды өмірге алып келген, қанаттыға қақтырмай,

тұмсықтыға шоқыттырмай, осы уақытқа дейін мәпелеп өсірген анасына алғашқы сөз кезегін берейік. **(бәрі қол шапалақтайды)**

Мамасы: Айналайын алтыным менің, міне ер жетіп қалғаныңды бүгін ғана байқап отырмын. Қандай керемет жігіт болып өсіп келесің. Әкең жарықтық, топырағың торқа болғыр, осындай азамат болғаныңды көре алмай кетті-ау... **(орамалымен жасын бір сүртеді)**

Жарайды, көңілім босап кеткені ғой әншейін, бақытты бол айналайын, мынадай достарыңның алдында ойнап – күліп жүре бер құлыным менің. **(Өзгелерге жағалай қарап)** Сендерге де соны тілеймін. Туылған күнің құтты болсын! **(бәрі шапалақ ұрады, мамасы Досжанның бетінен сүйеді)**

Досжан: Рахмет, мама!

Мамасы: Ал сендерге мен кедергі болмай – ақ қояйын. Өздерің емін –еркін отыра беріңдер. Мен құрбым Мәрзияның үйіне бара тұрайын. **(шығып кетеді)**

Болат: Ал, енді бүгінгі тойға жиналған достар! Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария салем береді деген. Жорик, мына біз кішкентайымыздан бірге оқып өскен достармыз. Досжанның туған күнін талай тойлап, ізгі тілектер айтқанбыз. Қонағын құдайындай сыйлаған қазақпыз, алғашқы сөз кезегі енді өзінде. **(бәрі шапалақтайды)**

Жорик: (Маңғаздана) Рахмет бауырым! Ал Досжан өзіңнің есімің айтып тұрғандай екеуіміз доспыз, мен осында көшіп келгелі бері бауырласып кеттік. Саған зор денсаулық, бақыт тілеймін. Бәріңмен де танысқанымға қуаныштымын. Достығымыз баянды болсын. Сыйлығым бар еді, кейінірек бере жатармын. Алдағы уақытта бәріміз де дос ретінде араласып тұрайық. **(Бәрі шапалақ соғады)**

Басқа достары да кезектесіп тілек айтады. Көңілді отырыс одан сайын қыза түседі. Көптен бері бас қоспаған

олар әбден әңгіме айтып шүйіркелеседі. Енді асаба сөз кезегін өзі алады.

Болат: Көтеріп көңіл күлейік,

Әрдайым аман жүрейік.

Арайлап атқан таңдарды,

Өмірде бірге көрейік

Ал қанеки достар, ортаға шығындар, билейік!

Музыка ойнайды, бәрі барын салып билейді. Шамалы билеген соң Жорик ымдап Досжанды жеке алып кетеді. Шет жаққа барып, қалтасынан нашаны алып тұтатып, бір-екі сорып Досжанға ұсынады. Ол басын шайқап «шекпеймін» дегендей басын шайқайды. Жорик бас бармағын шошайтып, «керемет болады» дегенді көрсетіп мойнынан құшақтап алдаусыратып тұрып шектіреді. Өзі құшырлана сорып бітеді де Досжан екеуі барып билеп жүргендерге қосылады. Екеуі басқалардан ерекше күйде билейді. Жорик ысқырып қолын көтеріп, елдің мазасын ала бастайды. Бәрі оған үрке қарайды. Жорик билеген кезде қыздарға оғаш қылық жасап тиісе бастайды. Ғаниға соқтығысады. Екеуі бірінің жағасын бірі ұстасып қалады.

Ғани: Ей, сен Жорик, бәрімізді басынып бара жатсың ғой өзі, бұнынды қалай түсінуге болады?

Жорик: (Менменсіп) Сен маған бірдеңе дедің бе? Не керек өзіңе!

Болат: Қойындар, ұят болады. Жорик, шынымды айтсам сен бағаналы бері маған да ұнап жүрген жоқсың. Кештің шырқын бұзба. «Есіктен кіріп төр менікі» дейтіндей кімсің сен?!

Досжан: (Ортаға киліге кетіп) Тимендер оған, ол менің досым, былай тұрындар.

Ғани: Ал біз кімбіз сонда?

Айжан: Досжан сені сыйлағандықтан шыдап тұрмыз.

Әйтпесе мынауың бір әумесер ғой өзі.

Шынар: Әй Жорик, әбден мазамызды алдың ғой өзің, сені мына мен де жақтырып тұрған жоқпын. **(теріс қарайды)**

Жорик: Сонда бәріне мына мен кінәлімін бе? Кетейін онда.

Ғани: Ендеше, Досжан, таңда өзің. Бізбен бірге болғың келеді ме, әлде Жорикпен бе?

Досжан: Сендергене болған өзі? Ойынды да көтере алмайсыңдар ма?

Жорик қыздарға тағы да тиіседі, әркімге бір соқтығысады. Содан кейін сырт киімін киеді де кетіп қалады.

Айжан: Досжан, айттық қой саған, шырқымызды бұзады деп. Кеткені дұрыс болды. Балалар түннің бір уағы болды. Үйдегілер де күтіп отырған шығар осы отырғанымыз да жетер қайтайық бәріміз.

Ғани: Шынында да қайтатын мезгіл болды. Досжан, бүгін тамаша отырыс болды. Қонақжайлылығың үшін бәріміздің атымыздан алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Сау бол. **(бәрі шығып кетеді)**

Досжан: **(соңдарынан дауыстайды)** Балалар қайда барасыңдар? Тоқтаңдар!

II көрініс

Досжан: **(Өзімен-өзі сөйлесіп)** Не болып кетті өзі? Түк түсінсем бұйырмасын.

Басым неге солқылдап тұр?

Диванға барып жата кетеді. Осы кезде есіктің қоңырауы қайта шырылдайды. Ашып қараса ар жағында ыржалаңдап Жорик тұр.

Жорик: Айып етпе достым қайтып келгеніме. Кішкене бірге отыра тұрсақ бола ма?

Досжан: Иә, ішке кір.

Екеуі диванға қатар жайғасады. Жорик болса айналаға жалтақтап қарап алып, ешкім жоқ болған соң еркінси

бастайды.

Жорик: Бар берсін бәрі де, солай болғаны дұрыс. Екеуіміз еркін отырып бір тойлайық. **(креслоға келіп жайғасып отырады)** Көрдің бе саған қандай сыйлық әкелгенімді!

Виноны қалтасынан алып, столға қояды да қақпағын ашады.

Досжан: Әй, мұның не? Арақ қой мынауың!

Жорик: Әй, колхозбай – ай, арақ емес ол, шарап!

Екі стаканға құяды.

Жорик: Кел алып қояйық, сенің туған күнің мен денсаулығың үшін.

Досжан: Жо – оқ, ішпеймін мен!

Жорик: Әй боқмұрын – ай, виноның да дәмін татып көрмеген екенсің ғой. Кел – кел, алып жіберейік, жүзімнен істелген, қорықпай-ақ қой. **(қағып салады)**

Досжанды құшақтап қолына стаканды ұстатып қояр да қоймай ішкізеді.

Жорик: Міне нағыз жігітсің! Дәмі қандай екен?

Досжан: Қышқылдау екен. **(тыжырынып)** Басым айналып жүрмей ме?

Жорик: Әй түк көрмеген сорлы досым – ай, қайта көңілің көтеріліп, бір рахаттанып қаласың.

Музыка қойып, екеуі тағы да ішеді.

Досжан: **(масанданып)** Жорик қандай рахат, дүниенің бәрін ұмытып кетеді екенсің.

Жорик: Міне, енді маған ұнай бастадың, нағыз жігіт деген осындай болу керек. Шіркін, көңіл көтерген қандай жақсы, екеуімізден басқа ешкім жоқ. **(жан-жағына алақтай қарап)** Мамаң келіп қалмай ма?

Досжан: Жоқ, ол енді ертең бірақ келеді, сонда қонады. Әйел адамдар ғой, әңгімені түннің бір уағына дейін сапырады да: « Мәссаған! Түннің жарымы болыпты ғой,» деген соң,

күрбысы: «Осында қона сал! » дейді. Ылғи солай.

Осыны естіген Жориктің көзі жайнап кетеді. Айналаны тағы да бір шолып өтеді. Досжан болса масаңданған күйі отыр.

Жорик: Білесің бе Досжан, бұл өмірде қызықтар көп. Мына өмірді сол дүниенің бар қызығына батып жүріп сүру керек. Ішу керек, жеу керек, ойнап күлу керек. Өмір саған сол үшін берілген. Олай етпесең кейін өкініп қалуың мүмкін. Дүниедегі қызықтың бәрін көріп, рахатына бату керек. Соның мен дәмін татып жүрмін. Саған бір тосын сый жасайын ба? Міне, қара. **(пакетиктегі наркотикті алып көрсетеді)** Бұны « Белка » дейді, кайфтың күштісі. План мен шарап мұның жанында жолда қалады. Дәмін татып көрсең ғой. **(тамсанады)** Өзіңді жұмақта жүргендей сезінетін боласың. Бар дүниені ұмытып, қалықтап құс сияқты аспанда самғап ұшасың. Міне былай. **(екі қолын құс сияқты көтеріп)** Сондай керемет күйге енесің...

Досжан: (күліп) Сенің де шығармайтының жоқ екен осы.

Жорик: Көрсетейін бе қандай екенін?

Пакеттегі ақ ұнтақтың бір бөлігін алып сигаретінің қорабының үстіне аздап төгеді де қалтасынан шығарған түтікпен мұрны арқылы құшырлана сорып алады. Осыдан кейін креслоға шалқайып отыра кетеді.

Досжан оған көзі бақырайған күйі таңдана қарап отыр.

Жорик орнынан лып етіп тұрады. Қимылы шапшаң. Музыка қояды да өзімен – өзі масаң күйінде билей жөнеледі. Досжан аң-таң.

Жорик: (Екі қолын көкке жайып көзін жұмады) Бүкіл әлем менің алақанымда тұрғандай... Міне қарашы, теңіз үстінде жүзіп бара жатырмын, жағаға жеттім... Ғажайып арал... Табиғаты қандай керемет, құстар сайрайды. Өне, жан – жануарларды қара. Қандай ғажап көрініс...

Теңселіп барып диванға жата кетеді. Досжан оған

үрейлене қарап отыр. Біраз жатқан соң орнынан тұрады.

Жорик: Сен де көресің бе?

Досжан: Құдай сақтасын, атай көрме!

Жорик: (жақындап оны құшақтайды) Ей Досжан, менімен жан жолдас боламын деп серттескенің қайда? Не көрсек те бірге көреміз деген жоқ па едік.

Досжан: Бұған менің жүрегім дауаламай тұр.

(үрейлене) Қорқамын!

Жорик: Әй қорқақ неме! Осылай өзіңнің көлеңкеңнен де қорқып жүре бер. Бұл өмірдің бар қызығын менімен, мына жан жолдасыңмен бірге көргің келмей ме сонда?! Олай болса анау мамбет достарыңмен мақау болып жүре бермедің бе?!

Досжан: Жорик достым... **(жан-жағына алақтай, үрейлі үнмен)** ренжімеші маған, сенің көңіліңді қалдырғым келіп тұрған жоқ. Бірақ...

Жорик: Қорқатын дәнеңе де жоқ. Аздап көрсең болады ғой. Онда тұрған ештеңе де жоқ. Көрдің ғой, менің қалай көңілімнің өзгеріп сала бергенін. Өзіңді нағыз жігітпін деп есептейтін болсаң, тап қазір бір шешімге кел. Менімен бір болып, бірге кайфовать етейік.

Досжан: (ойланады, Жорикке бір, жан-жағына бір қарап алады.) Жарайды, бір рет сенің көңілің үшін аздап иіскеп көрейін.

Жорик: Міне, нағыз джентельменнің сөзі, байқап көр, ұнамаса ары қарай өзің білесің. **(қуанышын жасыра алмай)** Рахмет саған достым, көңілімді қалдырмағаның үшін. Кел бері, отыр былай.

(ыңғайланып отырғызады) Жорик үстелдің шетіне жақын келіп ақ ұнтақтың шамалы бөлігін себеді де түтікті қолына ұстатады. Ол болса Жориктің көрсетуі бойынша ақырындап иіскей бастайды. Бірнеше рет түшкіреді. Бір уақытта масаңданған күйі бөлменің ішін біраз кезеді. Біресе

өзімен – өзі сөйлеседі, ыржалаңдап күледі де диванға жата кетеді. Мұның бәрін Жорик қалт жібермей бақылап отыр. Ұйықтады-ау деген кезде суырмадан әмиянды ашып, ақшаның бір бөлігін қалтасына салады. Басқа жерлерді ақтарып жүріп бірдеңелерді қалтасына салады. Жан – жағына қарайды, вионың қалғанын және басқа наркотикалық заттарды қалтасына салады да шығып кетеді.

Дауыс:

Денсаулықты сақта, түзу өлесің,
Күнәдән пәк жәннат өмір кешесің.
Көрген күнің қараңғы ғой дерт шалса,
Харамменен тәніңді улап не етесің?
Жаман әдет көп шектірер қасірет
Сақта өзіңді жақсылыққа жетесің.

III көрініс

Досжан диванда ұйықтап жатыр. Телефонның қоңырауы бірнеше рет шырылдайды. Бірақ ол тұрмайды.

Есікті ашып мамасы кіреді. Досжанға бір қарайды да өз бөлмесіне барып киімін ауыстырады. Қайта келіп Досжанның қасына отырады.

Мамасы:(көңілдене) Балам туған күніңді қалай тойладыңдар? Бәрі де ойдағыдай болды ма? «Отын сұрай барған қатынның отыз ауыз сөзі бар» дегендей, Мәрзияны көптен бері көрмегенмін ғой, ананы-мынаны айтып отырып қалыппын сонда. Бір жағынан, сендер өздерің оңаша отырсын дегенім ғой менің.

Шашынан сипайды. Сүйсіне қарайды.

Мамасы: Тұра ғой балам, сабақтан қаласың. Соншама ұйықтағаның не? Әй, балапаным – ай, әбден ерке болдың – ау. Жатысын қарашы шіркіннің, үйді түгел көшіріп алып кетсе де білмейді. Жарайды, мен жұмысқа кеттім.

Мамасы шығып кетеді. Досжан әлі ұйықтап жатыр.

Көптен кейін басын қинала көтереді де диванға отырады. Басын ұстап шайқалады. Тұрмақшы болады, бірақ тұра алмайды. Бір кезде бірнеше ұмтылып барып орнынан әзер тұрады. Барады да су ішеді. Бөлмені бірдеңе іздегендей әбден кезеді.

Осы кезде Айжан бастаған бір топ достары кіріп келеді шулап.

Айжан: Қалайсың Досжан, сабаққа неге келмедің? Мәссаған, ұйқыдан енді тұрғансың ба?

Болат: Сәлем Досжан, кешегі ертерек кетіп қалғанымыз үшін ренжіме бізге. Бәрі де әлгі Жориктің кесірінен болды. Қайта достасайық деп келдік.

Досжан: Иә, бәрі де есімде. **(қиналып)** Мен де сендер кеткен соң әбден өкіндім, өзіме – өзім. **(өкінішті кейіппен теріс қарайды)**

Ғани: Ер шекіспей, бекіспейді деген. Әлгі Жорик қайда? Татулассақ дұрыс болар еді. Бірақ мен оны бір көргеннен ұнатпадым. Досжан қайдан тауып жүрсің оны?

Досжан: Жақын маңда тұрады, біраз болды дос болғанымызға.

Айжан: Соған жоламай-ақ қойсаң дұрыс болар еді. Мен де оны ұнатпадым.

Досжан: Қонақжай халықпыз ғой, араласып жүрген соң шақырғанмын.

Ғани: Тағы да бір келген себебіміз, колледжде бір үлкен іс-шара өтейін деп жатыр. Соған байланысты сенімен ақылдасайық деп едік.

Досжан: Балалар, менің мазам болмай тұрғаны. Терезені ашып қойып ұйықтап едім, суықтап қалдым-ау деймін. Айып етпендер, ертең сөйлесейікші.

Болат: Жарайды, **(күдіктене қарап)** түріңнен де көрініп тұр. Кеттік балалар.

Айжан: Балалар сыртта шамалы күте тұрыңдаршы, менің

Досжанға жеке айтатыным бар еді

Айжан қалады да қымсына Досжанның жанына келіп отырады.

Айжан: Мамаң қандай жақсы адам Досжан. Өте сабырлы, ақылды кісі екен. Сенімен шүйіркелесіп отырған маған қайта – қайта қарағыштай берді, ұялғаным- ай **(бетін басып)**

Досжан: Сенімен дос болып жүрмін деп мен алдында айтқанмын. Мамаммен жақынырақ таныстырамын деп те ойлағанмын.

Айжан: Оның қалай, ұят болды-ау. **(бетін басып)**

Досжан: Ештеңесі жоқ, екеуіміз бір - бірімізді ұнататынымыз рас қой.

Айжан: Сонда да ұяламын. Досжан, мына түріңе қарап шошып отырмын. **(секемдене)** Ішкілік ішкенбісің?

Досжан: Жо-оқ, ұйқының әсері ғой **(теріс қарайды)**

Айжан: Мені тыңдасаң сол Жорикке енді жоламай-ақ қойшы, жарай ма. Мен кеттім. Сабақтан тағы да қалып жүрме. Сау бол !

Айжан шығып кетеді. Досжан отырып ойланады. Бөлмені бірдеңе жоғалтқандай ары-бері кезіп жүр. Басын қос қолымен ұстап ауырсынады. Қайта-қайта сусын ішеді. Осы кезде ұлы телефоны шырылдайды. Барып алады да номеріне қарап «Алсам ба екен, алмасам ба екен?»- деп біраз ойланады да, нүктесін басып құлағына тосады.

Досжан: Ало, тыңдап тұрмын.

Жорик: Салам Досжан! Жағдайың қалай ? Үйдемісің? Сенің үйіңде менің оттығым қалып кетіпті, соны алайын деп саған барғалы жатырмын. Үйіңде мамаң жоқ па?

Досжан: Салам Жорик! Үйдемін, қандай оттық? Қазір қарап көрейін.

Телефонын ұстаған күйі отырған жерлерін қарап шығады, таппайды.

Досжан: Жорик, таппадым мен. Үйге келмей-ақ қой, тапқан соң, апарып беремін өзім.

Жорик: Досжан, қалтамнан түсіріп алған жерім енді есіме түсті. Сен бәрібір таба алмайсың, мен қазір өзім барып алайын.

Досжан жауап қатқанша телефонды өшіре салады. Досжан болса бөлмені әлі қарап жүр. Бір кезде есіктің қоңырауы шырылдайды. Досжан барып ашады. Ар жақтан жылмыңдаған күйі Жорик келіп, Досжанды құшақтай амандасады. Ол болса, жақтырмаған сыңай танытады. Жорик бірден бөлмеге кірген бойда айналаға жалтақтай қарайды.

Жорик: Қалайсың? Кеше екеуміз әбден шырқаппыз-ау. Керемет отырыс жасадық. Кеше қолыма ұстап отырғанмын оттықты мына жерде.

Еңкейіп әр жерді екеуі қарап жүр. Досжан теріс айнала бергенде қалтасынан оттықты алып диванның астына сырғытып жібереді. Біраз қараған болып жүреді де астына еңкейіп тауып алады.

Жорик: Міне таптым, осында түсіп кеткен екен ғой.

Досжан: *(таңданып)* Мен осы жерді неше рет қарап таппап едім...

Жорик диванға отырады да, қойнындағы шарапты шығарып аузын толтыра бір ұрттап қайта қалтасына сала қояды. Бірақ екі көзі Досжанда. Әрбір қимылын жіті бақылап отыр.

Жорик: Басың қалай ауырып тұрған жоқ па?

Досжан: Аздап ауырып тұр. Бірақ, бірдеңе жетіспей тұрған сияқты маған. Орнымнан тұрғаннан бері үйдің ішінде ары-бері сенделдім де жүрдім.

Мұны естіген кезде, Жорик жымың ете қалды.

Жорик: Мә, бас жазып ал!

Қалтасынан шарапты шығарып ұсынады

Досжан: Атай көрме ! Ішпеймін енді.

Жорик: Онда, мынадан бір иіскесең болды, басыңның ауырғаны бірден қояды. Мен үнемі солай етемін ауырған кезде. Көп көмектеседі.

Сөйтеді де, қалтасынан ақ ұнтақ салынған пластик қалташадан екінші қалтасынан алған банкомат карточкасына аздап себеді де, трубка арқылы иіскеп алады. Досжан болса алақтап оған қайта-қайта қарай береді.

Жорик: Кел бері, иіскеп ал сен де. Кәдімгі аптекадан алғанмын, күнделікті пайдаланып жүрмін. Анау мынау тұмауларың,суық тию,бас ауру дегендерінді қоймайды.Көр де тұр, аттай шауып кетесің!

Қалғанын столдың шетіне қояды.

Досжан: (Күдіктене қарап) Жо-оқ,болмайды!

Жорик: Бауырым –ау, жаныңды қинай бермей иіскесеңші! Міне, көрдің ғой менің қандай тамаша күйде болып тұрғанымды. Ұнамаса ары қарай өзің білесің.

Досжан болса Жорикке бір,столдың үстіндегіге бір қарағыштайды. Мұны сезген Жорик оған да себелеп береді де трубкамен бірге ұсынады. Ол болса басын шайқап қашиқақтайды, анау қояр да қоймай иіскетеді. Сәлден кейін Досжан біраз теңселіп жүреді де, диванға жата кетіп, ұйықтап қалады. Жорик болса шарабын ішіп бітіріп, үйді тағы да қарап шығып, бірдеңелерді қалтасына салып, Досжанға жымып бір қарайды да, бөлмеден шығып кетеді.

Дауыс:- Денсаулылықты сақта,түзу өсесің,

Күнәдан пәк жәннәт өмір кешесің.

Көрген күнің қараңғы ғой,дерт шалса,

Харамменен тәніңді улап не етесің?

Жаман әдет көп шектірер қасірет,

Сақта өзіңді жақсылыққа жетесің.

III-көрініс

Жұмыстан мамасы келеді. Киімдерін шешіп, ілгішке

іліп болған соң жол қамын жасайды. Сумкаға өзіне жолда қажетті заттарын салады. Қайтадан киімін ауыстырады да Досжанға дауыстайды.

Мамасы: Досжан, мен тауар әкелуге кетіп барамын. Есіктің алдында көлік күтіп тұр. Білмеймін қанша уақыт жүретінімді. Тамағыңның бәрін тоңазытқышқа салып дайындап қойдым. Сабағыңнан қалма жаным. Көріскенше сау бол!

Диванда жатқан баласына бір қарайды да шығып кетеді. Досжан болса әлі ұйықтап жатыр. Бір уақытта басын көтеріп отырмақшы болады да еденге құлап түседі. Қайтадан орнынан тұрып әрең дегенде орнына отырады. Екі қолымен басын қысып әбден қиналады. Өз басын өзі тоқпақтайды. Қалтасынан телефонын алып қоңырау соғады.

Досжан: Жорик, мен ғой Досжан... Үйге келші, мазам болмай тұр, күтемін.

Отыра қалып, қайта қиналады, диванға жатып аунайды, дөңбекшиді. Осы кезде Жорик кіріп келеді.

Жорик: Салам Досжан, жағдайың қалай? Жайша шақырдың ба?

Досжан: (Қиналып) Не болғанын білмеймін, бүкіл денем ауырып тұр. Әбден қиналған соң не істерімді білмей сені шақырғаным ғой. Не болып кетті өзі?

Жорик болса диванға отыра кетеді де, асықпастан қалтасынан шарабын шығарып ішіп отыр.

Досжан: (жыламсырап) Мен саған бүкіл денемнің бәрі ауырып тұр деймін!

Жорик: Бұны біздің тілмен айтқанда «отходняк» дейді.

Досжан: (үрейленіп) Ол не сұмдық тағы да?

Жорик: (сұқ саусағын шошайтып) Сұмдықтың көкесін «ломка» болған кезде көресің.

Осы кезде Досжан тағы да қиналып кетеді

Досжан: Маған не болған өзі. Жорик не істеймін енді?

Жорик: (қуана) Міне,енді ақылға келейін дедің. Не істеймін дейсің бе? Оны маған жібер. **(Білегін көрсетіп)** Қазір дорожканды тауып аламын да машинамен струна арқылы дорожканды табамын, контроль жасаймын, ширять етемін, содан кейін «приходқа» келесің, сонда ғана бәрі де орнына келеді.

Қалтасынан ақ ұнтақ салынған пакетикті, шыны құтыны,шприцті шығарып столға қоя бастайды.

Жорик: Қолыңды әкел,жеңінді түрейін.

Досжан: (ашуланып) Жо - оқ! Мен сонда кім болғаным! Жоғал көзіме көрінбей, жоғал! Мен ондайға бармаймын!

Жорик: (кекетіп) Ақымақ, мен оған көмектесейін десем, маған кет дейді ғой. Ал онда сау бол. Жақтырмасаң кетейін, өзің шақырған жоқ па едің? Бірақ ломка болып өліп кетуің мүмкін,байқа!

Бәрін жинап қалтасына салып, есікке беттейді. Досжан қиналған күйі артынан барады.

Досжан: (теңселеді) Жорик, тоқтай тұр, шыдай алар емеспін.Мүмкін басқаша ем қабылдап жазылуға болатын шығар. Айтсаңшы енді! **(Жорикті жұлқылайды)**

Жорик: Мен саған шынымды айтайын, бірақ жол бар. Өлмейін десең менің айтқанымды істе!

Жорик Досжанды жетектеп әкеліп диванға отырғызады. Героинды ерітеді де, қалтасынан шығарған шағын ыдысқа құйып, оттықпен қыздырады. Дайын болған соң, Досжанның білегін түріп, инені ептілікпен тамырына салып, жатқызады.

Досжан есінен танып жатыр. Жорик әр жерді ақтарып қойнына бірдеңелер салып алады. Қойнынан шарабын ішіп отырады. Досжан біраз жатқан соң көтеріңкі көңілмен оянады. Жаны жай тауып тұрғанын көрген Жорик оның арқасынан қағады.

Жорик: Дұрыс шешім қабылдадың. Әйтпегенде өліп

қалуың мүмкін еді.

Досжан: (үрейленіп)Қалайша?

Жорик: Енді үнемі юзать етіп тұрмасаң солай болады. «Ломкамен» ойнауға болмайды.

Досжан: (басын тоқпақтап)Құдайым - ай, қандай пәлеге тап болдым!

Жорик: (қуанышын жасыра алмай)Қалай бәрі орнына келе бастады - ау деймін.

Досжан: (жыламсырап)Келді орнына, бірақ есінде болсын енді саған жоламаймын.

Жорик: (Кекете) Көреміз әлі, жоламағаныңды. Жаныңды қоярға жер таппаған кезде өзің – ақ іздеп келесің. Енді, бәріміз бір «блоктағы» адамбыз.

Досжан: (ашуланып) Сен өзі не айтып тұрсың? Сонда мен...

Жорик: Иә, екеуіміз енді бір қайықтамыз. Ал: «Қайықтағылардың жаны бір», - деген. Сен менен ешқайда қашып құтыла алмайсың! Менімен жіпсіз байландың, осыны біліп қой! **(қатуланып)** Онан да кеттік, шаруалар бар істейтін.

Досжан: (ашуланып) Бармаймын сенімен.

Жорик: «Бармаймын!» - дейді ғой өзі. Сенің жаныңды алып қалған кім сонда? Мына менмін! Маған өмір бақи қарыздарсың. **(зілдене)** Егер құтқармасам не болар едің? Соны ойладың ба? Өлетін едің, сүмелек! **(Досжанды сұқ саусағымен шұқып)** Екеуіміздің тағдырымыз енді бір. Құттықтаймын! Енді сенде енді мен сияқты гердосник болдың. Күнделікті товарды қайдан табамыз, ақшаны қайдан аламыз, соған байланысты бәрі де. Басында мен бегунок болғам. Енді помогала боламыз. Өйткені біз енді екеуіміз ғой, бір-бірімізді страховать етіп отыратын боламыз. Дәрежеміз өсіп жатса барыға болуымыз да мүмкін. Бәрі де жақсылап жұмыс істеуімізге байланысты. Ақшаң болса қалтаңда, талтаңда да талтаңда ! Осыны біліп қой !

Досжан жылап отыр.

Досжан: Мұның бәрін маған не үшін айтып отырсың?

Жорик: Ой, мақау! Сыпуханы уақытысында таба алмасақ, өліп кетуіміз мүмкін. Ал ширятся еткеннен кейін бүкіл денең босап, жұмаққа барғандай боласың. Оны өзің де сезген шығарсың. **(сұқ саусағын көтеріп)** Ал таба алмасаң, ломка болып, тозақтан бір – ақ шығасың! **(жерді нұсқап)**

Түсіндің бе? **(қатуланып)** Бүгінгі көргенің бастамасы ғана.

Ал сенімен дос болып жүргенім, бір жағынан, мұндайда, ақшасы бар сен сияқтылар керек маған. Сен енді менің ямам боласың! Білесің бе, бір точка «белканың» қанша тұратынын. Алтынмен бірдей! Ақша сенен, тауар менен болады. Кеттік, көңіл көтеріп келейік.

Екеуі бөлмеден шығып кетеді

IV-көрініс

Мамасы келіп киімін шешіп, сумкасын қойып креслоға отыра кетеді де қалғиды. Ұйықтап жатып түс көреді де шошып оянады.

Мамасы: Біссімлда! Біссімлда! Қандай жаман түс. Құдайым – ау, жақсылық қыла гөр.

Мамасы шошып жағасын ұстайды. Есіктің қоңырауы шырылдайды, мамасы барып ашады. Полицейді көріп шошып кетеді.

Полицей: Саламатсыз ба, апай! Мамытов Досжан осында тұрады ма?

Мамасы: (қобалжып) Иә, осы үйде тұрады.

Полицей: Кіруге болады ма екен? Шаруаларым бар сізде.

Мамасы: (сасқалақтап) Иә, кіріңіз.

Полицей: (қолын шекесіне апарып) Учаскелік инспектор Айдаров. Келген себебім: сіздің балаңыз бізде есепке алынып, бақылауда болады.

Мамасы: (шошып) Бірдеңені бүлдірді ме?

Полицей: Жоқ, қорықпай – ақ қойыңыз (**ыңғайсызданып**)
Қалай айтсам екен... Сабақтан көп қалады, кешкісін көшеде
көп жүреді. Және...

Мамасы: (**мазасызданып**) Түсінсем бұйырмасын?
Сабақтан қалады, көшеде жүреді деп тіркеуге алуға бола ма?
Әй, баланың бәрі көшеде жүреді, сабақтан да қалатын менің
ғана балам емес қой.

Полицей: (**ыңғайсызданып**) Мен сізге түсіндіріп айтайын,
балаңыз бізде нашақор ретінде тіркеуде тұрған Жарылқасын
Әшекеевпен бірге жүретін көрінеді. Екеуі жиі көзге түсіп жүр
апай. Бірдеңені бүлдіріп жүрмесін балаңыз. Мен сізге соны
ескертейін деп келіп тұрмын.

Мамасы: Нашақормен бірге жүреді дейсің бе? (**шошып
жағасын ұстайды**)

Полицей: Иә, қадағаламасаңыз болмайды.

*Мамасы ойланады, полицейге бір, басқа жақа бір қарап
алады.*

Мамасы: (**мазасызданып**) Иә, бірге жүреді...

Полицей: Үйіңізге жиі келетін көрінеді, ақшаңыз, бағалы
заттарыңыз жоғалып жүрген жоқ па? Әлде байқамай жүрсіз
бе?

Мамасы: (**шошып**) Жоғалғанын қайдан білесің?

Полицей: Түсінікті бәрі... Ол Әшекеев осыған дейін
ұрлықпен бірнеше рет бізге түскен болатын. Ақша наркотик
алу үшін қажет.

Мамасы: (**мазасызданып**) Тоқта, тоқта солай ма еді...

Полицей: Апай онымен балаңыз бұдан былай байланыспа-
сын. Қадағалаңыз, әйтпесе кейін өкініп жүресіз. Мына жерге
қол қойыңыз таныстым деп.

*Қағазға қол қойдырып шығып кетеді. Мамасы жылдам
келіп суырман ақтарып қарайды, кішкене қораптың ішін
қарайды. Мойнындағы алқаны сипап көріп жоқ екенін білген*

соң, сылқ етіп отыра кетеді. Ойланып отырып, ұялы телефонды қолына алады да Досжанның номерін тереді. Ол алмайды. Әбден мазасы кетеді. Ақырында басқа номерді тереді.

Мамасы: Алло, анықтама бөлімі ме? Маған нарколог дәрігердің телефон номерін беріңізші...

Қағазға номерін жазып алады да қайта қоңырау шалады.

Мамасы: Алло, дәрігер, менің сізбен ақылдасатын шаруам бар еді. Қалай айтсам екен... Менің балам бір нашақормен дос болып жүр. Соның алдын алып, әрекеттенейін десем, не істерімді білмеймін? Көмектесіңіз маған. Естігелі бері жүрегім ауырып, жүруден қалдым. Өзіңіз келе аласыз ба? Өтінемін сізден...

Рахмет, күтемін.

Орнынан әзер тұрып, әмиянды тауып алып, ашып қарап шошып кетеді, бөлменің әр жерін ақтарып жүріп шприцті, құтыны тауып алады. Диванға отыра кетеді.

Дауыс:

Айырмаған досың менен қасың кім?

Мың - миллиондап жеп келеді жегіқұрт,

Қиылуда қыршынынан жасыл гүл.

Солардың бірі – сол құрдымға бастаған,

Нашақорлық теңеу барма басқа оған.

Есіктің қоңырауы шырылдайды, барып ашады. Арғы жақтан дәрігер көрінеді.

Мамасы: Саламатсыз ба? Кіріңіз! **(креслоны нұсқап)** Мына жаққа отырыңыз.

Дәрігер: Саламатсыз ба, қалыңыз қалай? Өз – өзіңізге келе алдыңыз ба? Шаруаңызды айтыңыз.

Мамасы: (мазасызданып) Неден бастасам екен... Баламнан күдіктене бастадым, нашақорлықпен айналысып жүр ме деп қорқамын.

Дәрігер: Сабыр сақтаңыз, мен нарколог дәрігермін, бәрін

дұрыстап айтып беріңіз. Әлі де кеш емес. Алдымен сұрақтарыма жауап беріңіз. Балаңыз соңғы кездері мезгілсіз кезде көп ұйықтайды ма?

Мамасы: (таңдана қарап) Иә, көп ұйықтайтын болып жүр.

Дәрігер: Мінезінде, көңіл – күйінде бұрынғымен салыстырғанда қандай өзгерістер бар?

Мамасы: Кейде көңілді жүреді, бірақ көбіне томаға тұйық, өзімен – өзі, меңіреу адам сияқты болады. Бұрынғыдай ашық–жарқын сөйлесуді қойды.

Дәрігер: Қолының немесе басқа бір күре тамырының көгерген жерін байқадыңыз ба?

Мамасы: Есіме енді түсті. **(білегін көрсетіп)** Мына жері көгеріп жүргенін байқағанмын. Бірақ ештеңе ойламаппын. Мыналар не өзі, тығып тастаған жерінен тауып алдым.

Шприцті, құтыны көрсетеді. Дәрігер қолына алып көреді

Дәрігер: Иә, нашақорлардың пайдаланатын заттары.

Мамасы: (зарлана)Енді не істеймін құдай–ау! О заман да, бұл заман, балам нашақор болады деп кім ойлаған! Құдайым–ау, ендігі көрмегенім осы еді!

Дәрігер: Апай, қайғыра бермеңіз. Бұның алдын алуға болады, әлі кеш емес.

Мамасы: (аңырап)Не істеймін енді, құдайым–ау...

Дәрігер: Нағыз бозбала шағы ғой, бұндай кезде жас жеткіншектер әр нәрсеге әуес келеді. Темекі, ішімдік, наша сияқты зиянды әдеттерге тез бой алдырып қояды.

Мамасы: Қарағым–ай бұлай болады деп кім ойлаған. Сорлы басым–ай. Білсем жібермес едім ғой мұндайға

Дәрігер: Балаңыз қараусыз қалушы ма еді?

Мамасы: (көзінің жасын сүртіп)Иә, таңертеңнен кешке дейін жұмыстамын, кейде іссапарға кетемін. Үйде жалғыз өзі қалатын.

Дәрігер: Апай біз сізге көмектесеміз, тек балаңызды алып келіңіз. Міндетті түрде жолықтырыңыз маған.

Мамасы: (егіле)Апарамын, көмектесіңіздерші. Құтқарыңыздаршы оны...

Дәрігер: Міне біздің орталықтың телефон номері, мекен-жайымыз. Сау болыңыз.

Визиткасын береді де кетеді

Дауыс:Мезгіл неге мейірімге тапшы тым,

Жара салып қоштасады жақсы күн.

Ана жылап бара жатыр аңырап,

Омырауынан сорғалатып ақ сүтін.

Мамасы жылаған күйінде киініп бөлмеден шығып кетеді

V көрініс

Қолдарында пакеті бар Жорик пен Досжан бөлмеге кіреді.

Досжан: Жақсы болды, үйде ешкім жоқ екен.

Жорик: Кел, тамақтанып алайық алдыменен.

Столдағы асты асығыс-үсігіс жеп алады.

Жорик: Қане шығар тауарды.

Пакетті ашып ішіндегі кішкене орамаларды столға қоя бастайды. Екеуі қуана қолдарына алып көріп,жсекелеп бөліп жатыр.

Жорик: Бәрін бөліп алып, точкаға жеткізу керек.

Досжан: Ұсталып қалмаймыз ба?

Жорик: Қорықпа, бізден әлі күдіктенбейді.

Барлық қалталарына бөліп салып алады.

Досжан: (үрейленіп терезеге қарайды) Мәссаған! Біздің балалар келе жатыр.

Жорик: Саспа, келе берсін. Дымың ішінде болсын.

Бөлменің бұрышына қарай кетеді. Осы кезде достары сау етіп кіріп келеді.

Айжан: Сәлем Досжан! Қайда жүрсің өзің? Колледжге келуді мүлдем қойдың ғой.

Досжан: (теріс қарап) Мен... ауырып жүрмін.

Айжан: Досжан соңғы кездері мүлдем өзгеріп кеттің. Мен сенің бұрынғы Досжан болғаныңды көргім келеді. Кеше сені түсімде көрдім. Өз түсімнен өзім шошып ояндым. Жүрегім бір жамандықты сезетін сияқты... Қорқамын, Досжан...

Болат: Досжан қалайсың? А, Жорик те осында екен ғой. Сабақты мүлдем қойған соң өзіміз іздеп келдік сені, не боп жатыр өзі.

Досжан: Сабаққа бара алмаған себебім ауырып жүрмін... **(теріс қарап)** Ауруханадан алынған анықтамам да бар.

Шынар: Қайдағы ауру, анау досың екеуің көшеде безектеп жүргенде, ауруға мүлдем ұқсамайсыңдар.

Жорик: Е—ей, мендегі шаруаларың не?

Ғани: Сен Жорик бізге о бастан—ақ ұнамап едің. Досжанның басын қатыра берме. Жібер оны жайына. Сенің сырың бізге мәлім бола бастады.

Жорик: Осыдан кездесерміз әлі, асықпа. Кім екен оны ұстап жүрген. Менде шаруаларың болмасын. Көрсетемін мен саған. **(қоқиланып)** Саған проблема керек қой, солай ма?

Ғани: **(зілдене)** Кездессек, кездесеміз.

Болат: Қойыңдар енді. Досжан сабаққа кел, әйтпесе басқаша сөйлесетін боламыз. Мына досың сенің үйіңе көп келеді дейді. Бұл жақсылықтың нышаны емес. Жанашыр достарың ретінде айтып тұрмыз.

Досжан: Жарайды балалар, барамын, тек мамама, мұғалімдерге ештеңе айтпай—ақ қойыңдаршы.

Бәрі кетеді. Досжан шығарып салуға кеткенде Жорик лып еткізіп суырмадан ақшаны алып қалтасына салады.

Жорик: Кеттік пе, Досжан?

Досжан: Қоя тұр аналар ұзап кетсін, сәл кідіре тұрайық.

Біраз уақыт кідіріп енді шыға бергенде мамасы есіктен кіріп келеді. Түсі суық. Қалшып тұрып қалған екеуіне кезек—

кезек қарайды. Екеуі кейін шегіне бастайды.

Мамасы: (ашуланып) Қайда барасыңдар? Қайда?

Досжан: Мен... Жорик екеуіміз...

Мамасы: (ашуланып) Жоригінді айтпа маған! Мен саған айтып едім ғой, онымен бірге жүрме деп.

Мамасы барып суырманы ашып қарайды да, оларға қарап:

Мамасы: Ақшаны кім алды? Кім алды деймін!

Досжан: Мен алған жоқпын.

Жорикке қарайды, осы кезде ол қаша жөнеледі.

Мамасы: Тоқта! Тоқта деймін мен саған, оңбаған!

Досжан: Мама, кешірші мені оның мұндайы бар екенін білмеппін.

Мамасы: (қатуланып) Сендердің қайта келетіндеріңді біліп, ақшаны әдейі салып қойғанмын. Осыменен үйден қанша рет ұрлық жасағаныңды білесің бе? Тонап бітетін болдың ғой бәрін !

Досжан: Мама, мен...

Мамасы: Сен қазір есеңгіреп тұрсың ғой өзің. Нашақор неме! **(жағынан салып жібереді де, жұлқылай бастайды)** Ай, құдайым—ай не жазып едім бұл тағдырға, көрейін дегенім осы ма еді!!!

Досжанның жағасынан алып сілкілейді. Сол кезде бір орама жерге түсіп кетеді. Досжанның жаны шығып кете жаздайды. Жылдам алып қалтасына қайта салады. Қашқысы келіп бұрылады да, анасының даусынан кейін тұра қалады.

Мамасы: Тоқта! Қайда барасың? Мынауың не? Айт, айт деймін! **(еніреп тұрып жылайды)** Білесің бе, сені жалғыз бағамын деп қандай бейнет көргенімді. Жесірлік дегеннің, жалғыздықтың не екенін білемісің?.. Ішкенің алдыңда, ішпегенің артыңда, әбден мастанып біттің. Аясаңшы мені... Балам **(аяғына жығылып)** жалынамын саған! Қыршын өміріңді қор етпе, айтқан тілді ал. Дәрігерге барайық, жүр

менімен, түспе теріс жолға. Жалғызым менің, сені жоғалтсам менің күнім не болады? Жарығым...

Досжан: (қиналып)Бара алмаймын мама!

Мамасы: Неге? Не үшін? Айт деймін шыныңды!

Досжан: (қатуланып) Солай!

Мамасы: Сонда менен мынау нашаң **(қалтасын сыртынан көрсетіп)** саған жақын болғаны ма? Жанашырың анау Жорик қой. Балам, қайт райдан! Құрысын бәрі, таста! Өстіп жүріп бір күні өлесің, айтқан тілді ал. Неге үндемейсің?

Телефон шырылдайды. Досжан қалтасынан алып көреді де, қайта салып қояды.

Мамасы: Таңда өз жолыңды. Ақ сүтін беріп, түн ұйқысын төрт бөліп асыраған мына анаңның айтқанын істе. Шынымен де қара түнек нашақорлық жолға түсіп, анау Жорикпен бірге кетпексің бе? **(теріс айналып тұрады)**

(қиналып)Зарлатпа мені, мынау жарық дүниеде сенен басқа жанашыр кімім бар менің? Бар үмітім бір өзің емессің бе? Құдайым–ай...

Досжан: Мама менің кетуім керек. Бармасам болмайды, қайтып келемін. *Мамасының созған қолынан қағып тастайды. Сотка тағы да шырылдайды.*

Мамасы: Балам! Әкеңнің ісін жалғастырамын, жетпеген арманына мен жетемін дегенің қайда?! Мені бағып–қағамын деген уәдең қайда қалды? Қайда бәрі? **(отыра қалып жылайды)**

Досжан анасына бір, көшеге бір қарайды да, қимастықпен есіктен шығып кетеді. Анасы болса талықсып барып диванға отыра кетеді.

Мамасы: О, құдіретті Алла! Менің не жазығым бар еді... Баламның маған не істегені бұл! Арман – үмітімнің шынымен де үзілгені ме? Не істеймін енді...

Кенет басын көтеріп алады да, «Досжан!» деп айқайлаған

күйі бөлмеден шығып кетеді.

Дауыс:

Есейгің келіп, ересектерше ауызға шылым апардың,
Темекі, арақ жалықтырды білем, нашаға енді бет бұрдың.
Сыр айтып, сыршыл күндерде сырбаз бас қосқан,
Қалмапты – ау сенде, қайда өзі сенде көп кұрбың?
Еңсенді көтер! Езіліп мұнша неткенің!
Есірткіге, араққа өзің беттедің.
Ажарың солғын, ісініп қолың, беттерің,
Енді гүлдемейді, жауқазын сенің көктемің!

VI көрініс

Асығыс – үсігіс Досжан мен Жорик үйге кіріп келеді.

Досжан: Жақсы болды, мамам үйде жоқ екен.

Киімдерін шешіп, креслоға екеуі отырады. Жорик қойнынан шарапты шығарып екі стаканға құяды. Екеуі соғыстырып ішіп алады.

Жорик: (қуана) Тірлігіміз жаман емес, толқач болғалы бері сұраныс күннен – күнге көбейді. Айттым ғой мен саған: «Мамаңа қашанғы жалтақтай бересің», - деп. Міне, тірлік істеп өз күнімізді өзіміз көріп жүрміз.

Досжан: Өстіп жүріп бір күні ұсталып қалсақ не боламыз?

Жорик: Өй, өзің қорқа береді екенсің. Бізде крыша бар, ұсталғанның өзінде купец құтқарады. Оның крышасы мықты, қорықпа! Кел, онанда тауарды реттейік. Енді қалтаға салып жүруге болмайды. Сақтық керек!

Оралған героинді Досжанның, өзінің беліне байлайды.

Жорик: Кел, ширятся етіп алайық!

Қалтасындағыларды шығарып, жеңін түре берген кезде есіктің қоңырауы шырылдайды.

Жорик: (үрейленіп) Барып көрші, кім екенін?

Досжан барып тесіктен сығалап қарайды.

Досжан: Танымайтын адам есік қағып тұр, не істейміз?

Жорик: Мент емес пе?

Досжан: Жок!

Жорик: Мен мына бөлмеге барып тығыла тұрайын, ал сен сөзге айналдыра тұр оны. Есікті кім болса да ашпа, білдің бе?!

Досжан: (есікке жақындап) Сізге кім керек?

Дауыс: Аудандық электр желілері мекемесінен. Төлем ақы қағазын алыңыз.

Досжан есікті ашып қалғанда, арғы жақтан сау етіп, учаскелік инспектор мен уәкіл екеуі кіріп келіп, Досжанның қолын қайырып кісен салады.

Досжан: (жыламсырап) Бұларың қалай? Менде нелерің бар?

Полицей: (куәлегін көрсетіп) Нашақорлықпен күрес бөлімі, майор Сабаев ! *Қойны – қонышының бәрін тінтіп, наркотиктерді тауып алады. Столға тізіп қояды.*

Полицей: (пакеттерді көрсетіп) Мынау сенікі ме?

Досжан үндемейді, басын төмен қаратып салбыратып тұр. Инспектор видеоға түсіреді.

Учаскелік инспектор: Майор мырза! Жанындағысы жоқ! Терезеден төменге секіріп, қашып кетті!

Уәкіл: Қайда барады дейсің, тұтылады алысқа ұзамай-ақ. Дереву бөлімшеге хабарла! **(Наркотик салынған пакетиктерге қарап)** Түсінікті бәрі де, бөлімге алып жүр.

Қолын қайырып алып кетеді.

Дауыс: Ей! Күнәдан пәк, жас жандар,

Қапелімде қателікке баспаңдар!

Айқын жолдан адаспаңдар, саспаңдар,

Тажалменен ойнағанды тастандар!

Ей! Күнәдан пәк жас жандар!

Бірішама уақыттан кейін алақ-жұлақ етіп Жорик қайта есіктен кіріп келеді. Үйдің ішінің бәрін ақтарып шығады.

Жорик: Қап, әттеген-ай! Тауардың бәрі кетті-ау! Қайдан

ғана келе қалды менттер. Сүмелек Досжан артымыздан хвост ала келген екен ғой!

Дорожный сумканы алады да, киім-кешек, бағалы заттардың бәрін сыпырып салып алады.

Жорик: Енді, өз обалың – өзіңе! Сүмелектің кесірінен тауардан айырылдым. Енді маған бәрі бір. Не болсаң, о бол!

Арқаланған күйі шығып кетеді.

Біраз уақыттан кейін анасы үйге кіреді де айналаға қарап, аң-таң болып тұра қалады.

Мамасы: Мынасы несі? Есікті біреу ашқан ба?

Жан-жағына қарайды, шашылған заттарды орнына қояды. Креслоға барып отырады. Осы кезде ұялы телефоны шырылдайды. Құлағына тосады.

Мамасы: Ия, қашан... Менің балам ба? Құдай сақтай көр. Бір өзі ғана дейсің бе? Үйден ұстап әкеткен бе? Қазір барамын! *Асығыс үйден шыққан күйі жүгіре жөнеледі.*

Дауыс: Анасыздар, әр үйге панасыздар,

Бала десе от болып жанасыздар!

Сәтті басса ұрпағың, - мерей тасып,

Сүрінгенде мұңайып қаласыздар...

VII -көрініс

Анасы креслода жылап отыр. Қасындағы шағын стол толы дәрі-дәрмек, қағаздар.

Дауыс: Үкім: Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 297 бабы бойынша заңсыз түрде көп мөлшерде есірткі заттарын сату мақсатында тасымалдағаны, сатып алғаны, қайта өңдегені, сақтағаны үшін азамат Жарылқасын Өшекеев сегіз жылға және азамат Досжан Айбаров алты жылға бас бостандығынан айрылсын.

Анасы екі бүктеліп жата қалып жылайды. Есік тоқылдайды. Сүйретіліп барып ашады. Полицей көрінеді.

Полицей: Саламатсыз ба, апай? Балаңыз хат беріп жіберіп

еді, міне. **(қолына ұстатады)**

Полицей кеткен соң анасы хатқа бір, далаға бір қарап, үнсіз біраз отырады. Қолына алып, хатты ұстаған күйі ойланып отыра береді. Осы кезде есіктің қоңырауы қайта шырылдайды. Орнынан әзер тұрып, барып ашады. Ар жақтан жылаған күйі, Айжан кіріп келеді де, мамасын құшақтайды. Құшақтасқан күйі екеуі диванға отыра қалады.

Айжан: Халыңыз қалай? **(жыламсыраған күйі)** Ден саулығыңыз сыр беріп ауруханада жатсаңыз да, Досжанның сотына келдіңіз. Осы бәледен аластата алмаған біздің де кінәміз бар апай. Бәріміз де соған өкініп жүрміз... Досжаннан не хабар бар?

Мамасы күрсініп алады да, столдың үстіндегі хатты нұсқап, «оқы» дегендей ымдайды. Айжан хатты қолына алып дауыстап оқиды.

Досжанның даусы:

Саламатсыз ба мама...

Білемін, маған қатты ренжігеніңізді. Сорлаттым—ау сізді... Енді міне, түрменің төрінде отырмын. Нем бар еді, қарғыс атқыр Жорикке еріп... Оңбаған! Жеме— жемге келгенде, мені сатып кетті! Енді істеген ісімді ойласам, өкініштен өзегім өртенеді...

Анашым! Неге сенің тіліңді алмадым?.. Қандай сормандаймын мен!..

Осы ісім үшін басымды тауға да, тасқа да ұрамын. Одан не пайда? Алты жыл өмірімді түрмеде өткізу деген сұмдық қой! Мұнда көрмеген қорлығым жоқ.

Сізді енді көремін бе, көрмеймін бе?..

Мама, сеніміңді ақтай алмадым! Әке арманын іске асыра алмадым. Мен сияқты нашақордың өмірі қысқа... Әкемнің жасына да жете алмаймын—ау... Кешіріші мені...

Қош бол мама!..

Ұлын Досжан.

Мамасы мен Айжан екеуі құшақтасқан күйі жылап отыр.

Дауыс:

Ізгілікті зұлымдыққа талаттым,
Денсаулықтың барлық алтын – асылын,

Пенделіктің орманына тонаттым.

Жастайымнан құлы болдым қайтейін,

Наша менен арақтың...

Көрдей қара тұман жапқан көңілін,

Наша үшін қиған жастай өмірін.

Ең сорлы жан мен боламын,

Ең соңғы жан мен болайын, тәңірім!

Қойылымның соңы.

Сахна жабылады.

Жақсы бала боламыз.

(1 актілі, 5 көріністі музыкалық драма)

Қатысушылар:

1. Атасы

2.Марат-немересі

3.Жанат-Мараттың досы

4.Анар – көршінің қызы

I - көрініс

Үлкен бөлмедегі диванда жамылғыны бүркеніп алып, бала ұйықтап жатыр. Әр жерде кітаптар, қалам-қағаздар, киім-кешектер шашылып жатыр. Сусын ішкен ыдыстары да үстелдің үстінде тұр. Аяқ киімдерін де шешкен күйі еденге лақтыра салған. Кенет, бала шошып оянады. Көрпені ашып жіберіп, отыра кетеді де жылап жібереді.

Шошынған даусын естіген атасы кіріп келеді де диванның шетіне отыра қалып құшақтап, немересінің басынан сипай-

ды.

Атасы: Кішкентай ғана құлыным менің, не болды саған? Неге сонша айқайладың? Бірденеден шошыдың ба? Әкел таңдайыңды басайын, тентегім менің. *(таңдайын басады)*

Марат: (Жыламсырай) Ата, жаман түс көріп шошып ояндым.

Атасы: Ол қандай түс, неден шошындың?

Марат: Түсімде мыстан ба, жалмауыз кемпір ме білмеймін, келіп маған сабақты неге оқымайсың? Неге бұзықшылық жасайсың? Енді, ісім сенімен болсын деп қорқытып кетті. Қорқамын ата... *(жылайды)* Енді не істеймін?

Атасы: (Арқасынан қағып) Қорқатын ештеңе де жоқ. Түс – түлкінің боғы деген, оған бола алаңдамай-ақ қой.

Марат: (жыламсырап) Бәрібір қорқамын ата...

Атасы: (ашуланан) Әй, өзіңе де бір жағынан бар ма, обал жоқ! Түсіңе неше түрлі құбыжықтар кірмей қайтсін? Күнімен, түнімен көретінің кино! Ужас дей ме, боевик дей ме, құдай-ау бәленің бәрін көріп аласың да, түнімен шошып шығасың. Қойсаңшы балам-ау. Онан да сабағыңды оқып, үйдің тірлігін істе. Компьютерді саған ол үшін әперген жоқ қой.

Орнынан тұрады да шашылып жатқан бөлмеге бір қарайды да басын шайқайды.

Атасы: Балам-ау, мына бөлменді жинастырсаңшы, не болып кеткен мына жер? Өз үйінді күнделікті жинастырып қоюға болады ғой? Анаңның қолы қайдан тисін? Жұмыстан келіп тамақ істеуге ғана уақыты бар. Шаршайды ғой байғұс. Ал әкең болса жұмыс-жұмыс деп, мұрнынан шаншылып жүр. Саған қарауға да уақыттары жоқ. Бәріміз айта-айта шаршадық. Айтқан нәрсені орындау керек қой. Құлақ бар ма өзінде?

Соңғы кездері қарттықтың белгісі ме, әлде соғыста алған жарақаттарымның зардабы ма білмеймін, әбден мазам кетіп жүр. Түнде де дұрыс ұйықтай алмаймын. Біресе ана

жерім,біресе мына жерім ауырып маза бермейді. Ауырмайтын жерім жоқ-ау осы. Мен барып демалайын,әбден шаршадым...

Қолындағы таяғына сүйеніп шығып кетеді.

II- көрініс

Сахнаға бір қолында дискісі бар досы Жанат кіріп келеді.

Жанат: Марат! Білесің бе қандай кино әкелгенімді? Қос компьютерді,боевик көреміз.

Төсекте үнсіз отырған Маратқа қарайды.

Жанат: *(Жанына отыра қалады,иығына қолын салып)* Әй достым,саған бүгін не болған? Ауырып қалдың ба?

Марат: *(Мұңайып)* Әй Жанат,біз екеуміз осы не істеп жүрміз өзі? Өзімізді-өзіміз алдап жүрген жоқпыз ба?

Жанат: *(Күле қарап)* Айттым ғой,ауырып қалған деп.Қой, мен мұны ине салып емдейін. *(Сұқ саусағымен бүйірінен шұқып қалады.Ол болса шошып кетеді)*Менің қолымның биотогы бар. Енді менің емімнен кейін, енді аттай шауып кетесің.

Марат: Жоқ,мен шынымен сұрап тұрмын.

Жанат: Неге олай дейсің? Не айтып тұрсың өзің?

Марат: Сабақтың жайы анау, тәртібіміз де оңып тұрған жоқ.Соны айтамын.

Жанат *(Ойланып)* А, соншалықты не бүлдіріппіз уайым-дайтындай, сабақ оқымайтын,тәртіп бұзатын екеуміз ғана ма не?

Марат *(Столдың үстінде жатқан күнделікті нұсқап)* Анау күнделікті алып қарашы,бәрі белгілі, ғой 2 мен 3 тен басқа баға жоқ.

Жанат: *(Басын қасып)* Төрттеріміз де бар ғой арасында. Арпа ішіндегі бір бидай дегендей...

Марат: *(Күле қарап)* Дене шынықтырудан ба?

Жанат *(Төмен қарап)* Иә...

Марат: *(Жанаттың иығынан ұстап)*Достым, осы

екеуміз шындықты айтайықшы, неге нашар оқимыз, тәртібіміз неге нашар?

Жанат (*Ойланып*) Бұрындары әжептеуір оқып жүр едік, менің де осындай халге жеткенімізге таңым бар.

Марат: Әй, анау Ердос, Жандос, Анарлардың мына екеумізден қандай артықшылығы бар.? (*Ойланып барып*) Алып бара жатқан ештеңесі де жоқ. Бұрындары солармен үзеңгі қағыстырып келген жоқ па едік, соны айтшы маған.

Жанат: Олардан еш жеріміз де кем емес, бәленің бәрі мына өзімізден. Мына екеумізді де өлтіретін адам жоқ!

Жақсы оқимыз десек бізге осы кім қой депті, а?..

Марат: (*Еңсесін көтеріп*) Рас айтасың, таңның атысы мен күннің батысы ойнатынымыз доп, онан қала берсе кешке кино. Сабаққа дайындалудың орнынана, істейтініміз осы. Екеуміздің миымыздың бәрін кино жаулап алған, білім алуға бос орын жоқ ау деймін. Өйткені (*Саусақтарын бүгіп*) математиканы, тарихты, қазақ тілін, басқа да сабақтарды қанша оқысам да, менің мына миыма қонбайды. Ойыма көрген киноларым түсе береді. Мына ойымның бәрі басқа жақта. (*Басқа жақты нұсқап*)

Жанат: Менікі де дәл сондай, екеуміз де бір дертке шалдыққан екенбіз. Емі де бір болуы керек. Бірақ, оқимыз ғой әлі, үлгереміз, әлі - ақ қуып жетеміз.

Марат: Қашан үлгеріміз? Білесің бе? Аталарымыз айтқан, он үште отау иесі деп. Ал, біз болсақ, әлі ақыл тоқтатқан жоқпыз. (*Қайтадан мұңайады*)

Жанат: (*Оған күле қарап*) Әй сенде айтасың-ау. Он үште отау иесі... (*Жоғарыға қарап ойланады, терезеге көзі түсіп кетеді де*)

Онда сені ана көрші қыз Анарға үйлендіре салайық! Әне, өзі де келе жатыр. (*Саусаған безеп*) Ха-ха-ха!

Марат: Көрсетейін, мен саған мазақтағанды, мен бұған

шынымды айтсам...

Жанатқа жетіп барып итеріп жібереді. Екеуі біраз алысады. Үйдің іші онан бетер шашылады.

Осы кезде үйге Анар кіріп келеді де, айналаның бәріне таңдана бір қарап өтеді.

Анар: Ұят-ай, мына үйде Марат шынымен сен тұрасың ба? Масқара! Бұл не деген сұмдық!

Марат Жанатқа қарап жұдырығын түйеді.

Марат: Айттым мен саған, көрдің бе не болғанын. Анар айып етпе, Жанат екеуіміз бірденеге келісе алмай қалдық...

Анар: Екеуіңдікі үнемі солай, өзара келісе алмай жүргендерің қашан көрсең. Не үшін екеуің төбелесіп жатырсыңдар?

Жанат: *(оны келемеждей)* Анар, біріншіден не үшін келдің бұл үйге соны айтшы маған? Тыныштық бермейтін болдың ғой.

Анар: Біріншіден мен саған емес, Маратқа келдім. Екіншіден, біреудің үйінде осыншама ойнақтауға бола ма? Өз үйің болса осылай істер ме едің? Қарашы үйді қалай шашқандарыңды? Тіптен аяқ басар жер жоқ, масқара! *(Айналаны көрсетіп)*

Жанат: Өне, басталды! Қазір бізге ақыл айтады. *(аузы басын қисандатып, ары бері жүріп, келемеждейді)* Балалар, бұзық болмаңдар, сабақтарыңды оқыңдар деп.

Марат: Жанат, ол менім қонағым, енді соған тисейін дедін бе? Тыныш тұр былай! Жайша жүрсің бе Анар?

Анар: Кеше кітабымды алып едің, өзіме қайтармасың ба? Сабағыма дайындалуым керек.

Марат: Қазір тауып берейін. Алуын алдым ау, бірақ... бетін де ашқан жоқпын. *(Ары бері кітапты іздейді.)*

Анар: Балалар, егерде тағы да сабақ оқымай, мектепте бұзықшылық жасайтын болсаңдар, енді мектепшілік жиналысқа саламыз. Өйткені сыныбымызды артқа тартып

келе жатқан екеуің. Ата аналарыңды мектепке шақырамыз. Біліп қойыңдар! (*Сұқ саусағын шайқап*)

Жанат: Қорқытқанын қара! Көресін, біз Марат досым екеуміз әлі-ақ барлықтарыңнан да озамыз, тұра тұрыңдар.

Анар: (*Күле қарап*) Озамыз дейді ғой өздері, бастарыңда түк білім жоқ. Қалай озбақшысыңдар?

Марат: Сен не екеумізге сенбей тұрсың ба? Көресің әлі, біздің қандай екенімізді. Озамыз!

Анар: Сенемін! Бұзықшылықтан, өтірік айтудан, екілік алудан, сабақтан қалудан әрине бәрінен озасыңдар (*саусақтарын бүгін санап шығады*)

Жанат: Мен бе бұзақы! Байқап сөйле Анар! Өзім тиіспеймін, бірақ тиіссе аямаймын. Ал енді өтірікті кейде қосып жіберетіным рас! (*Қолын кеудесіне қойып*) Бұл менім шын сөзім!

Марат: Намысымызға тие берме, мен де алғашқы болып соқтықпаймын. Ал тиісе берсе, қарап қалмаймын. Кемшіліктерді енді жоямыз!

Анар: Осылай екеуін салғыласып тұра берсіндер ме? Жинамайсыңдар ма бөлмені, сабақтарына дайындалыңдар. (*Екеуіне кезек қарап*) Үй тапсырмасын орындадыңдар ма?

Жанат: (*Келемеждеп*) Әне айттым ғой! Қазір бұл бізге бар білетін ақылын айта бастайды. Марат, кеттік онанда біздің үйге, кино көрейік!

Марат: Анар дұрыс айтады, сабаққа дайындалайық.

Анар: (*қуана*) Жарайсың Марат! Оны тыңдама! Сабағыңды оқы! Әйтпесе тағы да екілік аласың, ұрыс естисің!

Жанат: (*Ренжіген күйі*) Марат досым! Сонда сен мына жан досыңды тыңдамай, Анарға бүйрегің бұрып тұр ма? Мәссаған! Достығының түрін қара! Маған қарашы өзің!

Марат: Әр нәрсенің шегі болады. Ертең тағыда екі ал дейсің бе сонда?

Сабаққа дайындалайық! Кино көруге уақыт жоқ!

Жанат: *(Қолындағы дискіні көрсетіп)* Білесің бе, бұл дискіні қалай тапқанымды? Сен үшін алып келдім. Айтпақшы, сен қазір ханзада, ал Анар ханшайым болады. *(Тізерлей отыра қалып)* Ханшайым, екеуіміздің де таласымыз бір өзіңсің!

Анар: *(Ренжіген күйі)* Тағы да бұзықшылығыңды бастадың ба?

Марат: Жанат, Анарға тиісе берме! Жібер оны!

Жанат: *(Бір қолымен оның қолын ұстап)* Ханшайым үшін жанымды қиюға бармын! *(қолын көтереді)*

Анар: Әй, осының миында бар ма, кинодан басқа дым жоқ! *(Өзінің басын шұқып көрсетіп)* Айтып тұрғанын қара!

Жанат: Ханшайым, шыныңды айт! Қайсысымызды қалайсың?

Анар: Екіні екіге қоса алмайтын сен екеуің керек едіңдер маған! *(Екеуіне кезек -кезек қарайды)*

Жанат: Ханшайым, қалауыңкім сонда, айт тезірек! *(Анардың қолынан қаттырақ тартып қалады)*

Анар: *(ренжіп)* Ой оңбаған! Мен сені ойнап тұрма десем, шындап барасың ғой өзің. Осымен қанша рет ренжіткендеріңді білесіңдер ме? Екеуің де бұзақысындар! Бұдан былай саған да, Маратқа да енді ештеңе де айтпаймын, жоламаймын да! *(кітабын алып ренжіген күйі шығып кетеді)*

Марат: *(Артынан айқайлап)* Анар, тоқта, қалжыңдағанымыз ғой! *(Басы салбыраған күйі)* Ренжітіп алдық, енді екеуімізбен сөйлеспейтін болды...

Жанат: Өй, бара берсінші, өзінше болып... *(Қолын бір сілтейді)*

III көрініс

Бөлмеге әбден шаршаған атасы кіреді де диванға отыра кетеді.

Жанат: *(Қолын ұсынып)* Ассалаумағалейкум ата!

Атасы: Уағалейкумассалам! Ойпырмай, бір демалайыншы деп едім, ұйқы бермедіндер-ау шіркіндер. Не болып жатыр өзі? Бұл не шу? (*Қолын солай қарай сілтейді*) Ана қыз неге ренжіп бара жатыр?

Жанат: Ата, өзі ғой кінәлі! Мектепте де, үйде де ақыл айтқысы келеді бізге. Сосын келемеждеп қуып жібердік.

Атасы: Әй көргенсіздер! Оларың ұят болған екен. Мен осы байқаймын, соңғы кездері сабақтарыңды оңдырып оқып жүрген жоқсыңдар. Тәртіптеріңнің түрі мынау. Мұғалімдерің де жиі келетін болып жүр үйге. Әбден бетімен кетіпсіңдер! Бұл қалай?

Марат: (*Басын салбыратып*) Ата оқығымыз келеді, бірақ неге екенін білмейміз сабаққа мүлдем құлқымыз жоқ.

Атасы: Дайын ас, қарын тоқ, киім көк, әбден мастандыңдар! Сендердің замандарың қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман. Тек білім ал, отбасыңа, қоғамға пайданды келтір. Ал сендердің жүрістерің мынау! (*Саусағымен нұсқап*)

Марат: Ата біз енді бұзақылық жасамаймыз. (*Төмен қарап*)

Жанат: Сабақты жақсы оқитын боламыз. (*Басы салбырап*)

Атасы: Әп бәрекелді! Солай демейсіңдер ме баяғылы бері! (*Көңіл күйі көтеріледі*)

Марат: (*Өтініп*) Ата соғыс туралы айтып беріңізші? Бізге апай шығарма жазып келіндер деп еді.

Атасы: (*Толғана отырып*) Құлындарым – ау, ол сұм соғысты бір ғана шығармамен қалай жеткізбекшісіңдер? Қаншама ер азамат Отан үшін құрбан болды! Кім үшін соғысты дейсіңдер ғой? Мына сендердің жарқын болашақтарың үшін! Содан бері де талай жыл өтіпті-ау... 1941 жылы неміс басқыншылары тыныш жатқан елімізге тұтқиылдан шабуыл жасады. (*«Священная война» музыкасы ойнайды*)

Сол кезде менің жасым 18 енді толған еді. Бәріміз бірдей

Отанды қорғау үшін соғысқа аттандық. Сол кеткеннен, 1945жылға дейін қан кешіп жүріп Москва түбінен жауды қуған күйі Берлинге дейін барып, жеңіс туын Рейхстагқа тіктік. (*День победы музыкасы ойнайды*)

Марат: Ата сіздер сияқты батыр болу үшін не істеуіміз керек?

Жанат: Қазір бізде жау жоқ емес пе?

Атасы: Олай емес балақайлар.Аталарымыз айтқан: «Жау жоқ деме - жар астында»деп.Ендігі Отанды қорғайтын мына сендерсіңдер! Өздерің біздің даңқты қолбасшымыз Бауыржан Момышұлы атындағы мектепте оқисыңдар,сөйтіп алып тәртіпті мойындағыларың келмейді.Бәукең айтқан «Тәртіпке бағынған құл болмайды»деп. Қазіргі заманғы соғыс техникасын меңгеру үшін терең білім керек.Білекті бірді жығады,білімді мыңды жығады деген.Түсінікті ме?

Марат: Түсіндік ата!

Жанат: Түсіндік!

Атасы: Екеуіңнің де ата-аналарың таңның атысы мен күннің батысы жұмыста,ал сендердің істеп жүргендерің мынау!Мені енді мазаламаңдар,барып тынығайын. (*Бөлмеден шығып кетеді*)

Жанат: (*Өкініп*)Осы кезге дейін жасаған бұзықтығымыз да жетер,енді бәрін қояйық.

Марат: Қойсақ қояйық! «Таяқ еттен, сөз сүйектен»-өтеді деген. Атамның мастанып кеттіндер деген сөзі бар ма сүйегімнен өтіп кетті. Мынауымыз тіптен ұят болды.

Жанат: (*Көңілдене, Маратты құшақтап тұрып*) Ендеше ертеңнен бастап өмірімізді жаңаша бастайық! Келістік пе?

Марат: Кел серттесейік! Әкел қолыңды! (*Екеуі қол алысады*)

Жанат: Сау бол ендеше! (*Қолын бұлғайды да бөлмеден шығып кетеді.*)

Марат: Көріскенше! (*Қолын бұлғайды.*)

IV көрініс

Марат ары – бері жүреді, басын қасиды, керіледі, есінейді де барып диванға жата қалады да ұйықтап кетеді. Түс көреді. Кенет дабылды музыка естіледі.

Дауыс: Балам, мен арғы атаң Жайыл батырмын! Ендігі халқымның қорғаны өздеріңсіңдер. Алдарыңнан жарылқасын! Аумин!

Марат көңілді оянады. Сағатқа қарайды, басын қасып біраз ойланады. Орнынан тұрып төсегін жинайды. Жастықты алып бұрынғыдай ұрмақшы болады да ойланады, әдемілеп орнына қояды. Бұзақылық істегісі келеді, бірақ райынан қайтады.

Магнетофонды қосады да 1-2 минут музыкамен жаттығу жасайды. Айнаның алдына келіп отырады. Өзімен–өзі сөйлеседі.

- (*Айнадағы өзін сұқ саусағымен шұқып*) Ал Марат, кешегі уәдең есінде ме?

-Есімде! (*Көрермендерге қарап*)

-Бәрің жаңадан бастаймыз ба? (*Айнаға қарап*)

-Бастаймыз! (*көрермендерге қарап*).

-Тәртіпті бала боласың ба? (*Айнаға қарап*)

-Боламын! (*Ойланып басын қасып*).

-Сабақты жақсы оқисың ба? (*Айнаға саусағын шұқып*)

-Оқимын! (*Сұқ саусағын шошайтып*)

-Мұғалімдерді тыңдайсың ба? (*Айнаға қарап*)

-Тыңдаймын! Барлығының тілін аламын! Жақсы бала боламын!

Орнынан атып тұрып, көрермендерге қарап екі қолын жайып, сосын кеудесіне басып қайта айнаға біраз қарайды. Жанат бөлмеге кіреді, Жан-жағына таңдана бір қарап өтеді.

Жанат: (*Таңдана*) Охо! Бұл жаңалық қой! Білесің бе

Марат,маған бүгін үйдегілер таң қалды! Неге дейсің ғой?

Марат: (Тандана) Неге? *(Айнаға әлі қарап тұр)*

Жанат: (Мақтана сөйлеп)Сағат онға дейін ұйықтайтын мен, бүгін таң атпай тұрып алдым.

Төсегімді жинадым, бөлмемді реттедім.Далаға шығып денсаулығымды нығайтып алайын деп, ауылды айналы жүгіріп келдім.Сосын, ауланың бәрін тап-таза етіп сыпырдым. Үйдегілер көріп таң қалмасы бар ма? Бұған бүгін не болған деп ойлаған шығар?

Ата-анам танертеңнен бастап әрбір қимылымды, іс-әрекетімді бақылап, риза болды! Өз көздеріне өздері сенбейді-ау деймін. «Мынаған бүгін не болды?» - деп ойлаған шығар. *(Саусағын аспанға қарата шошайтып)* Менің жаңаша өмір бастағанымды олар қайдан білсін.

Марат: (Қуана) Таң қалатын ештеңеде жоқ, кешегі уәде есінде ғой. Ұмытқан жоқсың ба? *(жақын келіп)*

Жанат: (Қуана) Есімде, ұмытқан жоқпын.

Марат: Уәде бойынша бүгіннен бастап бәрін жаңаша бастаймыз ғой?

Жанат: (Қуана) Әрине!

Марат: Тыңдап ал мені, ең алдымен атамнан, Анардан кешірім сұраймыз.

Келістік пе?

Жанат:Келістік! *(Екеуі алақандарын кезек-кезек бірін-біріне соғады)*

Марат қолына телефонды алады.Анардың номерін тереді

Марат:(Жалынышты дауыспен)Алло Анар! Үйге келші! Бір маңызды шаруа бар *(арғы жақтан келіспейді)* өтінемін сенен... Жанат екеуміз сенен кешірім сұрайық деп едік. Жарайды күтеміз.

(Екі қолын шапалақтап) Келісті! Қазір келеді! *(Қуанышын жасыра алмай)* Жанат не істейтінімізді білесің ғой?

Жанат: *(Қуанышты дауыспен)* Білемін!

Марат: Қыз баланы ренжіткеніміз шынында да нағыз ақымақтық екен.*(Өкіне отырып)*

Жанат: *(Басы салбыраған күйі)* Менде бүгін ойланып, ұяттан жерге кіре жаздадым. Оны бұрын да талай ренжітіппіз ғой.*(Басын шайқайды)*

Марат: *(Өкіне отырып)* Қыз баланың жолы жіңішке, оларды сыйлаңдар деп үйретеді-ау, бірақ кейде шектен шығып кетеміз.

Әдемі киінген Анар кіреді күлімсіреп. Бөлмеге олай-бұлай қарап таңырқайды.

Анар: *(Көтеріңкі көңілмен)* - Әй, Марат, бүгін бәрі өзгеше ғой! Үйді әдемілеп жинап қойыпсың. Кеше көріп әбден шошып кетіп едім. Неге шақырдың? Кешірім сұраймыз дедің бе? *(Екеуіне жымыған күйі қарайды)*

Жанат: *(Төмен қарап)* Иә біз... Марат екеуіміз кеше сені біраз ренжітіп алдық. Сол бұзақылығымыз үшін кешір екеуімізді. Бұрын арамызда талай рет түсінбеушіліктер болды. Қазір ойлап отырсам сенікі дұрыс екен.

Айтқандарыңның бәріне енді ғана көзіміз жетті. (Бастары салбыраған күйі)

Анар: *(Қуанышын жасыра алмай)* Шынымен айтып тұрсыңдар ма? Балалар, мені түсінгендеріңе рахмет! *(Екі қолын екі жақа жайып)* Мен қуанғаннан басқа айтарым жоқ!

Марат: Кешір бізді, енді қайталанбайды!

Анар: Сабақта трубкамен атпайсыңдар ғой?

Екеуі: Атпаймыз енді! *(Бастарын шайқап)*

Анар: Шашымнан тартпайсыңдар ғой?

Екеуі: Тартпаймыз! *(Бастарын шайқап)*

Анар: *(Екеуіне кезек-кезек қарап)* Мазақтамайсыңдар ғой?

Екеуі: Мазақтамаймыз!

Анар: *(Қуанышын жасыра алмай)* Жарайды онда бәрін де кештім!

Екеуі қуанып кетіп Анардың қолын кезек-кезек алады.

Жанат: **(Қуанышын жасыра алмай)** Біз бәріміз бір сыныпта оқимыз, өзара тату болуымыз керек.

Марат: Әрі доспыз, үшеуіміз де құдай қосқан көршіміз. Анар достығымыздың саған бір белгісі болсын деп, саған бір тосын сый жасап қойдық. Көзіңді жұм! **(Анар көзін жұмады)** Аш енді.

Магнетофонды қосады да «Көршінің қызы» әнінің музыкасына алғашқыда екеуі билейді, сосын Анарды шақырады. Ол біраз қылымсып, екеуіне кезек-кезек қарап алып, ол да билей жөнеледі.

Үкөрініс

Осы кезде атасы кіріп келеді. Бөлменің ішіне, балаларға бәріне таңдана қарайды.

Атасы: **(Қуанғанын жасыра алмай)** Әп бәрекелді! Бүгін өздерің кешегідей емес, көңілдісіңдер ғой! Бәрін әдемі етіп жинап қойыпсыңдар. Жарайсыңдар! **(Айналаға сүйсіне қарайды)**

Жанат: Ата, кешегі қылығымыз үшін бізді кешіріңізші. **(Екеуі алдына барып бастарын салбыратып тұрады)**

Анар: **(Қуана)** Ата, бұл екеуі алдыменен менен кешірім сұрап, бұдан былай бұзақылық жасамаймыз деп уәде берді.

Атасы: **(Көтеріңкі көңіл күймен)** Айналайындар, дұрыс істеген екенсіңдер. Баяғылы бері осылай жасау керек еді.

Марат: Ата, енді біз бір-бірімізді ренжітпейтін болдық.

Атасы: Осы беттеріңнен енді бір танбаңдар!

Жанат: Уәдеге берік дос, тату көрші боламыз.

Атасы: Өркендерің өссін қарақтарым! Міне нағыз жігіттің сөзі!

Марат: Ата бәріміз бірігіп былай деп шештік.

Жанат: Ата-анамызды сыйлаймыз, үлкендерді құрметтейміз!

Анар: Үлкенге де, кішіге де қолғабыс етеміз!

Жанат: Тәртіпті бала боламыз!

Анар: Кішіпейіл, мәдениетті боламыз!

Марат: Мұғалімдердің, үлкен кісілердің айтқанын мүлтіксіз орындаймыз.

Жанат: Әр уақытта бір-бірімізбен тату боламыз!

Анар: Үлкенге сыйлы, кішіге үлгі боламыз!

Марат: Аталарымыз сияқты бізде батыр боламыз!

Атасы: Өркендерің өссін қарақтарым! Мына үлкен мерекенің алдында мені бір қуанып тастадыңдар. Жақсы, ізгілікті істі бастаған екенсіңдер. Алла Тағала алдарыңнан жарылқасын! Мына тірліктеріңе қарап отырып сүйсініп отырмын. Осы айтқандарыңнан қайтпаңдар. Уәде беру оңай, бірақ оны орындау бір басқа. *(Сұқ саусағын көрсетіп)*

Марат: Ата айтылған сөз- атылған оқпен тең

Жанат: Біз уәдеге берікпіз, қайтсек те орындаймыз!

Анар: Ата бұлардың сөзіне енді сеніңіз!

Атасы: (Қолын сермеп) Мына шеті Атырау, мына шеті Алтай мен Тарбағатай, Арқа мен Жетісудің аралығындағы ұлан-ғайыр жерімізді аталарымыз найзаның ұшымен, *(Білегін көрсетіп)* білектің күшімен қорғап, көзінің қарашығындай сақтап, сендерге мұра етіп қалдырды. Енді жердің де, елдің де киесі өздеріңсіңдер қарақтарым!

Егемендік алып, Елбасымыздың көреген саясатының арақасында ата-бабаларымыз арамандап өткен егемен елдің азаматы болып өмір сүріп жатырсыңдар. Сендер бақыттысыңдар! Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманда өмір сүріп жатырсыңдар. Сендерге аманат етіп қалдырған ата жұртымызды көркейту, дінімізді, тілімізді сақтап, атадан балаға мирас ету, енді, мына сендердің міндеттерің. Өркендерің өссін қарақтарым!

Жанат: Ата сіздер елімізді абыроймен қорғадыңыздар! Енді

мына біз қорғайтын боламыз!

Үшеуі бірдей: *(оң қолдарын жоғары көтеріп)*

Айтқан тілді аламыз! Жақсы бала боламыз!

Соңы.

Сахна жабылады.

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Аласарма.....	5
Өмірдің сопағымен өрлеп келем.....	7
Ән-сезімнің әміршісі.....	43
Алашқа танылған ақын.....	66
Кәсіподағың-қорғаның.....	88
Ұстаз-ұлық бәрінен.....	128
Балалық шаққа саяхат.....	140
Сол бір жылдарда.....	146
Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем.....	153
Ежелгі Мысыр жерінде.....	161
Қарға Африкада да қарға.....	170
Жеті кереметтің бірі.....	175
Су астындағы керемет.....	185
Өнерліге өріс кең.....	188
Болсаң үйір тажалға.....	200
Жақсы бала боламыз.....	231

Қысқа жазба

Редактор: Д.Орманов
Корректор: С.Сатбаев
Компьютерде терген: А.Төлтаева
Компьютерде беттеген: Ахметов Б.Р.

Басуға 09.11.2020 ж. қол қойылды.
Офсеттік қағаз, қалыңдығы 80 гр/м.
Офсеттік басылым. Пішіні 60 x 84 ¹/₁₆
Шартты баспа табағы 15,5
Есепті баспа табағы 11,4
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1648
Бағасы келісімді.

*ЖК «Сәйдүллаев и Компания» баспаханасы,
080003, Тараз қаласы, массив Телеорталық, 8/33-үй
Тел.: 42-52-09, copy-format@mail.ru
 [saidullaev_i_k](https://www.instagram.com/saidullaev_i_k)*